



---

«Дала фольклорының антологиясы» жобасы  
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың  
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен  
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында  
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ  
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ  
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Көшербаев Қ.Е., төраға

Әзібаева Б.У.  
Әлбеков Т.К.  
Жүсіпов Н.Қ.  
Керім Ш.Т.  
Қазтуғанова А.Ж.  
Қасқабасов С.А.  
Қирабаев С.С.  
Қоңыратбай Т.Ә.  
Қорабай С.С.  
Матыжанов К.І.  
Пангереев А.Ш.  
Рахымов Б.С.  
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА  
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ  
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

10  
ТОМ

ҒИБРАТТЫ  
ФОЛЬКЛОР

Шағын жанрлар

Алматы, 2020

УДК 398  
ББК 82.3  
Д15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған  
филология ғылымдарының докторы,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов К.І.

**Томның редакция алқасы:** Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),  
Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*),  
Сәрсек Н. (*жауапты шығарушы*),  
Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

**Пікір жазғандар:** филология ғылымдарының докторы, профессор  
Суюнова Н. (*Ресей Федерациясы*),  
филология ғылымдарының докторы, профессор Керім Ш.,  
филология ғылымдарының докторы Таңжарықова А.

**Д 15 Дала фольклорының антологиясы:** Он томдық. – Т. 10: Ғибратты фольклор.  
Шағын жанрлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Сәрсек Н.,  
Салтақова Ж. – Алматы: Brand Book, 2020.

ISBN 978-601-08-0095-3

Т. 10: Ғибратты фольклор. Шағын жанрлар. – 2020. 472 б.

Дала фольклоры антологиясының 10-томына мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шешендік сөздер, нақылдар, өсиет және қанатты сөздер секілді шағын жанрлар топтастырылып отыр. Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға, халық әдебиетіне қызығушы көпшілік оқырманға арналған.

УДК 398  
ББК 82.3





*«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.*

*... Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.*

*Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.*

**Қазақстан Республикасының  
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың  
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**



## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклоры антологиясы» он томдық топтамасының оныншы томына халқымыздың аса бай әрі ғибратты сөздерін қамтыған шағын жанрлардың таңдаулы үлгілері енгізілді. Олардың қатарында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тәмсіл мен шешендік сөздер, нақыл, өсиет және қанатты сөздер бар. Бұл санаттағы жанрларда бабалардың кейінгі ұрпақтарына аманат етіп кеткен өнеге-өсиеті, тәлім-тәрбие мен эстетикалық тағылым беретін терең логикалық ой қорытындылары, пікір-тұжырымдары, кемеңгерлік ақыл сөздері жинақталған. Бұлар халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінен бастау алатындықтан, оларда ұлтымыздың дүниетанымы мен өзіндік көзқарасы берік орын алады.

Шағын жанрлардың жүйелі жиналуы, жариялануы мен зерттелуі ХІХ ғасырдың ортасынан бастап қолға алынды. Бұл жұмыстарға И.Н. Березин, И. Лаптев, В.В. Радлов, Н. Остроумов, В.В. Бартольд, Н.Ф. Катанов, Ә. Диваев сияқты орыс зерттеушілері мен М.С. Бабажанов, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, М. Ешмұхамедов, М.А. Ысқақбаласы сияқты қазақ зиялылары ұйытқы болды. Кеңестік кезеңде Ө. Тұрманжанов, Б. Ақмұқанова, М. Әлімбаев, Б. Адамбаев, Ә. Құрышжанов, Р. Сәрсенбаев, С. Нұрышев, М. Әбжанов, Қ. Саттаров, Н. Төреқұлов, Ш. Керім т.б. әдебиетшілер мен ғалымдар жариялау жұмыстарына белсенді араласып, арнайы зерттеулер жазды.

Қазақ жұмбақтары алғаш М. Ивановтың «Татарская хрестоматия» жинағында (1842), М. Ибрагимовтың жинауымен «Туркестанские ведомости» (1870 – 1871), «Ежегодник Туркестанского края» (1879), мақал-мәтелдер И.Н. Березиннің архивінен (1850), М. Бабажановтың бастамасымен «Санкт-Петербургские ведомости» (1861.), Ы. Алтынсариннің құрастыруымен



«Киргизская хрестоматия» (1879), т.б. еңбектерде басылым көрген-ді. XX ғасырдың басында С. Мұхаметсалықұлының, М. Ысқақбаласының, А. Баржақсыбаласының т.б. құрастыруымен жеке жинақтар басылды. Кеңестік кезеңде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының дайындауымен және жекелеген адамдардың құрастыруымен мақал-мәтелдердің, шешендік сөздердің, жұмбақтардың бірнеше томдары жарыққа шықты.

Баспаға дайындау барысында Институт мамандарынан құралған құрастырушылар тобының, еліміздің жетекші фольклортанушыларының, ғылыми сарапшылардың қатысуымен томның құрылымы, шығармалардың жанрлық жүйесі анықталып, мәтіндерді іріктеу шаралары жүргізілді. Белгілі ғалымдар мен сарапшылардың пікірі негізге алынып, шағын жанрлардың дидактикалық сипаты басым болып келетіні ескеріліп, бұл томды «Ғибратты фольклор» деп атау жөн саналды. Іріктелген мәтіндерге текстологиялық зерттеулер жасалып, қолжазба нұсқалары мен басылымдары өзара салыстырылды. Соның нәтижесінде, томға енген мақал-мәтелдер, жұмбақтар бірнеше тақырып аясына топтастырылды. Байлауы мен шешуі де өлеңмен берілген жұмбақтар, жұмбақ айтыстар, логикалық ойлауға негізделген қарасөз жұмбақтар жеке-жеке жинақталды. Томға енгізілетін жұмбақтардың мәтінін әзірлеу барысында Ш. Керімнің «Қазақ жұмбағы» (2007) жинағы пайдаланылды. Жаңылтпаштардың мөлшері аз болғандықтан, оларды тақырыптарға жүйелеу қажет деп саналмады. Кейбір мақал-мәтелдердің шығу тарихы баяндалып, ел аузында ертегі, аңыз-әңгіме ретінде айтылып жүрген тәмсілдер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін дөп басқан би-шешендердің сөздері, нақыл, өсиет және қанатты сөздердің үлгілері де арнайы тақырыптардың аясында жинақталды.

Томды дайындау кезінде іріктелген мәтіндер араб, латын әліпбиінде хатқа түскен қолжазба түпнұсқаларымен салыстырылып, қате оқылған, қалып қойған сөздер мен сөз тіркестері қайта қалпына келтірілді.

Құрастырушылар тарапынан шағын жанрлардың әрқайсына қысқаша түсініктер жазылып, мәтіндердің мазмұнына қатысты иллюстрациялық суреттер берілді. Томды безендіру үшін Ералы Оспанұлының суреттері пайдаланылды. Соңында қазақтың көшпелі тұрмысына, этнографиялық атаулар мен ұғымдарға қатысты суретті сөздік пен орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме және пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілді. Мәтіндерде ұшырасатын көне түркі, кірме (араб,

---

парсы, орыс), диалект, көнерген сөздерге сол беттің аяғында түсінік берілді. Томға енген мәтіндерді жинаушы мен айтушылардың саны едәуір көп болғандықтан, әр жанрдан тек өмірдеректері белгілі жинаушылар туралы мәлімет ұсынылды.

Томның қағаз нұсқасымен бірге электронды және аудионұсқалары қатар әзірленді. Аудиожазбалар үшін кітапта берілген мәтіндердің ішінен таңдаулы үлгілер іріктеліп алынды. Ол мәтіндер белгілі дикторлар мен актерлерге оқытылып, арнайы студияда жазылды. Шығармалардың аудиожазбасы мен электронды нұсқасы танымал порталдар мен сайттарға жүктелді, олардың QR коды кітап мұқабасында көрсетілді.

---



Суретші Е. Оспанұлы

# МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтел – халық тұрмыс-тіршілігінің, дүниетанымының, ақыл-ойының, еңбегі мен өмір тәжірибесінің қорытындысын ғасырлар бойы ұрпақ санасына сіңіріп келе жатқан шағын жанрлардың бірі. Онда халықтың танымдық көзқарасы, адамгершілік-этикалық, әлеуметтік-эстетикалық, көркемдік-тәрбиелік мақсат-мұраттары көрініс береді. Бұл санаттағы туындылар алғашында ділмар адамдардың, қоғам қайраткерлерінің, би-шешендердің айтуынан шығып, таралу барысында зерделеніп, екшеліп, тарихи жағда сақталып қалған. Мақал-мәтелдер қысқа тұжырымдалып айтылғанмен, олардың негіздері өмір заңдылықтарын, тұрмыс-тіршіліктегі қарама-қайшылықтарды, әлеуметтік тартыстарды терең пайымдаудан, сараптап-саралаудан, ақиқатты іздеуден туындаған. Олар көбіне образды болып келеді. Айтылар ойды көркем тілмен астарлап, бейнелі түрде жеткізеді. Айтылу формасы қалыптасқан, өзгеріске түсе бермейді, тұрақты. Олар адам тіршілігі мен қоғамның барлық саласын қамтитындықтан, тақырыбы да саналуан болып келеді. Әсіресе, туған жер, елдік пен ерлік, ынтымақ-бірлік, адамгершілік қағидалары, ақыл-парасат, Отан, отбасы, ағайын-туыс, еңбек, адам қасиеттері, өнер-білім, генсаулық, кәсіп, төрт түлік мал т.б. тақырыптар кеңінен қозғалады. Мақал мен мәтел бірге қалыптасып, қатар дамып отырғанымен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Мақал өмірге тірлі мәселелерді жинақтап, түйіндеп, ықшамдап көрсетеді. Аяқталған ойды білдіріп, дәлел мен қорытынды қатар айтылады. Ауыспалы мағынасында да негізгі тұжырым тиянақталады. Оның өлең үлгісі жиі кездескенімен, қарасөзбен жеткен түрлері де ұшырасады. Кейде ойды ұтқыр, тілге орамды жеткізу мақсатында нақыл сөз үлгісінде де көрініс береді. Ал мәтелде айтылатын ой бейнелі түрде тұспалданып, меңзеу тұрғысында көрсетіліп, толық аяқталмайды. Яғни ойдың салдары беріліп, себебі айқындалмайды.

Қазақ мақал-мәтелдері туралы әр кезеңдерде Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев, С. Нұрышев, Р. Сәрсенбаев, Б. Ағамбаев, Б. Ақмұқанова, Б. Әбділдина, Ә. Қайдар, Ш. Керім сияқты зерттеушілер арнайы ғылыми еңбектер жазды.

Томға енген мақал-мәтелдер М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларында сақтаулы қолжазба нұсқалар негізінде дайындалды.





## ТУҒАН ЖЕР. ОТАН. ХАЛЫҚ

Айырылған ел азады,  
Қосылған ел озады.

Адассаң, еліңмен адас.

Алтын, күміс жауған жерден де  
Туып-өскен ел артық.

Айырылған болсаң еліңнен,  
Қуатың кетер белеңнен.

Айырылсаң үйіріңнен,  
Қолың кетпес бүйіріңнен.

Аздың азаншысы болғанша,  
Көптің қазаншысы бол.

Ақбөкенді жатыр деме,  
Көшпелі елді отыр деме.

Ақылды басшың болса,  
Елдің алды боларсың.  
Ақылсыз басшың болса,  
Елдің азы боларсың.

Ауылы араластың қойы қоралас.  
Ауылы қарайластың шаруасы орайлас.

Аспандағы бұлтқа қарама,  
Жердегі жұртқа қара.

Аңдысқан ауыл болмас,  
Ерегіскен ел болмас.

Ауыл болсаң, қауым бол.

Ауылдасың жақсы болса,  
Ағайының не керек?  
Алған жарың жақсы болса,  
Айт пен тойың не керек?



Ауылыңнан алғыр шықса, атың озады,  
Ауылыңнан жаман шықса, елің тозады.

Әдепсіз үйге кірме,  
Әкімсіз елде тұрма.

Әділ би халқы үшін,  
Залым би құлқыны үшін.

Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді.

Әр елдің заңы басқа,  
Иттері қара қасқа.

Әр ханның тұсында бір сұрқылтай<sup>1</sup>.

Әркімнің туған жері — Мысыр шаһары.

Әулекі би ат үстінен билік айтар.

Бақа — көлінде патша,  
Жігіт — елінде патша.

Бидің айтқанын құл да айтады,  
Бірақ аузының дуасы жоқ.

Болар елдің баласы  
Бірін-бірі «батыр» дейді.  
Тозар елдің баласы  
Бірін-бірі «қатын» дейді.

Болмас елдің баласы  
Бірін-бірі табалар.  
Болар елдің баласы  
Бірін-бірі ағалар.

Бір кісі мың кісіге олжа салады.

Бірлігі жоқ ел оңбайды,  
Тірлігі жоқ ер оңбайды.

<sup>1</sup> Сұрқылтай (ауыспалы) — екіжүзді, опасыз, қаскүнем.

Бірлігі жоқ ел тозар,  
Бірлігі күшті ел озар.

Бірдің кесірі — мыңға,  
Мыңның кесірі — түменге<sup>1</sup>.

Біреумен сырлас,  
Мыңмен кеңес.

Ел сыйлаған жақсыны есер ғана сыйламайды.

Елден ел кетсе — жұт,  
Елге ел қосылса — құт.

Ел басқарар жігіттің  
Етек-жеңі кең болар.

Ел көркі — мал,  
Өзен көркі — тал.

Елде болса, ерніңе тиеді.

Елге келген селебе<sup>2</sup>, селебені елеме.

Елде қырық түрлі кісі бар,  
Әркім сүйгеніне сәлем берер.

Елсіз ер болмайды, ерсіз ел болмайды.

Ел қадірін елсізде білерсің,  
Ер қадірін әлсізде білерсің.

Ел тамыры жерде,  
Ер тамыры елде.

Елдің атағын ер шығарады.

Ел ағасыз болмас,  
Тон жағасыз болмас.

Ел арасы жауықса,  
Епті жігіт қалыңсыз қатын алады.

<sup>1</sup> Түмен — саны он мыңға жететін әскери бөлік.

<sup>2</sup> Селебе — қиын-қыстау кезең, ауыртпалық, апат.

Ел аузына қақпақ қоя алмайсың.

Ел аралаған сыншы болады,  
Тоғай аралаған үйші болады.

Ел барда, ер қор болмас,  
Ер барда, ел қор болмас.

Ел ебелек емес,  
Ер көбелек емес.

Ел-елдің түбі бір,  
Ер-ердің тілегі бір.

Ел даусыз болмас,  
Жер жаусыз болмас.

Ел іші — алтын бесік.

Ел іші — береке,  
Көп ісі — мереке.

Ел құлағы — елу.

Ел қонысынан айырылса,  
Ер ырысынан айырылады.

Ел қозғалса, жер көтермес ауыры бар,  
Жел қозғалса, қарлы боран, дауылы бар.

Ел ұлсыз болмас,  
Жер гүлсіз болмас.

Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.

Ел үшін еркек кіндік құрбандық.

Елінен безген ер оңбас,  
Көлінен безген қаз оңбас.

Елдің елдігі ерінен танылар,  
Елдің байлығы жерінен танылар.

Еліңді дау басса,  
Үйіңді қарыз басады.

Елдің көркі ерімен,  
Жердің көркі шөбімен.

Елмен көрген еленбес.

Елсіз көлге бақа айғыр,  
Жесір қатынға жалшы айғыр.

Елің еміренсе, сен тебірен.

Елдің күші — селдің күші.

Ел жаусыз болмас,  
Жер таусыз болмас.

Ел айырылса, көбіне бар,  
Жол айырылса, кеңіне түс.

Елін сатып, асаған  
Екі күн-ақ жасаған.

Елді сөкпе,  
Кеңді төкпе.

Ел мен ел қосылады,  
Тау мен тау қосылмайды.

Елдестіркем елшіден,  
Жауластырмақ жаушыдан.

Елдің құты — би.

Елу жылда — ел жаңа,  
Жүз жылда — қазан.

«Ел көшеді» деп отыныңды тауыспа,  
«Жау келеді» деп тамағыңды тауыспа.

Ер салмағын ел көтереді,  
Ел салмағын жер көтереді.

Ер сүрінбей, ел танымас,  
Ат сүрінбей, жер танымас.

Ерден аспақ бар,  
Елден аспақ жоқ.

Ер елін аңсайды,  
Қаз көлін аңсайды.

Ердің ісі елдің мойнында,  
Елдің ісі ердің қолында.

Ер туса — ел ырысы,  
Жаңбыр жауса — жер ырысы.

Ердің сыншысы — елі.

Есі бүтін елден кетпес.

Есің барда, елің тап,  
Есер болмай, етек жап.

Естімеген ел де көп,  
Есек мінген сарт та көп.

Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзетер,  
Жаманнан әкім қойсаң, елді жүдетер.

Жалғыздық ас ішкенде білінер,  
Жарлылығың ел ішінде білінер.

Жаманнан жасауыл қойсаң,  
Еліңді жауға алдырар.  
Наданнан би қойсаң,  
Малыңды дауға алдырар.

Жер шайқалса — төбеге қатер,  
Ел шайқалса — төреге қатер.

Жер мен жерді жер жалғайды,  
Ел мен елді қыз жалғайды.

Жер тоймаса, ел тоймайды.

Жер таусыз болмас,  
Ел хансыз болмас.

Жолбарыс жонымен күшті,  
Халық бірлігімен күшті.

Жігіті жүзге жеткен елді жүзіқара кемітер.

Ит тойған жеріне,  
Ер туған жеріне.

Иті семіз, малы арық — жер азғаны,  
Ынтымағы болмаса — ел азғаны.

Иірімі жоқ суларға ерген балық не табар?  
Қайырымы жоқ сұлтанға ерген халық не табар?

Кедей елге көшбасшы көп.

Кеңесті елде кек болмас.

Кеңесті ел кем болмас.

Кең киім тозбайды,  
Кеңесті ел азбайды.

Көлден кетсе, жалбыз мұң,  
Елден кетсе, жалғыз мұң.

Көшбасшының киімі жылы,  
Баланың жылағанын не қылсын.

Көп түкірсе, көл болар.

Көп қарасса, жоқ жабылады.

Көп жүрген жерде береке жүреді.

Көп адаспайды,  
Көл таусылмайды.

Көпті жамандаған көмусіз қалады.

Көп ақылы алысты болжайды,  
Жалғыз ақыл от басынан озбайды.

Көп қорқытады,  
Терең батырады.

Көпті сыйламағаның — өзіңді сыйламағаның.

Көп алғысы көгертер.

Көп ауызы — дуалы.

Көп ауыз біріксе,  
Бір ауыз жоқ болады.

Көп дауыс қосылса,  
Бір дауысты жоқ қылады.

Көп еңбегі пәрменді.

Көп ел — сарқылмас көл.

Көп жабылса, жоқ табылады.

Көп ішінде аз болсаң,  
Әр нәрсе түсер ойыңа.  
Ел ішінде жоқ болсаң,  
Мін табылар бойыңнан.

Көп қайда болса, береке сонда.

Көп толқыса, ер құлайды,  
Көл толқыса, жар құлайды.

Көп ұйғарса, көк тоқтыңды сой.

Көп еңбек — байлықтың басы,  
Көп ұйқы — кедейліктің басы.

Көпке жаққан — көкке жақын.

Көпке топырақ шаша алмайсың.

Көпке жаққан Құдайға да жағады.

Көппен көрген ұлы той.

Көкке тентек болсаң да,  
Көпке тентек болма.

Көптен бақыт құтылмас.

Көптен қулық артылмас.

Көптен қашқан көмусіз қалар.

Көптен түлкі құтылмас.

Көпті жылатқан көп жүрмейді.

Көпті сөккен көгермес.

Көптің көзі — көреген.

Көптің аузы — темір талқы.

Көптің күші көлдей,  
Көшіп жүрген елдей.

Көптік қайда болса,  
Тоқтық сонда.

Көптің қолы — ұзын.

Көпшілік жүрген жер — береке,  
Береке бар жерде ұдайы мереке.

Кілем сатсаң, елге сат,  
Бір шетіне өзің отырасың.

Кім «бай болмайын» дейді, Құдайы қаламайды.  
Кім «би болмайын» дейді, халқы қаламайды.

Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.

Кісі елінде күркірегенше,  
Өз елінде сіркіре.



Қазақ байыса, қатын алар,  
Сарт байыса, там салар.

Қазақ етігін майлайды,  
Етігі етегін майлайды.

Қазақ жаңылса, қартына қарайды,  
Орыс жаңылса, хатына қарайды.

Қазақ пен қазақ жөн сұраса келе,  
Қарын бөле шығады.

Қазақтың ақылы көзінде,  
Қасиеті сөзінде.

Қазақта айран көп,  
Орыста мейрам көп.

Қайраңы жоқ көлден без,  
Қайырымы жоқ елден без.

Қалыптан шықсаң да, халықтан шықпа.

Қанша тұлпар десе де,  
Мініп болмас жалсызды.  
Қанша білгіш десе де,  
Халық сүймес малсызды.

Қара жерді жамандама,  
Қайтып сонда барарсың.  
Қауым елді жамандама,  
Қарғысына қаларсың.

Қараша – хан тұсында,  
Қатын – ер тұсында.

Қардың басын қар алар,  
Ханның басын хан алар.

Қасықтап алғанмен, көл таусылмайды,  
Қанша ұры алғанмен, ел таусылмайды.

Қатардан аспақ бар,  
Халықтан аспақ жоқ.

Қатты жерде қақ тұрар,  
Ынсапты елде Хақ<sup>1</sup> тұрар.

Қашпақ-қумақ — ерге сын,  
Көшпек-қонбақ — елге сын.

Қойды кәрі-құртаң бүлдіреді,  
Елді сұлтан бүлдіреді.

Қонысы ауған ел оңбас,  
Өрісі ауған мал оңбас.

Құт қонған елде  
Қызыр қыдырып жүреді.

Меңде болсын,  
Меңде болмаса да, елде болсын.

Миға ерген дене азбайды,  
Милыға ерген ел азбайды.

Мың кісі салған көпірді бір кісі бұза алады,  
Бір кісі жаққан отқа мың кісі жылынады.

Отан от басынан басталады.

Отансыз да бір, опасыз да бір.

Отансыз ұл — ормансыз бұлбұл.

Өз елімнің басы болмасам да,  
Сайының тасы болайын.

Өз еліңнен шет жерде  
Шуақсыз болар көктем де.

Өз жұртын танымаған  
Кісі еліне би бола алмас.

Өз елім — алтын бесік,  
Жат елдің түбі тесік.

<sup>1</sup> Хақ — Құдай, Жаратқан.

Өз елімнің басымын,  
Басы болмасам, сайының тасымын.

Өз халқының қарғысына қалған  
Өзге халықтың алғысын алмас.

Өзгеге ұл болғанша,  
Өз еліңе құл бол.

Өз елімнің иті де қадірлі.

Өзім үшін туыппын,  
Жұртым үшін өліппін.

Өкпеден тиген жел жаман,  
Елінен безген ер жаман.

Патша залым болса, жұрт тозады,  
Патша ғалым болса, жұрт озады.

Пәлен жерде пайда бар,  
Өз еліңдей қайда бар?

Сабан бол, шөп бол,  
Шамаң келсе, көп бол.

Сыпай<sup>1</sup> болсаң, төреңнің қасында бол,  
Диқан болсаң, егісіңнің басында бол.

Тау белгісі тас болар,  
Бай белгісі ас болар.  
Азған елдің белгісі — біріне-бірі қас болар.

Тозар елдің жанжалы бітпес,  
Озар елдің арманы бітпес.

Туған жерге туың тік!

Туған жердің қадірін  
Шетте жүрсең білерсің.

<sup>1</sup> Сыпай / сыпа — әскери шеңдегі қызметкер.

У ішсең, руыңмен,  
Ат сатсаң, ауылыңмен.

Ұлықсыз жұрт — бассыз дене.

Үйде туысы көпке  
Түзде дұшпаны тимейді.

Үлкен үйдегілер күлсе,  
Кіші үйдегілер езу тартады.

Хақ сүйгенді халық сүйер.

Халық алмас қамал болмас.

Халық қартаймайды.

Халық сөзі — қаһарлы.

Халық — қапысыз сыншы.

Халық қамын ойлаған  
Халық ағасы — нар кісі.  
Қарын қамын ойлаған  
Қара бастың қайғысы.

Халық ұйғарса,  
Хан түйесін сояр.

Халық қабылдамағанды қаулымен орындау қиын.

Халықтан бөлінген қараң қалар.

Халықтың құшағы кең.

Халқын алдаған би оңбас,  
Қатыны салақ үй оңбас.

Хан — қазық,  
Қараша — азық,  
Хан — қарақшы,  
Халық — сарапшы.

Хан қарау болса,  
Халық ұры болады.

Хан қарашасыз болмас, дау арашасыз болмас.

Хан қасында уәзір білгіш болса,  
Қара жерден кеме жүргізеді.

Хан – шаңырақ,  
Халық – уық.

Ханда қырық кісінің ақылы бар.

Ханды Құдай ұрайын десе, қарашысымен қас болар,  
Байды Құдай ұрайын десе, дәулетіне мас болар.

Ханның ісі қарашаға да түсер.

Шетте жүрсең, тарығарсың,  
Туған елді сағынарсың.

## БАТЫРЛЫҚ. ЕРЛІК. ТӘУЕКЕЛ

Айлалы батыр алдырмас.

Аман ердің аты шығар.

Асыл ердің баласы  
Аз сөйлер де, көп тыңдар.

Арғымақ аттың құйрығы –  
Әрі жібек, әрі қыл.  
Ер жігіттің белгісі –  
Әрі мырза, әрі құл.

Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз,  
Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.

Ат арыса – тулақ,  
Ер арыса – аруақ.

Ат «баспаймын» деген жерін үш басады,  
Ер «көрмеймін» деген жерін үш көреді.

Ат басына күн туса,  
Айыл, тұрман садаға.  
Ер басына күн туса,  
Бастан құлақ садаға.

Ат ерінді келер,  
Ер мұрынды келер.

Ат аунаған жеріне,  
Ер туған жеріне.

Ат ұстаған азабынан құтылар,  
Ер ұстаған еңбегінен құтылар.

Батыр — жай күні бір адам,  
Жау көрінсе — мың адам.

Бала болғанын білмес,  
Батыр толғанын білмес.

Батыр жарқырап жүреді,  
Қорқақ қалтырап жүреді.

Батырды оқ жеңеді,  
Ер жігітті жоқ жеңеді.

Батыл болмай, батыр болмайсың.

Батыр — аңқау,  
Балуан — өктем.

Батыр — аңғырт,  
Бай — салғырт.

Батыр — елдің сәулеті,  
Балқұрақ — көлдің сәулеті.

Батыр жарасыз болмас.

Батыр жігіт жау жеңер,  
Шешен жігіт дау шешер.

Батыр мақтанса,  
Жауға шапқанын айтар,

Қу мақтанса,  
Алдап қаққанын айтар.

Батыр мың қол бастайды,  
Шешен тар жерде сөз бастайды.

Батыр — ортақ,  
Бақ — жалқы.

Батыр туса — ел ырысы,  
Жаңбыр жауса — жер ырысы.

Батырға да жан керек,  
Пақырға да жан керек.

Батырға оқ дарымайды,  
Батылға жау жоламайды.

Батырдан — сауға<sup>1</sup>,  
Мергеннен — сыралқы<sup>2</sup>.

Батырдың атын жау шығарады,  
Шешеннің атын дау шығарады.

Батырдың басы екеу емес.

Батырдың көзі өмірге түседі,  
Қорқақтың көзі өлімге түседі.

Батырлық айқаста танылады.

Батырсынған жігітті  
Жау келгенде көрерміз.  
Шешенсінген жігітті  
Дау келгенде көрерміз.

Бір қорқақтың кесірі мыңға тиер,  
Жолдас болсаң қорқақпен — жаның күйер.

Болат қайнауда шыңдалады,  
Батыр майданда шынығады.

<sup>1</sup> Сауға — соғыстан түскен олжадан не ауланған аңнан берілетін сый.

<sup>2</sup> Сыралқы — аңшының серіктестеріне беретін атқан аңының бір саны не қолы.

Борай-борай қар жауса,  
Жердің жүзін қар алар.

Ер жігіттің белгісі —  
Жүрген жерін тазалар.

Бөрі азығы мен ер азығы жолда.

Бөріден қорыққан орманға бармайды.

Ер қанаты — ат.

Ердің ісі — тәуекел.

Ер басы мен нар басы қайда қалмас.

Ер ел үшін құрбан.

Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.

Ел шарасыз болмас,  
Ер жарасыз болмас.

Елдің даңқын ер шығарады.

Ерлікке де ептілік керек.

Ерден ердің қаупі бар.

Ер жақсысы қос табар.

Еркек тоқты — құрбандық.

Ез, езден без.

Ер азамат белгісі — түзде мырза, үйде құл.

Ер айтпас,  
Айтса — қайтпас.

Ер аруағы — қаруы.



Ер басына жау келсе,  
Ерлігі кетер басынан.  
Би басына дау келсе,  
Билігі кетер басынан.

Ер басына күн туса,  
Етігімен су кешер.  
Ат басына күн туса,  
Ауыздығымен су ішер.

Ер бір өледі, қорқақ күнде өледі.

Ер болсаң, бопсаға шыда.

Ер — егіз,  
Еңбекте — жалғыз.

Ер — елдің ық жағының қаласы,  
Жел жағының панасы.

Ер ерлігін істесе,  
Ел елдігін істейді.

Ер еруде бала мінезді,  
Сайыста шала мінезді.

Ер жаңылып, қолға түсер,  
Құс жаңылып, торға түсер.

Ер жігіт — бір күнде бір кісілік,  
Бір күнде мың кісілік.

Ер жігіт өзі үшін туады,  
Ел үшін өледі.

Ер жігіт не көрмейді,  
Ер көңіл не бермейді?

Ер жігіт үйде туып, түзде өлер.

Ер жігіт үйінен шықса,  
Үйіріне қосылады.

Ер жігіт пен жақсы ат көптікі.

Ер жігітке серуен де — серуен,  
Сергелдең де — серуен.

Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ.

Ер жігіттің жақсысын  
Жақыны білмес, жат білер.

Ер жолдасы — тәуекел.

Ер кезегі үшке дейін.

Ер көп сұрап, азға разы болады,  
Ез аз сұрап, көпке наразы болады.

Ер мойнында қыл арқан шірімес.

Ер не көрмейді,  
Ер көңіл есе бермейді.

Ер қадірін ер біледі,  
Зер қадірін зергер біледі.  
Сөз қадірін тапқыр біледі.

Ер қартайса, қазаншы болар,  
Бүркіт қартайса, тышқаншы болар.

Ер қолында мал тұрмайды,  
Елек ішінде су тұрмайды.

Ер қосы жүре түзелер.

Ер тарықпай, молықпас.

Ер шекіспей, бекіспейді.

Ер сасқанда белгілі,  
Ат шапқанда белгілі.

Ер сүрінбей, ел танымас,  
Ат сүрінбей, жер танымас.

Ер өтірік айтпайды,  
Ел өтірік айтады.

Ер өнерімен мақтансын.

Ер өлсе де, аты өлмейді.

Ерге лайық ат туар.

Ерге берсең асыңды,  
Ерлер сыйлар басыңды.  
Итке берсең асыңды,  
Иттер қорлар басыңды.

Ерді кебенек<sup>1</sup> ішінде таны.

Ерді көрсең, қыдыр тұт,  
Асты көрсең, қадір тұт.

Ерлер ырғасып сынасады,  
Есерлер былғасып сынасады.

Ердің атағы туырлықтай.

Ердің асылы күшінен білінеді,  
Қатынның асылы ісінен білінеді.

Ер бақыттың қонғанын білмейді,  
Ұшқанын біледі.

Ердің ерлігін білмеген  
Құдайдың бірлігін білмейді.

Ердің жақсысы елімен ойласады,  
Әйелдің жақсысы ерімен ойласады,  
Ең болмаса жеңімен ойласады.

Ердің ісі — келісу,  
Ездің ісі — көрісу.

Ердің күйін сұрама,  
Жұрттан сауын сауған соң.

<sup>1</sup> Кебенек — малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырткіім.

Малдың күйін сұрама,  
Қонысынан ауған соң.

Ердің сыншысы — елі.

Еруліге қарулы сай.

Ел күйгенде, күйінген батыр,  
Ел сүйінгенде, сүйінген батыр,  
Ерегісте мыңға татыр.

Ерлігің жауда сыналар,  
Ептілігің дауда сыналар.

Ерлік білекте емес, жүректе.

Ерлікте қорлық жоқ.

Есепті болмай бай болмас,  
Есер болмай ер болмас.

Ерегісте ер өлер,  
Екі батыр егесе,  
Екеуінің бірі өлер.

Етікті нәл<sup>1</sup> сақтайды,  
Жігітті әл сақтайды.

Етігін шешпей, ер тыңаймас,  
Ер-тоқымын сыпырмай, ат тыңаймас.

Жақсы жігіт елін қорғайды,  
Жаман жігіт басын қорғайды.

Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі.  
Жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі.

Жауға аттанар жігіт төл атын мінеді.

Жауды аяған жаралы болады.  
Жау жеңетін жігіт жарағынан танылады.

<sup>1</sup> Нәл — аяқкиімнің өкшесі мен тұмсығына қағылатын кішкене темір тақа.

Жау жоқта, жарақ көп,  
Жау келгенде, таяқ табылмас.

Жауға жалынсаң, өлдің,  
Жағалассаң, қалдың.

Жауды жеңген батырдың  
Көтеріңкі көңілі жаз.  
Жеңіліп қайтқан батырдың  
Бауыры балшық, сырты саз.

Жауды қара қашырады,  
Батыр атақ Барақта қалады.

Жауынгерге жара да жарасады.

Жер берігінен қосың болсын,  
Ер берігінен досың болсын.

Жерден жердің несі кем?  
Егін шықса, гүл өссе.  
Ерден ердің несі кем?  
Уәдесін үде етсе.

Жонда жолбарыспен жұлқысқан батыр  
Ауылдағы дүрегейден<sup>1</sup> қорқады.

Жүйрікті шапқанда көр,  
Ерді сасқанда көр.

Жүк ауырын нар көтереді,  
Қаза ауырын ер көтереді.

Жұртсыз ер болмас,  
Үйірсіз ат болмас,  
Ұясыз құс болмас.

Көз жұмбай, дария кешпек жоқ.

Қарабет болып қашқаннан  
Қайрат көрсетіп өлген артық.

Қашқан жауға қатын да ер.

<sup>1</sup> Дүрегей – екі түрлі тұқымнан шыққан будан ит.

Қаһарлы батыр қатынынан қаймығар,  
Жалқы жігіт жақынынан қаймығар.

Қайратты ерде мал тұрар,  
Өнерлі ерде бақ тұрар.

Қорқаққа қылыш жұмсаудың керегі жоқ.

Қайратым болса қолымда,  
Ханға сәлем бермеймін.  
Қайырым болса жолымда,  
Жұрт тезегін термеймін.

Қанды соғыс ерге сын,  
Қаптаған жау елге сын.

Қас батырдан қорқақ туады,  
Қас шеберден шорқақ туады,  
Қас жорғадан жортақ туады.

Қатты жерге қақ тұрар,  
Қайратты ерге бақ тұрар.

Қорқақ көлеңкесінен қорқады.

Қорқақ қол бастай алмайды.

Қорқақ тірідей өледі,  
Жолдастары күнде көмеді.

Қорқақты қуа берсең, батыр болады.

Қорқақтың қолы қысқа.

Қорқақтың көзі үлкен,  
Ақымақтың сөзі үлкен.

Қорқақтың сылтауы қойнында,  
Басын сақтау ойында.

Қорыққан мен қуанған бірдей.

Қорыққан бұрын жұдырықтайды.

Қорыққанға қос көрінер.

Қорықсаң, құның болмайды,  
Жауды жеңбей, тыным болмайды.

Қылышты қорқақты  
Сойылды батыр соғыпты.

Құс қарағына,  
Ер жарағына.

Мал өрісін іздейді,  
Ер туысын іздейді.

«Малы жоқ» деп ерден түңілме,  
«Шөбі жоқ» деп жерден түңілме.

Мықты болсаң, қоқан-лоқыға шыда.

Назыңды ер көтерер,  
Ер көтермесе, ел көтерер.

Нартәуекел ел сақтар.

Нартәуекел – ер ісі.

Оқ мықты емес, доқ мықты.

Оқ жетпес жерге қылыш суырма.

От пен су ерлігіңе қарамас.

Табаңды тауды жығады,  
Тайсалмаған жауды жығады.

Тарықпай, ер тілеуін бермейді.

Тауға сүйенген ер таудай жауды жығады.

Тәуекел тас жарады.

Тәуекел тау жығады.

Тәуекел — ердің қанаты.

Тәуекел дариясына сал кеме,  
Иә, шықсын, иә, шықпасын, қам жеме!

«Тәуекел» деп тас жүт,  
Ажал жетпей, өлмек жоқ.

Тәуекелсіз дария кешпек жоқ.

Тәуекелсіз іс бітпейді,  
Тәуекел етпеген арықтан өтпейді.

Тәуекелшіл судан тайынбайды.

Тәуекелдің кемесі  
Суға батпайды,  
Отқа жанбайды.

Тәуекелдің нары күшті.

Тәуекелдің ісі — игі.

Тіреу болмай, тілеу болмайды.

Түсіңе сенбе, күшіңе сен.

Уайым түбі — тұңғиық, батасың да кетесің.  
Тәуекел түбі — желқайық, мінесің де өтесің.

Үйде шешен, дауда жоқ,  
Үйде батыр, жауда жоқ.

Үргедек<sup>1</sup> бұрын өледі.

Үргедек көзіне сенбейді,  
Көзіне сенсе, өзіне сенбейді.

Үргедек жайшылықта тыным таппайды,  
Таршылықта орын таппайды.

Шешінген судан тайынбас.

<sup>1</sup> Үргедек — үркек, қорқақ.



Шын батыр құйысқансыз ат мінер.

Шын батыр сын үстінде танылар.

Шын ер жеңсе, тасымас,  
Жеңілсе, жасымас.

Ылдисыз өр болмайды,  
Қапысын таппас ер болмайды.

## ДОСТЫҚ. ЖОЛДАСТЫҚ

Адал дос алтыннан да қымбат.

Айырылар дос ердің артқы қасын сұрайды.

Алыстағы дұшпаннан  
Аңдып жүрген дос жаман.

Айтулы достың малы бір,  
Кемедегінің жаны бір.

Дос басқа қарайды,  
Дұшпан аяққа қарайды.

Дос – егіз,  
Дұшпан – сегіз.

Дос жылатып айтады,  
Дұшпан күлдіріп айтады.

Дос бергеніңнің түсіне қарамас.

Дос сыртыңнан мақтар,  
Дұшпан көзіңе мақтар.

Дос есебі көңілден.

Дос тұтқанды қадірле.

Досқа жалған сөйлесең, сенімің кетер,  
Жауға сырыңды алдырсаң, түбіңе жетер.

Достың досқа залалы болмас.

Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады.

Достың орны – төр,  
Дұшпанның орны – көр.

Досың екіұшты болса, дұшпаның күшті.

Досың аз, дұшпаның көп болса,  
Жер боларсың.  
Ақылың аз, ашуың көп болса,  
Қор боларсың.

Досыңның пышағымен мүйіз кес,  
Дұшпаныңның пышағымен киіз кес.

Досы көптің жаны семіреді,  
Асы көптің тәні семіреді.

Досы көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті дау алмайды.

Досы көппен сыйлас,  
Досы азбен сырлас.

Досың ауырса, ыңқылда.

Досыңа ат берме,  
Ат берсең, «ақырын жүр» деме.

Досың ауырса, күйін,  
Дұшпаның ауырса, сүйін.

Досыңа ет турат,  
Дұшпаныңа шай құйдыр,  
Иә, қауын тілдір.

Досың жүз болса да – аз,  
Дұшпаның жалғыз болса да – көп.

Досың үшін заһар<sup>1</sup> жұт.

<sup>1</sup> Заһар – у.

Досыңды кідіртпе, жолдан қалдырасың,  
Дұшпаныңды кідіртпе, сырыңды алдырасың.

Досыңмен дос болғанға шаттан,  
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.

Досыңның мың болғанына мақтан,  
Дұшпаның жалғыз болса да, сақтан.

Дұшпанды басындырсаң, басыңа шығар.

Дұшпаннан түк тартсаң да пайда.

Дұшпаныңның күлгені —  
Сырыңды білгені.

Жақсы жолдас ерттім дегенше,  
Жарты жаудан өттім де.

Жақсы көрген досыңа  
Тәуір көрген малыңды бер,  
Көре-көре сүйсінсін.

Жақынға жаны ашымағанның  
Бір беті қара.  
Жолдасына жаны ашымағанның  
Екі беті қара.

Жаман дос алдыңды орап, жүргізбейді.

Жаман дос жауыңмен бірге шабады.

Жаман жолдастан мықты таяқ артық.

Жаман туыстан  
Жақсы жолдас артық.

Жан ауыртқан дос емес.

Жаңадан дос тапсаң да,  
Ескі досыңды ұмытпа.

Жаңа дос келгенде,  
Ескі достың көзінен жас шығады.

Жауға жалынба,  
Досқа тарынба.

Жолға шықпас бұрын  
Жолдасыңды сайла.  
Үй алмас бұрын  
Көршіңді ойла.

Жолдан қосылған —  
Жолдас болып жарытпас.

Жолдас болсаң қуға,  
Басың қалар дауға.

Жолдасы жақсының олжасы жақсы.

Жолдасы жақсы жауға алдырмайды,  
Қара басын дауға қалдырмайды.

Жолдасын тастаған жолда қалар.

Жолдасың жақсы болса,  
Жолым ұзын деме.  
Жолдасың жаман болса,  
Қолым ұзын деме.

Жігіттің жайын жолдасына қарап жоры.

Киімнің жаңасы жақсы,  
Достың ескісі жақсы.

Сабы бос шотпен отын жарма,  
Сабырсыз доспен жауға барма.

«Шын досым» деп сыр айтпа,  
Досыңның да досы бар.

Шын жолдас — сөзге берік,  
Ерге серік.

## ОТБАСЫ. АҒАЙЫН-ТУЫС

Абысын тату болса, шыж-мыж көбейеді,  
Ағайын тату болса, сіз-біз көбейеді.

Абысын алдыма шықпасын,  
Қарайып артымда қалмасын.

Ағадағы мал — даладағы мал,  
Інідегі мал — індегі мал.  
Даладағы малға талғанда жетерсің,  
Індегі малға өлгенде жетерсің.

Ағайын тату болса, ат көп,  
Абысын тату болса, ас көп.

Ағайын — ащы, мал — тұщы.

Ағайынның азары болса да, безері болмас.

Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимайды.

Ағайын жауға керек,  
Мал дауға керек.

Ағайын бар болсаң, көре алмайды,  
Жоқ болсаң, бөліп бере алмайды.

Ағайын — ағайынның айнасы.

Ағайын бір өлі, бір тіріде.

Ағайынның ұрысы — торқаның<sup>1</sup> жыртығы.

Ағайынға қарап — мал өсер,  
Ағашқа қарап — тал өсер.

Ағаның үйі — ақ жайлау.

Ағайын алуға бар, беруге жоқ.

<sup>1</sup> Торқа — қымбат бағалы, селдір жібек мата.

Ағайынның беті қисық болса да,  
Бауыры қисық болмайды.

Ағайын-туған кімде жоқ,  
Сыйласпаса, жат жуық.

Ағаны бордан,  
Ініні зордан.

Ағаны көріп — іні өсер,  
Апаны көріп — сіңлі өсер.

Ағаның үйі — ақ бесік,  
Айдап келді ақ несіп.

Ағасы қадірлі болмай,  
Інісі содырлы болмайды.

Ағасы ұрар болар, інісі тұрар болар.

Ағашты жердің ырысы мол,  
Бауырмашылдың туысы мол.

Адам болатын бала алысқа қарайды.

Адам еткен әкеңнің атын ақтап жүргейсің.

Алыста жүрсе, кісінескен ағайын,  
Жақында жүрсе, тістескен ағайын.

Алған жарың жақсы болса,  
Ат үстінен дүбір ет.  
Алған жарың жаман болса,  
Шиге кіріп, сыбыр ет.

Алғаның жаман болса, көңілің жарым,  
Атың шабан болса, талар қарың.

Алғаны жақсы жігіттің әрқашан ісін оңдайды,  
Алғаны жаман жігіттің ісінің сәті болмайды.

Ал қызыл гүл — жердің сәулеті,  
Асыл жар — ердің сәулеті.

Алты ұл тапқан әйелді «ханым» десең болмас па!

Алтын басты әйелден  
Бақыр басты еркек артық.

Арғымақты жамандап,  
Кәне, тұлпар тапқаның?  
Ағайынды жамандап,  
Кәне, туған тапқаның?

Ақша қарда көп жүрсең,  
Көзің бір күн қарығар,  
Ағайыннан шет жүрсең,  
Көңілің бір күн тарығар.

Атқа ердің батқанын иесі білмес, ат білер,  
Ер жігіттің қадірін жақыны білмес, жат білер.

Адам болатын бала қонаққа үйір,  
Ат болар тай саяққа үйір.

Адам болар баланың кісіменен ісі бар,  
Адам болмас баланың кісіменен несі бар?

Ата — асқар тау,  
Ана — бауырындағы бұлақ,  
Бала — жағасындағы құрақ.

Әкенің жақсысы жездедей-ақ.

Атасы бұлан атпағанның баласы құлан атпайды.

Атаға тартып ұл тумас,  
Анаға тартып қыз тумас.

Аналы баланың аузы ойнайды,  
Атасыз баланың көзі ойнайды.

Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын құса игі.

Атадан жақсы ұл туса,  
Есіктегі басын төрге сүйрейді.

Атадан жаман ұл туса,  
Төрдегі басын есікке сүйрейді.

Атадан жақсы ұл туса,  
Қар үстінде от жанар.  
Атадан жаман ұл туса,  
Ат үстінен ит қабар.

Атадан бала туар,  
Атасының жолын қуар.

Атадан жақсы ұл туса,  
Елінің қамын жейді.  
Атадан жаман ұл туса,  
Елінің малын жейді.

Атадан алтау туса да,  
Басына бір жалғыздық түсер.

Атасыз жетім — арлы жетім,  
Анасыз жетім — шерлі жетім.

Атасыз үй — батасыз,  
Анасыз үй — панасыз.

Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің,  
Ағайынның қадірін қаралы болғанда білерсің,  
Жанашырдың қадірін жалалы болғанда білерсің.

Ата — балаға сыншы.

Анаға баланың алалығы жоқ.

Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да,  
Қарызынан құтыла алмайсың.

Ананың көңілі балада,  
Баланың көңілі далада.

Алып анадан туады,  
Ат биеден туады.

Ажалды ана жеңеді,  
Ана жеңбесе, бала жеңеді.



Аспанның сәні — Ай, жұлдыз,  
Үйдің сәні — ұл мен қыз.

Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.

Ата — бәйтерек,  
Бала — жапырақ.

Ата көрген оқ жонар,  
Шеше көрген тон пішер.

Ата тұрып, бала сөйлесе — шіркіндігі,  
Аға тұрып, іні сөйлесе — еркіндігі.

Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без,  
Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без.

Ата өліп, бала қалса — мұратына жеткені,  
Бала өліп, ата қалса — арманы іште кеткені.

Атадан мал қалмаса да, тал қалсын.

Атаның жаман ұлы малға ортақ,  
Әзірейіл<sup>1</sup> жанға ортақ.

Атасыз ұл ақылға жарымас,  
Анасыз қыз жасауға жарымас.

Ат болатын құлынның бауыры жазық келер,  
Адам болар баланың маңдайы жазық келер.

Артында қызы қалғанның — ісі қалғаны,  
Ұлы қалғанның — өзі қалғаны.

Атың жаман болса, арманың кетеді,  
Алғаның жаман болса, мейманың кетеді.

Атың жаман болса, сатып құтыларсың,  
Қатының жаман болса, қайтіп құтыларсың?!

Ашу ағадан, кешіру ініден.

<sup>1</sup> Әзірейіл (діни) — жаналғыш періште.

Аяғын көріп, асын іш,  
Анасын көріп, қызын ал.

Әдепсіз бала —  
Аяққа шалынған шала.

Әйел жерден шыққан жоқ,  
О да — еркектің баласы,  
Ерлер көктен түскен жоқ,  
Әйел — оның анасы.

Әйелдің жолы жіңішке.

Әйел жомарттық қылғанда,  
Еркек нәмәрттік<sup>1</sup> қылғаны — өлім.

Әйел — қырық шырақты.

Әйел өз қылығын білмей,  
Еркекке өкпелейді.

Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа.

Әйел пәлені көркінен табады,  
Ер жігіт пәлені сөзінен табады.

Әйел жаман десең, анаң оның ішінде.

Әйел көркі — ақылда.

Әкесі құрдастың — баласы да құрдас.

Әкесін сыйлаған ер болар, сыйламаған жер болар.

Әкесін сыйламағанды,  
Баласы сыйламайды.

Әкеңде жоқ арғымақ, шешенде жоқ арғымақ,  
Саған оңай болып па биік жардан қарғымақ.

Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін.

<sup>1</sup> Нәмәрттік — сараңдық, жетесіздік.

Әкенің жауы балаға дос болмайды.

Әкеңнің төріне сенбе,  
Маңдайыңның теріне сен.

Әкесі бейнауыздың баласы боғауызшыл.

Әке дәулеті балаға дәулет болмайды.

Әке қарғысы — оқ,  
Шеше қарғысы — боқ.

Әр елден келін келер,  
Әртүрлі ырым етер.

Бала әкеден сынық сүйем кем туады.

Бабасы еккен ағашқа баласы саялайды.

Бабасы еккенді баласы орады.

Бала — адамның бауыр еті.

Бала — жаның, мал — иманың,

Балалы үй — гүлстан, баласыз үй — көрстан.

Баланың жақсысы — қызық,  
Жаманы — күйік.

Баланың өнерлісі — жұмақ, өнерсізі — тозақ.

Балаң жаман болса, арманың кетеді,  
Әйелің жаман болса, келгенің кетеді.

Балаң тілалғыш болса — ғажап,  
Тілазар болса — азап.

Болар бала бесікте белгілі.

Би болатын бала — ағайыншыл,  
Бай болатын бала — айырбасшыл.

Бір бала атасына жете туады,  
Бір бала атасынан өте туады,  
Бір бала кері кете туады.

Бел астындағыдан бесіктегі бала да үміттенеді.

Бай баласы мақтанса,  
«Жылқыдан жорға міндім», — дейді.  
Би баласы мақтанса,  
«Парадан шапан кидім», — дейді.

Балаң болса, шоқ болсын,  
Шоқ болмаса, жоқ болсын.

Баласы бардың өзі ойнар,  
Баласы жоқтың көзі ойнар.

Бала — әкенің мұраты, қыз — әкенің жұраты.

Бала,  
Баланың ісі — шала.

Баланы жастан,  
Қатынды бастан.

Балалы үй — базар,  
Баласыз үй — мазар.

Балаң жаман болса — көрінгеннің мазағы.

Баласы жоқ ханым — тұл,  
Баяны жоқ ғалым — тұл.

Бала жасындағысын ұмытпайды,  
Таз басындағысын ұмытпайды.

Балаға қызмет бұйыр,  
Артынан өзің жүгір.

Баласы көп іс бастайды,  
Түйесі көп көш бастайды.

Бала күлкіге тоймас,  
Жаман ұйқыға тоймас.

Бала — көңілдің гүлі, көздің нұры.

Бала қорыған жерге өш.

Бала өз нәпақасын өзі ала туады.

Балам өсті дегенше, батыр өсті десейші,  
Батыр өнер білмесе, қапыл өсті десейші.

Баламен ойнама, шаршарсың,  
Шаламен ойнама, күйерсің.

Бала соққан кездіктің басы жарық.

Бала таппаған қатыннан лақтаған ешкі артық.

Балаға торғайдың көлеңкесінен суық тиеді.

Баланың тентек болмағы үйінен,  
Жігіттің тентек болмағы биінен.

Баланың ұяты — әкеге,  
Қыздың ұяты — шешеге.

Бала ханнан үлкен,  
Ашамай<sup>1</sup> нардан үлкен.

Балалық шағың — патшаның тағы.

Болатын бала он бесінде «баспын» дейді.  
Болмайтын бала жиырма бесінде «жаспын» дейді.

Бардың баласы би болар,  
Жоқтың баласы қамшы астында и болар.

Бар қарындас жақында болмасын,  
Жоқ қарындас алыста болмасын.

Бойдақты «ұлым» деме,  
Бұқаны «малым» деме.

<sup>1</sup> Ашамай — 1. Алды-арты сүйемелі биіктеу келген, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған, балаға арналған ер. 2. Түйеге жүк арту үшін, ер тәрізді жасалған сайман.

Боранды күні бала құтырар,  
Желді күні ит құтырар.

Болар бала боғынан.

Байтал шауып, бәйге алмас.

Байтал жүйрік, парқы жоқ,  
Қатын шешен, нарқы жоқ.

Бақа жарығы суымен,  
Қатын жарығы ерімен.

Бақпаса, мал кетер,  
Қарамаса, қатын кетер.

Бақа сисе, көлге сеп,  
Жақсы қатын малға сеп.

Бірліктен бездіретін де — әйел,  
Сұмдықты сездіретін де — әйел.

Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді,  
Ағайынның арасын бір жаман сөз ірітеді.

Білімді әйел басыңа қарайды,  
Білімсіз әйел жасыңа қарайды.

Бір қатын — сылаумен қатын,  
Бір қатын — қынаумен қатын,  
Бір қатын — сынаумен қатын.

Бірге тумақ бар,  
Бірге жүрмек жоқ.  
Бірге тумақ болса да,  
Бірге өлмек жоқ.

Бұлттан шыққан күн ащы,  
Жаман әйелдің тілі ащы.

Балалығыңды сағынсаң, нағашыңа бар,  
Бозбалалығыңды сағынсаң, қайныңа бар.

Ердің атын қатын шығарады,  
Қатынның атын отын шығарады.

Ер елді басқарса, әйел отбасын басқарады.

Елін разы қылмаған жігіттен  
Ерін разы қылған әйел артық.

Ерлі-зайыпты тең болса, тоймен өтеді,  
Бірі артық, бірі кем болса, оймен өтеді.

Еркектің құрметі өз үйінен басталады.

Еркек ер мінезділігімен,  
Әйел биязы мінезділігімен сүйкімді.

Еркек үйдің — иманы, әйел үйдің — жиғаны.

Еңбекші қатынның қолы жіп иірсе,  
Аяғы бесік тербетеді.

Еркекке жүрек, әйелге тірек керек.

Ердің асылы күшінен білінеді,  
Әйелдің асылы ісінен білінеді.

Ер бала — ата-анаға таяу,  
Қыз бала — үйге жаққан бояу.

Ер бала — он бесте отау иесі.

Еркенің көзі кеппес,  
Жорғаның тері кеппес.

Ерке баладан есер бала жақсы.

Екі жарты — бір бүтін.

Екі қатынның баласы — екі рулы ел.

Ер көңілін кім ашар?  
Жарқылдаған жар ашар.  
Ат көңілін кім ашар?  
Қадірін білген ер ашар.

Ерге жаққан қатын елге де жағады.

Ерін сыйлаған әйел елін де сыйлайды.

Еркек — бас, ұрғашы — мойын.

Еркек көп болса, отын жоқ,  
Қатын көп болса, су жоқ.

Еркек көрсе — рас,  
Қатын көрсе — жаңылыс.

Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,  
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.

Еркек сөйлесе, жолы ашылады,  
Ұрғашы сөйлесе, беті ашылады.

Еркек дауысты қатында ұят болмас,  
Қатын дауысты еркекте қуат болмас.

Ердің ері — егеудің сынығы.

Ердің атағын аты шығарар, не қатыны шығарар.

Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі.

Ерте тұрған еркектің ырысы артық,  
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

Есік көргенді алма,  
Бесік көргенді ал.

Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?  
Қатының долы болса, елдің тыныштығынан не пайда?

Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз,  
Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз.

Жақсы ұл — көңіл тоғы,  
Жаман ұл — мұрын боғы.

Жақсы бала еліне бас болады,  
Жаман бала еліне қас болады.



Жаман да болса ұрпақ қалсын,  
Өз орнында отын жақсын.

Жалғыз ұлы бар кісінің шығар-шықпас жаны бар,  
Екі ұлы бар кісінің өкпе, бауыр, жалы бар.

Жалғыз баласы атқа шапса,  
Анасы үйінде тақымын қысады.

Жабыны жауға мінбе, «жалы бар» деп,  
Жаманмен құда болма, «малы бар» деп.

Жағымсызды жақыны да жарылқамас.

Жақын жандар таласса, жатқа жем болар.

Жақыныңды жаттай сыйла,  
Жат жанынан түңілсін.

Жаман күйеу қайынсақ,

Жаман еркек әйелінің жанын жеп рақаттанады.

Жан қимақ бар, жар қимақ жоқ.

Жақсы әйел — үйдің кемесі,  
Жаман әйел — шайтанның егесі.

Жатыпшар жалқау қатын  
Сормандай ерге тап келер.

Жақсы әйел — жігітке біткен бақ,  
Жақсы жер, жайлы қоныс — алтын тақ.

Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді.

Жақсы әйел — теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас.

Жақсы болса, жан серігің қатын болар,  
Іні бәрінен жақын болар.

Жақсы еркектің ішінде еріменен ат жатар,  
Жақсы ұрғашының ішінде бесігімен ұл жатар.

Жақсы болса алғаның, үйіңнен кісі кетпейді,  
Жаман болса алғаның, шын досың да шеттейді.

Жақсы қатын — зейнет,  
Жаман қатын — бейнет.

Жақсы қатын — жарым ырыс.

Жақсы қатын — ырыс,  
Жаман қатын — ұрыс.

Жақсы қатын жүн қарыз алады,  
Жаман қатын су қарыз алады.

Жақсы қатын жарының жақсысын асырар,  
Жаманын жасырар.

Жақсы ағайын — сыншыл,  
Жаман ағайын — күншіл.

Жақсы қатын — үй дәулеті,  
Жақсы шапан — той дәулеті.

Жақсы әйел — жолдас,  
Жаман әйел оңбас.

Жақсы әйел өміріңді ұзартар,  
Жаман әйел үстіңе тұз артар.

Жақсы қатын белгісі — былғары қылар теріні.

Жақсы жар — жұмақ,  
Жаман жар — тозақ.

Жаман ерден жайдағым жақсы,  
Жаман қатыннан бойдағым жақсы.

Жаман ініге аға болма,  
Жаман тонға жаға болма.

Жаман қатын алғанша,  
Қатынсыз жүрген жақсырақ,  
Ақымақ балаң болғанша,

Баласыз жүрген жақсырақ,  
Жаман атқа мінгенше,  
Жаяу жүрген жақсырақ.

Жаман қатын байының жалғыз атын сойғызар,  
Жақсы қатын жолдасын жоқтан құрап тойғызар.

Жаман қатын — төсегінен белгілі,  
Жаман жігіт — есебінен белгілі.

Жаман қатын төркіні келсе, төрге шығып, тайтаңдар.

Жанбаса, отын жаман,  
Жаға алмаса, қатын жаман.

Жақсы елге түскен келін — келін,  
Жаман елге түскен келін — келсап.

Жақсы келін — келін.  
Жаман келін — өлім.

Жақсы келін сырласыңдай болар,  
Жақсы ұлың құрдасыңдай болар.

Жақыныңнан жау шықса,  
Жаныңды қояр жер таппайсың.

Жар қадірін білмесең,  
Жалғыздық берер жазанды.

Жаулығы болса — қатын,  
Жалыны болса — отын.

«Жаулығы бар» деп, қатын деме,  
«Жалыны бар» деп, отын деме.

Жаулық тартқанның бәрі қатын емес,  
Бөрік кигеннің бәрі батыр емес.

Жеңім жаман болса да, жағам жақсы,  
Өзім жаман болсам да, ағам жақсы.

Жер дауынан жесір дауы қиын.

Жеті атасын білмеген —  
Жетімдіктің салдары.

Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер.

Жетім ақысы — тәңір ақысы.

Жетім бала жалтақ келер.

Жетімді жегенше, етіңді же.

Жетім өсе береді, жесірге өсек ереді.

Жиен ел болмас,  
Желке ас болмас.

Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды.

Жолдасың жаман болса, алыс жүріп, түн қатпа,  
Қатының жаман болса, кісі алдында тіл қатпа.

Жолдас күту — жарға сын,  
Жалған сөйлеу — арға сын.

Жолдан жолдас қосылса, жол болмасқа немене?  
Алғаны сырлас қосылса, мол болмасқа немене?

Жыламаған балаға емшек бермейді.

Жылауық болса да, баланың бары жақсы.  
Бақырауық болса да, түйенің бары жақсы.

Жылайын деген бала  
Әкесінің сақалымен ойнайды.

Жібекті түте алмаған, жүн етер,  
Әйелді күте алмаған, күң етер.

Зерделі зайып құт, береке, ырыс болар,  
Зердесізі оттың басын, жүрген жерін ұрыс қылар.

Итпен ойнасаң, үрерсің,  
Баламен ойнасаң, күлерсің.

Күнсiз гүл өспес,  
Күтүсiз ұл өспес.

Келiн-келiн, келiн бақ,  
Келмей жатып сөзiн бақ.

Келiн бой жасырады,  
Дауысын таудан асырады.

Келiн жаман емес,  
Келген жерi жаман.

Келiн кейiн отырар,  
Көтерiлуге бейiм отырар.

Келiнiң жаман болса, ұлыңнан көр,  
Күйеуiң жаман болса, қызыңнан көр.

Келiннiң — аяғынан,  
Қойшының — таяғынан.

Көрiп алған көрiктiден,  
Көрмей алған тектi артық.

Көп күлсе — қардың iсi,  
Көп берсе — бардың iсi.

Көргендiден қатын алсаң, қадiрiңдi бiлiп өтер,  
Көргенсiзден қатын алсаң, көрсетумен күнiң өтер.

Көлiнен айырылған қаз жетiм,  
Кемпiрiнен айырылған шал жетiм.

Көсеу ұзын болса, қол күймес,  
Ағайының көп болса, жағаңа қол тимес.

Көшерде — жұрт жаман,  
Тастарда — қатын жаман.

Қадiрiңдi бiлмес туыстан  
Сырыңды бiлген дос артық.

Қайын енесi ас iшпес  
Қабағын түйген келiннен.

Қорықпас келін  
Қой басынан қорқады.

Қызым, саған айтам,  
Келінім, сен тыңда.

Қарағайға қарап, тал өсер,  
Қатарына қарап, бала өсер.

Қатын дауласса, баласы жауласады.

Қара наннан қалашым жақсы,  
Жаман ағайыннан алашым жақсы.

Күйеудің атымен күл тасы.

Күйеу — жүз жылдық,  
Құда — мың жылдық.

Күшік күйеу болғанша,  
Иттің күшігі бол.

Қарағай бойы қар жауса да,  
Жұтамайды сауысқан.  
Қанды қалпақ кесе де,  
Қиыспайды туысқан.

Қадір білмес қарындастан  
Қаймана қазақ артық.

Қойныңдағы қатыныңа сенбе,  
Астыңдағы атыңа сенбе.

Қатыны жалқау, байы самарқау үйден қонақ қашады.

Қатынды тепсең, сағы сынар,  
Баланы ұрсаң, бағы сынар.

Қатының қартайса, шешендей ұрсады.

Қатының жақсы болса — жұратың.

Қатының жемқор болса, ұрды Құдай,  
Атың жемқор болса, берді Құдай.

Қатын — үйде, еркек — түзде.

Қатын қарыспа болса, қырсық алыста болмас.

Қаңтар болмай, су тоңбайды.  
Қатын шайпау болмай, ер жалғыз үй қонбайды.

Қапияда қатын ақыл табады.

Қарыздан да, қатын ал,  
Қатының қалар жаныңда.

Қатын алма, қайын ал,  
Жақсы көрер кісінің атын алма, тайын ал.

Қатын алсаң, отын ал,  
Бір құшағын артық ал.

Қатын ашуланса, қазан қайнатар.

Қатын ашынса, қатты айтар,  
Бала ашуланса, бетің қайтар.

Қатын-балаға қарамай қаңғығаннан без,  
Қазан асқан үйді аңдығаннан без.

Қатын бастаған ел қараң қалады.

Қатын ер қасында,  
Қараша хан қасында.

Қатын ерге қарайды,  
Ер жерге қарайды.

Қатын — ерімен,  
Диқан — жерімен.

Қатын жолда,  
Бала белде.

Қатын көп болса, іс бітпейді,  
Түйе көп болса, жүк сыймайды.

Қатын өлсе, үйің кетеді,  
Басыңнан күйің кетеді.

Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді.

Қатының жаман болса, ата алмассың,  
Алып барып базарға сата алмассың.

Қатыны жоқ үй — жетім.

Қой асығы деменіз, қолыңа жақса, сақа тұт,  
Жасы кіші деменіз, ақылы асса, аға тұт.

Құда болғанша, ата-тегін сұрас,  
Құда болған соң, кім де болса, сыйлас.

Қанына тартпағанның қары сынсын.

Қойлы қатын құйрық жейді.

Қайындағы күйеуден қарғылы тазы артық.

Құда болғанша құлын-биін сұрас,  
Құда болған соң, құл да болса, сыйлас.

Құдаң құрдасыңдай болсын,  
Құдағиың сырласыңдай болсын.

Құданы Құдай қосады,  
Досты періште қосады.

Құдадан алған санауға бар да, қарауға жоқ.

Құдалық белгісі — сый,  
Қоныс белгісі — ши.

Құдасымен Құдай ұрған араз болар.

Құдандалының малы бір,  
Анық достың жаны бір.

Құданың құдасы — құнан қойдың сорпасы.



Құдағи сыйымен жарасады,  
Қуырдақ майымен жарасады.

Құл күйеуге күң жеңге,  
Мәмілесі — бір теңге.

Қызың жақсы болса — ердің бағы,  
Ұлың жақсы болса — елдің бағы.

Қыз «қуыршақ» дейді,  
Бала «құлыншақ» дейді.

Қыз бала өкпешіл болса,  
Қалыңмалы көп болар.  
Ер бала өкпешіл болса,  
Ырысқа кесір болар.

Қыз өріс емес пе,  
Ұл қоныс емес пе?!

Малыңның жоғын ағайының білдіреді,  
Қадіріңнің жоғын қатының білдіреді.

Мейірімділікті анадан үйрен,  
Әдептілікті данадан үйрен.

Нағашысымен күрессе,  
Жиені жығылар.

Орақ ұстап әкең қалғанша,  
Оймақ ұстап шешең қалсын.

Ойнай білмес бала шешесін түртіп ойнар.

Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар.

От отынға,  
Ақылсыз әйел дүниеге тоймайды.

Отыз ұлым болғанша,  
Оқыранған шалым болсын.

От жақса да жібімес, қалған көңіл мұзбен тең,  
Жақсы қатын алсаңыз, қартайғанша қызбен тең.

Өзіне қарай қосағы,  
Қазанына қарай ошағы.

Өзі жаманның қатыны кетеді,  
Елі жаманның ақысы кетеді.

Өз анаңды сыйласаң,  
Өзгенің анасына тіл тигізбе.

Өлетін бала молаға қарай жүгіреді.

Өз қолыңда жоқ болса, атаң да жат.

Өз балаң өзекке тепсең де, кетпейді,  
Кісі баласы кісендесең де, тұрмайды.

Өзі жығылған бала жыламайды.

Өзіңдікі өлтірмес,  
Жат жарылқамас.

Өз ағаңды жамандап, кәне, жақын тапқаның?  
Алғаныңды жамандап, кәне, жақсы тапқаның?

Өкпе кімге жарасар?  
Қарындасқа жарасар,  
Қарындастың ішінде қадірлеске жарасар.

Өнегелі дана жоқ жерде өнерлі бала да жоқ.

Өспес ұл өнбес дауды даулайды.

Пайғамбар да күйеу баласын сыйлапты.

Сақау қыздың тілін анасы ұғар.

Саналы әйел — ишаратты сезімпаз,  
Аяр әйел — бір желаяқ кезімпаз.

«Сіз, біз» деген жылы сөз ағайынға жарасар.

Сусыз жердің шөбі иесіз,  
Ұлсыз ердің малы иесіз.

Таздан жарғақ бас, кедейден мал бақпас бала туар.

Талапты ерге нұр жауар.

Тауда туған құлынның екі көзі таста болар,  
Ашаршылықта туған баланың екі көзі аста болар.

Тайдың мінгені білінбес,  
Баланың істегені білінбес.

Талапты бала талпынған құстай,  
Құмары қанбас, аспанға ұшпай.

Тегі бір бірін-бірі теппейді,  
Тегі бөлек бірін-бірі ептейді.

Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер,  
Тоқалы күшті болса, бәйбіше байдан безер.

Төркіні жақынның төсегі жиылмайды.

Төркінге сенгеннің төбесі тесік.

Туысы жақын – жақын емес,  
Жүрісі жақын – жақын.

Тумысынан жаманға ақыл үйретіп болмайды,  
Туғаннан адасқанды шақыртып болмайды.

Туысы жаман туғанын жамандайды.

Тумаң бар,  
Туысқандай болмайды.  
Тұрман бар,  
Құйысқандай болмайды.

Туысы бірдің – уысы бір.

Туысы бірге түртпейді,  
Түбі бірге кетпейді.

Тісі шыққан балаға  
Шайнап берген ас болмас.

Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің.

Ұлдан туғанның ұлығы жоқ,  
Қыздан туғанның қиығы жоқ.

Ұлыңды алып, қыз берсе, қорлағаны Құдайдың,  
Қызыңды алып, ұл берсе, сыйлағаны Құдайдың.

Ұл таппас ана болмас, тұрарын айт.  
Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт.

Ұл өссе — ұрпақ,  
Қыз өссе — өріс.

Ұл он беске келгенше қолыңдағы қобызың,  
Он бестен асқан соң, тіл алмаса — доңызың.

Ұлыңды өзің жөнге салмасаң,  
Өмір тезге салады.

Ұл туғанға — күн туар.

Ұлды ұясында баулы.

Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол.  
Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол.

Ұлың өссе, ұлы үлгілімен ауылдас бол,  
Қызың өссе, қызы үлгілімен ауылдас бол.

Ұлыңды ұлықтыға жұмса.

Ұятсыз қатын тұзсыз ас секілді.

Ұяты жоқ ұл жаман,  
Қылығы бұзық қыз жаман.

Үйде бір күн ұрыс болса,  
Қырық күндік ырыс кетеді.

Үйінде екі сиырың болса, айран болар,  
Екі қатының болса, ойран болар.

Үйді қырық еркек толтыра алмайды,  
Бір әйел толтырады.

Үйі жыртықты тамшы жейді,  
Ағайыны азды қамшы жейді.

Үлкен бастар,  
Кіші қостар.

Үлкеннің мыңына бергенше,  
Баланың біріне бер.

Үш күндігін ойламаған әйелден без,  
Үш жылдығын ойламаған еркектен без.

Үш қатынның басы біріксе,  
Отырған жері — жәрмеңке.

Үш баланы өсіргенше,  
Үш шаһар апат болады.

Шешеге қарап қыз өсер,  
Әкеге қарап ұл өсер.

Шешесі бар жетімнің басында тарақ, қол ойнар,  
Шешесі жоқ жетімнің басында бит пен сірке ойнар.

Шығысы жаман қамысты су ішінде өрт алады,  
Туысы жаман баланы анасының құрсағында дерт алады.

Бұрыс қашса да, туыс қоймайды.

Інісі бардың тынысы бар,  
Ағасы бардың жағасы бар.

## МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ. ӘДЕТ

Адамдықтың белгісі —  
Иіліп сәлем бергені.  
Шын достықтың белгісі —  
Көп кешікпей келгені.

Азған жанға жын жолдас.

Айбар керек, әл керек, әлсіз айбар не керек?

Ай ортақ, Күн ортақ, жақсы ортақ.

Ақ иіліп, сынбайды.

Ақ жүрген адам азбас.

Ақкөңілдің аты арып, тоны тозбас.

Ақжарқын адамның ағайыны көп.

Аққа қара жоқ,  
Қараға шара жоқ.

Ақпейілдің аты арымайды,  
Тоны тозбайды.

Ақпейіл болсаң, ас жерсің,  
Тәкаппар болсаң, тас жерсің.

Алаңғасарға «әрі құла» десең,  
Бері құлайды.

Алғырт ойын бұзар, тентек жиын бұзар.

Аңқау аңдамайды,  
Әңгі<sup>1</sup> тыңдамайды.

Арамдық түбі — реніш,  
Адалдық түбі — кеніш.

Арамның адымы қысқа.

Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам.

Аса қу болсаң,  
Алқымыңнан асыларсың,  
Аса ынжық болсаң,  
Аяққа басыларсың.

<sup>1</sup> Әңгі — әумесер, есалаң.

Аса диқан ішінде ас жатады,  
Аса жалқау күн сайын аш жатады.

Асыққан ісін бітірмес,  
Ақылды ер атын жітірмес.

Асыққан жетпес,  
Бұйырған кетпес.

Асыққан кісі зиянға келер.

Асыққан ойына жетпес.

Асыққан — шайтан ісі.

Асықпаған арбамен қоянға жетер.

Аузына ие болғанның қолында ұяты бар.

Аузы жаман ел былғайды,  
Аяғы жаман төр былғайды.

Ауру қалса да, әдет қалмайды.

Ашыққаннан құныққан жаман.

Ащы болсаң, тұздай бол,  
Тәтті болсаң, балдай бол.

Әділігіңе сенбе, әділдігіңе сен.

Әлі жетпеген ақыретшіл болады.

Әлі жетпеген — Аллашыл.

Әлін білмеген — әлек.

«Әрі жат» деген — төсек тарлығы,  
«Бері жат» деген — пейіл барлығы.

Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы тоқтығы,  
Жігіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы.

«Боламын» деп жүріп болмай қалған — тантық,  
«Болмаймын» деп жүріп болған — артық.

Білімсіздің білгені:  
«Өзім толық білем» дер,  
«Өз ақылыммен жүрем» дер.

Біреуді қор тұтсаң, қор боларсың,  
Біреуді зор тұтсаң, зор боларсың.

«Бояушы, бояушы» дегенге  
Сақалын бояйды.

Бір ақылды мың пәледен құтқарады.

Береке көпте емес, қанағатта.

Басың аман болсын десең, тіліңді тоқтат.

Бір қу бар, қолынан бүлдіру келеді,  
Тілінен күлдіру келеді, бітімге жоқ.

Елінде жақсы болса, пайдасы тиер,  
Содырлы тентек болса, найзасы тиер.

Елгезектің қарны тоқ.

Елді қу бұзады,  
Сүтті су бұзады.

Емен ағаштың иілгені — сынғаны,  
Ер жігіттің ұялғаны — өлгені.

Екі тентек елге сыймас.

Елірменің ебі жоқ.

Еркені есірткенің — басыңа секірткенің.

Екі тентек кездесе,  
Төбелеспей тарқамайды.

Есер жігіт сәнқой келер.



Есердің ақылы түстен кейін кіреді.

Есердің тобы екеуге жетпей тозар,  
Ездің қайраты жау кеткен соң қозар.

Есіктен келіп, «төр менікі» деме,  
Ыддидан келіп, «өр менікі» деме.

Жасында кішілігі болмағанның  
Өскенде кісілігі болмайды.

Жасында қылжың болсаң,  
Өскенде мылжың боларсың.

Жаусыз жақынын жейді,  
Ішіндегі пақырын жейді.

Желпідеген жеңілтек болма, ұшырып кетеді.

Жүре берсең, көре бересің,  
Көре берсең, көне бересің.

Жын соққаннан «мың» соққан жаман.

Жын да бейімдіні қағады.

Жуастан жуан шығады.

Жүні жығылғанның үйі жығылады.

Жарамсақ жәркелеш,  
Жұртқа күлкі жарымес.

Жолдас болсаң қуға,  
Басыңды салар дауға.

Жүректің жолы — ыстық,  
Білектің жолы — суық.

Жығылып жатып, сүрінгенге күлме.

Жылағанды сұрама, күлгенді сұра.

Зорлық көргенді Құдай көреді.

Зорсынғанға Алла бар,  
Сом темірге балға бар.

Кедейге кедей қайыр қылса,  
Қу таңданады.

Кең болсаң, кем болмайсың.

Кеңпейілдің ішінде кен жатады.

Кері кеткеннің сақалы  
Кеңірдегіне шығады.

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.

Көңілі қарау сырласынан айырылады.

Көпке тентек — Құдайға шет.

Көре тұра айтпасаң,  
Көргенсіз дер.  
Біле тұра айтпасаң,  
Жетесіз дер.

Көргенді кісі көргенін айтар,  
Көргенсіз кісі бергенін айтар.

Көргеннен көзақы сұрама.

«Көргенсіз» дегенді кек тұтпа,  
Көргеннен көрмегенің көп.

Көрмесе — жат,  
Көріспесе — ұят.

Кімді қор тұтсаң,  
Сонан зар тартарсың.

Кісі жапа көрмей, опа көрмес.

Кісінің көзіне көзің түссе,  
Көңілі жібіп, мейірі түсер.

Кісінің түймедей ісін көргенше,  
Өзіңнің түйедей ісінді көр.

Кішіпейілділік — кісінің көркі.

Кішіпейілділіктен кішіреймейсің.

Кішіпейілділік — кішілік емес, кісілік.

Кісі ақылымен бай болғанша,  
Өз ақылыңмен жарлы бол.

Кісінің бергені кісіге ырыс болмас.

Кісі аты — тершіл,  
Кісі киімі — кіршіл.

Кісі сөзін жөн көрмес, еш адамды теңгермес.

Күлегештің көңілі азбас,  
Күтіншектің өзі азбас.

Күлегештің тұзы жеңіл.

Күншілдің күні шықпайды.

Күшпен сүйкімді бола алмайсың.

Кісінің ең жаманы — талапсыздық.

Қорқақты қуа берсе, батыр болар,  
Жараны қаси берсе, қотыр болар.

Қабағы жаманның — тамағы жаман.

Қабақ сынса, қайғы жоқ.

Қайратсыз ашу — тұл,  
Тұрлаусыз ғашық — тұл,  
Шәкіртсіз ғалым — тұл.

Қас — қабағынан белгілі,  
Сараң — табағынан белгілі.

Қаскүнем қарақтан өледі,  
Қомағай тамақтан өледі.

Қасқадан алаяқ туады,  
Қотырдан қыршаңқы туады.

Қисық ағаш қиыспайды,  
Қыңыр адам сыйыспайды.

Қисық ағаштың түбіне қонба,  
Қыңыр адамның үйіне қонба.

Қыңыр адам топқа кірмес,  
Топқа кірсе де, түзу жүрмес.

Қудың аяғына су жұқпас.

Қу қарамай қабады,  
Ұры басын жалмайды.

Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ.

Мақтаншақтың арты ашық.

Мақтаншақтық өтірік айтқызады,  
Өтірік көңіл қайтқызады.

Менмен — жігіттің соры,  
Төменшік — жігіттің қоры.  
Кішіпейіл, кең жайлау —  
Жігіттің зоры.

Менменнің тәубасы қабыл болмайды,  
Момынның ісін Құдай оңдайды.

Момын — жаманның інісі.

Момынның есебін қу табады,  
Қудың есебін Құдай табады.

Мықтыға момын күш қылмас.

Мінезің жатық болса,  
Ішкенің қатық болар.  
Мінезің қисық болса,  
Ішкенің сұйық болар.

Назары аштың ақыры оңбас.

Озбырдың өзегі талмас,  
Өмір бойы мейірі қанбас.

Озбыр олжа үшін өледі,  
Күншіл күндеумен өледі.

Оңбағанның саяғы  
Екеуі жүріп, тебісер.

Оңқа ойын бұзар,  
Тентек жиын бұзар.

Орынсыз ұялшақ болма,  
Жамандықтың белгісі ол да.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

От бергені – ниет бергені.

Отты қозғаса – өшеді,  
Қуды қозғаса – көшеді.

Өсер бала – өрісшіл,  
Өспейтін ұл – керісшіл.

Өз отына қан құйған  
Кісі отына май құймас.

Өз бетін аямаған,  
Кісі бетін шиедей қылады.

«Өзім білем» деген жігіттің  
Басына ойран салғаны.  
«Көп біледі» деген жігіттің  
Басына қорған болғаны.

Өзін-өзі мақтаған өлімнен сәл ілгері.

Өзім ойласам, тайлы, құлынды бие тиеді.  
Біреуге ойлатсам, аяғым анда-санда бір тиеді.

Өзінікі өзіне оттай ыссы.

«Екі тау қосылды» десе, нан,  
«Бұрынғы бұзық түзелді» десе, нанба.

Өзінің кетпендей мінін көрмей,  
Біреудің шидей мінін көреді.

«Өзімдікі» дегенде,  
Өгіз қара күшім бар.  
«Біреудікі» дегенде,  
Болар-болмас ісім бар.

Өтпес пышақ қол кесер.

Пәле құған пәлеге жолығады,  
Жала құған жалаға жолығады.

Пәленің екі көзі жоқ,  
Қайда жүрсең де, қармалап табады.

Пәледен машайық<sup>1</sup> қашыпты.

Пәле ізденіп, таспа,  
Өзі келсе, саспа.

Пейілі жаман кісіден күседі<sup>2</sup>,  
Өз асын өзі жасырып ішеді.

Пейілі жаман пәлеге жолығады,  
Бітпейтұғын жалаға жолығады.

Пейілі жаманды ит қабады,  
Ниеті жаманды Құдай табады.

<sup>1</sup> Машайық — ақылды адам, абыз.

<sup>2</sup> Күсу — безу, түңілу, жеру.

У жасаған удан өледі,  
Найза ұстаған жаудан өледі.

Рас-өтірігін білместен,  
Адырая қоймаңыз.  
Елірмелі жігітке  
Әркез жолдас болмаңыз.

Сида ағашта көлеңке болмайды,  
Сырдаң адамда береке болмайды.

Сойқанды әкеден сотқар ұл туады.

Сопы сұмнан шығады.

Сөйлеуік ауыз — жыбырлауық.

Сұмырай келсе, су құриды.

Сүтпен келген мінез  
Сүйекпен кетеді.

Сынықтан басқаның бәрі жұғады.

Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.

Сыртың сайлы болғанша,  
Ішің майлы болсын.

Тар пейілдің ішінде тас жатады.

Тауансыз<sup>1</sup> адам — табансыз адам.

Тәкашпарды тақ көтерер,  
Ол да шақ көтерер.

Тәні сұлу — сұлу емес,  
Жаны сұлу — сұлу.

Тентектің таяғы — сегіз,  
Семіздің аяғы — сегіз.

<sup>1</sup> Тауансыз — қайратсыз, қауқарсыз.

Тентек ұялып қоймайды, қорқып қояды.

Тентектің тек жүргені — машақат.

Тентек таяқ жегенді ұят көрмейді,  
Таяқтағанды мұрат көреді.

Тентектен текті де туады, телі де туады.

Тентектің өнері — төбелес.

Тентек болсаң, асады,  
Жуас болсаң, басады,  
Орташа болсаң, бағың тасады.

Тентек — жұртқа тентек.

Тентек туған жерін ұмытар.

Тентек өзін дәу санайды,  
Жантақ өзін бау санайды.

Тентек шоқпар жинайды.

Тентекке — келтек.

Тентектің таяғы — сегіз,  
Бірі тимесе, бірі тиеді.

Тек жүрген тоқ жүреді.

Топ көрмеген — қорғаншақ,  
Топтан озған — қызғаншақ.

Тоны жаманды ит қабар,  
Көңілі жаманды Құдай табар.

Түзу жолда қисық жүрме.

Түсінен қорыққан құдайы береді,  
Ісінен қорыққан қуға ереді.

Түйенің еті — дүмбілез,  
Әркімге біткен бір мінез.



Түсі игіден түңілме.

Тікен гүлін қорғайды,  
Ара балын қорғайды.  
Жаман малын қорғайды,  
Жақсы арын қорғайды.

Ұлық болсаң, кішік бол.

Ұра алмайтын ұл таяқ көтереді.

Ұрыға үйірдің малы күйеді.

Үндеместе пәле бар,  
Екі ұртында шала бар.

Шоқпарды сілтей алмаған өзіне тигізеді.

Шын болат қайыспас.

## ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН

Екі жақсы қосылса, бірін-бірі сыйлайды,  
Екі жаман қосылса, төсекке басы сыймайды.

Жабағы тайдың тері ащы,  
Жаман кісінің тілі ащы.

Жақсы адам — ел ырысы,  
Жақсы жер — жан тынысы.

Жақсы адам жалғыз болмайды.

Жақсы адам қартайса — қазына,  
Жаман адам қартайса — қазымыр.

Жақсы адам тауып сөйлейді,  
Жаман адам қауып сөйлейді.

Жақсы атқа ие көп,  
Жақсы адамға дос көп.

Жақсы жолдас досын сақтар,  
Жақсы басшы елін мақтар.

Жақсы — жаныңа жолдас,  
Жаман — малыңа жолдас.

Жақсы жерге жатсаң, жақсы түс көрерсің,  
Жаман жерге жатсаң, жаман іс көрерсің.

Жақсы жүрген жеріне кент салады,  
Жаман жүрген жеріне өрт салады.

Жақсы қартайса, жазып қойған хаттай,  
Жаман қартайса, бықсып жанған оттай.

Жақсы мақтанса, есебін табар,  
Жаман мақтанса, қатынын сабар.

Жақсы ниет — жарым ырыс.

Жақсы өз басынан көреді,  
Жаман жолдасынан көреді.

Жақсы өзін қосып сөйлейді,  
Жаман босқа бөсіп сөйледі.

Жақсы суы тәтті көлмен тең,  
Жаман желі қатты шөлмен тең.

Жақсы сүрінсе, жаман табашыл болады,  
Жаман сүрінсе, жақсы тәубашыл болады.

Жақсы өз үйінде өзі — төре, өзі — құл.

Жақсыға айтсаң — бітірер,  
Жаманға айтсаң — бүлдірер.

Жақсыға жанас,  
Жаманнан қаш.

Жақсыға мал бітсе,  
Ағайынның жоғына қарасады.  
Жаманға мал бітсе,  
Көрінгенмен итше таласады.

Жақсыға тең жоқ,  
Жаманға ем жоқ.

Жақсыға шаң жуымас,  
Жаманға жан жуымас.

Жақсыда жаттық жоқ.

Жақсыдан кеңес шығады,  
Жаманнан егес шығады.

Жақсыдан жаман туса да,  
Жаманнан жақсы туса да,  
Тартпай қоймас негізге.

Жақсылық ағаш басында,  
Жамандық аяқ астында.

Жақсылық суға батпас,  
Жарыққа бір шығар, жатпас.

Жақсымен жолдас болсаң, жаның қалар,  
Жаманмен жолдас болсаң, жаныңды алар.

Жақсымен сөйлесең,  
Аузынан гүл төгіледі,  
Жаманмен сөйлесең,  
Аузынан жын төгіледі.

Жақсымен сауда қылсаң, түбі — біліс,  
Жаманмен сауда қылсаң, түбі — ұрыс.

Жақсыны сыйласаң, есінен кетпейді,  
Жаманды сыйласаң, есігіңнен кетпейді.

Жақсының айтқан ақылы  
Ауа, шекер, балмен тең.

Жақсының жақсылығы тиер тар жерде,  
Жаманның жамандығы тиер әр жерде.

Жақсының сөзі — кепіл,  
Жаманның өзі — кепіл.

Жақсының сөзі қылдан май тартқандай,  
Жаманның сөзі адыр жын қаққандай.

Жақсының шарапаты, жаманның кесапаты тиер.

Жақсының ісі жаңбыр сияқты,  
Қас та, дос та пайдаланады.

Жақсылық қылсаң, жасыр,  
Жамандық көрсең, асыр.

Жақсылыққа жамандық — арсыздың ісі,  
Жамандыққа жақсылық — ердің ісі.

Жақсылықты басыңа қыл,  
Басыңнан асса, досыңа қыл.

Жақсының артында аты қалады,  
Жаманның артында даты қалады.

Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше,  
Жаманның ашуы басы жерге жеткенше.

Жақсының ісі өлмейді,  
Жаманның ісі өнбейді.

«Жақсымын» деп мақтанба, халық айтпай,  
«Батырмын» деп баптанба, барып қайтпай.

Жақсының жақсылығын айт, көңілі өссін,  
Жаманның жамандығын айт, көңілі өшсін.

Жақсының алдында — ізет,  
Жаманның алдына — күзет.

Жаман адамды жақынға санама,  
Жаман жолды жақынға санама.

Жаман етке келеді,  
Жақсы ниетке келеді.

Жаман жолдас жауға алдырар,  
Жаман би дауға қалдырар.

Жаман кісі кекшіл.

Жаман сайға су түссе,  
Өткел бермес кешуге,  
Жаман адамға мал бітсе,  
Сусын бермес ішуге.

Жаман шынын айтамын деп,  
Сырын айтады.

Жаман ісінен көрмейді, кісіден көреді.

Жаман — өз үйіне қонақ.

Жаман үлесінен құр қалар.

Жаманға жүзінді салма, сағың сынар,  
Өгізді өрге салма, қарың талар.

Жаманға ошақтың үш бұты — үш айлық жол.

Жаманның ақылы қалтасында,  
Ақымақтың ақылы балтасында.

Жаманның ақылы — түстен кейін,  
Жақсының қадірі — істен кейін.

Жаманның өнері — өкпе,  
Орынсыз өкпелер көпке.

Жаманның үсті су болса, кеппестей көрер,  
Жаманға мал бітсе, кетпестей көрер.

Жамандықты көп қуған  
Пәлеге жолығар.  
Жақсылықты көп қуған  
Байлыққа жолығар.

Жапалақ құс мақтанса,  
«Жардан тышқан алдым» дер.  
Жаман адам мақтанса,  
«Жақсының жағасынан алдым» дер.

Шабанға таяқ өтпес,  
Жаманға сөз өтпес.

## АҚЫЛДЫ МЕН АҚЫМАҚ

Ағайынға менменсу  
Ағат емей, немене?!  
Ақылдылар айтқан сөз  
Сағат емей, немене?!

Ағын су арам болмайды,  
Ақылды сараң болмайды.

Адам ақылымен бай,  
Жер дақылымен бай.

Адамның тізгіні — ақыл.

Аз сөйлеп, көп тыңда.

Айла — алтау,  
Ақыл — жетеу.

Айқаймен асырып айтқаннан  
Ақылмен үндемей қалған артық.

Ақыл — Алланың сыйы.

Ақыл арымас, алтын шірімес.

Ақыл ауысады,  
Ырыс жұғысады.

Ақыл — дария,  
Алса да, таусылмайды.  
Жер — қазына,  
Сауса да, таусылмайды.

Ақыл көпке жеткізер,  
Өнер көкке жеткізер.

Ақыл жастан шығады,  
Асыл тастан шығады.

Ақыл жасқа қарамайды, басқа қарайды.

Ақыл — тозбайтын тон,  
Білім — таусылмайтын кен.

Ақыл байлық — азбас байлық,  
Темір байлық — тозбас байлық.

Ақыл — гауһар бағасыз,  
Ақымақ — ауру дауасыз.

Ақылды адам батпан-ақ,  
Ақылсыз адам сасқалақ.

Ақылды адам арын қорғайды,  
Сараң малын қорғайды.

Ақылды адам ашықса,  
Ақылымен тоғаяр.  
Ақылсыз адам ашықса,  
Аз ақылы жоғалар.

Ақылды адам айтқызбай біледі,  
Ақ сұңқар қаққызбай іледі.

Ақылды ойланғанша,  
Ақымақ суға кетеді.

Ақылды ойлағанша,  
Тентек ісін бітіреді.

Ақылды өзінен көреді,  
Ақымақ ағайыннан көреді.

Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді.

Ақылды қасыңнан қорықпа,  
Жарымес досыңнан қорық.

Ақылды елге қарайды,  
Ақылсыз өрге қарайды.

Ақылды мақтанса, іс тындырар,  
Ақымақ мақтанса, аяғын сындырар.

Ақылды қызға ана көп,  
Аяулы жанға пана көп.

Ақылды ойлап-түйгенін айтады,  
Ақымақ шала-пұла білгенін айтады.

Ақылды ісіне сенеді,  
Ақымақ түсіне сенеді.

Ақылды «көңдім» десе,  
Ақымақ «жеңдім» дер.

Ақылды кісі азбайды,  
Асыл бұйым тозбайды.

Ақылдыға айтқан сөз жөнін табар,  
Ақымаққа айтқан сөз далада қалар.

Ақылдыға — ишарат,  
Ақымаққа — таяқ.

Ақылдыға жақындас,  
Ақылсыздан басыңды алып қаш.

Ақылдының соңына ер, жолың болар,  
Тиянақтының ісін көр, көңілің толар.

Ақылсыз адам менмен келер,  
Ақылды адам кеңінен келер.

Ақылы аздың ашуы көп,  
Таяз судың тасуы көп.

Ақылы терең адамның  
Аясы кең келеді.  
Тамыры терең шынардың  
Саясы кең келеді.

Ақылың болса, алдымен арыңды сақта,  
Сонан соң малыңды сақта.

Ақылдасқан азбас,  
Жақындасқан тозбас.



Ақымақ ақылсыздығын мойындамайды.

Ақылы жоқ адамға  
Адырайған көз бітер.  
Дуасы жоқ ауызға  
Сылдыраған сөз бітер.

Ақымаққа ақыл айтсаң,  
«Алдайды» дер.  
Жаман атты суға айдасаң,  
«Жалдайды» дер.

Ақымақтың мал табуға кемісі жоқ,  
Ақылдың мал табуға себі<sup>1</sup> жоқ.

Ақымақпен тойға барғанша,  
Ақылдымен бірге тас тасы.

Ақымақтың ақырына бақ,  
Тентектің мақұлына бап.

Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді,  
Бірысы қайтқанның иті ұры кеткен соң үреді.

Ақымаққа айтқан сөз —  
Айдалаға атқан оқпен тең.

Ақымаққа іс тапсырған —  
Жіптің ұшын жоғалтқанмен бір.

Ақымақпен астаспа,  
Ақылдымен қастаспа.

Ақымақ тойынса,  
Туысын танымайды.  
Ақылды тойынса,  
Тобасынан жаңылмайды.

Ақылсыз алғанына, ақылды бергеніне қуанады.

Аспа — төгілерсің, саспа — сүрінерсің.

<sup>1</sup> Сеп — күш, жәрдем, көмек.

Асығыстық пен ашудан ақыл күңгірт тартар,  
Ашу асыққанда, ақыл басу айтар.

Ашу — алдында, ақыл — соңында.

Ашу — ақылдың дұшпаны,  
Нәпсі — иманның дұшпаны.

Ашу асып жүрген жерде  
Ақыл қашып жүреді.

Ашу келсе, ақыл кетер,  
Ашудан ақыл көп болса, не етер?

Ашу арындайды,  
Ақыл артынан аяңдайды.

Ашу — дұшпан, ақыл — дос,  
Ақылыңа ақыл қос.

Ашу — пышақ,  
Ақыл — таяқ,  
Жонса жұқарар.

Ашу тыю — тау жұту.

Ашулы артынан өкінер.

Әдемілік ақылдыны сынды қылады,  
Ақылсызды жынды қылады.

Әйелдің ақылы көркінде,  
Еркектің көркі ақылында.

Әлсіз адам — сүріншек,  
Ақылсыз адам — еріншек.

Бақыр жинағанша,  
Ақыл жина.  
Бақыр — бейнет,  
Ақыл — зейнет.

Білместікті кешірмесең,  
Білгендігің қайсы?

Біреуді көріп, пікір қыл,  
Біреуді көріп, шүкір қыл.

Бұрын туғаннан ақыл сұра,  
Бұрын қонғаннан қоныс сұра.

Дауды да, жауды да ақыл жеңеді.

Ертеңгі ақыл түске жарамас,  
Түскі ақыл кешке жарамас.

Естіге ел тоқтайды,  
Есерге жын тоқтайды.

Есті кісі елінен кетпес,  
Есті егінші жерінен кетпес.

Итке төсек не керек,  
Естіге өсек не керек?

Жауға барсаң, бәрің бар,  
Дауға барсаң, бірің бар.

Кімнің жерін жерлесең,  
Соның жырын жырларсың.

Көрпеңе қарай көсіл.

Қалпағына қарап, қарсы алсаң,  
Ақылына қарай аттандыр.

Қараңғыда жарық,  
Қиындықта ақыл керек.

Қарғыстың ең жаманы:  
«Өзің білме, білгеннің тілін алма!»

Оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,  
Үлкен білмесе, кісіден сұра.

Өз ақылың ақыл-ақ,  
Кісі ақылы шоқырақ.

Өзіңнен бір көйлек бұрын тоздырғаннан ақыл сұра.

Түбі тесік қазанға  
Қанша құйсаң, толмайды.  
Ақылы жоқ адамға  
Қанша айтсаң да, қонбайды.

Үрген итке үндеме,  
Өзіңді үстем санасаң.

Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға айт.

Шешеннің нақылы ортақ,  
Көсемнің ақылы ортақ.

## ЖОМАРТТЫҚ. САРАҢДЫҚ

«Ақылды» деп айтса болар,  
Айтпай білгенді.  
«Жомарт» деп айтса болар,  
Сұрамай бергенді.

Арамдық пен сараңдық — іліктес.

Берген — жомарт емес,  
Алған — жомарт.

Берместің үйінде  
Бесті қымыз<sup>1</sup> тұрады.

Екі сараңның бір-біріне қолы әзер жетеді.

Жоқ — жомарт, жолаушы — мырза.

Жомарт жоқтығын білдірмейді,  
Жүйрік тоқтығын білдірмейді.

Жомарт жоқты білмес,  
Батыр көпті білмес.

<sup>1</sup> Бесті қымыз — бес күн сақталып, бабына келген қымыз.

Қолы ашықтың — жолы ашық.

Сараң байды қоңыз десе болар,  
Ішпей-жемей боқтық жиған.  
Қайырлы жігітті ер десе болар,  
Жолдасы үшін жанын қиған.

Сараң бай союға қозы таппай,  
Жарлының жалғыз тоқтысын сұрапты.

Сараң да бір — сасық су да бір.

Сараң иттен сорпасын да қызғанады.

Сараңға Сырдың суы да жетпейді.

Сараңда садақа жоқ.

Сараңнан сарқыт жегенше, иттен тартып же.

Сараңның өзі тойса да, көзі тоймас.

Сараңның тамағы орта,  
Жомарттың тамағы — шипа.

Сұрамай бергенді «жомарт» десе болады,  
Айдамай жүргенді «жүйрік» десе болады.

Сараңның асы піскенше, таудың талы піседі.

Шын жомарт жоқтығын елемейді,  
Шын жүйрік тоқтығын елемейді.

## САБЫР. СЫПАЙЫЛЫҚ. ӘДЕП

Әдептілік, ар-ұят —  
Адамдықтың белгісі.  
Тұрпайы мінез, тағы жат —  
Надандықтың белгісі.

Әдеп басы — аузын бағу,  
Байлық басы — қойын бағу.

Әдептен аттаған қылға сүрінер.

Әуелі көпке сал,  
Ұнамаса, қайтып ал.

Әдепті әдепсізден үйрен,  
Жақсыға үйрен, жаманнан жирен.

Бет көрсе, жүз ұялады.

Біреу жәбір етсе,  
Сен сабыр ет.

Жұпыны – жұғымды,  
Сыпайы – сүйкімді.

Сабыр еткен – мұратына жеткен.

Сабыр қылсаң елден бетер,  
Жақсылық ұзамай жетер.

Сабыр – күн түсірмейтін сая,  
Асығыс – аунатып кететін мая.

Сабыр түбі – сары алтын.  
Сарғайған жетер мұратқа,  
Сабырсыз қалар ұятқа.

Сабырлы шыдар,  
Сабырсыз жанар.

Сабырлының бағына алма бітер,  
Сабырсыздың бағына қауға бітер.

Су да төмен қарай ағады,  
Кішіпейіл кісіге жағады.

Сыйласарға жат жақсы,  
Жыласарға өз жақсы.

«Сіз» деген – әдеп,  
«Біз» деген – көмек.

«Сіз» деген — сыпайылық,  
«Сен» деген — анайылық.

Сыпайы тоңбас, қалтырар.

Сыпайы сырын жасырмайды,  
Пұшық мұрнын жасырмайды.

Сыпайыны үйде көрме, түзде көр.

Сыпайының алдында сүйек жатсын.

Сыпайының күлгені — тісін көрсеткені.

Сыпайының қарағаны — сұрағаны.

Сыпайының сырын біл де қой.

## АР-ҰЯТ. НАМЫС. АБЫРОЙ

Абырой — ар еңбегі.

Абыройды — түзден, несібені — үйден бер.

Адалдық — ардың ісі.

Ары таза жігіттің — жаны таза.

Арлы адам — ардақты,  
Ар — ардақтың анасы.

Арлы адамның белгісі — шындыққа жығылады,  
Арсыз адамның белгісі — құр күлкіге ұрынады.

Арлы арына қараса,  
Арсыз «жеңдім» дейді.

Арсыз «жеңдім» дейді,  
Арлы «көндім» дейді.

Арсыз болса, қыз жаман,  
Ақылсыз болса, ұл жаман.

Арсызға алты күн — мейрам.

Арын сатқан ер оңбас,  
Ажарын сатқан сері оңбас.

Аталы сөзді арсыз қайырады.

Әрлі болғанша, арлы бол.

Бар барын жейді,  
Ұятсыз арын жейді.

Ел намысын қуғанның еңсесі биік.

Ер намысқа шабады,  
Намысқа шапса, алысқа шабады.

Ер — намысының құлы.

Ер намысы — ел намысы.

Ерді намыс өлтіреді,  
Қоянды қамыс өлтіреді.

Жақсы — арына құл,  
Жаман — малына құл.

Жаманның жаны қымбат,  
Жақсының ары қымбат.

Жігітке жар қымбат,  
Намыс пен ар қымбат.

Мал сақтама, ар сақта.

Мал үшін таласпа,  
Ар үшін талас.

Намысы бар жігіттің  
Нар күші бар.  
Намысы жоқ жігіттің  
Қай күші бар?



Өз ұятын білген кісі  
Бір кісіге төрелік береді.

Өлімнен ұят күшті.

Сусыз жерде қамыс жоқ,  
Азған елде намыс жоқ.

Ұят кімде болса, иман сонда.

Ұят — иман белгісі.

Ұяттыда иман бар.

Ұят — иманның қабы.

Ұялған тек тұрмайды.

Ұялшақ сыбағасынан құр қалар.

Ұялмаған бұйырмағаннан жейді.

Ұялмаған ұялтады.

Ұятсыз қатын — тұзсыз ас,  
Әдепсіз жігіт — жүгенсіз ат.

Ұқыпты етегін жабады,  
Ұқыпсыз ұятын табады.

Шөлдің қамысы болмайды,  
Жаманның намысы болмайды.

## ШЫНДЫҚ. ӨТІРІК. УӘДЕ

Айтсаң, сөзінде тұр.

Айтсаң, уәдеңе жет,  
Уәдесіз — Құдайға шет.

Аталы сөзге арсыз жауап қайырар.  
Ақ пен қараны шындық айырар.

Жақынға өтірік айтпа,  
Бетің ертең қызарар.  
Алысқа өтірік айтпа,  
Құда болса да, қыз алар.

Жалған сөз рас сөзді жоқ қылады.

Жақсы өтіріктен  
Жаман шындық артық.

Өтірік айтқан жерде көп тұрма.

Өтірік – екеу,  
Шындық – төртеу.

Көзбен көрген – шын, құлақпен естіген – өтірік.

Мақал – сөздің атасы,  
Уәде – ердің опасы.

Өтірік пен шындықтың арасы – төрт-ақ елі.

Өтірік – қаңбақ, шындық – салмақ.

Өтірік сөз жанға қас,  
Өткір пышақ қанға қас.

Өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам.

Өтірікке үйірдің жаны күйеді.

Өтірік шықпай қоймайды,  
Күшті жықпай қоймайды.

Өтірікші алдымен өзін алдар.

Өтірікші айғақ қойып сөйлейді.

Өтірікшінің астында құр аты бар.

Өтірікші аптығып сөйлейді.

Өтірікшінің үйі күйсін.

Өсекшінің тілі қышып тұрады.

Өсиет алған өлмес,  
Өтірік сөз өрге баспас.

Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді.

Өгіз мүйізінен тұтылар,  
Адам сөзінен тұтылар.

Өтірікшінің куәсі қасында жүреді.

Өтіріктің құйрығы бір тұтам.

Рас айтып, зиян шек,  
Ақырында пайда табарсың.  
Өтірік айтып, пайда тап,  
Ақырында зиян шегерсің.

Уәде беруден бұрын орындалуын ойла.

Уәде — Құдай сөзі.

Ылдидың да өрі бар,  
Өтіріктің де жөні бар.

Ісің ақ болса, Құдайың жақ болар.

Шындық — сегіз,  
Бақыт — егіз.

## ЕГІНШІЛІК. БАҒБАНДЫҚ. КӘСІП. ШЕБЕРЛІК

Ағаш та ылғалды жерде көгереді.

Алабұтаға ат бекітпе.

Атасы жер жырта білмегеннің,  
Баласы тұқым себе білмес.

Ала еккен аз алады.

Астығы бар аш болмас.

Алтынды ала білген — бөле де біледі.

Алтынды еріте білмеген ірітер,  
Теріні илей білмеген шірітер.

Алтын жерде жатпайды,  
Жаман ұста суын таппайды.

Әлім келсе,  
Арыс суын байлар ем.

Әуелі Тәңірі жерге береді,  
Жерге берсе, елге береді.  
Елге берсе, ерге береді.

Балық аулай алмаған суды лайлар.

Балық байлығы —  
Етек-жеңің кепкенше.

Балықшы суда жүрсе де, сусап жүреді.

Балықшының аты суға жарымайды.

Балықшының үйіне барсаң, қарма<sup>1</sup> жерсің,  
Егіншінің үйіне барсаң, жарма жерсің.

Батыр түсінде жау көреді,  
Балықшы түсінде ау көреді.

Бидай тоңға тимей,  
Аузың нанға тимейді.

Бір жыл жеміс ексең,  
Жүз жыл мәуесін жейсің.

Бір кісі қазған арықтан мың кісі су ішеді.

Гүлсіз жапырақ тұл,  
Көксіз топырақ тұл.

<sup>1</sup> Қарма / қарыма — нан қосып пісірілген балық.

Дарияның жанынан құдық қазба.

Дарақ бір жерде көгереді.

Диқаншылық түбі — кеңіс,  
Саудагершілік түбі — борыш.

Диқан болсаң,  
Қос өзегің тең болсын.  
Шаруа болсаң,  
Қос етегің кең болсын.

Диқаншылықтың бірі — бес,  
Ұқыптылық оған ес.

Диқан жауында тынады,  
Балықшы дауылда тынады.

Диқан бір иіннен.

Еділ — ел болып келгенге су,  
Едірейіп келгенге у.

Есігі жаманның төріне отырма,  
Кәсібі жаманның қасына қонба.

Еділ басынан лайланады,  
Сағасынан тұнады.

Егін өнбесе, қайғы бір жылдық,  
Балаң оңбаса, қайғы ғұмырлық.

Егін піспей тұрып, қап сайла.

Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас.

Ексең — орарсың, берсең — аларсың.

Егінің мақта болса, киімің бүтін болғаны.  
Киімің бүтін болса, өз басыңда күтім болғаны.

Егіннің түбі — ырыс,  
Сауданың түбі — борыш.

Егін ексең, тыңға ек,  
Одан өнер өнім көп.

Егініне қарай қырманы,  
Күтіміне қарай түсімі.

Егіні бітіктің қырманына Қыдыр қонады.

Егіннің жайын еккен білер,  
Арбаның жайын жеккен білер.

Егіндікті күз суар,  
Күз суарсаң, жүз суар.

Егін ырыс таңдамайды,  
Еңбек таңдайды.

Егінді дөңге сал,  
Дөңге салсаң, көңге сал.

Егінші — мәрт, жер — жомарт.

Егістік жеріңді күз айда,  
Жазға қалса, жүз айда.

Егін күткенді Күн сүйер,  
Ерік күткенді ел сүйер,  
Кері кеткенді кім сүйер?

Ексең егін,  
Ішерсің тегін.

Емен де өскен жеріне жапырақ жаяр.

Еріншек егіншіден  
Ерінбеген науқаншы озыпты.

Епті етегін жабады,  
Епсіз мүрдем қабады.

Етікшіден құлаш қаш,  
Бізі тиер көзіңе,  
Сөзі тиер өзіңе.

Жер құтты болса,  
Мал сүтті болады.

Жер тоймай, ел тоймайды.

Жер бауыры – жазық.

Жер – ырыстың кіндігі,  
Білім – ырыстың тізгіні.

Жер құрсағы қысырамас.

Жердің сәні – егін,  
Ердің сәні – білім.

Жеріне қарай астығы.

Жеріне қарай егін ек,  
Жолына қарай жегін жек.

Жер көңді сүйеді,  
Ат жемді сүйеді.

Жеріңе жақсылық қылғаның –  
«Тасыды, – дей бер, – қырманым».

Жаман етікші біз таңдайды.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Жібекті ұстай алмаған жүн етер,  
Жігітті күте алмаған құл етер.

Зердің қадірін зергер біледі,  
Зэнталақ<sup>1</sup> қайдан білсін?

Көктемнің бір күні – жылға азық.

Күгімі жаман ағаштың бітімі жаман.

Күріш арқасында  
Күрмек<sup>2</sup> су ішеді.

<sup>1</sup> Зэнталақ – арамза, қараниет.

<sup>2</sup> Күрмек – күріш арасында өсетін арамшөп.

Күріш азса, күрмек болар.

Кәсіпсіз нәсіп жоқ.

Көп көрген — нұсқа,

Көп істеген — ұста.

Келісті кеңес ерде бар,  
Қымбат қазына жерде бар.

Қыс азығын жаз жина.

Қырман басы — береке,  
Көп жүрген жер — мереке.

Қалауын тапса, қар жанар.  
Қалауын таппаса, май жанбас.

Оймақ пішсең де, ойлап піш.

Орақшы орақ таңдамайды,  
Батыр жарақ таңдамайды.

Орақшының жаманы орақ таңдайды.

Оқпанды жерге егін салма,  
Жанжалды елге жақын қонба.

Орайы келсе, орақ ор,  
Кезі келсе, кетпен шап.

Пейіліңді кеңге сал,  
Қырманыңды дөңге сал.

Сабағы жаман жемістің дәні де жаман.

Сағадағы су ішеді, аяқтағы у ішеді.

Су тасыса — кемеріне,  
Ер тасыса — еліне.

Су басса, жер азады,  
Қайғы басса, ер азады.



Су жүрген жер – шүлен<sup>1</sup>.

Темірді қызған кезде соқ.

Терлей-терлей тоған байласаң,  
Қызара бөртип су ішерсің.

Тозған елді тоған жияды.

Теміршінің қолында темір еріп, су болар.

Темірші көміршіге үйір.

Ұстамен дос болсаң, ісің бігер,  
Молдамен дос болсаң, басың кетер.

Ұста бар жерде қолың тый.

Ұста пышаққа жарымас,  
Етікші етікке жарымас.

Ұста, ұстадан нұсқа.

Шеберден іс қалмайды.

Шымшық сойса да,  
Қасап сойсын.

Ісмердің байлығы қолында,  
Ердің байлығы жолында.

## ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ. ЖАЛҚАУЛЫҚ. ОЛАҚТЫҚ

Ағашты жапырағына қарап,  
Адамды ісіне қарап таниды.

Ағаш кессең, ұзын кес,  
Шаба келе қысқарар.  
Темір кессең, қысқа кес,  
Соға келе ұзарар.

<sup>1</sup> Шүлен – мырза, дарқан, жомарт.

Адал еңбек — адамның бағы.

Азығымен жер мүсінді,  
Еңбегімен ер мүсінді.

Адамды еңбек көркейтеді,  
Ағашты миуасы көркейтеді.

Адал еңбек аздырмас,  
Арамдық бойды жаздырмас.

Адал еңбек, алғыр ой —  
Анық досың, біліп қой.

Адал еңбек елге жеткізер,  
Арам құлық елден кеткізер.

Ақысын берсе, боқысын шығарар<sup>1</sup>.

«Ала келмен» іс бітпес.

Алтын отта сыналар,  
Адам еңбекте сыналар.

Алыстан арбалағанша,  
Жақыннан дорбала.

Арба иесі күшшектер,  
Киіз иесі білектер.

Арыңды сатып ішпе,  
Маңдай теріңді сатып іш.

Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар.  
Бәрінен қой бағып,  
Көтен жеген озар.

Аты шықпаған адамнан аты бар төбе артық.

Аузың айтқанды қолмен істе.

<sup>1</sup> Боқысын шығарды — апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.

Ащы еңбектен — тәтті нан.

Байлықтың атасы — еңбек, анасы — жер.

Бақыт кілті — еңбек.

Белі ауырмағанның нан жесін қара.

Бекершінің өнері — өсек.

Бейнет түбі — рақат.

Бейнет қыл да, міндет қыл.

Бейнетсіз рақат жоқ.

Бейнетің қатты болса,  
Татқаның тәтті болар.

Берекесіздің ауылы — мерекесіз.

Бекерден Тәңірім безер.

Бидайдың нанын жеген  
Еккенге рақмет айтады.

Білек болмай тілек болмас.

Біткен істің міні жоқ,  
Бітірген ердің кемі жоқ.

Білек түр де, еңбек ет,  
Етек түр де, елге жет.

Бір еңбек еткен екі етеді,  
Екі еткенін әдет етеді.

Еңбексіз біткен мал дәулет болмас.

Еңбексізге аспан асты тар келер.

Еңбек ерлікке жеткізер,  
Ерлік елдікке жеткізер.

Еңбек асырар, жалқаулық берекені қашырар.

Еңбекке бейім болсаң,  
Елден кейін қалмайсың.

Еңбегіңмен нан тап та,  
Адал жүріп, жан сақта.

Еңбексіз үміт жеміссіз ағашпен тең.

Еңбексіз отыру – шалдың ісі,  
Еңбексіз жеу – салдың ісі.

Еңбегі қаттының – наны тәтті.

Еңбекшінің беті – жарық,  
Жалқаудың беті – көн шарық.

Еңбегі аздың – өнбегі аз.

Еңбек – адамның екінші анасы.

Еңбек етсең, емерсің.

Еңбек – ер азығы.  
Жауын – жер азығы.

Еңбек ер атандырады.

Еңбегі ештің күні кеш.

Еңбек еткеннің мұқтажы табылар.  
Еріншек барлығынан қағылар.

Еңбек етпесең, елге өкпелеме,  
Егін екпесең, жерге өкпелеме.

Еңбек те ептілікті тілейді,  
Ерлік те ептілікті тілейді.

Еңбекпен ер өседі,  
Егізбен төл өседі.

Еңбек қылмай ер оңбас,  
Бірлік қылмай ел оңбас.

Еңбек мұратқа жеткізер,  
Жалқаулық абыройды кеткізер.

Еңбек патшалықты асырайды.

Еңбек өмірді ажарлайды.

Еңбек ширатады,  
Өмір үйретеді.

Еңбекшінің наны тәтті,  
Жалқаудың жаны тәтті.

Еңбектің көзін тапқан —  
Байлықтың өзін табады.

Еңбек түбі — береке,  
Көптің түбі — мереке.

Еңбегіне қарай өнбегі.

Еңбектен қашқан  
Дөңбекке жолығады.

Еңбексіз елге сыймас.

Еңбекшінің мұртын балта шаппас.

Еңбексіз өмір — сөнген көмір.

Еңбек — бейнет емес, зейнет.

Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді.

Ердің атын еңбек шығарар.

Ер дәулеті — еңбек.

Ермек қуған пәлеге жолығады,  
Еңбек қуған қазынаға жолығады.

Ерте жат та, ерте тұр,  
Бір піспекті артық ұр.

Ерте тұрған өкінбес.

Ерінбеген емер,  
Жалықпаған жеңер.

Ерінбеген етікші болар,  
Ұялмаған өлеңші болар.

Ерінбеген елге жетеді.

Ерінбей еңбек қыл,  
Жалықпай өнер біл.

Ерінген екі істейді.

Ерінбегеннің еңбегі өнімді.

Еріншек адам – еміншек.

Ертеңге қаратқан мың істен  
Бүгін бітірген бір ас артық.

Еріншектің ерні жібімес.

Еріншек пейіштің<sup>1</sup> есігін ашуға да ерінер.

Еріншекке «Есік жап», – десең,  
«Жел жабады», – дей салар.

Еріншекке бүгіннен ертең оңай.

Еріншекке шегіншек тап болар.

Еріншектің «ертеңі» таусылмайды.

Ерінбеген етікші болады.

Жер – ырыстың кіндігі,  
Еңбек – ырыстың қазығы.

<sup>1</sup> Пейіш – ұрмақ, жаннат.

Жабайы шөп егінді аздырар,  
Еріншектік ерді аздырар.

Жалқау қойшының атын әйелі жүгендейді,  
Малын қасқыр түгендейді.

Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер,  
Жаманға дәулет үшін күлкі берер.

Жалқауға сөз айтсаң, адам таппас сөз айтады.

Жалқауды жұмысқа жұмсасаң,  
Сылтаудың астында қаласың.

Жалқаудың жанына барсаң, жаның түршігеді.

Жүйесін тауып, жұмыс қыл,  
Жерін тауып, тыныс қыл.

Жұмыстың көзін тап,  
Қисықтың тезін тап.

Жортқан озар.

Жатқанға жан жуымас.

Жалқау адам жарымайды,  
Жатбауыр танымайды.

Жалқау тек жатар,  
Жатқанның ырысы қайтар.

Жалқауға күнде мейрам.

Жалқаулық аздырады,  
Еңбек оздырады.

Жалғанға жалқау нанады,  
Иә, болмаса аңқау нанады.

Жақсы жұмыс — жанға тыныш.

Жалықпаған жауды жеңеді.

Жаман жылқы шегіншек келер,  
Кедей болатын жігіт еріншек келер.

Жаманға жан жуымас,  
Жалқауға мал жуымас.

Жан аяған жау жеңе алмас,  
Еріншек егін еге алмас.

Жан қиналмай, жұмыс бітпес,  
Талап қылмай, мұратқа жетпес.

Жатқа жалынғанша,  
Жат та, жаныңды қарман.

Жылай-жылай арық қазсаң,  
Күле-күле су ішерсің.

Жігіттің ерінгені — құрдымның көрінгені.

Жігіттің күшін сұрама,  
Бітірген ісін сұра.

Жұмысы жоқ ит ойнатар.

Жұмыс қолға жұқпайды.

Жұмыстың арлығы жоқ.

Иіліп тұрғаны үшін емес,  
Іс тындырғаны үшін бағала.

Көзін тауып, жұмыс қыл,  
Ебін тауып, тыныс қыл.

Күн көзінде еңбек еткен  
Көлеңкеде көсілер.

Күлше<sup>1</sup> жеймін десең,  
От жағуға ерінбе.

Кен тамыры табылмас,  
Еңбек етіп қазбаса.

<sup>1</sup> Күлше — қоламтаға көміп пісіретін дөңгелекше нан.



Кәсібі бардың — нәсібі бар.

Кісіден тілегеннің  
Екі көзі шығады.  
Еңбегіне сенгеннің  
Екі бүйірі шығады.

Киіз кімдікі болса, білек сонікі.

Күшіңе сенбе, ісіңе сен.

Көл жағалаған аштан өлмес.

Қимылдаған қыр асады.

Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр.

Қызмет ет те, міндет ет,  
Қызмет — ердің ақысы.

Құдықтан су ішкен  
Қазғанға рақмет айтады.

Құр аяққа бата жүрмес.

Еңбек етсең, емерсің.

Қолы қимылдағанның аузы қимылдар.

Не ексең, соны орасың.

Нас басқанды ұйқы басады.

Олақ әйелдің де арманы бар.

Олақ қатын оймақшыл,  
Салақ қатын сауықшыл.

Олақ қатын ұл туса,  
Иә, шүмегі жоқ,  
Иә, түбегі жоқ.

Олақтан салақ жаман.

Орашолақтың қолы шолақ.

Олақтың сөзі орынсыз жамау тәрізді.

Отырған омалар,  
Жүрген озар.

Өзен жағалағанның өзегі талмас.

Өмірдің сәні — еңбек.

Талабыңа еңбегің сай болсын.

Тек жүргенше, тегін істе.

Тоқсан тоғыз сұлулықтың бірі — еңбек.

Тоғышарға от басы — айшылық жер.

Тірліктің екі тірегі бар:  
Бірі — жан, бірі — еңбек.

Ұйқы тынықтырады,  
Еңбек шынықтырады.

Хайуанды тырнағы мен тісі танытар,  
Адамды ісі танытар.

Ісі жоқтың — асы жоқ.

Істеу қиын, сынау оңай.

Істемеген тістемес.

## ЫНТЫМАҚ. ТАТУЛЫҚ. ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Алтау ала болса,  
Ауыздағы кетеді.  
Төртеу түгел болса,  
Төбедегі келеді.

Айырылған азады,  
Қосылған озады.

Ауылы бірдің —  
Ауызы бір.

Ауылың ала болса,  
Атойнақтың астыңда қаласың.

Байлық — байлық емес,  
Бірлік — байлық.

Береке көзі — бірлікте.

Берекені көктен тілеме,  
Бірлігі мол көптен тіле.

Бес саусақтың бірін тістесең, бәрі ауырады.

Бетегесіз<sup>1</sup> бел болмас,  
Берекесіз ел болмас.

Бөлінгенді бөрі жейді,  
Жарылғанды жау жейді.

Бірлік болмай,  
Тірлік болмас.

Бірлік жоқ болса — ұйым жоқ,  
Ұйым жоқ болса — күйің жоқ.

Бірлігі бар елдің  
Белін ешкім сындырмас.

Біріккен жүз  
Бытыраңқы мыңды алады.

Екінің бірі өлсе, бірі қалады,  
Жалғыздың бірі өлсе, кімі қалады?

Жалғыз ағаш орман болмас,  
Жалғыз кірпіш қорған болмас.

Жалғыз ағаш үй болмас,  
Жалғыз жігіт би болмас.

<sup>1</sup> Бетеге — малға жұғымды ақ селеу, ырбық, аласа шөп.

Жалғыз батыр жауға жоқ,  
Жалғыз шешен дауға жоқ.

Жалғыз жаңқа жанбайды,  
Жалғыздың ісі оңбайды.

Жалғыз жігіт жарымас.

Жалғыз жігіт басына іс түссе,  
Ақылынан адасады.  
Сасқанынан қырық құмалақ алып,  
Бал ашады.

Жалғыз иттің үргені білінбейді,  
Жалғыз кісінің жүргені білінбейді.

Жалғыз үйдің тамағы жетсе де,  
Табағы жетпес.

Жалғыздың жары — Құдай.

Жалғызға жұмақ та жараспайды.

Жалғыз — кісі емес,  
Жапалақ — құс емес.

Жалғыз жүріп жол тапқанша,  
Көшпен бірге адас.

Жалғыз тері тон болмас,  
Жалғыздың сөзі оң болмас.

Жалғыздың таңы атпас,  
Жалғыз үйдің иті жатпас.

Жалғыздың биесі жоғалса, табылмайды,  
Көптің инесі жоғалса, табылады.

Жалғыздың ісі бітпес,  
Созса, қолы жетпес.

Жас құрақ — жердің көркі,  
Бінтымақ — елдің көркі.

Жаяудың жүрісі өнбейді,  
Жалғыздың бір ісі өнбейді.

Жаяудың шаңы шықпас,  
Жалғыздың үні шықпас.

Игілік басы — ынтымақ,  
Ынтымақты елде күншуақ.

Ит пен ит ырылдасса —  
Тамағының тоқтығы.  
Жігіт пен жігіт қырындасса —  
Ынтымағының жоқтығы.

Кеңесіп пішкен тон келте болмас.

Қатты жерге қақ тұрар,  
Ынтымақты елде бақ тұрар.

Саяқ жүрсең, таяқ жейсің.

Саусақ бірікпей,  
Ине ілікпейді.

Тату елдің тамағы таусылмайды.

Татулықта табыс мол.

Тозған қазды  
Топтанған қарға алады.

Төртеуі түгел төрге шығар.

Тірлік басқа болса да, тілек бір,  
Бармақ басқа болса да, білек бір.

Ұрыс ырысты қашырар,  
Ынтымақ белге асырар.

Ұрыстың арты — реніш,  
Татулықтың арты — кеніш.

Ықылас пен ынтымақ —  
Бітер іске болсын тап.

Ынтымақ елді оздырар,  
Күншілдік елді тоздырар.

Ынтымақ жүрген жерде  
Ырыс бірге жүреді.

Ынтымақ істі бітірер.

Ынтымақ — елдің ырысы.

Ынтымақ — оқ өтпес сауыт,  
Татулық — тамаша сауық.

Ынтымақ түбі — игілік.

Ынтымақ — ырыс қазығы,  
Уәде — жанның азығы.

Ынтымақ бұзбақ — жаманның ісі,  
Қатарды бұзбақ — шабанның ісі.

Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда.

Ынтымақ — бұзылмайтын қорған,  
Қосылып еккен ағаш — орман.

Ынтымақ кетсе, дау көбейер,  
Тазалық кетсе, ауру көбейер.

Ынтымақсыз елді  
Ұрысы билейді.  
Ынтымақты елді  
Дұрысы билейді.

Ынтымақты елге ешкім жетпес,  
Ынтымақ кетсе, өкініші бітпес.

Ынтымақтың иығы биік.

Ырыс алды — ынтымақ.

## СӨЗ ӨНЕРІ. ШЕШЕНДІК

Абайлап сөйле сөзіңді, қабырғаның да құлағы бар.

Ауыр істің салмағы білекке түсер,  
Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер.

Адам сөзге, мал жемге тоқтар.

Адам өлсе, сөзі қалар,  
Ат өлсе, ізі қалар.

Айтылған сөз — атылған оқ.

Айтар нақылы жоқтың  
Табар ақылы жоқ.

Адам бір сөйлескенде — жылан,  
Екінші сөйлескенде — құлан,  
Үшінші сөйлескенде — адам.

Адам көңілінен азады,  
Тілінен жазады.

Адам сөйлескенше,  
Жылқы кісінескенше.

Аз сөз — алтын,  
Көп сөз — көмір.

Айтпаса — білмейді,  
Ашпаса — көрмейді.

Айтпас жерде аузыңды тый,  
Қышынбас жерде қолыңды тый.

Айта берсең сөздерді,  
Былшық басар көздерді.

Ақпақұлаққа сөз айтсаң, ағып кетеді,  
Құймақұлақ сөз айтсаң, құйып алады.

Ашпаса, кім көрер,  
Айтпаса, кім білер?

Аузы тынбағанның аяғы тынбас.

Анығын айту — адалдық,  
Ала сөйлеу — арамдық.

Аталар сөзі — ақылдың көзі.

Аталы сөзге арсыз тоқтамас.

Ақыл сөзді санаңа сақта,  
Асыл сөзді балаңа сақта.

Ақылды сөз қысқа келер,  
Нақылды сөз нұсқа келер.

Артық кеткен сөз ащы,  
Артық алған тұз ащы.

Алашағым кетсе де,  
Айтпағым кетпесін.

Алғыға қарап, пікір ет,  
Артқыға қарап, шүкір ет.

Алмас қылыш — майданда серік,  
Асыл сөз — майданда да, сайранда да серік.

Алтын тісті ауыздан аса жаман сөз шығар.

Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер.

Аталы сөзді арсыз қайырады.

Аты жүйрік айырады,  
Тілі жүйрік қайырады.

Ауыз — дарбаза<sup>1</sup>, сөз — самал,  
Антұрғанға не амал?

Аузы құлып саңдықты  
Тіс ашпаса, тіл ашар.

<sup>1</sup> Дарбаза — ауланың, қораның үлкен қақпасы.



Ауызға келген түкірік —  
Қайтып жұтса, мәкүрік<sup>1</sup>.

Ауыз баққан,  
Ауылдасқа жаққан.

Ауызға келген сөз арзан,  
Ауылға келген бөз арзан.

Аузына келгенін сөйлеу — ақымақтың ісі,  
Алдына келгенін жеу — айуанның ісі.

Ашынған тілді болар,  
Ашыққан ұры болар.

Аузы жаман елді былғар,  
Аяғы жаман көлді былғар.

Әңгіме бұзау емізер,  
Бұзау таяқ жегізер.

Әншейінде ауыз жаппас,  
Той дегенде өлең таппас.

Басқа пәле — тілден.

Бай аузында семіз сөз.

Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық,  
Бәйге алмаған жүйріктен белі жуан бесті артық.

«Бал, бал» дегенмен ауыздың дәмі кірмейді.

Бал тамған тілден у да тамар.

Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер.  
Байқамай көп сөйлесең, көрсетер бір «өнер».

Бас кеспек болса да,  
Тіл кеспек жоқ.

Батыр мың қол бастайды,  
Шешен тар жерде сөз бастайды.

<sup>1</sup> Мәкүрік — зиянды, арам зат.

Батырдың сөзі мың теңгелік.

Ботаның көркі — көзі,  
Адамның көркі — сөзі.

«Білемін» деген — көп сөз,  
«Білмеймін» деген — бір сөз.

Бір сөз — бір сөздің қуғыншысы.

Бір елі ауызға екі елі қақпақ.

Бір теңге беріп жырлатып,  
Мың теңге беріп қойдыра алмассың.

Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын,  
Бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын.

Біреу ойнап сөз сұраса,  
Шындап жауап бер.

Біреудің өзі жақсы,  
Біреудің сөзі жақсы.

Бұрынғыны айтпай,  
Соңғы есіңе түспейді.

Бұрынғының айтқаны бұрыс кетпес.

Бұралқы сөз күлуге жақсы.

Дауды шешен бітірмейді, шебер бітіреді.

Екі адам естісе,  
Жеті ғаламға жетер.

Екі кісі сөз айтса,  
Біреуін де естімессің.

Екіленіп сөйлеп, ер атанбайсың.

Еппен сөйлегеннің ерні ауырмайды.

Ердің көркі — сақал,  
Сөздің көркі — мақал.

Ердің екі езуі — қазына.

Ердің өзіне қарама, сөзіне қара.

Есіткен — өтірік, көрген — шын.

Жақсы сөз — жарым ырыс.

Жақсы сөз сүйіндіреді,  
Жаман сөз күйіндіреді.

Жас кезінде алған білім  
Тасқа басқан таңбадай.

Жауызға айтқан жақсы сөз  
Суға жазған сертпен тең.

Жүз сөзден бір іс артық.

Жақсы лебіз — жарым ырыс.

«Жақсы атады» деп тасыма,  
«Жаман атады» деп жасыма.

Жақсы байқап сөйлер,  
Жаман шайқап сөйлер.

Жақсы сөз — жарым ырыс.

Жақсы сөз жан сүйіндірер,  
Жаман сөз жан күйіндірер.

Жақсы сөзге жан семірер.

Жақсы өтіріктен  
Жаман шындық артық.

Жақсының сөзі ақыл шақырады,  
Жаманның сөзі ашу шақырады.

Жақсының сөзі диірменнен шыққандай.

Жақсының сөзі —  
Шамдай жарық,  
Айдай анық.

Жақсының өзі де жақсы,  
Сөзі де жақсы.

Жақсылардың үлгісі  
Жанып тұрған шамдай.  
Шешендердің сөздері  
Ағып тұрған балдай.

Жақсыға — ишарат, жаманға — келтек.

Жаңылмас жақ болмас,  
Сүрінбес тұяқ болмас.

Жаман айтпай, жақсы жоқ.

Жаман сөз жатпайды.

Жаманның өзін алғанша,  
Жақсының сөзін ал.

Жаманға шөп батады,  
Жақсыға сөз батады.

Жауабыңды сайлап жүр,  
Жолдасыңның не сұрап, не айтарын білсеңіз.

«Жоқ» десең, жоғаларсың,  
«Бар» десең, оңаларсың.

Жүйелі қарғыс жүйесін табады,  
Жүйесіз қарғыс иесін табады.

Жыламасқа жылаған есіл көзім,  
Тыңдамасқа айтқан есіл сөзім.

Жылап айтқан шынға нанбас,  
Күліп айтқан өтірікке нанады.

Жылы-жылы сөйлесең,  
Жылан інінен шығар.  
Қатты-қатты сөйлесең,  
Мұсылман діннен шығар.

Жылы киім тәнді жылытар,  
Жылы сөз жанды жылытар.

Жыртық үйді жел табар,  
Өтірік сөзді ел табар.

Жүйрік атқа жал бітпес,  
Тақтаққа мал бітпес.

Жүзден біреу – шешен,  
Мыңнан біреу – көсем.

Жұтаған жұртын мақтайды,  
Кейде мақтау сөз даттағаннан да жаман.

Зекетсіздің<sup>1</sup> малы арам,  
Жетесіздің дауы арам.

Ине көзінен сынады,  
Шешен сөзінен сынады.

Кәрінің сөзін қапқа сал,  
Өлгенше ырзығың таусылмайды.

Көп сөз – боқ сөз.

Кекесін сөздің кеселі біреуді қабады,  
Кейде өзіңді қабады.

Кесірлі ауыздан  
Кесапатты сөз шығады.

Кісі қызыл тілден өледі,  
Түлкі қызыл жүннен өледі.

Көз жетпеген жерге сөз жетеді.

<sup>1</sup> Зекетсіз – зекет бермеген адам; зекет – шариғат бойынша жоқ-жітік, кемтар, кедей адамдарға берілетін садақа.

Көз жеткізер,  
Көз жеткізбегенді сөз жеткізер.

Көңілдің кірі айтса кетеді,  
Көйлектің кірі жуса кетеді.

Көп айтқан ауыздың дәмі кетеді,  
Көп қаққан киімнің шаңы кетеді.

Көп ішінде сөйлеген — көсемдіктің белгісі,  
Көпке сөзі ұнаған — шешендіктің белгісі.

Көп қыдырған кезбе болар,  
Көп сөйлеген езбе болар.

Көп тыңда, аз сөйле.

Көп сөйлеген көптен айырылар.

Көп сөйлеген, иә, жолдасынан айырылады,  
Иә, құрдасынан айырылады.

Көңіл көзін сөз ашар.

Көре-көре көсем боласың,  
Сөйлей-сөйлей шешен боласың.

Көш мәнісін білмеген  
Көшсе, көлік өлтірер.  
Сөз мәнісін білмеген  
Сөзді өзіне келтірер.

Күнде бір сөз естімесең, құлағың қалқандай болады.

Қарағанмен көз тоймас,  
Естігенмен құлақ тоймас.

Қол бастағаннан тар жерде сөз бастаған қиын.

Қалауын тапсаң, қар жанар.

Қылышынан қан тамған батырды  
Тілінен бал тамған ақын алады.

Қызыл тіл — жанның мияты,  
Абырой — ердің қуаты.

Қысыр сөзде қырсық көп.

Қол жүйрігі асқа,  
Тіл жүйрігі басқа.

Қотыр қолдан жұғады,  
Пәле тілден жұғады.

Құймақұлаққа айтқан сөз  
Құлағының астында.  
Ақпақұлаққа айтқан сөз  
Құба қырдың астында.

Құлақ естігенді көз көреді.

Құлақтан кірген суық сөз  
Көңіліңе барып, мұз болар.

Құрғақ сөз бас ауыртар,  
Құрғақ қасық ауыз жыртар.

Құр судан май шықпайды,  
Құр сөзден мән шықпайды.

Құрдас не демейді, ит не жемейді?

Құлақтан-құлаққа жеткен сөз  
Жырақтан-жыраққа кетеді.

Мылжыңға мың сөз көп емес,  
Білгірге бір сөз аз емес.

Мақал — сөздің мәйегі.

Мақал — сөздің қатығы.

Мақал — сөздің тұздығы.

Мақтаған жеткізер,  
Шаққан өлтірер.

Мақтау сөзді кім сүймейді,  
Мәуіті шекпенді кім кимейді?

Мал басынан байланады,  
Адам тілінен байланады.

Мысқылдың түбі — мүшкіл.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Ойламай сөйлесең, опық жейсің.

Ойлай білген сөйлей де біледі.

Орнын тапқан өтірікті  
Шын десе болады.  
Орынды шыққан сықақты  
Сын десе болады.

Отыз тістен шыққан сөз  
Отыз рулы елге тарайды.

Өз сөзінді «шекер» дейсің,  
Өзге сөзді «бекер» дейсің.  
Өзіңді-өзің хан көтеріп,  
Өзге жұртты «нөкер» дейсің.

Өзі қисықтың — сөзі қисық,  
Өзі сұйықтың — сөзі сұйық.

Піл көтермегенді тіл көтереді.

Пышақ жетесінен үзіледі,  
Сөз келтесінен үзіледі.

Сөзінен сүрінген сынар,  
Аяғынан сүрінген тұрар.

Сиыр мүйізінен табады,  
Адам тілінен табады.

Сөздің қысқасы жақсы,  
Арқанның ұзыны жақсы.



Сүрінбейтін тұяқ болмас,  
Жаңылмайтын жақ болмас.

Су анасы — бұлақ,  
Сөз анасы — құлақ,  
Жол анасы — тұяқ.

Сөз жарасы бітпес, қылыш жарасы бігер.

Сөзде шек жоқ, ойда түп жоқ.

Сөздің азы жақсы,  
Қыздың назы жақсы.

Сөз бергенге ерме, бөз бергенге ер,  
Сөз еңбек болар, бөз көйлек болар.

Сөз сөзден туады,  
Сөйлемесе, қайдан туады?

Сөйлегенше, сөзіңе өзің қожасың,  
Сөйлеген соң, сөзің өзіңе қожа.

Сөз қуған пәлеге жолығады,  
Жол қуған қазынаға жолығады.

Сабырлы сөзде салмақ бар.

Сөз сөйлемес бұрын тыңдаушыңды танып ал.

Сөз сиқырлы оқтай,  
Қызуы қозды оттай.

Салалап тарап сақалды,  
Көрілер айтар мақалды.

Сор сораңнан шығады,  
Өтірік арамнан шығады.

От тәнді жылытар,  
Сөз жанды жылытар.

Сөз жүйесін табар,  
Мал иесін табар.

Сөз салысқан дауға ортақ,  
Ат салысқан жауға ортақ.

Сөз — сөздің көсеуі.

Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

Сөз шынға тоқтайды,  
Су шымға тоқтайды,  
Пышақ қынға тоқтайды.

Сөзіңді біреу сөйлесе,  
Аузың қышып бара ма?!

Сөзде қаңқу жаман,  
Ауруда шаншу жаман.

Басы қату болса,  
Аяғы тату болады.

Сөздің шынына қарама,  
Қисынына қара.

Сөйлей білмес жаманның сөзі — өтпес бір пышақ,  
Сөз білетін адамның әр сөзіне бір тұсақ.

Көше білмеген көлік өлтіреді,  
Сөйлей білмеген сөзді өзіне келтіреді.

Сезген емес, білгеніңді айт,  
Естіген емес, көргеніңді айт.

Сүйреңдеген қызыл тіл  
Иә, жауыңды қайырар,  
Иә, дауыңды қайырар.

Сұрай-сұрай Меккеге де жетесің.

Талаптыдан шыққан сөз талапты ерге болсын кез.

Тарыдай сөздің таудай түйіні бар.

Тәтті сөз дастарқан жайғызар.

Тәтті айтқан тәрбие бермейді,  
Ащы айтқан ақиқатқа жеткізбейді.

Тауып сөйлесең — күміссің,  
Таппай сөйлесең — мыссың.

Тәуекел тас жарады,  
Жаман сөз бас жарады.

Тыймаған ауызда бәле бар.

Тыңдамасқа қор болған есіл сөзім,  
Жыламасқа қор болған екі көзім.

Тіл — жүректің тілмашы.

Тіл — ақылдың өлшемі.

Тіл — бал, тіл — ажал.

Татуға — тіл, сұлуға — сұқ.

Тіл ерді қабірге салады,  
Нарды қазанға салады.

Тіл — сүйексіз, ақыл — түпсіз.

Тіл тас жарады,  
Тас жармаса, бас жарады.

Тіл — тиексіз.

Тіл жүйрік емес, шын жүйрік.

Тіл қылыштан өткір.

Тіл тікенді де алады.

Тіземнен сүріндірсе, сүріндірсін,  
Тілімнен сүріндірмесін.

Тілдің майын тамызып,  
Сөздің балын ағызып,  
Қас шешендер сөз айтар.

Тоқсан ауыз сөздің  
Тобықтай түйіні бар.

Тура сөйлеген туғанына жақпайды.

Түгел сөздің түбі бір,  
Түп атасы — Майқы би.

Тұз — астың дәмін келтірер,  
Мақал — сөздің мәнін келтірер.

Түндегі сыбыр  
Күндізгі дүбірге жарамайды.

Түстік жерге өтірік айтсаң,  
Кешке ізіңмен артыңнан барады.

Үлгісізден би қойсаң,  
Өсиеті болмайды.  
Білімсізден хан қойсаң,  
Қасиеті болмайды.

Үні жоқтың міні жоқ,

Үндемеген үйдей пәледен құтылады.

Ұлы сөзде ұяттық жоқ.

Шайқап сөйлеме,  
Алды-артыңды байқап сөйле.

Шайырлар қайда — сөз сонда,  
Сұлулар қайда — наз сонда.

Шешен — көптің опасы,  
Шебер — көптің апасы.

Шешен сөз бастар,  
Батыр қол бастар.

Шешендік күші — шындық.

Шешеннің тілі ортақ,  
Шебердің қолы ортақ.

Шешеннің сөзі — мерген,  
Шебердің көзі — мерген.

Шешенің судай төгілген,  
Тыңдаушың бордай егілген.

Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.

Ішімдегімің бәрі тілімде,  
Тілімдегінің бәрі түрімде.

## ӨНЕР. БІЛІМ

Білек сүйіндіре алмағанды, білім сүйіндіреді.

Білгенің — бір тоғыз,  
Білмегенің — тоқсан тоғыз.

Білген адам тауып айтады,  
Білмеген адам қауып айтады.

Білегі мықты бірді жығады,  
Білімі мықты мыңды жығады.

Білмеген у ішеді.

Білім — арзан,  
Білу — қымбат.

Білім — өнер қазығы,  
Өнер — өмір азығы.

Білім — таусылмас қазына.

Білім тұрған жерде иман тұрады.

Білім — сарқылмас бұлақ,  
Өнер — өмірлік мұрат.

Білім деген — бағасы жоқ гауһар,  
Надандық деген — дауасы жоқ кесел.

Білімді өлсе, қағазда аты қалар,  
Ұста өлсе, балғасы мен заты қалар.

Білімдіден ақыл шығар,  
Ақылды қарттан нақыл шығар.

Білімдінің алды — жарық,  
Білімсіздің беті — көн шарық.

Білімдінің жүрген жері — береке,  
Білімсіз надан — жұртқа күлкі-келеке.

Білімнен қымбат нәрсе жоқ,  
Көңілде жатса, баспас тот.

Білімсіздің сөзі — білектей,  
Білімдінің сөзі — жібектей.

Жеті жұрттың тілін біл,  
Жеті түрлі білім біл.

Жігіттің екі өнері бар:  
Атқанда — жыққан, ашқанда — оқыған.

Оқу — білім азығы,  
Білім — ырыс қазығы.

Оқу түбі — тоқу.

Оқымаған — бір бала,  
Оқыса — екі бала.

Өнер алды — қызыл тіл.

Өнер — ағып жатқан бұлақ,  
Ілім — жанып тұрған шырақ.

Өнерлі жігіт өрде озар,  
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Өнерлі қол аш болмас.

Өнерлі қол — бақытқа жол.

Өнерлі өлмес,  
Өнерсіз күн көрмес.

Өнерлі өрге жүзер.

Өнерліге өрі, қыры бәрібір,  
Палуанға оңы, солы бәрібір.

Өнерлінің өзегі талмас.

Өнерлінің өрісі ұзақ.

Өнерлінің қолы — алтын,  
Өлеңшінің сөзі — алтын.

Пышағыңды қайрап жүр, не соярың білсеңіз.

Ілім — бұлақ,  
Ақыл — жағалай біткен құрақ.

Ілім — дария көл,  
Надандық — сусыз шөл.

## БАЙЛЫҚ. КЕДЕЙЛІК

Бай — бір жұттық,  
Батыр — бір оқтық.

Бай байға құяды,  
Сай сайға құяды.

Бай болып, көргенім жоқ,  
Жарлы болып, өлгенім жоқ.

Бай жаманы байталын ат қылады,  
Би жаманы жақынын жат қылады.

Бай кісі балпаң келер,  
Жарлы кісі жалтаң келер.

Бай мен бай құда болса,  
Арада жорға жүрер.  
Кедей мен кедей құда болса,  
Арада дорба жүрер.

Байдан жүғар,  
Балдан тamar.

Байды Құдай ұрарында жортуыл бастайды,  
Кедейді Құдай ұрарында қатынын тастайды.

Байды Құдай атқаны — жабағы жүнін сатқаны.

Байдың жаманы — қарау,  
Кедейдің жаманы — жалқау.

Байдың жаны кейісе,  
Құдайын қарғайды.  
Кедейдің жаны кейісе,  
Құралын қармайды.

Байдың малы ардақты,  
Жарлының жаны ардақты.

Байдың асын байғұс қызғанады.

Байдың мыңының ішінде  
Жарлының жалғыз тоқтысын қасқыр жейді.

Байдың ісі пәрменменен,  
Жарлының ісі дәрменменен.

Байды мал басады,  
Жарлыны бала басады.

Байлық неге керек, адалдан мал жимасаң,  
Билік неге керек, әділ билік құрмасаң.

Байлық мұрат емес,  
Жарлылық ұят емес.



«Баймын» деп мақтанба,  
Жарлылық бар.  
«Көпшiн» деп сұқтанба,  
Жалғыздық бар.

Бар мақтанса, табылады,  
Жоқ мақтанса, шабылады.

Барлық не дегiзбес,  
Жоқтық не жегiзбес?

Дәулетiңнiң қадiрiн  
Мал кеткенде бiлерсiң.  
Арғымақтың қадiрiн  
Жал кеткенде бiлерсiң.

Жаңа байығаннан қарыз сұрама.

Жарлы байғұс жамалар,  
Жамалар да, жаңарар.

Жарлы болсаң, кенттi жердi сағала,  
Жалғыз болсаң, бiр жақсыны ағала.

Жарлы ет жесе, тiсiне кiредi,  
Жемесе, түсiне кiредi.

Жарлыға берген кiсi Құдайға қарыз бергендей болады.

Жарлылық деген жақсы екен,  
Жатып iшер ас болса.

Жарлының аузы аққа тисе, мұрны қанар.

Жарлының байлығы – денiнiң саулығы.

Жарлының жайын жарлы бiледi,  
Жарлы бiлмесе, сорлы бiледi.

Жарлының ұлы болғанша,  
Малдының құлы бол.

Жарлының бiр тойғаны – шала байығаны.

Жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар,  
Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар.

Жоққа жүйрік жетпейді.

Кедей болсаң, көшіп көр.

Кедейге ат бітсе: «Қайдан алдың?», — дейді,  
Байға ат бітсе: «Құтты болсын!», — дейді.

Кедейге ақысыз сауықтан ақылы жұмыс артық.

Кедейді ұрмай-соқпай,  
Көйлегін жырт.

Кедейліктен кісі өлмейді, сағы сынады.

## ДЕНСАУЛЫҚ. ТАЗАЛЫҚ. ЖАЗМЫШ

Адамның басы — Алланың добы.

Адам айдаса, бармаймын,  
Құдай айдаса, қалмаймын.

Ажалсыз аштан өлмес.

Ажал ажарыңа да қарамайды,  
Базарыңа да қаратпайды.

Ажал айтып келмес, өткен қайтып келмес.

Ажал мен ақымаққа дау жоқ.

Ажал жетпесе, оқ жетпейді.

Ажал жетпей шыбын да өлмес.

Ажалдыға — ағаш оқ.

Азған денеге ауру үйір.

Айдалаға атқан оқ  
Ажалдыға тиеді.

Айналдырған ауру алмай қоймас.

Ауру — астан,  
Дау — қарындастан.

Ауру батпандап<sup>1</sup> кіреді,  
Мысқалдап<sup>2</sup> шығады.

Ауру жайын баққан біледі,  
Аңның жайын атқан біледі.

Ауру жайын сау білмес,  
Аштың жайын тоқ білмес.

Ауру — жаннан үміткер,  
Жарлы — малдан үміткер.

Ауру кірді — әлек кірді.

Ауру — шықпаған жаннан дәмелі,  
Жалқау — бітпеген малдан дәмелі.

Ауруды елемеген — өледі,  
Дауды елемеген — төлейді.

Ауруын жасырған — өледі.

Ауырып жазылған жан олжа,  
Жоғалып табылған мал олжа.

Ауырып тұрдың — аунап тұрдың.

Бақсының жақсысы — ауруға ауру қоспағаны.

Бақсы көрінсе, дерт қозады,  
Ұста көрінсе, таға тозады.

Бас ауырса, жан қорқады.

Басты берген Құдай асты да береді.

<sup>1</sup> Батпан — салмағы 4-тен 16-ға, кейде 12 кг-ға дейінгі өлшем.

<sup>2</sup> Мысқал — жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі.

Басыңа бәле келсе,  
Баққа сиынба, Хаққа сиын.

Басы аманның малы түгел.

Басы ауырған бақсы-балгерге тоймайды.

Басы ауырып, балтыры сыздамағанның Тәңірмен ісі жоқ.

Басты Құдай береді,  
Малды қайрат береді.

Бұлт жаумайды,  
Бұйрық жауады.

Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.

Бірін жемей, кедей өледі,  
Мыңын жемей, бай өледі.

Денсаулық — зор байлық.

Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.

Дерті бардың дәрмені жоқ.

Жалаңаш бар да, жауға шап,  
Ажалың келмей, өлмейсің.

Жан ауырса, тән азады,  
Қайғы басса, жан азады.

Жұғын бар жерде шыбын бар,  
Шыбын бар жерде шығын бар.

Көзің ауырса, қолыңды тый,  
Ішің ауырса, аузыңды тый.

Қаза қас пен көзің арасында.

Қай жерің ауырса, жаның сол жерде.

Қайғысыз қара суға семіреді.

Қотыр қолдан жұғады,  
Таз тақиядан жұғады.

Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі.

Ластың досы — шыбын.

Мал — байдікі, жан — Құдайдікі.

Мезгіл жетсе, мұз да ерір.

Нас басқанды бит басар.

Он екі мүшең сау болса,  
Қара басың ханмен тең.

Он екі мүшең сау болса,  
Сәулет емей, немене?!  
Он саусағың сау болса,  
Дәулет емей, немене?!

Өзекті жанға бір өлім.

Өлгенмен бірге өлмек жоқ.

Өлушінің ажалы жетпесе,  
Өлтірушінің қолы жетпейді.

Өлі — тірінің азығы,  
Бір сөз — мың сөздің қазығы.

Өлік шыққан үйдің алдында  
Айдаһар жатады.

Өлімнен өзгенің ертесі жақсы.

Өлім бардың малын шашады,  
Жоқтың артын ашады.

Сәті түскен ауруға  
Не болса сол ем болады.

Сынбайтын темір жоқ, мәңгілік өмір жоқ.

Тазалық — денсаулық кепілі,  
Денсаулық — байлықтың негізі.

Тамыр ұстаған дәтке қуат.

Тәні саудың — жаны сау.

Тумақ — сүннет, өлмек — парыз.

Тумақ — ғайып, өлмек — анық.

Тұман арты жұт болар,  
Тұмау арты құрт болар.

Тілеп алған аурудың емі табылмас.

## ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ. ТОЙ. АС-СУ

Айт айтшынікі,  
Той тойшынікі.

Арбалы қонақ аштан өледі.

Ас — аттынікі,  
Той — тондынікі.

Асқа барсаң, аш бар,  
Тойға барсаң, тойып бар.

Асқа барсаң, атыңнан безерсің,  
Тойға барсаң, қатыныңнан безерсің.

Аты, тоны сай кісі  
Жиын-тойға барысар.  
Ұлы, қызы сай кісі  
Құдалыққа барысар.

Абылайдың асында шаппағанда,  
Атаңның басына шабасың ба?

Аз қайғыны ас басады,  
Көп қайғыны дос басады.

Аз да болса, көптей көр,  
Шай да болса, еттей көр.

Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма.

Аз асқа жасауыл болма,  
Көп асқа беқауыл<sup>1</sup> болма.

Аз ас, көп ниет.

Аз асым — даусыз басым.

«Аз жеймін» деген — көп жейді,  
«Көп жеймін» деген — боқ жейді.

Азаныңа келмеймін,  
Қазаныңа келемін.

Аз асты аяған көп астан құр қалады.

Азға — қанағат,  
Көпке — шүкір.

Айға жетпес асыңды  
Ауылдастан аяма.

Айранды көріп, азба,  
Қымызды көріп, қызба.

Ақ — көздің құрты.

Ақымақ астан шошып, аштан өліпті.

Ақтаған тарың таусылар,  
Ақиған көзің басылар.

Алты күн аш болсаң,  
Атаңнан безерсің.

Алдыңа ас қойдым,  
Екі қолыңды бос қойдым.

<sup>1</sup> Беқауыл (бақауыл) — ханның бас аспазы, дастарқан әзірлеуші.

Арықтың сорпасында дәм болмас,  
Ақылсыздың сөзінде мән болмас.

Арықтың жілігі татымас.

Асаған білмес, тураған білер.

Ас-астың орны бар.

Ас — адамның арқауы.

Ас иесінің әлі біледі,  
Асатушының қолы біледі.

Ас иесімен тәтті, табағымен қымбат.

Ас ішіп ауырғанша,  
Аш болып, сау жүр.

Асты аяқ әдемі.

Асы бар аяқтан аттама.

Асы жоқ алтын аяқтың  
Алтынын ал да, отқа жақ.

Асың барда ел таны, беріп жүріп,  
Атың барда жер таны, желіп жүріп.

Асың болса, дос көп,  
Атың болса, той көп.

Ас табылмайды, ас табылса,  
Біреуге дос табылмайды.

Ас үстінен аттама,  
Астан үлкен емессің.

Аспаздың қарны  
Асқанына тояды.

Ас көп болса, кәде көп.



Ас қадірін білмесең,  
Ашаршылық берсін жазанды.

Ат қадірін білмесең,  
Жаяушылық берсін сазаңды.

Ас тасыса, қатығы төгілер,  
Ашу тасыса, ақылы төгілер.

Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.

Асқа талау түссе,  
Антұрған мұратына жетеді.

Асты жуыс ішер, иә, туыс ішер.

Асты көрсең, қадір тұт,  
Досты көрсең, қыдыр тұт.

Асты келін — аналы келін.

Ас қадірін тоқ білмес.

Асың дәмді болса,  
Көңілің сәнді болар.

Ас біреудікі болғанмен,  
Асқазан өзіңдікі.

Ас жоқта ашықсаң, табақты да жеп қоясың.

Ас таңдасаң, аяғына қара,  
Қыз таңдасаң, шешесіне қара.

Ас қадірін ашаршылықта білерсің.

Ас тұрған жерде дерт тұрмайды.

Ас қалса — дәулет, іс қалса — бейнет.

Асты қорлама, құстырар,  
Ерді қорлама, бостырар.

Аузы күйген үріп ішер.

Аузы дәм білмегеннің  
Мұрны иіс білмес.

Аштық еңбеккердің терезесінен үңілгенмен,  
Үйіне бас сұға алмайды.

Ащы менен тұщыны татқан білер,  
Жақсы менен жаманды жортқан білер.

Атан алты асаса, тояды.

Аяғын көр де, асын іш.

Атыңды сат, тоныңды сат,  
Жатарыңда тойып жат.

Ауқатқа адымда,  
Еңбекке дабылда.

Аш адам жүріп өледі.

Аш атасын тыңдамас.

Аш ауыл айранды бұрын ішеді.

Аш кезінде берген күлше  
Тоқ кезінде берген түйеден артық.

Аш кісінің ашуы жаман.

Аш қадірін тоқ білмес,  
Ауру қадірін сау білмес.

Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес.

Ашыққан қарын тойынар,  
Ашылған етек жабылар.

Аш адам ұрысқақ,  
Ауру кісі тырысқақ.

Аш құлақтан тыныш құлақ.

Ашаршылықта қомағай бұрын өледі.

Ашыққан қарын тоймастай,  
Тойған қарын ашпастай.

Аштан өлген кісінің моласы жоқ.

Аш та отыра алмайсың,  
Ашып та отыра алмайсың.

Ашқа тартқан кешке тартады.

Аштың ақылы — тамағында,  
Жаяудың ақылы — табанында.

Аштың аңы жүрмейді,  
Тоқтың тобасы жүрмейді.

Аштық ас талғатпайды,  
Ғашықтық жас талғатпайды.

Байлар ашты тоқ санар,  
Аш жаманын жоқ санар.

Бал құйған бармағын жалар.

Балықтың сорпасына бата жоқ.

Балық жеген бағыспас,  
Жан-жағына қағыспас.

Барыңда батып іш,  
Жоғыңда сатып іш.

Бар болса, сойғанның жөні бар,  
Бір қойда он кісінің құны бар.

Бауыр — шырын, бас — тәтті,  
Ағайынмен ас тәтті.

Бақыр, қазан қайнаса,  
Бәріміздің бағымыз.

Бас бергенге — ас бер.

Берместің асы піспес,  
Қазаны оттан түспес.

Бишараның асын «бісмілла» тауысады.

Бір аштықтың бір тоқтығы бар.

Быламық бетінен суыйды,  
Көже түбінен суыйды.

Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар.

Бір күн дәмдес болғанға — қырық күн сәлем.

Бір күн қарны ашқаннан  
Қырық күн ақыл сұрама.

Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді,  
Мың қолды бір жаман ірітеді.

Біреу тойып секіреді,  
Біреу тоңып секіреді.

Біздің қолымызға да қарға тышар.

Бұйырған ас тіс сындырып кіреді.

Бұл не деген батпан құйрық,  
Айдалада жатқан құйрық?!

Әрі-сәрінің қонағы аштан өлер.

Әуелі тағам, сонан соң кәлам<sup>1</sup>.

Балықшының қонағы жүре тояр.

Бермеген ас умен тең,  
Кірмеген үй көрмен тең.  
Қайғысыз ішкен қара су  
Кертiп жеген жалмен тең.

<sup>1</sup> Кәлам (араб) — сөз.

Бір аштықтың бір тоқтығы болар,  
Бір тоқтықтың бір жоқтығы болар.

Біткен іске сыншы көп,  
Піскен асқа жеуші көп.

Быламықты ішкенде тіссіз кәрі  
Елестер өткендегі істің бәрі.

Бір тойда екі жар бар,  
Бір дауда екі жар<sup>1</sup> жоқ.

Бір үйде нешеу болсаң да, бір-біріңе меймансың.

Бұрын келген қонақ  
Соң келген қонаққа орын берер.

Дәмді түзден жазса,  
Топырағыңды елден жазсын.

Дәмнің атасы — нан, анасы — тұз.

Дәметпеген астан құр қалады.

Десек тағы май артық,  
Біқыласпен берген шай артық.

Досыңның асын қасыңдай іш.

Дүниеде тас қатты,  
Тасты еріткен ас тәтті.

Ебін тапқан — екі асар.

Елде бар ерінге тиеді.

Еңкейген — екі асайды,  
Есесі қайтқан — бір асайды.

Ертеңгі асты тастама,  
Кешкі асқа қарама.

<sup>1</sup> Жар — бұйрық, жарлық.

Ертеңгі тауықтан  
Бүгінгі жұмыртқа артық.

Ерге берсең асыңды,  
Ерлер сыйлар басыңды.

Ескерген ескі асынан сақтар.

Ет — етке, сорпа — бетке.

Ет дегенде бет бар ма?

Ет келмей жатып «тұздық» деме,  
Асатпай жатып «құлдық» деме.

Ет жақсысы — қарта-ды,  
О да нәсіліне тартады.

Етке тойсам, сорпаға иттігім жоқ.

Еттің соры — қуырдақ,  
Ұнның соры — бауырсақ.

Ет жегеннің бәрі — қонақ,  
Енші алғанның бәрі — бөрік.

Етім болмаса, шайым бар,  
Тоқты қарын майым бар,  
Қонақ күтер жайым бар.

Жаман қонақ үй тінтеді.

Жаман қонақ асқа разы,  
Жақсы қонақ ықыласқа разы.

Жаман үйді қонағы билейді.

Жаман қонақты кетпестей көреді,  
Жаңбыр жауса, кеппестей көреді.

Жатқанның үстіне тұрған кірмесін.

Жағымсыз қонақ жатарда келеді.

Жазғы қонақтың жаманы үйге қонады.

Жаяу қонақ тыныш ұйықтар.

Жатқанға жан жуымайды,  
Жүргенге жөргем<sup>1</sup> ілінеді.

Жалтақтап жеген жаядан  
Асықпай жеген жуа артық.

Жеген білмейді, тураған біледі.

Жемнің түбі — азық, желінің түбі — қазық.

Замандасың болмаса, тойға барма.

Итті қонақ жараспас.

Жайын құйрығын жеген — жатпас.

Жаздық етте жасық жоқ,  
Қымыз аста қасық жоқ.

Жаздың жуындысы — қысқа ас-қатық.

Жақсыға берсең асыңды,  
Жақсы сыйлар басыңды.  
Жаманға берсең асыңды,  
Итке тастар басыңды.

Жақсы ас қалғанша,  
Жаман қарын жарылсын.

Жарты құрсақ — пайда,  
Бүтін құрсақ қайда?

Жатар орын — жарым құрсақ.

Жасықтың жілігі татымас,  
Пасықтың сөзі татымас.

Жау айдаса, баспа,  
Дәм айдаса, қашпа.

<sup>1</sup> Жөргем (ауыспалы) — пайда, олжа.

Жерге түскен – жетімдікі.

Жетімнің қарны – жетеу.

Жер асыңнан жемес асың көп болсын.

Жейтін ауызды жемес ауыз байлайды.

Жеп тоймаған – жалап тоймайды.

Жетерін білсең, жей бер.

Жетімнің аузы асқа тисе, мұрны қанайды.

Жуанды жонып же.

Жұтқан – жұтамас.

Жұтқаның – бұйырған,  
Шайнағаның – күмән.

Жұтаған шүкірге тоймайды.

Жұт – жетеу,  
Содырмен – сегіз,  
Салақпен – тоғыз,  
Олақпен – он.

Келгеннің маңдайынан, кеткеннің желкесінен сипа.

Келгенше қонақ ұялар,  
Келген соң үй иесі ұялар.

Келмек – сүннет,  
Кетпек – парыз.

Кедей үйді бойдағы билейді,  
Жаман үйді қонағы билейді.

Кеспе көже күші күн батқанша,  
Бидай көже күші ел жатқанша.

Күнде тойсаң, боларсың,  
Жұмада бір тойсаң, өлерсің.



Келеді деп, көп қойдым,  
Келмеген соң, жеп қойдым.

Кісі қандай болса, асы сондай.

Кеудеден жан кетпей,  
Ауыздан нан кетпейді.

Көп қыдырған үзбентайға<sup>1</sup> жолығар.

Көженің кенеуі болса,  
Қымыздың қызуы бар.

Көже, көзіңе айтайын,  
Сорпадан садаға кет.

Күріштің мәні майменен.

Күндік жолға шықсаң,  
Апталық азығың болсын.

Қабактың кілті — тамақта.

Қайыршының сүйген асын кім берер?

Қарны ашқанға көже — балдай, су — қымыздай.

Қайнаған суда қасиет бар.

Қайғың қарақазан болсын.

Қайғысыз қара суға семіреді.

Қазақтың бөліспеген еншісі — қонақасы.

Қазақ соққан қалың нан,  
Бесқалаға<sup>2</sup> мәлім нан.

Қазан сапырғанның да буы бар.

<sup>1</sup> Үзбентай — көженің түрі.

<sup>2</sup> Бесқала — Көне Үргеніштен басқалары қарақалпақ жерінде орналасқан, қазақтар көп қоныстанған ежелгі қалалар (Қоңырат, Хожелі, Шымбай, Төрткүл, Көне Үргеніш).

Қазанға не салсаң,  
Шөмішіңе сол ілінер.

Қазанға түскен қайта қапқа түспейді.

Қазаны басқаның қайғысы басқа.

Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса.

Қазыға тойсаң,  
Қарта боқ сасиды.

Қанағат қарын тойғызар,  
Қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар.

Қара су көз көрім жерге жеткізеді.

Қарны ашқан қаралы үйге шабады.

Қарны ашқан қазанға қарар.

Қарнымның ашқанына жыламаймын,  
Қадірімнің қашқанына жылаймын.

Қарның ашса, ханға бар,  
Мақтай білсең, нан берер.

Қарны ашқанға қара талқан майдай көрінеді,  
Қатын зары өткенде, қара қатын айдай көрінеді.

Қасық тары ботқа болмас,  
Ботқа болса да, жұртқа болмас.

Қой еті — қоян еті.

Қомағай құлқынынан жазады,  
Қыдырма аяғынан тозады.

Қомағайдың сыбағасы — бір асым май.

Құлақтай ет жеп,  
Құмандай сорпа іш.

Құрғақ қасық ауыз жыртар.

Қуырдақтың көкесін  
Түйе сойғанда көрерсің.

Қусынып сөйлеме,  
Құлшынып жеме.

Қуыс үйден құр шықпа.

Қойыңда наны бардың қарны тоқ.

Қорлы саба сарқылмас.

Қонақ асын Тәңірі өтейді,  
«Келемін» десе — ықыластық,  
«Келмеймін» десе — жол ашық.

Қонақ асыңа емес,  
Қабак-қасыңа риза.

Қонақ, берсең, етіңді жейді,  
Бермесең, бетіңді жейді.

Қонақ бір күн қонса — құт,  
Екі күн қонса — жұт.

Қонақ келсе есікке,  
Жүгіріп шық, кешікпе.

Қонақ қонбай кетпейді,  
Шақырып қондырғанға жетпейді.

Қонақ қонған жеріне ауыр,  
Тас түскен жеріне ауыр.

Қонақ жаман болса,  
Үй иесі қыдырады.  
Үй иесі жаман болса,  
Қонақ қыдырады.

Қонақ мықты болса, қожасын билейді.

Қонақ таңдап қонады,  
Ұры басынып ұрлайды.

Қонақ аз отырып, көп сынайды.

Қонағым, жүре тоярсың.

Қонағым, сен «ет» деме,  
Мен «кет» демеймін.

Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр.

Қонағын сыйлаған «төрге шық» дейді.

Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.

Қонағын сүймеген  
Баласын ұрады,  
Иә, үйін сыпырады.

Қонақтан қонақ ұлық.

Қонаққа сұрап бергенше, ұрып бер.

Қонақтың аты жемқор болса,  
Дорбаның түбін тесер.

Қораңда қой болмаса, қасқырдан ұят,  
Үйіңде тамақ болмаса, қонақтан ұят.

Қонақты сөзбен тойғыза алмайсың.

Қонақ «тоймадым» демейді,  
«Соймадың» дейді.

Қонаққа «кел» демек бар,  
«Кет» демек жоқ.

Қонағым, асқаным разы болма,  
Сасқаным разы бол.

Қонаққа барғаныңда орныңды таңдап отыр.

Қонақасы — қазақтың бөлінбеген еншісі.

Қонақ өз несібесін ішеді.

Қонақтың көзінше итіңе де «кет» деме.

Қонаққа барсаң, нәпсіңді тый.

Қонағы көп үйдің баласы тоқ.

Қыдырып ішкен тамақтың кенеуі жоқ,  
Қыдырып сөйлеген биліктің елеуі жоқ.

Қыдырып жеген жамбастан,  
Шақырып берген жауырын артық.

Қызыл ет кетер,  
Қызарған бет қалар.

Қызғанғаны қызыл итке жем болар.

Қырықтың бірі — Қыдыр.

Қыдырлы қонақ қыдырып келер,  
Қыдыры артынан шұбырып келер.

Қыдырма,  
Қыдырмаға сыдырма.

Құтты қонақ келсе,  
Қой егіз табады.  
Құтсыз қонақ келсе,  
Қораға қасқыр шабады.

Құры сөзге дуа жоқ.

Малымды алса алсын,  
Қонағымды алмасын.

Мұнан жаманымызда да тойға барғанбыз.

«Мешкей» деген жақсы ат емес.

Мың сіз-бізден бір шыж-быж.

Мешкей оттың астына қарамайды,  
Үстіне қарайды.

Нан — тамақтың атасы,  
Ынтымақ — көптің батасы.

Назары аштың ақыры оңбас.

Ойыншының тамағы тоқ.

Ораздының он тамыры бір келеді.

Омыртқаны ұстап отырғанша,  
Қабырғаны алып, қағып тастай бер.

Орамал тон болмайды, жол болады.

Олақтан салақ жаман,  
Маскүнем қонақ жаман.

Отыз күн оразаның бір айты бар,  
Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар.

Ораза, намаз — тоқтықта.

Өкпе буға піседі, жаман дуға піседі.

Өлеңді той көтерер,  
Семіздікті қой көтерер.

Өзі жарымағаннан сарқыт дәметпе.

Өзі жарымағаннан сарқыт артылмас,  
Сарқыт артылса да, жарытып артылмас.

Өзінде асың болса,  
Біреуде қасың бар ма?

Өле жегенше, бөле же.

Өкпе бер, бауыр бер,  
Сыбағамды тәуір бер.

Піскен астың күйігі жаман.

Пышағы бар сүйгенін жейді,  
Пышағы жоқ тигенін жейді.

Сақтағаныңды шығарсаң,  
Сағынғаның келеді.

Сарғая сақтасаң — қызара бөртерсің.

Сауып ішсең — мың күндік,  
Сойып жесең — бір күндік.

Салулы ауыз сақтағаныңды жейді.

Сіңбес астың бөгеуі көп.

Су ішкен құдығыңа түкірме.

Сүйек берген кісімнен көрейін бе,  
Мүжи алмаған тісімнен көрейін бе?

Іреп қойған сойғылыққа жақсы,  
Айтып қойған соңғылыққа жақсы.

Сойса, қозы өледі,  
Соймаса, өзі өледі.

Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді.

Тарта жесең, тай қалар,  
Қоя жесең, қой қалар,  
Қоймай жесең, нең қалар?

Тамағына өкпелеме,  
Қабағына өкпеле.

Таспен атқанды аспен ат.

Тойғанмен құрсақ жарылмайды,  
Қуанғанмен жүрек жарылмайды.

Тойған ас түстен кетпейді,  
Ықылас естен кетпейді.

Төреге төрт табақ, қожаға қос табақ,  
Қараға төртеуара бір табақ.

Той — тоқшылықтың нышаны.

Тойшыл жігіт ойшыл болмас,  
Ойшыл жігіт тойшыл болмас.

Таз таранғанша той тарқар.

Той десе қу бас домалайды.

Той өткен соң даңғыра.

Той сылтауымен тон бігер.

Той — тәңірдің қазынасы.

Тойға барсаң, тойып бар,  
Жұмысыңды қойып бар.

Тойда тоныңды сұрама.

Той өкпесіз болмас.

Тойға барсаң, бұрын бар,  
Бұрын барсаң, орын бар.

Тойға барсаң, тойып бар,  
Төрт тоныңды киіп бар.

Тойға барсаң, тойып бар,  
Қомағайлықты қойып бар.

Тойдың болғанынан боладысы қызық.

Тамақ тамұққа түсірер.

Тамақ болмай, табақ болмас.

Тамақтан өткеннің — бәрі тамақ.

Тамақтан өткен — бұйырған,  
Өтпеген — күмән.



Тамыр тартқан тарықпас.

Таңғы тамақ — Тәңірден.

Тар қазан — тасқалақ<sup>1</sup>,  
Мешкей адам — ашқарақ.

Тапқаным — тамағыма,  
Жұтқаным — жұмырыма.

Таспен ұрғанды аспен ұр.

Тас, тасты жібітетін ас.

Тас қадақ болғанмен,  
Тамақ болмайды.

Тойған үйге тоғыз бар.

Тойсаң, тоба қыл.

Тоймай ішкен асың құрысын,  
Қорлықпен жасаған жасың құрысын.

Тоймасқа берме,  
Толмасқа құйма.

Тоқтық не дегізбейді,  
Жоқтық не жегізбейді.

Тоңғанға отын жақтырма,  
Қарны ашқа қазан астырма.

Түскі асқа түстік жердегі келеді,  
Кешкі асқа кештік жердегі келеді.

Тоқты сойған тоқалдар  
Шөміш алып қоқандар.

Тоқшылықта жеген тоқпан жілік  
Ашаршылықта көзіңнен бір-бір ұшар.

<sup>1</sup> Тасқалақ — таси беретін, тасымпаз.

Төрде отырған — есікте отырғанға ет асатады.

Уызында тоймаған — тоғызында тоймайды.

Ұялмаған бұйырмағаннан жейді.

Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі тамақ.

Үзіп жеген үнемге жатпайды.

Үлкен қазанда қайнағанның шикісі болмайды.

Үйінде асы жоқтың  
Көңілінде хошы жоқ.

Үйде асы жоқтың —  
Түзде досы жоқ.

Шақырусыз тойға барғанша,  
Қазусыз көрге бар.  
Шақырусыз тойға барғанша,  
Таяқ ал да, қойға бар.

Шақырған жерден қалма,  
Шақырмаған жерге барма.

Шақырғанда бармасаң,  
Шақыруға зар боларсың.

Шақырусыз барған орын талғамас.

Шақырусыз барған қонақ  
Қадірсіз орынға отырады.

Шыбын да балға қонады.

Бдысына қарап, асын іш.

## ТӨРТ ТҮЛІК. ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

Арық малды асырасаң,  
Аузы-мұрныңды май етер.

Жаман кісіні асырасаң,  
Аузы-мұрныңды қан етер.

Алты ай баққан арықты  
Бір түн ұрындырған өлтіреді.

Арықты күтсең, тойынар,  
Кәріні күтсең, сойылар.

Ақсақ малдың ақырына бақ.

Ажарлы мал базарлы.

Аузын аш,  
Тісі жоқ болса, қаш.

«Ау-қумен» жиған мал  
«У-қумен» кетеді.

Біреудің малын қызғанған  
Өз малына ие болмас.

Бас екеу болмай, мал екеу болмайды.

Бұралқы мал мінуге жақсы,  
Бұралқы сөз күлуге жақсы.

Бақпасаң, мал кетеді,  
Қарамасаң, қатын кетеді.

Бассыз берген мал мазақ,  
Бақсыз берген тіл мазақ.

Биыл ізі болса,  
Келер жылы өзі болар.

Бір түлікке бай болғанша,  
Әр түлікке сай бол.

Бір ауылдың малын бақпасаң,  
Мың ауылдың малын бағарсың.

Бір мал иесіне пайда келтіреді,  
Бір мал иесін өлтіреді.

Бұта түбі үй болар,  
Малы көп кісі би болар.

Бұйырған малға тіс тиер.

Есің барда, етек жап,  
Қайратың барда, мал тап.

Ердің малы — елдің малы.

Жаманның малы үйінде күйеді,  
Жақсының малы жиында күйеді.

Жайылымы болмаса, мал азады,  
Қайырымы болмаса, жан азады.

Жайлау жайлай білмеген  
Малды айдай білмейді.

Жарлы болар жігітке,  
Қазалы мал тап болар.  
Жалғыз болар жігітке,  
Бедеу қатын тап болар.

Жақсы мал — жан садағасы.

Жақсы мал жалғыз жоғалмайды.

Жердің көркі тал болар,  
Елдің көркі мал болар.

Жоқтамағанның малы түгел.

Көп малдан айырылғанда,  
Бір малды қасқыр жейді.

Қайтқан малдың қайыры бар.

Қауғадан шошынған мал оңбас,  
Жаудан шошыған ер оңбас.

Қайтқан малға қасқыр өш.

Қара тұяқ қарында жатпас,  
Мезгілі болмай, таң атпас.

Қыс малыңды бақ,  
Жаз жеріңді шап.

Малды тапқанға бақтыр,  
Отынды шапқанға жақтыр.

Мал малға жеткенше,  
Әзірейіл жанға жетер.

Мал – адамның бауыр еті.

Мал ашуы – жан ашуы.

Мал жисаң, қонысын тап,  
Ас жисаң, ыдысын тап.

Мал басқа бітеді,  
Қына тасқа бітеді.

Мал – жаным садағасы,  
Жан – арым садағасы.

Малдының беті жарық,  
Малсыздың беті шарық.

Мал аяған аттан құр,  
Төл аяған ақтан құр.

Мал арыстанның аузында,  
Түрікпеннің төрінде.

Малды баға біл,  
Бабын таба біл.

Мал баққанға бітеді.

Малы бардың назы бар.

Мал бітпеген малдан үміткер,  
Жаны шықпаған жаннан үміткер.

Мал — баққандікі,  
Жер — жыртқандікі.

Малды жақсы баққаның —  
Өзіңе абырой тапқаның.  
Малды жаман баққаның —  
Келген бақты қаққаның.

Мал — баласы, жер — анасы.

Мал бітерінде кілемнің түгіндей,  
Мал кетерінде қолдың кіріндей.

Мал төлімен жарасар,  
Жер гүлімен жарасар.

Малды баға білмеген —  
Пайданы таба білмейді.

Мал иесіне тартады.

Мал малсақты табады.

Малы бірдің — жаны бір.

Мал балағынан өседі.

Малшы малдың жайылғанына мөз.

Малсызға малға балап ұйқы берер,  
Арсызға арға балап күлкі берер.

Малды тауысайын десең, пұл қыл,  
Азығыңды тауысайын десең, ұн қыл.

Малға — бәлекет, басқа — саламат.

Мал көтерер өлімді,  
Дос көтерер көңілді.

Мал біткен кісінің  
Иті үреген болады,  
Аты жүреген болады.

Малды шұбыртқан құртады,  
Етті қуырдақ құртады.

Малдың аяғы оттамайды, аузы оттайды.

Мал көкке тоймай,  
Аузың аққа тимейді.

Мал өсірсең — қой өсір,  
Өнімі оның көл-көсір.

Малды бақсаң, қойды бақ,  
Май кетпейді шарадан.  
Ит асырасаң сырттаннан,  
Қой бермейді қорадан.

Малы өскеннің сырты өсер.

Мал жақсысы — сиыр,  
Жер жаманы — кебір<sup>1</sup>.

Негізі арықтан семіз шықпас.

Отыға келе өрісі өзгертін малды теліме.

Өліп, өскен малға сүйін,  
Өлмей өскен басқа сүйін.

Өрісіне қарап, мал өсер,  
Өзеніне қарап, тал өсер.

Өсер малда өлім жоқ.

Өрісі жақсы мал өсер.

Тымырық болса, ер оңбас,  
Тоңға жатса, мал оңбас.

Түстік өмірің болса,  
Кештік мал жи.

Түлік төлден өседі.

<sup>1</sup> Кебір — шөлді жердегі бетіне тұзы шығып жататын сортаң жер, қу тақыр.

Тоңға жатқан мал оңбас,  
Тобырға түскен іс оңбас.  
Тамыр тартқан — тарықпас.

«Шөмелені шөбім бар» деме,  
«Несиені малым бар» деме.

## ЖЫЛҚЫ

Азамат ердің белгісі —  
Аз сөйлер де, көп тыңдар.  
Арғымақ аттың белгісі —  
Аз оттар да, көп жусар.

Арғымақ атқа оқ тисе,  
Жабыларша туламас.  
Ер жігітке оқ тисе,  
Жамандарша жыламас.

Арық аттың бабын тапсаң — тұлпар,  
Күйкентайдың күйін тапсаң — сұңқар.

Жараған ат көзіңе қарайды.

Айғыры қандай болса, құлыны сондай.

Ала жылқы жоғалмайды.

Ат сауырға шыдамас,  
Ер бауырға шыдамас.

Ат сатсаң, ұлыңмен ақылдас.

Ат иесі алдына мінер.

Ат шаппайды, бап шабады,  
Бап шаппайды, бақ шабады.

Аттың сыры иесіне мәлім.

Атына сенген мұрттай ұшады,  
Құдайына сенген құстай ұшады.



Аты жоқтың ауылдасқа ақысы кетпейді.

Ат айналып қазығын табады,  
Су айналып жазығын табады.

Алуан-алуан жүйрік бар,  
Әліне қарай шабады.

Атқа бермес құнан<sup>1</sup> бар,  
Қызға бермес жуан бар.

Ат семірсе, иесін тебер.

Атпен ойнаған тайдың<sup>2</sup> арқасы шилі болар.

Атың арық болса, бір шап,  
Отының аз болса, бір жақ.

Азулы ат арымас.

Атты қамшымен айдама, жеммен айда.

Ат аунаған жерде түк қалар.

Ат тұяғын тай басар.

Атты кісі жаяудың ақысын жемейді,  
Ақысын жесе, оны жұрт «мақұл» демейді.

Атың жақсы болса — жолдың пырағы,  
Қатының жақсы болса — жанның шырағы.

Ат қосақсыз жүгірмейді.

Ат айында құлындайды,  
Бие жылында құлындайды.

Атты ақысын жаяуға жібермейді.

Атты — батыр,  
Атсыз — жатыр.

<sup>1</sup> Құнан — үш жасқа аяқ басқан жылқы.

<sup>2</sup> Тай — екі жасқа әлі толмаған жылқы.

Ат өледі,  
Құс қашады.

Ат аяған жерге қарайды,  
Құс аяған көкке қарайды.

Атың жемқор болса, берді Құдай,  
Қатының жемқор болса, ұрды Құдай.

Ат қадірін жоқ білмес,  
Ас қадірін тоқ білмес.

Ат иесіз болмас,  
Қазан күйесіз болмас.

Ат жақсысы бозы болар.  
Ит жақсысы тазы болар.

Ат орнына тай төлеу.

Ат үйірін сағынса,  
Артқы аяғын қағынар.  
Ер үйірін сағынса,  
Айыл-тұрман тағынар.

Аттың жалында,  
Атанның қомында.

Ат жүйрігі — асқа,  
Тіл жүйрігі — басқа.

Ат айлығын ойлайды,  
Түйе жылдығын ойлайды,  
Есек екі аяғының астын ойлайды.

Атыңды жүріп тұрғанда қамшыла.

Аттың аты үлкен,  
Түйенің табаны үлкен.

Аты барға тай мінсе де жарасады,  
Асы барға сұрап ішсе де жарасады.

Ат — биеден,  
Аруана — түйеден,  
Алып — анадан.

Аттың бәрі тұлпар болмас,  
Құстың бәрі сұңқар болмас.

Ат арқасына ер батса,  
Аяңшыл болады.  
Ерге жаттың тізесі батса,  
Ағайыншыл болады.

Ат жаманы таймен ойнар.

Аттан айырылсаң да,  
Ер-тоқымнан айырылма.

Ат күйгелек болса, арық болар,  
Ер күйгелек болса, кәріп болар.

Ат жақсысы қартаяды,  
Негізіне тартады.

Ат — адамның қанаты,  
Ас — адамның қуаты.

Атдорбасын иіскемей ат тоймайды.

Ат алсаң, ауылыңмен ал.

Атты жолдас болмайды арбалымен,  
Жортақ жолдас болмайды жорғалымен.

Атына қарай тұрманы,  
Еңбегіне қарай қырманы.

Ат пысқырса — жолға,  
Байтал пысқырса — сорға.

Атқа аз арт та, қатты жүр,  
Түйеге көп арт та, жай жүр.

Атың тайғақ болса,  
Ақ текенің мүйізімен тағала.

Заманың тайғақ болса,  
Бір жақсыны сағала.

Ат баққан аш болады,  
Аттанған күні тоқ болады.

Атты күнде мінсең — тулақ,  
Аптада мінсең — қунақ.  
Айында мінсең — ат,  
Жылында мінсең — тұлпар.

Атсыздың атасы құнсыз кетеді.

Ат қызығы арығанша,  
Адам қызығы қарығанша.

Ат пен ат ақырлас болса, меңі жұғады,  
Ат пен есек ақырлас болса, зеңі жұғады.

Ат — құлыннан,  
Батыр — баладан.

Ат жақсысы — енеден,  
Зат жақсысы — шеберден.

Ат барда, есекке жол болсын?  
Дос барда, есепке жол болсын?

Атын сабаған досынан айырылады.

Ат арбадан қашып құтылмас,  
Түйе жүктен қашып құтылмас.

Аты бардың тынысы бар,  
Асы бардың ырысы бар.

Атына әлі келмеген  
Арысын төбелейді.

Атқа міндің — ажалға міндің.

Ат жақсысы кермеде,  
Ер жақсысы түрмеде.

Ат жаманы — сүріншек,  
Ет жаманы — шеміршек.

Арғымақ аттың тұяғы  
Тасты басса, кетілер,  
Сазды басса, жетілер.

Арқыраған айғырды үйірінде көр,  
Адамсыған жігітті үйінде көр.

Ат үсті желді болады.

Атты қойшы —  
Ашуы қатты қойшы.

Арғымақты байтал бастайды,  
Аруақты шайтан бастайды.

Арғымақ ат жабы<sup>1</sup> болмайды,  
Жалы кетіп арыса да.  
Назары аштың көзі тоймайды,  
Бақ пен қыдыр дарыса да.

Арғымақ, жүйрікпін деп мақтанба,  
Алдыңда талай өр бар.

Айғырды неден салсаң,  
Атты содан мінерсің.

Арық атты түс те бақ,  
Қарғып тұрса — қанатың.

Арық атқа қамшы ауыр,  
Жыртық үйге тамшы ауыр.

Арықты мінгенше, аяғыңа мін.

Арық деген жаман тай  
Жазға шығып, ат болар.  
Жамандығы сезілсе,  
Жақын кісің жат болар.

<sup>1</sup> Жабы — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.

Арбаға тоқпақ көргенді жекпе,  
Соқпақ көргенді жек.

Ант ұрмай, ат жығылмас.

Алысты жақындататын — ат,  
Жақынды алыстататын — жат.

Аңызды жерде ат өлмейді,  
Үйірлі жерде ер өлмейді.

Ақырлас аттың мінезі жұғады.

Аласаны атқа санама,  
Жақсыны жатқа санама.

Арқанды ат қазығына оралар.

Ай мінбей, атыңды мақтама,  
Жыл тұрмай, қатыныңды мақтама.

Байтал түгіл бас қайғы.

Байтал мінсең, құлын жоқ,  
Саумал ішсең, қымыз жоқ.

Бар қашаған құтылмас,  
Жоқ қашаған жеткізбес.

Бие қоста жүріп терлесе,  
Құлын босқа жүріп терлейді.

Бір биенің екі емшегі —  
Бірі кетсе, сүті жоқ.  
Бір түйенің екі өркеші —  
Бірі кетсе, күші жоқ.

Бір атым бар аралда,  
Не қамым бар боранда.

Бір қу байтал  
Екі айғырды аш қалдырады.

Бір биеден ала да туады,  
Құла да туады.

Бір теңге бие болмас,  
Екі теңге түйе болмас.

Бір атқа екі жүген керек емес.

Бедеу мінсең, бел аласың,  
Алғыс алсаң, көп жасайсың.

Бесті айғырдың бетінен сақтан.

Бие көп болса, құлын көп,  
Қатын көп болса, бала көп.

Бір бие — үйдікі, екі бие — елдікі.

Екі бие — ел асы,  
Үш бие — бұлақ басы,  
Бір бие — жоқтың қасы.

Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.

Екі торының бөгделігі жоқ,  
Игі жақсының бөтендігі жоқ.

Ер басына күн туса,  
Үйінен безеді.  
Айғыр басына күн туса,  
Үйірінен безеді.

Жақсы ат — жуас,  
Жаман ат — асау.

Жақсы атқа бір қамшы,  
Жаман атқа мың қамшы.

Жақсы ат — жанға серік,  
Жақсы ит — малға серік.

Жақсы ат ажалға ара тұрмаса да, жаудан құтқарады.

Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.

Жаман биені жабула да, құлынын ал.

Жаман айғыр үйірін жауға алғызар,  
Жаман жігіт жолдасын дауға алғызар.

Жаман айғыр енесіне тап берер.

Жаман айғыр жатырына шабады.

Жаман атқа жал бітсе,  
Жанына торсық байлатпас.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Жанына қоңсы қондырмас.

Жаман айғыр үйірсек,  
Жаман күйеу қайынсақ.

Жаман ат өршіл,  
Жаман адам төршіл.

Жауыр атқа жіп құйысқан.

Жақындықты ат айырады,  
Оқымағанды хат айырады.

Жалаң аттың жалымен,  
Жалаң қылыш жүзімен.

«Жабыны жалды екен» деп, сатып алма,  
«Жаманды малды екен» деп, жақын қылма.

Жабыны мақтағанмен тұлпар болмас.

Жалғыз шапқан ат жүйрік,  
Жалғыз сөйлеген жігіт шешен.

Жаяушылық тартқанда,  
Жүрмес есек ат болар,  
Қарның қатты ашқанда,  
Қара талқан қант болар.



Жарамсыз ат жан қинар.

Жауыңды күні ат көрме,  
Айтты күні қыз көрме.

«Жабағы тай» деп жорылар,  
Жазға шықса, ат болар.

Жабағы тайды қорлама,  
Жазға жетсе, ат болар.

Жалғыз атың болса айғыр, жат та қайғыр.

Жайшылықта анау да ат, мынау да ат,  
Ұлы дүбірде келеді шын жүйрік ат.

Желеген атқа жел жаңғырық,  
Тентек жігітке тіл жаңғырық.

Жігіттің сорлысын  
Аттың жолдысы жеңеді.

Жорға жүрісінен пұл болады,  
Жаман жүрісінен құл болады.

Жорға жолына тоқтар,  
Жақсы жөніне тоқтар.

Жорға жылқы жолмен жүрсе, жорғалайды.  
Жолсызда кібіртіктеп, қорғалайды.

Жорғадан туған жортақ бар,  
Батырдан туған қорқақ бар.

Жорғаның қадірі желгенде білінер,  
Жақсының қадірі өлгенде білінер.

Жонға салсаң, жүйрік,  
Жолға салсаң, жорға.

Жортар аттың тоғы игі.

Жорғаңнан да жортағым жақсы,  
Межелі жерге жеткізсе.

Дарияңнан да арығым жақсы,  
Оңай ғана өткізсе.

Жылқы — малдың патшасы,  
Түйе — малдың қасқасы.

Жылқы құлыннан өнеді,  
Ақша тиыннан өнеді.

Жылқыда өт жоқ,  
Аққуда сүт жоқ.

Жылқыны бөгелек аздырар.

Жылқылы елде жау көп,  
Жатақ елде дау көп.

Жылқының басы мың қаладан қайтады.

Жылқы кісінеп табысады,  
Адам сөйлесіп табысады.

Жылқының етін жесең, тісіңе кіреді,  
Жемесең, түсіңе кіреді.

Жылқың мәстек<sup>1</sup> болсын, мың болсын,  
Түйең қоспақ болсын, жүз болсын.

Жылқы — айдаса, жаудікі,  
Ысқырса, желдікі.

Жылқы жайдым,  
Жылап жайдым.

Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытады.

Жүйрікке — тұмар.

Жақсы аттан жал кетсе де,  
Әл кетпейді.

Жүйрік аттың сауырын берік алар.

<sup>1</sup> Мәстек — бой-тұрқы тапалдау, тегі нашар жылқы.

Жүйріктен жүйрік шықса,  
Аяғы тыпыр-тыпыр етер.

Жүйрік бестіден шығар,  
Кеңес келбетіден шығар.

Жүйрікті кекіл қағысынан байқайды.

Жүйрік ат аяғынан ақсайды,  
Жақсы жігіт ағайыннан ақсайды.

Жүзден — жүйрік,  
Мыңнан — тұлпар.

Жүйрік шабан болады,  
Мойнынан жал кетсе.  
Жақсы жаман болады,  
Қолынан мал кетсе.

Жақсы ат аяғынан қалар,  
Жақсы жігіт тамағынан қалар.

Жабыдан жүйрік шыққанмен,  
Тұлпарменен тең болмайды.

Жарауы жаман жүйріктен,  
Жарауы жақсы жабы озар.

Жақсы атты тай жағалайды.

Жігіттің сорлысын аттың жалдысы жеңеді.

Жүйріктің жауы — томар,  
Түлкінің жауы — сонар.

Жүйрік ажалдан құтқармаса да, бейнеттен құтқарады.

Иесіне қарай биесі,  
Сабасына қарай піспегі.

Көрі атын мақтаған жолда қалар.

Күйсіз күлік жүгірмес.

Көбеңді<sup>1</sup> көр де, қой.

Көбең мініс көтермейді,  
Мәстек жүріс көтермейді.

Көнектен шошыған бие оңбас,  
Төсектен шошыған ер оңбас.

Қалағаным қара айғыр,  
Қара айғырды алған соң,  
Қалай қылсаң, солай қыл.

Қарға адым жер мұң болар,  
Қара арғымақ арыса,  
Қатын-бала қорықпас,  
Қас батырдан қарыса.

Қартайғанда кәрі боз жорға шығарады.

Қара арғымақтан жал кетсе,  
Қарға адым жер мұң болар.  
Қара көзден нұр кетсе,  
Жарық күнің түн болар.

«Қанша тұлпар» десе де,  
Мініп болмас жалсызды.  
«Қанша білгіш» десе де,  
Халық сүймес арсызды.

Қас жүйрікте сын болмас,  
Қас сұлуда мін болмас.

Қос атпенен қол көп көрінеді,  
Қозысымен қой көп көрінеді.

Қос күреңнің<sup>2</sup> өзгешелігі жоқ.

Құлын дауысы  
Құр аттыкіндей шығады.

<sup>1</sup> Көбең — қоңданыш, тойына бастаған жылқы.

<sup>2</sup> Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Құрық<sup>1</sup> тимес құлын жоқ,  
Қырықтық тимес қозы жоқ.

Құлындаған биеден,  
Құдықтағы су артылмас.

Сыйға алған аттың аузын ашпа,  
Ердің жасын сұрама.

Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.

Сенің атың жүре тұрсын,  
Менің атым тұра тұрсын.

Сылбырдың аты шылбырына сүрінер.

Соқыр атқа қотыр ат үйір.

Сен салар да мен салар,  
Атқа жемді кім салар?

Тайдың жақсысы атқа ерер,  
Аттың жаманы тайға ермес.

Тай тулап, үйірінен кетпес.

Тұяқ тайға жеткізер,  
Тай құнанға жеткізер.  
Құнан атқа жеткізер,  
Ат мұратқа жеткізер.

Тағасының күмісіне мақтанба,  
Атыңның жүрісіне мақтан.

Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді.

Тозбас жасау болмас,  
Бас білмес асау болмас.

Тұлпардың атауы бір,  
Жусауы басқа.

<sup>1</sup> Құрық – жылқы ұстау үшін, ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Тұлпар бітпейді,  
Бітсе, кетпейді.

Тұлпардың өз тұяғы — өзіне дәрі.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.

Тұлпардың ізі бітпейді,  
Тұяғы кетпейді.

Тұлпар түбін табады,  
Жақсы тегін табады.

Тұлпар тегіне тартады.

Тұлпарды алтын тағамен тағаласа,  
Есек емексіп, аяғын көтереді.

Тұлпар шапса, жетіледі,  
Сұңқар ұшса, жетіледі.

Тебегеннен кері жүр.

Тұяқты тұяқ жібермейді.

Тұлпар тегін сүрінбейді,  
Алтын ылғалда жатса да, шірімейді.

Тұлпардың тұяғы шірімес.

Ұлы дүбірдегі ұрыншақ,  
Ұрыншақ болса, құлыншақ.

Шабан атқа қамшы демеу.

Шідерлі атың — өз атың,  
Тұсаулы атың — бос атың.

Шүберек тозар, тай озар.

Ылау атты жұрт көргендей тәуір ғып бер,  
Болмаса бәрін құртып, жауыр ғып бер.

## ТҮЙЕ

Ажалды түйе жарды аттайды.

Ақсақ түйенің аузына  
Жел айдаған қаңбақ түсер.

Алты күн атан болғанша,  
Бір күн бура бол.

Алыстан шабынған бураның күші қайтады.

Соңғы түйенің жүгі ауыр.

Асы жоқ алтын аяқтан  
Айраны бар тостақ артық.  
Талдырмаш таза айырдан  
Жүк көтергіш қоспақ<sup>1</sup> артық.

Арамнан алған түйеден,  
Адалдан алған ешкі артық.

Атан түйе жүк астында қартаяр.

Ауырды нар көтереді,  
Әзілді жар көтереді.

Асу-асу құм келсе,  
Атан тартар бүгіліп.  
Айыр іңген кез келсе,  
Мұрындығы қалар жырылып.

Атан түйеге боздаған жараспайды.

«Әйт, шүү» деген атанға демеу,  
«Әупірім» деген ерге демеу.

Бойына сеніп түйе жылдан құр қалыпты.

«Бақырауық» демесең,  
Бағалы көлік — түйе ғой.

<sup>1</sup> Қоспақ — айыр түйе мен нарды будандастырудан алынған түйе тұқымы.

Бесті бураның күні күркірейді.

Екі нар сүйкенсе,  
Ортасында шыбын өледі.

Елсізде екі түйе айда.

Бота қотыр болса, енесін былғайды,  
Енесі келесін<sup>1</sup> былғайды.

Ер кешуде,  
Нар көшуде сыналады.

Жуас түйе жүндеуге жақсы.

Жығылсаң, нардан жығыл,  
Бұйдасын<sup>2</sup> қайырмай жығыл.

Жүк ауырын нар көтереді,  
Жұмыс ауырын ер көтереді.

Жаман түйе жабуын жер,  
Жаман жігіт ауылын жер.

Жалғыз түйе бақырауық,  
Жалғыз бала жылауық.

Жуас түйеге әркім ие.

Жарға біткен жантақты  
Жаннан кешкен нар жейді.

Жалғыз ұлы өлген жұртта қалмайды,  
Жалғыз түйесі өлген жұртта қалады.

Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болар.

Көрші қайырын түйе қайырады,  
Не диірмен қайырады.

Кісі алатын бура көп жасамайды.

<sup>1</sup> Келе — жылқы үйірі сияқты бір топ түйе, бір қора іңген.

<sup>2</sup> Бұйда — түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын басжіп.



Қоңсы ақысын түйе қайтарады.

Қабырғалы қара нар  
Қабырғасын сөксе де, бақ етпес.

Құтты қонақ қонса, түйесі өледі,  
Құтсыз қонақ қонса, үй иесі өледі.

Қырық атан ұстама,  
Қырық тамыр ұста.

Қолда өскен атанның  
Тайлақ<sup>1</sup> аты қалмайды.

Қайныңнан түйе сұра,  
Қорыққаннан бие берсін.

Нар баласын қарпып сүйер.

Нар баласы бақырмас болар.

Нары бар,  
Нары бардың малы бар.

Нар сәулеті – ашамай.

Нар жолында жүк қалмас.

Ойнақтаған бота от басар,  
Кезеген аяқ боқ басар.

Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді.

Өлі бураның басынан  
Тірі атан қорқады.

Тамыр берген түйеден  
Тәңір берген тоқты артық.

Түркістанның түбін түйе шалады.

Түйе қашып, жүктен құтылмас.

<sup>1</sup> Тайлақ – екіге әлі толмаған түйе төлі.

Түйең өлсе, қатқаның құрып қалар,  
Арбаң сынса, ағашың бітіп қалар.

Түйе өлген жерде жүк қалады.

Түйенің танығаны — жантақ.

Түйе көп болса, жүк сыймайды,  
Жігіт көп болса, жұмыс бітпейді.

Түйе сойған ешкі сойғаннан дәмәтіпті.

Түйе тұзға келеді,  
Күйеу қызға келеді.

Түйе аяғы — тайғақ,  
Төре аяғы — маймақ.

Түйесін кубас десең, иесіне тиеді.

Түйе қараған жауға жолығар,  
Сиыр қараған тойға жолығар.

Түйені жел шайқаса,  
Ешкіні көктен көр.

Түйеге — дақ, жылқыға — пышақ.

Түйе қарап жүріп, ханға жасауыл болдым.

Түйе тайғақ келеді,  
Табанынан мөр кетсе.  
Кәрі тайғақ келеді,  
Екі көзден нұр кетсе.

Түйелі кісі — қырға,  
Түйесіз кісі — Сырға.

Түйе — байлық,  
Қой — мырзалық,  
Жылқы — сәндік.

Түйеге жантақ керек болса,  
Мойнын созады.

Түйе «түз» деп қартаяды,  
Жігіт «қыз» деп қартаяды.

Түйе қисық па,  
Жабу қисық па?

Түйені түгімен жұтқан.

Түйенің бүріккені — түкіргені.

Түйе пысқырса, боран болады.

Түйелі қойшы — тұрған қойшы,  
Төбесінен ұрған қойшы.

«Үлкен» десең, түйеге жүгін,  
«Сақалды» десең, текеге жүгін,  
Ақыл іздесең, адамға жүгін.

Шөккен түйе соққанды білмейді.

«Шөк» десе, түйе де шөгеді.

«Іңгенімді қараймын» деп,  
Мінгенімнен айырылдым.

Іңген жыл аралатып боталайды,  
Атан айына боталайды.

## СИЫР

Әңгіме бұзау емізер,  
Бұзау таяқ жегізер.

Әжеме де барайын,  
Бұзауымды қарайын.

Басбілгі өгізге «өк» дегізген — өлім.

Бәлені қара тана<sup>1</sup> бастайды.

<sup>1</sup> Тана — бір жастан асып, дене тұрқы өсе бастаған сиырдың ұрғашысы.

Біреудің бұзауына дегенің  
Өзіңнің өгізіңе келеді.

Болдырған сиыр молаға сүйкенеді.

Бұқа буға семіреді,  
Азбан дуға семіреді.

Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды.

Бұқаның арамзасы бұзау арасында жүреді.

Бұзауы өлген сиыр  
Тұлыпқа мәңірейді.

Байлаулы ит үреген,  
Байлаулы өгіз сүзеген.

Жаман сиыр жазда бұзаулар.

Жуас тананы падашы<sup>1</sup> мінеді,  
Жуас адамды әркім іледі.

Кәрі сиыр соқпақшыл,  
Қария адам тақпақшыл.

Қашпаған қашардың<sup>2</sup> уызынан дәметпе.

Құдай жүгіртпегенді  
Бұзау жүгіртеді.

Құдіретің келсе,  
Қашқан бұзауды қайтарып көр.

Нәсілі жаман сиырдан өлі бұзау туады.

Олай тартсаң, өгіз өледі,  
Былай тартсаң, арба сынады.

Ортақ өгізден оңаша бұзау артық.

<sup>1</sup> Падашы — бақташы, сиыр бағушы.

<sup>2</sup> Қашар — сиырдың бір жастағы ұрғашысы.

Өлген сиыр сүтті болады.

Өгіз өлгенше өседі.

Өгіз өлетін жерінде өкіреді.

Өгізді өрге айдағанның өмірі өксиді.

Өгізді оқалақ<sup>1</sup> аздырар,  
Естіні ой аздырар.

Өгізге туған күн бұзауға да туады.

Өгізді қойшы — өлген қойшы,  
Жеп болғанда көрген қойшы.

Сауынсыздың жазы болмайды,  
Қауынсыздың күзі болмайды.

Сиырдың сүті желінде емес, тілінде.

Сиырлының үйі — айран,  
Сиырсыздың үйі — сырдаң.

Сиыр малы сушыл келеді,  
Пасық адам күншіл келеді.

Сиыр алсаң, танып ал,  
Танымасаң, тарғыл ал.

Сиыр су ішкенде,  
Бұзау мұз жалайды.

Сиыр мүйізді өгіздің күші болмайды,  
Өгіз мүйізді сиырдың сүті болмайды.

Сиыр сары болмас,  
Түйе торы болмас.

Сиыр сүйкенбей жүрмес.

Сиыр сипағанды білмейді,  
Жаман сыйлағанды білмейді.

<sup>1</sup> Оқалақ — оқыра, сәйгел.

Сиыр судан жериді,  
Су сиырдан жериді.

Сиыр мүйізін төсейді,  
Жылқы жалын төсейді.  
Түйе шудасын төсейді.

Сүзеген сиырға мүйіз бермейді.

Сиыр мүйізінен жазады.  
Жаман мінезінен жазады.

Түзде бұзау жамыраса,  
Үйдегі сүтке ит тиеді.

Үйде өскен бұзау түзде бұқа болмас.

## ҚОЙ, ЕШКІ

Ақтылы қой баққаның — абырой-атақ тапқаның.

Анық малсақ қуанар  
Қойдан туған егізге.  
Анық шаруа арығын  
Айналдырар семізге.

Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас.

Арық қой — тырысқақ,  
Аш кісі — ұрысқақ.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

Ақсақ қой ауыл қасында,  
Иә, құдық басында.

Ақсақ қой жатып семіреді.

Арық қойда төстік жоқ.

Аз қойда айран бар да, өре жоқ.

Аузы кіші, қарны әйдік,  
Қой семірсе, көтерер.  
Қарны кіші, аузы әйдік,  
Ит семірсе, құтырар.

Арық болатын тоқтыны  
Шыбын қуып, оттатпайды.

Ауылда лақ туса,  
Адырдың шөбі көгереді.

Айдағаның бес ешкі,  
Ысқырығың жер жарады.

Әркім өз қозысын қошқар қояды.

Ешкілі қой – өреген.

Есі кеткен ешкі жияр,  
Ешкіні жиып, есін жинайды.

Ешкі егіз туып, қойдан аспас,  
Ит сегіз туып, елден аспас.

Ешкі егіз табады,  
Шошқа сегіз табады.

Ешкіні түлен түртерінде  
Шопанның таяғына сүйкенер.

Ешкі бақтым,  
Еңіреп бақтым.

Ешкі жейді ебелек,  
Ешкіні жейді кебенек.

Ешкі сойғанның екі малы бар:  
Мүйізі пышағына сап,  
Терісі бұтына қап.

Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

Еркек қой бұралқы болмас.

Жақсы қойшының қозысы түлеп тұрғанда,  
Жаман қойшының құнан қойы жүдеп тұрады.

Жаман қойшы жайлауын бір күн жейді,  
Жақсы қойшы жайлауын мың күн жейді.

Жаман қой ісегінде<sup>1</sup> қартаяды.

Жалғыз қойдың терісі тон болмайды,  
Өңшең жаман жиылса, той болмайды.

Жетім қозы — тасбауыр,  
Түңілер де, отығар.

Жетім қозы сүтке тоймас.

Көк шулан қойдан табылады.

Кәрі саулықты бағып, қозысын ал.

Кәрі қойдың басы піскенше,  
Жас қойдың басы арса-арса болар.

Көпей<sup>2</sup> тоқты сүтпен жетіледі.

Күн батса, қойға соқпақ көп.

Киік қағынан ішкен ешкі егіз табар.

Қасапшыға мал қайғы,  
Қара ешкіге жан қайғы.

Қой егіз тапса, шөптің басы айыр шығады.

Қой тебінсе, жер сілкінеді.

Қойдың сүті — қорғасын,  
Қойды қуған оңбасын.

Қой сатқанға — қора арзан,  
Азық сатқанға — ұра арзан.

<sup>1</sup> Ісек — екі жасқа келген піштірілген еркек қой.

<sup>2</sup> Көпей — кеш, кенжелеп туған қозы.



Қойдан қойдың несі артық?  
Қол басындай еті артық.

Қой күндіз қинайды, түнде сыйлайды.

Қойы семіздің — қозысы егіз.

Қой азайса, қотыр лақ басшы болады.

Қой көрмеген — қуалап жүріп өлтірер,  
Ұл көрмеген — уалап жүріп өлтірер.

Қойды шартық бұзады,  
Елді қортық бұзады.

Қой үріккен жағына беттемейді.

Қошқардың жайын мал баққан біледі.

Қой көрмесек те,  
Ешкілі байдың қызы едік.

Қойшы көп болса, қой арам өлер.

Қой иесі бірге санаса,  
Қойшы басқа санайды.

Қой семізі — қойшыдан.

Қой анасы — оннан,  
Жылқы анасы — бестен.

Қой өрісі қорадан.

Қарақұрт жесе, қой семіреді.

Қойға қоңырау жарамас.

Құрттаған қой далаға кетер,  
Екі бұршақ, бір сабауды ала кетер.

Қой саны мыңға жетсе,  
Керегенің басынан бас кетпейді.

Қой өлсе, қозы болады,  
Келер жылы өзі болады.

Қой шелді болмай, төлді болмайды.

Қой көкпарға жарамас.

Қой алты күн аштыққа шыдайды.

Қойың болмаса,  
Байлықта ойың болмасын.

Қырда қырық қой су іпсе,  
Ойда отыз қой нәр алады.

Қойды қорадан сат,  
Астықты ұрадан сат.

Қой егіз туады:  
Бірі қонаққа сойылады,  
Бірі қошқар қойылады.

Қойдан қалған қозы  
Қасқырға тап болады.

Қойды жел ұшырса,  
Ешкіні аспанда көрерсің.

Қой құйрығы қуға бітсе,  
Қу Құдайын танымас.

Қошқар болар қозының  
Маңдай жағы дөң келер.  
Жақсы болар жігіттің  
Етек-жеңі кең келер.

Қой – ұры, қойшы – өтірікші.

Қойға өзінен басқаның бәрі жау.

Қотыр теке қора былғар.

Құрттаған қой бір кесекті ала кетеді.

Қысыр ешкіден  
Буаз шыбыш<sup>1</sup> артық.

Өзі келген текенің,  
Өзін айтпа, көзін айт.

Өзім асыраған текешігім өзіме артылды.

Семіздікті қой көтереді.

Сенген қойым сен болсаң,  
Күйсеген аузыңды ұрайын.

Сүтсіз қой – маңырауық.

Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес.

Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық.

Тоғышардың ту қойы қысыр қалады.

Теке де болса, сүті болсын,  
Қоян да болса, еті болсын.

Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп  
Құлағынан айырылыпты.

Таудағы ешкі ыңғай берсе,  
Сайдағы теке дедектеп жетеді.

«Шөре-шөре» дегенді,  
Лақ білмес болар ма?  
Мезіреті қылғанды,  
Қонақ білмес болар ма?

Іс оңына басарда,  
Шыбыш лақтап, тоқты қоздайды.

Ісек қойдың басы үлкен,  
Саулық<sup>2</sup> қойдың жасы үлкен.

<sup>1</sup> Шыбыш – бір мен екі жастың арасындағы ұрғашы ешкі.

<sup>2</sup> Саулық – үш жастан асқан қозылы қой.

## ЕСЕК

Есекті отқа айдаса, боққа қашар.

Есек басыммен түйені жетектедім.

Есектің күші — адал, еті — арам.

Есек семірсе, иесін тебер.

Есек мінген — еңбегін мінеді,  
Екі жақтап тебінеді.

Есек мінгеннің екі аяғына дамыл жоқ.

Есегіне қарай тұсауы.

Есекке күміс ер жараспас.

Есек барға саналса да,  
Малға саналмайды.

Есекке — шалшық,  
Сұңқарға — талшық.

Есек жүрдек қатқақта,  
Сыры мәлім батпақта.

Есектің жүгі жеңіл болса, жатаған болады.

Иесіз есекті бөрі жейді.

## ИТ

Ауыл итінің құйрығы қайқы.

Ауыл иті ала болса да,  
Бөрі көргенде, бірігіп кетеді.

Асқа талау түссе,  
Ит мұратына жетеді.

Ақсақ ит сау иттен сауға тілейді.

Ауылға жақындағанда ит озады.

Ақ ит, қара ит — бәрі ит.

Ауылы жақын ит қасқырдан қорықпас.

Асы жоқ үйді ит те сүймейді.

Ел жатпай, ит жатпас.

Бір ит көріп үреді,  
Бір ит еріп үреді.

Еттің бәрі қазы болмас,  
Иттің бәрі тазы<sup>1</sup> болмас.

Байлаулы ит — қабаған.

Жақсы ит малдан артық.

Жақсы ит — ырыс, жақсы ат — тыныс.

Жетелеген төбет<sup>2</sup> қораға үрмес.

Жаман ит жетелегенмен, сақ болмайды.

Жетектеген ит аңға жарамас.

Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.

Жалғыз иттің үргені білінбес,  
Жалғыз кісінің жүргені білінбес.

Жаман иттің атын Бөрібасар қояр.

Жеңген иттің желкесінен.

Жарамсақтанған ит  
Жатқанша таяқ жейді.

<sup>1</sup> Тазы — аң алатын жүйрік ит, құмай.

<sup>2</sup> Төбет — үлкен арлан ит.

Жауда қалған бұлбұлдан  
Елге қайтқан ит озады.

Жолы қырсыққан итке боқ кездеспес.

Жаңғырық жалап ит тоймас.

Ит айдауға көнбейді,  
Жын байлауға көнбейді.

Ит — опа, қатын — қапа.

Иттің аузынан сүйек алып болмас.

Ит қой санатпайды.

Иттің басын табаққа салсаң, ыршып түсер.

Иттің жаманы ұры кеткен соң үреді.

Ит жүйрігін түлкі сүймес,  
Ауру кісі күлкі сүймес.

Ит құтырса, иесін қабар,  
Торғай құтырса, бүркітке шабар.

Ит асы — қара быламық<sup>1</sup>.

Иттің ұлығанын бөрі естімес,  
Бөрінің ұлығанын Тәңірі естімес.

Иттің табаны қышыса, керуенге ереді.

Иттің иесі болса,  
Бөрінің Тәңірісі бар.

Иттің ырылдасқаны — амандасқаны.

Иттің атасы жоқ.

Иттің боқ жемесе басы ауырады.

<sup>1</sup> Быламық — ұннан, жармадан пісірілетін қатықсыз сұйық тағам.

Иттің мойнына алтын қарғы тақса да,  
Боқ жеуін қоймайды.

Иттің ішіне сары май жақпас.

Иттің аузына түскен қансоқта,  
Жаншылмай шықпайды.

Иттің жауы — дуана,  
Келіннің жауы — кейуана.

Итке ит жерошақта жолығады,  
Қуға қу намазшамда жолығады.

Итті «күшім-күшім» десең, аузыңды жалайды.

Итке артқан қос жолда қалар,  
Нарға артқан қос елге барар.

Итке тұмар жараспас.

Итке темір не керек.

Итті күшігінде үйрет.

Итті иесімен қинасын.

Итаяғын ит те қориды.

Итаяғын жаламай ит тоймайды.

Иттен сауын болмас,  
Иттүйнектен<sup>1</sup> қауын болмас.

Ит те бойдағында керіледі.

Итпен құда болсаң,  
Боқпен той жасарсың.

Ит төлеуі — бір күшік.

Ит ашуын тырнадан алады,  
Бит ашуын бүргеден алады.

<sup>1</sup> Иттүйнек — күзде пісіп-жетілмей қалған кішкене қауын.

Ит атасын танымас.

Ит аулақта доңыз төбеге шығады.

Ит — адамның құлағы.

Ит ашуын мысықтан алады.

Ит арбаның астында жүріп,  
«Мен арқалап жүрмін», — дейді.

Ит баласы — сүйгінші,  
Тұра бара — құсқыншы.

Ит баласы жырымға қарайды,  
Нар баласы Қырымға қарайды.

Ит балалап, сауын болмас,  
Бұлт болмай, жауын болмас.

Ит баласын ырылдап сүйеді.

Ит баласы жүре азар.

Ит бір сүрінгенде қырық сүрінеді.

Ит жеңгенін талайды.

Ит жеген ішінен таусылар.

Ит жоқта, шошқа үреді қораға,  
Би жоқта, құл жүреді жораға.

Ит жемес асынан дәметер.

Ит — жеті қазынаның бірі.

Ит иесі үшін,  
Құс тамағы үшін.

Ит иесі үшін жүгіреді,  
Құс тамағы үшін ұшады.



Ит иесіне үрмес.

Ит те иесін сыйлайды.

Ит те иесіне тартады.

Ит итті жұмсайды,  
Ит құйрығын жұмсайды.

Ит қарғылы болса,  
Қайырғанға қарамас.

Ит қорыған жерге өш.

Ит иттігін қылмай қоймас.

Ит иттігін істемесе,  
«Ит» атынан айырылады.

Ырылдарсың, қаппассың,  
Менен жақсы таппасың.

Ит не жұтса, соны құсады.

Ит ластығымен дарияны арамдай алмас.

Ит — опа, хайуан — жапа.

Ит пысқырса, мал өледі,  
Қожа пысқырса, адам өледі.

Ит семірсе, кісіні қабар.

Ит тойса, атасын танымас.

Ит тойған жерін табар,  
Ер туған жерін табар.

Ит үрер, керуен көшер.

Ит: «Түйені балыққа неге айырбастамайды екен?» — депті.

Ит ұяласынан қорықпас.

Ит терісі и болмас.  
Нәпсісі жаман би болмас.

Ит тұмсығы жерде жатпас.

Көк итті көп ит жеңеді.

Көп жортқан ит күшалаға жолығады.

«Кет» дегенде, ит те кетеді.

Күніне жүз түлкі алса да,  
Тазының «ит» аты қалмайды.

Күйі жоқ ит жүгірмес.

Қанден иттің қартайғанша «күшік» аты қалмайды.

Қу сүйекті ит те қажамайды.

Қара иттің ұяты ақ итке тиер.

Қазаннан қақпақ кетсе,  
Иттен ұят кетеді.

Қабаған ит үрмей жүгіреді.

Қабаған ит қайыр байлайды.

Қыры кеткеннің иті қырын жүгіреді.

Қорасында қойы жоқтың  
Итінің сағына қара.

Қорқақ ит үреген.

Майлаған қайысқа ит өш.

Өлі бөріні ит аттамас.

Сүйкімді күшіктің жетер жері — дүрдиген төбеттігі.

Түлкі алған итке сын жоқ.

Таудағы тұлкіні табындағы тазы алады.

Ұры ит тойса да, тіміскілегенін қоймайды.

Ұры иттің тапқанын сұғанақ ит жеп кетеді.

Үре білмеген ит үйіне қонақ келтіреді.

Үндемеген ит қабаған.

Үндемей қапқан ит жаман,  
Борбайдан шаққан бит жаман.

Үреген ит кісі қаппас.

Шаруаның иті де ұрғашы болсын.

## МЫСЫҚ

Жанынан безген мысық  
Жолбарыстың көзін тырнайды.

Мысық та жолбарысша қуанады.

Мысықтың мәулені мияулап туады.

Мысыққа ойын, тышқанға өмір керек.

Мысық жоқта тышқан төбеге шығады.

## АҢ-ҚҰС. АҢШЫЛЫҚ. САЯТШЫЛЫҚ

Абыройлы жігітке  
Ажалды қоян жолығады.

Аң таппаған атынан көреді,  
Ата алмаса, мылтығынан көреді.

Аңды, иә, көрінбеген атады,  
Иә, ерінбеген атады.

Аңшының кешіккеніне сүйін.

Аңқауға қырғауыл қайда?

Ақымақтың оғы аңға тимейді, тауға тиеді.

Алса — құсым,  
Алмаса — желпуішім.

Атан өлсе, сойылар,  
Атам өлсе, қойылар.  
Күнде мұндай қансонар  
Қайдан маған табылар?!

Атасы басқамен аң аулама,  
Атар да, жанына байлар.

Атқанның құсын жатқан байланар.

Атқан мерген емес, тигізген мерген.

Аюдан қорыққан тоғайға бармас.

Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады.

Тағам тән семіртеді,  
Аңшылық жан семіртеді.

Шын аңшының алдына аң өзі келеді.

Арыстан айға шауып мерт болыпты.

Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл.

Арыстанға темір шынжыр — ар емес.

Арыстандай күшің болса, түлкідей әдісің болсын.

Арыстанның ойынынан түлкінің мойыны үзіледі.

Арыстанда бір жігіттің күші,  
Қырық жігіттің жүрегі бар.

Арыстан қартайса, тышқанның інін аңдыр.

Жолбарыста бір жігіттің жүрегі,  
Қырық жігіттің күші бар.

Бөрі азығы мен ұры азығы жолда.

Бөрі арығын білдірмес,  
Сыртқа жүнін қампайтар.

Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан.

Бөрі баласын асырағанмен, ит болмас.

Кәрі қасқыр қақпанға түспес.

Қасқыр айдағанға көнбес,  
Шошқа байлағанға көнбес.

Қасқыр қартайса да, қойға әлі келеді.

Қасқыр қарызын терісімен төлейді.

Қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз.

Қасқыр ұлып, ұяласын шақырады.

Қасқырдан қайрат кетсе,  
Ешкіні «апа», текені «жезде» дейді.

Қасқырды сұрлығы үшін ұрмайды,  
Ұрлығы үшін ұрады.

Қасқырдың жылағаны Құдайдың құлағына жетпейді.

Қасқырдың ойлағаны — арамдық,  
Қойдың ойлағаны — амандық.

Мықты қасқыр  
Тай-құнанға шабады.  
Мықыр<sup>1</sup> қасқыр  
Қозы-лақты қағады.

<sup>1</sup> Мықыр — тапал, тайпақ, аласа.

Айлалы түлкі алдырмас.

Әр таудың түлкісін өз қыраны алады.

Бір түлкі жеті бөріні алдайды.

Көбік қарда түлкі ойнар,  
Көк шалғында жылқы ойнар.

Көп жортқан түлкі терісінен айырылады.

Тазыдан қашқан түлкі қақпанға тап болады.

Түлкі өз құйрығын куәлікке тартады.

Түлкі терісінен жазады,  
Бай малынан жазады.

Түлкіні түн асырайды.

Түлкінің тоқсан екі тәсілі бар, ең абзалы — көрінбеген.

Түлкінің қызылдығы — өзінің соры.

Жатқан жыланның құйрығын баспа.

Жылан жалбыздан қашар.

Жылан иір-иір жүрсе де,  
Ініне түзу кіреді.

Жылан өз бойына қарамай,  
Түйе мойнын «иір» дейді.

Жыланды үш кессе де, кесірткедей қауқары бар.

Жыланға түк біткен сайын қалтырауық.

Жыланның бауыры майда,  
Басы заһарлы.

Жыланның сырты — жылтыр, іші — у.

Көп жүрген жылан аяғын көрсетер.

Қазына бар жерде жылан бар.

Ордалы жыланмен ойнама.

Улы жыланның терісі жұмсақ.

Ай жарық, қоян арық.

Ақ қоян алдырмайды, өрде болса,  
Ақсақал бас мүжиді, төрде болса.

Бір жылға қоян терісі де шыдайды.

Қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді.

Қоянның қарасын көріп, қалжасынан түңіл.

Көкпар — тартқандікі,  
Қоян — қаққандікі.

Алпыс қарсақ ат болмас.

Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады.

Көп суыр ін қазбас,  
Ін қазса да, кең қазбас.

Суыр сүреңін<sup>1</sup> табады.

Борсық ұрған сайын семіреді.

Ажалды тышқанға аш мысық кез болар.

Екі тышқан бір байдың жұртына таласыпты.

Өлейін деген тышқан  
Мысықтың құйрығымен ойнайды.

Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.

<sup>1</sup> Сүрең (жергілікті) — соқпақ, із.

Тышқанның тәңірі — мысық.

Тышқан ініне кіре алмай жүріп,  
Құйрығына қалжуыр<sup>1</sup> байлайды.

Алпыс құлан ат болмас.

Қағынан жеріген құлан  
Қаңғырып жүріп, шөлден өлер.

Қақты жердің қадірін құлан білер,  
Орман-тоғай қадірін бұлан білер.

Құлан басына күн туса, қодығына қарамас.

Құлан — қырда, құндыз — суда.

Құлан қағын қорғайды.

Құлан құдыққа құласа,  
Құлағында құрбақа ойнар.

Құлан қайда семірсе,  
Сол жерге түгін төгеді.

Құланның қасуына — мылтықтың басуы.

Құланның оттауы бір, жусауы бөлек.

Ордалы құлан ақсағын білдірмес.

Арқар — құлжасымен,  
Өзен — жылғасымен.

Ажалды киік адырға қашады.

Әр таудың шүйгінін аңсаған бұғы аштан өледі.

Балалы марал маңырайды,  
Баласыз марал зарлайды.

Бұғының мүйізі қарайғайдай, өзіне қаңбақтай.

<sup>1</sup> Қалжуыр — ішінде салдырлайтын заты бар қаңылтыр қалбыр, қорап.



Бұланға ерген шөпке аунар,  
Доңызға ерген боққа аунар.

Бір киікті бір тау аш қылмайды.

Тауда жүрген киіктің  
Көзінен өзге айыбы жоқ.

Таутекенің тауға шықпаса, тұяғы қышиды.

Балық жаны суда.

Балық жоқта бақа да — балық.

Балық тілін бақа білер.

Балық — көлге, бақа — шөлге.

Балықтың да сегіз қанаты бар.

Балық басынан шіриді.

Балықта сүт болмайды,  
Шабағын теңіз асырайды.

Бекіре балық тұмсығы  
Тасқа тимей қайтпайды.

Жар құласа, жайын өледі.

Шортанның өзі өлсе де, тісі қалады.

Құс көк сеңгірге бір қонады.

Құс жеткен жеріне қонады.

Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады.

Ақсұңқардың баласы  
Алдына қоймай, ас жемес.

Аспандағы сұңқардан  
Қолдағы тұрымтай артық.

Аттың бәрі тұлпар емес,  
Құстың бәрі сұңқар емес.

Баба бүркіт барлап ұшады,  
Бала бүркіт парлап ұшады.

Бүркіт қартайғанда тышқан аулайды.

Жапалақ жамбасына басып жейді,  
Ақсұңқар жан-жағына шашып жейді.

Кенді жерде жылан бар,  
Шөлді жерде қыран бар.

Жеріне қарай жыланы,  
Тауына қарай құланы.

Қиядағы қызыл түлкіні  
Қияннан соққан бүркіт алады.

Ителгінің баласы ілмей қалмас.

Ителгінің қызығына қызсаң,  
Қаршығанды қамшы етерсің.

Қаршыға қазан қайнатар,  
Ителгі иығыңды талдырар.

Қаршыға екі ілмейді,  
Хан екі айтпайды.

Сұңқар қанаты ұшқанда қатаяды.

Сұңқар орманға тартар,  
Тұлпар қорғанға тартар.

Таудай толқын басса да,  
Суға батпас қасқалдақ.  
Қанша боран соқса да,  
Қыран ұшар аспандап.

Аққудың қасында жапалақ жараспас.

Аққу жүзсе, су сұлу.

Бір қарлығаш келгенмен, жаз болмайды,  
Бір сауысқан келгенмен, қыс болмайды.

Бұлбұл құс зымыстан<sup>1</sup> көрмей,  
Гүлстан қадірін білмес.

Гүл ашылмай, бұлбұл сайрамас.

Саясы жоқ бұтаққа бұлбұл қонбайды.

Екі түйғын жабылса, қаздың соры.

Қаз келсе, жаз келер,  
Қарға келсе, қатқақ болар.

Қаз тойғанына семірмейді,  
Орғанына семіреді.

Қаз ұшса, көлді үйрек иеленеді.

Сасқан үйрек артымен сүңгір.

Шабан үйрек бұрын ұшар.

Мезгілсіз шақырған әтештің  
Айдарын жұлмақ керек.

Соқыр тауыққа бәрі бидай.

Тауықтың түсіне тары кіреді.

Тауықсыз да таң атар.

Ұрысқақ қоразға шыр бітпес.

Жапалаққа күннен түн жақсы.

Керуеннің түнгі жүрісін бозторғай біледі.

Торғай жаңбыр жауса, баласын қорғайды,  
Бұршақ жауса, басын қорғайды.

<sup>1</sup> Зымыстан — қыс, аяз.

Дегелек келсе, жаз болар,  
Бала-шаға мәз болар.

Көкек өз атын өзі шақырады.

Құзғын мың жасайды.

Екі қарға таласса,  
Бір құзғынға жем болар.

Қарға қарғаның көзін шоқымайды.

Қарғаның бір көзі оқта,  
Бір көзі боқта.

Сақ қарға сағағынан ілінер.

Сауысқан тотықұстың жүрісіне салам деп,  
Өз жүрісінен жаңылыпты.

Сауысқан бір шоқып, қырық қаранады.

Сауысқан шоқығанмен, тоқ болмайды.

Тырнадан қарауыл қойсаң,  
Төбеңнен қиқу кетпес.

Шағала келмей, жаз болмас,  
Шаңқан болмай, боз болмас.

## УАҚЫТ. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. ТАБИҒАТ

Айдың да жартысы жарық,  
Жартысы қараңғы.

Адасқанда — жұлдыз айдай,  
Қарын ашқанда — көже майдай.

Ештен кеш жақсы.

Жазғытұрғы жел жардай атаңды жығады.

Жазда қайрат жұмсаған — қыста қуанар.

Жаздың бір күні  
Қыстың он күніне татыр.

Жел — дауылдың шақырушысы.

Жер шегесі — тау,  
Дау шегесі — ант.

Жеті тоқсанда жер мұздайды.

Жол соқпақтан, өзен бұлақтан басталады.

Жыл деген ат басын бұрғанша,  
Ай деген аунап тұрғанша.

Заманына қарай адамы.

Заманына қарай заңы,  
Тоғайына қарай аңы.

Заманың қалай болса,  
Бөркінді солай ки.

Заманың түлкі болса,  
Тазы боп шал.

Кешегі күннен алыс жоқ,  
Ертеңгі күннен жақын жоқ.

Көлдің көркі — құрақ,  
Таудың көркі — бұлақ.

Күн күркіресе, жер иір,  
Жер иісе, мал иір.

Қыс қыстығын қылмаса,  
Жаз жаздығын қылмайды.

Қыста қысыл,  
Жазда жадыра.

Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр —  
Жерге жауған нұр.

Қыстың қамын жаз ойла,  
Бір ойлама, үш ойла.

Нөсер алдында найзағай ойнар.

Өткен күнде белгі жоқ.

Өткен күнді қуып жетпессің.

Сақырлаған аязда сары қамысты сағала.

Сәуір келмей, тәуір болмас.

Сәуір болса, күн күркірер,  
Күн күркіресе, көк дүркірер.

Сүмбіле<sup>1</sup> туса, су суыр.

Таң атпасқа күн қоймайды.

Тәңірінің күні тарыдан көп.

Теңіз тамшыдан құралады.

Туған Ай — туралған ет.


Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.

Үркерлі<sup>2</sup> айдың бәрі қыс.

Үркер туса, сорпа да — ас.

<sup>1</sup> Сүмбіле — ғылым тілінде Сириус деп аталатын жұлдыз.

<sup>2</sup> Үркер — Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін жұлдыз шоғыры.



А. Баржақсыбаласы. «Мың бір мақал». Мәскеу, 1923.



Суретші Е. Оспанұлы



# ЖҰМБАҚТАР

Жұмбақ – адамзаттың ой-өрісін, ақыл-парасатын, білім деңгейін, тапқырлығын сынап-білу үшін арнайы бір зат, ұғым, болмаса құбылыс астарланып, тұспалданып, жорамалданып сипатталатын шағын жанрдың түрі. Ежелгі адамдарға айналасындағы орта, құбылыстар жұмбақ болып көрінгендіктен, олар көбіне бір-бірімен астарлы түрде сөйлескен. Сол себепті ғалымдар «бұл жанрдың түпкі тегі тыйым сөздер мен табудан шығып, қалыптасқан» деген пікірді ұстанады. Қазақ жұмбақтары да ұзақ даму үдерісінен өтіп, халық әдебиетінің арнайы бір жанрына айналды. Жұмбақтың тақырыптық аясы кең. Ерте кезеңдерде жұмбақтардың дені халықтың көшпелі өміріне, малшаруашылығына қатысты заттар мен табиғат құбылыстарына арналды. Оның басты ерекшелігі – көлемі жағынан шағын, құрылымы жағынан жұмыр, көркем тілдің нәрімен нақышталғандығы. Жұмбақ таным құралы болғандықтан, бір затты немесе құбылысты ажарлап, жан-жақты құбылтып, сан қырынан танып, ұғынуға мүмкіндік жасалады. Оның тез әрі нақты шешілуі үшін, жұмбақталған нысанның сипаты дәл, толық күйінде беріледі.

Қазақ жұмбақтарының көркем әрі күрделенген түрлерінің бірі – жұмбақ айтыстар. Бұл туындылардың мазмұны қаншалық терең болғанына қарамай, оның жауабы қолма-қол, жүйелі, көркем тілмен баяндалады. Сондықтан жұмбақ айтыстар әлемнің өзге халықтарында өте сирек кездеседі.

Қазақ жұмбақтарын жинау XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қолға алынып, жариялау жұмыстары да жүргізіле бастады. Бұл ретте Т. Сейдалин мен С. Жантөриннің, П.М. Мелиоранскийдың, А.В. Васильевтің, С. Мұхаметсалықұлының, О. Жәнібековтің, кеңестік кезеңде С. Аманжоловтың, Т. Жанұзақовтың еңбектерін атап өтуге болады. Ел тәуелсіздігінен кейінгі жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Ш. Керімнің құрастыруымен «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының аясында «Жұмбақтар» (2011, 64-т.) атты академиялық басылым жарық көргі.

Жұмбақтар туралы әр жылдары А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Әбжанов, Ж. Ағамбаева, Н. Оңғарбаева, Ш. Керім т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында жұмбақтардың сирек қорларда сақталған, көне кітаптар мен басылымдарда жарияланған мәтіндері іріктеліп алынды. Олардың нұсқалары салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді.



## АСПАН ӘЛЕМІ

Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,  
Жаз шіріп, қыста үсіп, тоңбайтұғын.  
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,  
Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (*Көк, аспан*)

Бір түкті кілем,  
Бірі түксіз кілем. (*Аспан, жер*)

Жапанда жайнап тұрған бір бәйтерек,  
Заты бар бұтақ сайын жанға керек.  
Балта, шөміш, түрен мен мойынтұрық<sup>1</sup> —  
Төртеуін таңдап алдым ерекше елеп.  
(*Түнгі аспан, Үш арқар, Жетіқарақшы, Көкбозат, Ақбозат, Арқан, Таразы жұлдыздары*)

Екі тері,  
Екеуі де кең тері. (*Аспан, жер*)

Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды,  
Екеуі қызықтырған талайынды.  
Жүдемес төрт маусымда мұңаймаса,  
Тұрады нұрға малып маңайынды. (*Ай, Күн*)

Дарияда жайын жүзер дөп-дөңгелек,  
Қанаты асты қара бір көбелек.  
Жанады бір шаһарда сансыз шырақ,  
Адамға қиын екен санап білмек.  
(*Ай, Күн, күндіз, түн, жұлдыздар*)

Көрінді түү алыстан көкше теңіз,  
Тырнадан он бірі арық, бірі семіз,  
Бөлініп бір топ үйрек кетті-ау ұшып,  
Ол үйрек әлде жеті, әлде сегіз.  
(*Аспан, он екі ай, бір ай ораза, Үркердің бірде жеті, бірде сегіз болып көрінуі*)

Табан, табан, табан ақ,  
Табаны жалпақ қоян ақ.  
Күлген көзі күмістен,  
Келе жатыр қоян ақ. (*Күн*)

<sup>1</sup> Мойынтұрық — арба, шана, соқа тартатын өгіздердің мойнына салатын арнаулы ағаш құрал.

Көк жиекті шайтабақта  
Алтын алма тербелер.  
Кейде бүркер алма жүзін  
Ұлпа мақта перделер. (Күн)

Жағалдайдың түйесі  
Жар жағалап келеді.  
Сауырында<sup>1</sup> таңбасы  
Күйіп-жанып келеді. (Күн)

Ұзын-ұзын сырғанақ,  
Ұшығына кім жетер?  
Асыл бесік күйкентай,  
Жұмыртқасын кім табар? (Күннің батуы, шығуы)

Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен дүрлер шашылды. (Күннің көзі)

Қарындасы қонаға  
Ағасын іздеп келгенде,  
Ағасы қашып кетеді,  
Үйден шығып, бір жерге. (Ай мен Күн)

Біреудің бір ұлы бар және қызы,  
Біледі бұл екеуін жердің жүзі.  
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,  
Жүргенде білінбейді басқан ізі. (Күн мен Ай)

Ақырған айдаһардай арыстаным,  
Айтысып тағы жұмбақ қалыспағын.  
Екі өркеш, жеті башпай жұмбағым бар,  
Осыны ойламай тап, данышпаным. (Ай, Күн, апта)

Қонақтап күнде қонар су бетіне,  
Сүйсінер барлық адам келбетіне.  
Тұлғасы су ішінде көрінеді,  
Таңырқап қарап тұрсам суретіне. (Ай)

Төсек астында жарты нан. (Ай)

Жүзген көлде ақ үйрек,  
Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)

<sup>1</sup> Сауыр – малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Көп моншақ ішінде бір түйір қалам. (Ай)

Керегенің басында кепкен бауыр,  
Кесіп алса таусылмас неткен бауыр?! (Ай)

Кейде орта, кейде толы бір тегене,  
Көрінер кейде күндіз, кейде түнде,  
Бетіне ақ шағыдан перде тартқан,  
Балалар, ойлап қара, бұл немене? (Ай)

Тақырда тайдың ізі,  
Айналасы қойдың ізі. (Ай мен жұлдыз)

Тақырда Аймағамбет өліп жатыр,  
Қасында есек жемі толып жатыр. (Ай мен жұлдыз)

Үй үстінде алтын тас,  
Алайын десем, алынбас. (Жұлдыз)

Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,  
Қарасам, толып жатыр көзін ашып.  
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,  
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып. (Жұлдыз)

Тақиям толған сөк<sup>1</sup>,  
Ерте тұрсам, дым да жоқ. (Жұлдыз)

Біз, біз, біз едік,  
Отыз арба қыз едік,  
Бір тақтайға жиналдық,  
Таң атқанда жоқ болдық. (Жұлдыз)

Бір байдың мың қойы қоздайды екен,  
Біреуі біреуінен озбайды екен.  
Болғанмен алтын астау, күміс күндеу,  
Болғанша қиямет-қайым тозбайды екен. (Жұлдыз)

Күн батқан соң жайылдық,  
Таң атқанша тойындық.  
Таң атып, жарық түскен соң,  
Тойынып алып, жойылдық. (Жұлдыз)

<sup>1</sup> Сөк — қауызынан арылған ақталған тары.

Алтын бәкі,  
Күміс сәкі,  
Қырық қысырақ<sup>1</sup>,  
Бір сәуірік<sup>2</sup>. (Күн, Шолпан, жұлдыз, Ай)

Бір емен, жеті терек, алты қайың,  
Бұтағы толып жатыр дайым, дайым,  
Ішінде шынар терек, үш қарағай,  
Өңгесін айта беріп не қылайын?  
(Шолпан, Жетіқарақшы, Үркер, Үш таразы)

Жеті ағам жерге түспейді. (Жетіқарақшы)

Алты қоян қашады бұдан былай,  
Жеті лашын қуады ұдай-ұдай.  
Артынан екі бүркіт тағы кетті,  
Шешіп бер жұмбағымды қарап тұрмай.  
(Үркер, Жетіқарақшы, Ай, Күн)

Байладым бір қазыққа екі жылқы,  
Екі жігіт ала алмай, болды күлкі.  
Жетеуі бір қызға ғашық болып,  
Ағарды қасіреттен сақал-мұрты.  
(Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат,  
Жетіқарақшы, Шолпан)

Туғанда алтау едім,  
Өле-өле жетеу болдым. (Үркер)

## ЖЕР, ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Сатайын десем, ауыр кілем,  
Сатпайын десем, тәуір кілем. (Жер)

Өлшеусіз піштім,  
Жіпсіз тіктім. (Жер)

Бір жатқан зор кемеңгер қара кісі,  
Қимылдар сол кісіден елдің тісі.  
Талқандап беті-жүзін тырнасаң да,  
Бір ауыз «Неге өйттің?» деу емес ісі. (Жер)

<sup>1</sup> Қысырақ – үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып, құлындамаған жас байтал не бие.

<sup>2</sup> Сәуірік – жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр.

Көк жүнді бір өгіз бар еті қара,  
Тілгіле өне бойын етіп пара.  
Етін жеп жатсам дағы майын сорып,  
Болмайды өлмек түгіл, титтей жара. (*Жер*)

Жайы-жайы, жай кілем,  
Жайылып жатқан бір кілем,  
Түр-түр кілем, түр кілем,  
Төгіліп жатқан кір кілем. (*Көктемдегі жер*)

Ұзын кілемім бар,  
Көтеріп ала алмаймын.  
Ұзын арқаным бар,  
Оны жиып ала алмаймын. (*Жер мен жол*)

Үлкен-үлкен түйені  
Тастапты атам шөгеріп.  
Өркеші бұлтқа тиеді,  
Бауыры жатыр көгеріп. (*Тау*)

Бар-бар, атым бар,  
Жүйрік қана затым бар.  
Жылқыға ұқсап кісінемес,  
Қолға ұстасам, тістемес. (*Арықтың суы*)

Жылт-жылт еткен,  
Жырадан өткен. (*Су*)

Ұзын-ұзын ұз келеді,  
Ұзын бойлы қыз келеді.  
Қасы қалтырап,  
Көзі жалтырап. (*Су*)

Қара күннен қалтырауық,  
Қабырғасы жалтырауық. (*Су*)

Отқа жанбас,  
Суға батпас. (*Мұз*)

Ақ қойым тұрып кетті,  
Қара қойым жатып қалды. (*Қар мен жер*)

Бір түйем жүре алмайды майы көптен,  
Ол түйем тойынбайды жеген шөптен.

Егер де осы түйем өліп қалса,  
Сүйегі табылмайды жер мен көктен. (Қар)

Ақ шапанын үстінен  
Алты ай бойы шешпейді.  
Қара шапаны үстінен  
Алты ай бойы түспейді. (Қысқы ақ қар, жазғы қара жер)

Тама-тама тас тескен. (Тамшы)

Жылай-жылай жер тестім. (Тамшы)

Құлағы мен көзі жоқ,  
Жоқ тіпті қол мен аяғы.  
Бірақ ғажап өнерпаз,  
Мәнерлеп ою ояды. (Қырау)

Қолы жоқ, сурет салады,  
Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

Терісін жыртпай, етін жеген,  
Жілігін шақпай, майын жеген. (Аяз)

Қанаты жоқ, ұшады,  
Аяғы жоқ, желеді,  
Аузы жоқ, ұлиды. (Боран)

Ақ боз жорға,  
Күн бұрын ойламасаң,  
Кезігерсің көп сорға. (Боран)

Бір орында тұрмайды,  
Қусаң, мойнын бұрмайды. (Жаяу борасын)

Бар екен бір мақұлық боздайтұғын,  
Жұлқынып, төңіректі қоршайтұғын.  
Жаһанды жалпағынан басып өтіп,  
Ұшқан құс, жүгірген аң озбайтұғын. (Жел)

Ашуланып бұртияды,  
Аузы көпіріп құтырады.  
Ашушаң ақымақ,  
Кез келгенді ұшырады. (Құйын)

Жұмбағым жұтылды,  
Ойға қарай құтылды. (*Құйын*)

Алтын аяқ,  
Жете алмадым  
Жалаңаяқ. (*Сағым*)

Үстінде шөлдiң  
Толқыған көлмін. (*Сағым*)

Қанатсыз құс маңып барады,  
Көзінен жасы тамып барады. (*Бұлт*)

Бесірдегі бес бие,  
Бесеуі де құлынды.  
Құлындары торы ала,  
Құйрықтары сары ала. (*Ала бұлт*)

Қырда қылыш жарқылдайды. (*Найзағай*)

Аспанда бір нәрсе бар, жылмаңдайды,  
Тау басында жүгіріп, қылмаңдайды.  
Жанына жан иесі жақын келсе,  
Бақырып, бас салуға тайынбайды. (*Найзағай*)

Әуеден күбі түсті,  
Күбінің түбі түсті. (*Күннің күркіреуі*)

Тау тарс етсе, тағы үркер,  
Таудағы елдің малы үркер.  
Қырдағы жылқы үркер,  
Жортып жүрген түлкі үркер. (*Күннің күркіреуі*)

Қаратаудың басында  
Киік кетіп барады.  
Қол-аяғы баурына  
Тиіп кетіп барады. (*Тұман*)

Ата-екем жерге пышағын шанышты. (*Жаңбыр*)

Тарсылдатып түседі,  
Жер бетіне жетеді.  
Жер бетіне жеткен соң  
Ғайып болып кетеді. (*Бұршақ*)



## ЕГІС ЖӘНЕ ӨСІМДІКТЕР

Аласа терек,  
Алпыс бұтақ,  
Бұтақ сайын ұя,  
Ұя сайын жұмыртқа. (*Масақ*)

Бір ағашта қырық бұтақ,  
Қырық бұтақта қырық ұя,  
Қырық ұяда қырық жұмыртқа,  
Қырық жұмыртқада қырық балапан. (*Бигайдың масағы*)

Ұзын мұртты сарылар,  
Қойындарында наны бар. (*Бигай*)

Мынау неге мұңаяды,  
Бір жағына қыңыраяды?  
Аузы-басын түк басып,  
Тұмсығы неге қызарады? (*Тары*)

Пәре-пәре болды,  
Басы айналып, жара болды.  
Бастарына жүн шығып,  
Басымызға бәле болды. (*Жүгері*)

Бойы бір қарыс,  
Айдары екі қарыс. (*Жүгері*)

Көк лағым көгенде<sup>1</sup> тұрып семірген. (*Қарбыз*)

Сусыз піскен ас көрдім,  
Домаланған бас көрдім.  
Бауыздасаң, қан орнына су ағар. (*Қауын*)

Бір арқанда отыз қой байлаулы жатыр. (*Қауын*)

Ұзын-ұзын әулие,  
Онан да ұзын әулие.  
Тораңғылдың түбінде  
Теңкиіп жатқан әулие. (*Асқабаяқ*)

<sup>1</sup> Көген — қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар (бір ұшы ілмекті, бір ұшы түйілген бау жіптер) тізбегі.

Атан түйе тұралап,  
Аштан қатып қалған ба?  
Бір-ақ уыс құмалақ,  
Шықты қарнын жарғанда. (*Асқабак*)

Ояғы тау, бұяғы тау,  
Ортасында бұжыр тау. (*Жаңғақ*)

Асты тас, үсті тас,  
Шағып жесең, піскен ас. (*Жаңғақ*)

Домалақ қана албар,<sup>1</sup>  
Ішінде қатты дән бар. (*Анар*)

Кішкентай ғана құтша<sup>2</sup>,  
Іші толы мықша<sup>3</sup>. (*Анар*)

Үстіне тігіп көк шатыр,  
Астында қызғылт дәу жатыр. (*Қызылша*)

Үлпершекке<sup>4</sup> қан құйып,  
Үріп, талға байлады. (*Бүлдірген*)

Қыналы бармақ,  
Жез оймақ. (*Бүлдірген*)

Біз, біз, біз едік,  
Біз де бір топ қыз едік.  
Бізді бізіп қойды,  
Бір жіпке тізіп қойды. (*Шие*)

Арбайған әкесі бар,  
Тарбайған шешесі бар. (*Шие ағашы*)

Атасы — бүкір қожа,  
Анасы — жайма шелпек.  
Баласы — шырын, шекер,  
Бір сабақта құж-құж жентек. (*Жүзім*)

<sup>1</sup> Албар — 1. Үйге жалғаса салынатын мал қора. 2. Үйдің кіреберісі, сенегі.

<sup>2</sup> Құтша (құтыша) — кішкентай құты.

<sup>3</sup> Мықша (мық) — уақ шеге.

<sup>4</sup> Үлпершек — жүрек қабының үстіндегі май қабаты.

Бір анадан жүз бала,  
Жүзі де боз бала. (*Жүзім*)

Бұты, бұты ұзын,  
Бұтынан да қолы ұзын. (*Жүзім*)

Аспай піскен,  
Қайнамай түскен. (*Жеміс*)

Отырған мекен етіп жапан дала,  
Бірталай мақұлыққа болған ана.  
Мезгілі жеткен шақта жүкті болып,  
Алты айда табады екен сансыз бала. (*Алма ағашы*)

Әрі қызыл, әрі тәтті,  
Татқан жанды таңырқатты. (*Алма*)

Жер астында темір қазық. (*Сәбіз*)

Ол өзі мекен еткен жаһан дала,  
Атасы, анасымен біреу ғана.  
Қысында бар баласы кетіп бітсе,  
Жазында қайта бітер сансыз бала. (*Ағаш және жапырақ*)

Ұзын-ұзын, ұзарады,  
Ағарады, бозарады.  
Өскен сайын басын иіп,  
Мұңаяды, қызарады. (*Мәжнүн тал*)

Тікен, тікен, тік пісте,  
Қысы-жазы бір түсте. (*Шырша*)

Күннің нұрын сүйемін,  
Күнге басымды иемін.  
Моншағым жоқ мойнымда,  
Үлкен қалпақ киемін. (*Күнбағыс*)

Бір сиырым ала бас,  
Жан-жағына қарамас. (*Күнбағыс*)

Бес-бес біләлі,  
Білектері қыналы,  
Жасыл ала тон киіп,  
Жайнап шыққан біләлі. (*Қызғалдақ*)

Ұзын-ұзын, ұзарды,  
Іші неге қызарды,  
Аузы-басын түк басып,  
Басы неге мұңайды? (Қонақ геген шөл)

Ұшарымды жел біледі,  
Қонарымды сай біледі. (Қаңбақ)

Шеңбер жасап өседі,  
Желмен бірге көшеді. (Қаңбақ)

Басына үлпілдетіп таққан шашақ,  
Бұралып тал шыбықтай тұрған жасап. (Қамыс)

Қатар-қатар тұрғандар —  
Түлкі тымақ кигендер. (Қамыс)

Ақ сәлделі<sup>1</sup> молдалар  
Ертелі-кеш «Аллалар». (Қамыс)

Буын-буын, буыншақ,  
Түйін-түйін, түйіншек.  
Қырық қыздың шешесі,  
Әлі көрсем келіншек. (Қамыс)

Өз елімде ел едім,  
Желпілдеген жел едім.  
Қырғызға түстім, қиылдым,  
Қырық жерімнен буылдым. (Ши)

Ұзақтан қарасам, апшақ,  
Қасына барсам, шап-шақ.  
Жеп қарасам, балдай,  
Ұстап қарасам, талдай. (Кеурек<sup>2</sup>)

Сырты бүтін,  
Іші түтін. (Саңырауқұлақ)

Аяғынан қаз тұрған,  
Қалпағы бар антұрған. (Саңырауқұлақ)

<sup>1</sup> Сәлде (парсы) — мұсылмандардың, қожа-молдалардың өз діни сипатын көрсету белгісі ретінде киіп жүретін, бастарына орайтын ақ мата; шалма.

<sup>2</sup> Кеурек — шөлейт жерде өсетін шөптесін өсімдік.

Бір кезде қыз, келіншек болған мырза,  
 Өзінің көркемдігіне болып ырза.  
 Біраздан соң түрін көрсең,  
 Қалады бөлек-бөлек болып сайда.

(Өсімдіктің өсуі мен қурауы)

## ЖАНУАРЛАР

Өзі сұр, бөрі емес,  
 Ұзын құлақты, қоян емес,  
 Жұмыр тұяқты, жылқы емес. (Есек)

Ол — надыр<sup>1</sup> құм жануары,  
 Көзі өткір, көңілі тар,  
 Басқа ұрсаң, қылмайды намыс-ар.  
 Қара түгіл, ханда бар,  
 Қытайда бар, Қырымда<sup>2</sup> бар,  
 Түркістан<sup>3</sup>, Үрімде<sup>4</sup> бар,  
 Хорезм<sup>5</sup>, Бұхарада<sup>6</sup> бар. (Ит)

Үй артында шоңқайма,  
 Буы шығып тұрмай ма?  
 Салпаң құлақ келед деп,  
 Қорқа-қорқа тұрмай ма?! (Ит)

От басында құмған,  
 Екі көзін жұмған. (Мысық)

Мұрты бар, иегінде сақалы жоқ,  
 Тоны бар, киерінде шапаны жоқ.  
 Пайдасы үй ішінен табылған соң,  
 Далаға кіріп-шығар сапары жоқ. (Мысық)

<sup>1</sup> Надыр (жергілікті) — асау.

<sup>2</sup> Қырым — Еуропаның оңтүстігіндегі түбек, Қара теңіздің курортты, әсем жағалауларының бірі.

<sup>3</sup> Түркістан — қала, орта ғасырларда Йасы деп аталған.

<sup>4</sup> Үрім (Рұм) — шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

<sup>5</sup> Хорезм — Орта Азиядағы ертедегі мемлекет.

<sup>6</sup> Бұхара — б.з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Шықпайды үйден,  
Тоны жібектен.  
Күндіз ұйықтайды,  
Түнде дамыл таппайды.  
Аңға барады,  
Сол аңды үйден табады. (*Мысық*)

Белестен шапқан бесті ат,  
Бүкір келген желісті ат.  
Бейғам елді іздейді,  
Малдан күдер үзбейді. (*Қасқыр*)

Тоғайда айғыр кісінейді,  
Ауылға, сірә, келмейді. (*Қасқыр*)

Төрт аяқты шалғы  
Ұрып кетер малды. (*Қасқыр*)

Кілемнің түрлеріндей жүндері бар,  
Айбатты, жан шыдамас үндері бар.  
Шаршы бой, сұлу құйрық, қысқа құлақ,  
Кететін зиян қылып бір жері бар. (*Жолбарыс*)

Тауда жүрген құмайды,  
Көрген адам сынайды.  
Жыл айналып толғанда,  
Он екі бұтақ болғанда,  
Балта тимей құлайды. (*Бұғы, жыл толғанда мүйізі түсуі*)

Төбесінде қу бұтақ,  
Алар ма еді бір бұтап. (*Бұғы*)

Біржияды, күледі,  
Басқан ізді біледі.  
Таусылмайтын шабысы,  
Жұртқа мәлім жүрісі. (*Түлкі*)

Жақпар тастың астында  
Қызыл тонды қыз жатыр. (*Түлкі*)

Белестегі бес бие,  
Бақылдайды, құрылдайды.  
Құйрықтары қара ала,  
Қанаттары сары ала. (*Ұлар*)

Жылқыны қарнына қыстырып,  
Түйені ерніне қыстырып,  
Есекті құлағына қыстырып,  
Қасқырды ат қып мініп,  
«Айт» дегенде жүре берген. (Қоян)

Әңгелейді, дөңгелейді,  
Ұшқан құстай,  
Құс десем, төрт аяғы бар,  
Елек-селек, екі құлағы бар. (Қоян)

Жол үстінде қу қазық,  
Мергеншіге жол азық. (Қоян)

Байшағырдың түбінде балалап жатқан дуадақ. (Қоян)

Басы бар да шашы жоқ,  
Көзі бар да қасы жоқ.  
Жүретін аяғы жоқ,  
Суықта тоңбайды,  
Ыстыққа күймейді. (Балық)

Суда өмір сүреді,  
Сусыз жерде шөлдейді.  
Абайсызда ұстасақ,  
«Кетемін» деп көнбейді. (Балық)

Жел, жел, жел бием,  
Желіндесе кім білер.  
Жаужапырақ түбінде  
Құлындаса, кім білер? (Балық)

Тарпаң, тарпаң, тарбиған,  
Түрі жаман, жарбиған. (Бақа)

Сасық көлде ит үрер. (Құрбақа)

Сұм жүзді, құралай көзді,  
Киікше секірген,  
Бура санды, жолбарыс тонды. (Құрбақа)

Инесі көп,  
Тігуге икемі жоқ. (Кірпі)

Далада жабулы тоқпақ жатыр. (*Kirni*)

Тебен арттым текшелеп томашаға,  
Домалағы жазылар оңашада. (*Kirni*)

Ұзын-ұзын, ұзын келер,  
Ұзын бойлы қыз келер,  
Қабақтары қалтырап,  
Маңдайлары жалтырап. (*Жылан*)

Жылт-жылт еткен,  
Жылға сайын өткен.  
Оны көрген кезден  
Бар адам безген. (*Жылан*)

Ізі бар,  
Адымы жоқ. (*Жылан*)

Жапырақ астында қара пышақ. (*Жылан*)

Айтайын бір жұмбақты сізге, батыр,  
Өзінің асты кеуек, үсті жалтыр.  
Қазандай қара тастың бауырында,  
Бір сүйір, адам таппас, зәрлі жатыр. (*Жылан*)

Дүниеде бір найза бар сапталмаған,  
Мүлкім деп ешбір адам сақтамаған.  
Бұрынғы өтіп кеткен қариялар,  
Найзаның тиген жерін мақтамаған. (*Жылан*)

Ши түбінде шұбар кездік<sup>1</sup>,  
Бары-жоғын әрең сездік. (*Кесіртке*)

Асты тас,  
Үсті тас,  
Ортасында шандыр бас. (*Тасбақа*)

Базардан келген көк лөк<sup>2</sup>,  
Көк лөктің көзі көк.  
Үстіңдегі Жәнібек,  
Жәнібектің жаны жоқ. (*Тасбақа*)

<sup>1</sup> Кездік — мүйізбен сапталған, қынға салып алып жүретін кішкентай пышақ.

<sup>2</sup> Лөк — аруананың еркегі.



Бауырын жазып, шаба алмас,  
Озып, бәйге ала алмас.  
Үстіне киген киімі  
Өмір бойы жыртылмас,  
Ал жыртылса, жамалмас. (Тасбақа)

Ат та емес, ит те емес,  
Тістейтінін қайтерсің. (Тышқан)

Буда-буда, буда жүн,  
Будаланған шуда жүн.  
Сыпырып қойған сұр таспа,  
Қоңыр шұнақ құнажын<sup>1</sup>. (Тышқан)

## ҚҰСТАР

Таудан тоқым лақтырдым. (Бүркіт)

Қара арғымақ мінгенім,  
Қыр айнала жүргенім,  
Сегіз найза сенгенім,  
Он екі қылыш ілгенім. (Бүркіт)

Айуан екі аяқты, асқан батыр,  
Басына о батырдың тіккен шатыр.  
Шешерсің дана болсаң мұны біліп,  
«Кел-кел» деп, қан майданға шығысқанда,  
Бір айла адамзатта болып жатыр. (Бүркіт)

Елең-елең етті,  
Қарға ауылға қона кетті,  
Қақтың суын іше кетті. (Бүркіт)

Жапанның желдей жүйрігі,  
Жетеді көктің бұйрығы.  
Жеткенде бұйрық, апыр-ай,  
Шошаңдай берер құйрығы. (Бүркіттің қоян алуы)

Ерте тұрады,  
Жар шақырады. (Қораз)

<sup>1</sup> Құнажын – екі немесе үш жас аралығындағы сиырдың ұрғашысы.

Басы тарақ,  
Арты орақ. (Қораз)

Бір топ жыңғыл ішінде  
Бір жапырақ қызыл гүл. (Қырғауыл)

Бір құс бар жан білмейтін ішкен асын,  
Адамға көрсетпейді жұмыртқасын. (Жарғанат)

Бар екен бір мақұлық шағын ғана,  
Мекені күндіз оның биік жарда.  
Ұшпайды ол мақұлық күндіз тіпті,  
Ұшады кешке таман күн батқанда. (Жарғанат)

Әкесі тышқан,  
Шешесі құстан. (Жарғанат)

Қайталап атымды,  
Көктемде ән саламын.  
Кез келген ұяға  
Жұмыртқа табамын. (Көкек)

Даланың көріп пе едің молдаларын?  
Тыңдаңыз ол сорлының айтқан зарын.  
Жиылып бір араға, ойбайлайды,  
Кез келген дүниеге ол бір жарым. (Торғай)

Меңгіл-меңгіл, меңгілше,  
Меңгілде бар тарғылша.  
Желіп кетсе — жеткізбес,  
Жерге түссе — табылмас. (Бөгене)

Қызыл жыңғыл түбінде,  
Қыздай болып отырмын.  
Беті-қолымды жуып алып,  
Мұздай болып отырмын. (Қырғауыл)

Ұзын сирақ, түйе бас,  
Жібек жалды қара шаш.  
Қарап тұрсаң, керуен,  
Жасағаны серуен. (Тырна)

Көлде жүрген көп сиыр,  
Жетіп барсаң, жоқ сиыр. (Үйрек)

Шелектеп құйсаң да су жұқпас. (Үйрек)

Құрықсыз<sup>1</sup> тұлпар ұстадым,  
Кеште құр-құрлап. (Кеште тауықты ұясына қамау)

Қамысы қара көлдің бунақ-бунақ,  
Жел есер қара көлден тулап-тулап.  
Мысырға ұзатылған апаларың,  
Төркіндеп келе жатыр улап-шулап.  
(Туған жеріне қайтқан жыл құсы)

Тал басында түндіксіз отау. (Ұя)

## ЖӘНДІКТЕР

Шидім, шидім, шидім құс,  
Ши басына қонған құс.  
Қарқаралы қара құс,  
Хан басына қонған құс. (Шыбын)

Жазда айнала толған құс,  
Ши басына толған құс.  
Есіргені соншалық,  
Хан басына қонған құс. (Шыбын)

Қарабай аттан жығылды,  
Халық соған жиылды. (Түкірікке жиылған шыбын)

Өзім үшін сені ұрам,  
Сен үшін өзімді ұрам,  
Сен үшін өзімді ұрсам,  
Ағады менің қаным,  
Жарылады сенің қарның. (Маса)

Бір құс бар — ұшып жүріп ән салады,  
Әркімге қонақ болып бір барады.  
Барлығы мақұлықтың ығыр болып,  
Дауысын естігендер зар қағады. (Маса)

Біреуге найза түйрейді,  
Содан-ақ өзі күйрейді. (Маса, сона)

<sup>1</sup> Құрық — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Ат басты,  
 Арқар мүйізді,  
 Бөрі кеуделі,  
 Бөкен санды,  
 Қос қанатты,  
 Құмырсқа ізді,  
 Бота тірсекті. (*Шегіртке*)

Біз жаздық ауылым қонған текшесіне,  
 Етіктің жез қақтырдым өкшесіне.  
 Айуаңда төрт аяқты бір нәрсе бар,  
 Бөренесін байлаған бөксесіне. (*Инелік*)

Ғажайып бір нәрсе бар қатқан тері,  
 Өзінің қалың тоғай жатқан жері.  
 Бір күні аштан өлмей, тоқтан өлер,  
 Жігіттің мұны табар кемеңгері. (*Түйе кене*)

Қарайып ұшқанмен, қарға емес,  
 Ін қазғанменен, түлкі емес.  
 Арқасындағы боқшасы,  
 Жинағанмен, мүлкі емес. (*Қара қоңыз*)

Аспаннан ұшып түсті қатқан тері,  
 Қалың тоғай, ну жыныс — жатқан жері. (*Кене*)

Ұзын-ұзын ұзардай,  
 Ұзыннан аққан сулардай.  
 Ағаш атқа мінгізіп,  
 Ұзартып қойған мұнардай. (*Өрмекші*)

Дүниеде бір кемпір бар тіпті кәрі,  
 Жіп төгіп, өрмек<sup>1</sup> құрып, тоқыр шәлі.  
 Алады айламенен ала бүркіт,  
 Табыңдар немене екен мұның мәні. (*Өрмекші*)

Екі басы жұдырықтай,  
 Ортасы қылдырықтай. (*Құмырсқа*)

Аттанған бір шаһарға қырық мың қосын,  
 Қолында, өзі жаяу, несі болсын.

<sup>1</sup> Өрмек — алаша, шекпен тоқу үшін, қазыққа керіліп, желісі жерге реттеліп тартылған тоқыма құралы.

Қолында еш нәрсесі болмаса да,  
Өзіне тауып алар несібесін. (*Құмырсқа*)

Белең-белең, белең ат,  
Белі нәзік күрең ат.  
Тауға шықса, таймас ат,  
Талау тисе, өлмес ат. (*Құмырсқа*)

Айдалада бір базар. (*Құмырсқаның илеуі*)

Ұзақ күнге талмайды,  
Шартарапты шарлайды.  
Гүлдің бәрін жияды,  
Бір ыдысқа құяды. (*Балара*)

Биік-биік тау болар,  
Қаршығалар ұялар,  
Еті арам болса да, сорпасы адал,  
Ол не болар, балалар? (*Араның балы*)

Бір мақұлық мойны жуан, тірсегі ұзын,  
Тікпесе өзі етік, сақтар бізін.  
Тағы да іске ыңғайлы қайшысы бар,  
Іс тігіп көрген де емес еш қызығын. (*Шаян*)

Бекінген бір таутеке тұмшалау үйге,  
Құдайым оны салды мұндай күйге.  
Күн шықса жатады екен салқын үйде,  
Күн жауғанда кетеді жапан түзге. (*Ұлу*)

## ТӨРТ ТҮЛІК

Бір байдың енші алыпты бір баласы,  
Алғаны алпыс тоғыз ірі қарасы.  
Төрт жерден түлікке желі қағып,  
Үш жерден орнатылған мұнарасы.  
(*Түйе, алпыс тоғыз – күйісі, төрт желі – аяқтары,  
үш мұнара – екі өркеші мен басы*)

Маң-маң басып келеді,  
Тапырақтап желеді.  
Мойны ұзын, үсті тау,  
Ертеден елге бел еді. (*Түйе*)

Үш тың-тың,  
Екі жылтың,  
Төрт тап-тап,  
Қап-қара сатпақ,  
Бір былғаныш. (Түйе)

Екі ауылдың баласы еңбектеп келеді,  
Төрт ауылдың баласы төбелесіп келеді,  
Бір ауылдың баласы шөпшек<sup>1</sup> теріп келеді.  
(Жайылымнан қайтқан түйе, өркеші, аяғы, ауызы)

Екі кісі қарауыл қарайды,  
Бір кісі шөпшек тереді. (Түйенің өркеші, ерні)

Төртеуі тіреуге жарайды,  
Екеуі қарауыл қарайды,  
Біреуі нан илейді. (Түйенің аяғы, өркеші, күйсеуі)

Төрт кісі: «төсек сал», — дейді,  
Екі кісі қарауыл қарайды,  
Үлкен әйел: «есік аш», — дейді,  
Кіші әйел төмпештейді.  
(Түйе, төрт аяғы, екі өркеші, түйенің құмалақ тастағаны)

Төсек астында төрт күлше<sup>2</sup>. (Түйенің төрт табаны)

Тау көтерген төрт қазық. (Малдың төрт аяғы)

Таудан тас домалайды,  
Тас бұршақтай сабалайды. (Түйенің құмалағы)

Апан-апан,  
Ескі шапан.  
Иір қобыз,  
Жарық жұлдыз. (Түйенің шугасы, мойны, көздері)

Маң-маң басып барады,  
Күлшесі қалып барады. (Түйенің ізі)

Төлебайдың баласы төбелесіп келеді,  
Егізбайдың өгей ұлы ерегісіп келеді.

<sup>1</sup> Шөпшек — жалпы шөп атаулының әбден құраған қиқым-сиқымы, қалған-құтқаны.

<sup>2</sup> Күлше — қоламтаға көміп пісіретін дөңгелекше нан.

Екеуі қарауыл қарайды,  
Біреуі шөпшек тереді. (Түйенің аяғы, өркеші, ауызы)

Мен көрдім тұтам ақас тау жайлаған,  
Тауына тиіп кетсең, ойбайлаған.  
Үстіне қара орман артып алып,  
Барса да қандай жерге той-тойлаған. (Жүк артқан түйе)

Тамға таяқ сүйедім. (Түйенің құйрығы)

Тауға таяқ қыстырдым. (Түйенің мұрындығы)

Түбірлі төртеу,  
Түйемемен бесеу,  
Ерубай екеу,  
Мамық жалғыз. (Жылқы)

Екі бас, алты аяқ,  
Жалғыз құйрық. (Салт атты адам)

Кішкене ғана тостаған,  
Көтеріп қана тастаған. (Үзеңгі)

Ұштым, ұжмаққа<sup>1</sup> шықтым,  
Тептім, терекке шықтым. (Атқа міну)

Шауып келе жатып шақшам<sup>2</sup> түсті. (Аттың тезегі)

Шиге қамшы байладым. (Белдеуге байланған ат)

Алты аяқты,  
Екі қарыңды,  
Екі басты,  
Екі қолды,  
Төрт көз, төрт құлақты,  
Екі мойын, бір құйрықты. (Ат мінген адам)

Алдымда бар нар қамыс,  
Артымда бар нар қамыс.  
Отырған жерім — ой темір,  
Басқан жерім — бай темір,  
Он қолымда тең қайыс<sup>3</sup>.  
(Ат, үзеңгі, қамшы, атқа мініп отырған адам)

<sup>1</sup> Ұжмақ — жұмақ.

<sup>2</sup> Шақша — насыбай салатын кішкене құты.

<sup>3</sup> Қайыс — ер-тұрман әбзелдері мен әртүрлі тұрмысқа қажетті заттар жасау үшін, арнайы өңдеген, берік болатын мал терісі.

Керіп қойған немене,  
Көкектеген немене?  
Малып қойған немене,  
Бал татыған немене?

*(Желігері құлын, піспек, сабадағы қымыз)*

Кекеңдеткен несі екен?  
Келіп салған несі екен?  
Сорпылдатқан несі екен?  
Сорқылдатқан несі екен?  
Суырып алған несі екен?  
Суы тамған несі екен? *(Желігері биені емген құлын)*

Андыру мен мәндіру,  
Тігісі жоқ қондыру. *(Ала мал)*

Үлгісіз піштім,  
Жіпсіз тіктім. *(Ала мал)*

Тоғай-тоғай топтаған,  
Тоғай ішін боқтаған.  
Біреуі өлсе,  
Бәрі жиылып, жоқтаған. *(Сиыр)*

Төртеу келеді,  
Төртеу асылып тұрады,  
Екеу жол көрсетеді,  
Екеу иттен сақтайды,  
Енді біреу артында асылып тұрады. *(Сиыр)*

Екі ошаққа — бір көсеу. *(Сиырдың танауы мен тілі)*

Қисық ағашқа қар жұқпас. *(Сиырдың мүйізі)*

Ел жатса да, екі батыр жатпайды. *(Сиырдың мүйізі)*

Төсек астында төрт бауырсақ. *(Сиырдың емшегі)*

Кішкентай ғана бойы бар,  
Айналдырып киген тоны бар. *(Қой)*

Азанда кетер ләйлекен,  
Кеште келер ләйлекен.



Түрлі-түрлі жібектен,  
Түймесі бар ілгектен. (*Қой, ешкі*)

Ашылмаған сандықта  
Пішілмеген құндыз бар. (*Қозы*)

Абылай айтқан жұмбақ,  
Тоғай толған жұмбақ,  
Біреуін бірі өлтірді,  
Ақылды кісі шешкен жұмбақ. (*Мал сойған ағам*)

Қайырып басын тастаған,  
Қайқайып қойды бастаған. (*Ешкі*)

Сақалы бар,  
Санасы жоқ. (*Ешкі*)

Алтынын алып,  
Әбдіресін лақтырдым. (*Жілік*)

Он екі қысырағым бар:

Екеуі — жуан буаз,

Екеуі — күмән буаз,

Екеуі — анық буаз.

Екеуі — танық буаз,

Екеуі — жіңішке қысыр,

Екеуі — ат қысыр.

*(Екі ортан жілік, екі тоқпан жілік, екі асықты жілік,  
екі кәрі жілік, екі жамбас, екі жауырын)*

Он екі түйе, он жылқы, тоғыз сиыр,  
Бес ешкі, бір жарым қоян. (*Малдың төл көтеретін уақыты*)

Түйеде жоқ, ешкіде бар,  
Доңызда жоқ, қоңызда бар. (*Мүйіз*)

## АДАМ МЕН ОНЫҢ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ

Бір «әліп» мұнарадай көзім көрген,

Екі «мәт», екі «сәкін» оған ерген.

Болғанда «иа»-дан камал, нұрдан гауһар,

Болады кім данышпан мұны білген.

*(Адам, көз, жас, екі құлақ, сөз)*

Бір таудың алпыс сегіз саласы бар,  
Он екі жанында оның қаласы бар.  
Бау-бақша түрлі-түрлі өсімдіктер,  
Барлығын билеп тұрған анасы бар.

*(Алпыс сегіз тамыр, он екі мүше)*

Ағады алпыс екі бұлақ бір қайнардан,  
Он екі бұлағы бар шыр айналған.  
Ісіне таңғаламын Құдіреттің,  
Бәрі де бір нәрсеге ыңғайланған.

*(Алпыс екі тамыр, он екі мүше)*

Бір таудың айналасы жеті тесік,  
Құдайым ғайыбынан берген несіп.  
Құдайдың құдіретімен осы тауға  
Тұрады мезгілімен шөптер өсіп. *(Ағамның басы)*

Шың басына шөп шықты,  
Шөп шыққанда көп шықты. *(Бас пен шаш)*

Әрі жүрер қараша ат,  
Бері жүрер қараша ат.  
Су бойында тұнық су,  
Таңдап ішер қараша ат. *(Көз)*

Кішкене ғана бетерім,  
Жер түбіне жетерім. *(Көз)*

Екі ағайынды,  
Екеуі де бір үйде,  
Бірін-бірі көрмейді. *(Көз)*

Қара суда суат жоқ,  
Қалың талда бұтақ жоқ. *(Көз бен кірпік)*

Сырты қылшық,  
Іші былшық. *(Кірпік пен көз)*

Ортасында ақ көлдің  
Қара көлге тап болдым. *(Көздің ағы мен қарасы)*

Ары жүгір, қара тай,  
Бері жүгір, қара тай,

Тал түбіне барғанда,  
Тайып жығыл, қара тай. (*Көздің қарашығы*)

Таудан тас құлады. (*Көз жасы*)

Бір таудың екі күзетшісі,  
Екі тыңшысы, отыз екі бөрісі бар. (*Көз, құлақ, тіс*)

Қабақта қара бурам шөгіп жатыр,  
Етектеп құмалағын төгіп жатыр. (*Қас, көз, жас*)

Тұнық суға ши ұстадым. (*Кірпік*)

Дарияның інжу-маржан шеттерінде,  
Не кітап, оқуы жоқ беттерінде.  
Қайың ба, қарағай ма, яки тал ма,  
Тармасқан тоғай таудың бөктерінде?  
(*Адамның бет-аузы, келбеті, сақал-мұрты, сөзі*)

Бір тобықта жеті жыртық.  
(*Екі танау, екі құлақ, екі көз, бір ауыз*)

Беткейде бес есік. (*Екі танау, екі көз, ауыз*)

Бір отаудың ішінде отыз бөрі,  
Бар жалғыз қызметкері өте епті.  
Он жігіт алып барып тастағанда,  
Отаудың бүлкілдейді екі жері. (*Тіл, тіс, саусақ, ерін*)

Жағалай-жағалай тас қойдым,  
Жирен атты бос қойдым. (*Тіс, тіл*)

Үнемі ауызда бұлтыңдайды,  
Бірақ жұтылмайды. (*Тіл*)

Қатар-қатар ақ күріш,  
Тұрған жері қақтығыс. (*Тіс*)

Айдын көлде алтын тас,  
Ау салса да алынбас. (*Тіс*)

Үсті тақтай,  
Асты тақтай,  
Ортасында әбзел тақтай. (*Тіс, тіл*)

«Ти» десем, тимейді,  
«Тиме» десем, тиеді. (*Ерін*)

Үлкен үй,  
Үлкен үйдің ішінде  
Кішкене үй.  
Кішкене үйдің ішінде  
Досхан би. (*Ерін, тіс, тіл*)

Асқар тауда қара орман. (*Шаш*)

Бір тауға әрі қайың,  
Әрі тал өседі. (*Шаш, сақал*)

Майтөбеде ол сусыз  
Өскен қамыс буынсыз. (*Бас, шаш*)

Қар жауды тау басына кетпейтұғын,  
Аяқ жерге қақ тұрар кеппейтұғын.  
Отыз шаһар қаласы ойран болды,  
Ел бар ма ебін тауып септейтұғын.  
(*Ағарған шаш, көздің жасы, түскен отыз тіс*)

Қара айғырым шабады қамшыламай,  
Қара жерге аяғын шаншып алмай.  
Бір төбенің басына шығып алып,  
Мың қойды қасқыр жепті қан шығармай.  
(*Ұстара, шаш, бас*)

Мың қойым суға кетті,  
Байжан ақсақал қуа кетті. (*Шаш, ұстара*)

Бір таудың басында бар бір топ тоғай,  
Ойлаған ақыл-ойға жұмбақ оңай.  
Сол таудың етегінде бір сарай бар,  
Жүк әкеп түсіреді он бай ноғай. (*Бас, ауыз, қол*)

Бір таудың адам жүрмес қиясы бар,  
Екі самұрық, қос қыран ұясы бар.  
Бітіпті етегіне құрма ағашы,  
Басында бұлбұл құстың ұясы бар.  
(*Бас, көз, құлақ, тіл, ауыз, сақал*)

Үрпек-үрпек тау,  
 Үрпек таудың астында екі жарық жұлдыз,  
 Оның астында екі тышқақ тоқты,  
 Оның астында жатқан тағы бір құндыз.  
 (Қас, көз, мұрын, мұрт)

Бір топ қамыс,  
 Бір топ қамыс астында қиған қамыс,  
 Қиған қамыс астында жылтырауық,  
 Жылтырауық астында пышылдауық,  
 Пышылдауық астында тебендеуік,  
 Тебендеуік астында қатар-қатар тас,  
 Ортасында жылмаңдауық.  
 (Шаш, қас, көз, мұрын, ерін, тіс, тіл)

Асқар бел,  
 Асқар белдің ар жағында ақ өткел,  
 Ақ өткелдің ар жағында кішкене тау,  
 Кішкене таудың ар жағында қиған қамыс,  
 Қиған қамыстың ар жағында мидай дала,  
 Мидай даланың ар жағында қара қопа,  
 Қара қопаның ішінде қара шошқа,  
 Қара шошқаны алады жалғыз тоспа.  
 (Иек, ауыз, мұрын, қас, маңдай, шаш, бит, тарақ)

Күмбір-күмбір қарағым,  
 Қартайғанша жарадың. (Құлақ)

Екі кісі ерегісіп келеді. (Құлақ)

Құла бетте қисық астау. (Құлақ)

Тауда жарбайып тұр. (Құлақ)

Қарағай басына қатық ұйыттым. (Ми)

Қиын-қиын қиялар,  
 Қияға жұмыртқа ұялар. (Ми)

Шашбау<sup>1</sup>,  
 Шашбаудікі бес бау. (Қол, бес саусақ)

<sup>1</sup> Шашбау – шаштың үш жағына қоса өретін, күміс тиын, шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке жай жіптен немесе жібектен ескен бау.

Бес сауысқан,  
Бес сауысқан басына тас жабысқан. *(Бес саусақ, тырнақ)*

Бес жанды бір жансызға мінгескен,  
Айналып ақ тақырдан із кескен. *(Бес саусақ, қалам)*

Бір күнде туған туыс бес,  
Бойлары неге тең емес? *(Бес саусақ)*

Бес адам бір есекке мінгесіп жүр,  
Мінгессе де, талай жермен тілдесіп жүр. *(Бес саусақ)*

Бір тауды мекен еткен отыз бөрі,  
Он кісі отызының жұмыскері.  
Сол таудың ортасында бағлан қозы,  
Масайрап секіреді әрі-бері.  
*(Он саусақ, отыз тіс, тіл)*

Бісмиллә онға берді,  
Он отызға берді,  
Отыз Митанға берді,  
Митан Шитанға берді,  
Шитан ары қарай итере салды.  
*(Он саусақ, отыз тіс, көмей, тамақтану)*

Оным отызға берді,  
Отыз үлпекке берді,  
Үлпек шөлпекке берді,  
Шөлпек жұтып қойды.  
*(Он саусақ, отыз тіс, тіл, көмей, тамақтану)*

Салдым бес ақамды,  
Аштым дарбаза<sup>1</sup> үйді. *(Бес бармақ)*

Он терек отыз буын нұсқасы бар,  
Бірі үлкен, бірі кіші, қысқасы бар.  
Бәріне лайықты атты қойған  
Адамның тілі шешен ұстасы бар.  
*(Он саусақтағы отыз буын)*

Он үйрек, отыз аққу көлде жатқан,  
Себеппен қаршыға құс дәмін татқан.

<sup>1</sup> Дарбаза (парсы) – ауланың, қораның үлкен қақпасы.

Алыстағы лашын құс ілмей қалмас,  
Жақсылар ақылымен білмей қалмас.  
(*Он саусақ, тіл, тіс, көз*)

Қолымда он жүзігім, ал шығармай,  
Бір бөрі мал жейді екен қан шығармай.  
Төрт торы, екі сала жұмбағым бар,  
Мұны тапқан мені алсын мал шығармай.  
(*Он тырнақ, ұстара, жылдың төрт мезгілі*)

Он кемпір мұз арқалап тұр. (*Тырнақ*)

Бір үлкен тау бар, басы қара,  
Жан-жағында төрт сала бар, бәрі дара.  
Басында даралардың күміс тәж бар,  
Жігіттер, зейініңмен ойлап қара. (*Қол-аяқ, тырнақ*)

Бесеуі қашып бара жатыр,  
Бұлдырық<sup>1</sup> қуып бара жатыр. (*Башай, өкше*)

Алпыс аналы қасқыр,  
Жетпіс балалы қасқыр,  
Ол да көп жүр құр-құрлап. (*Ішек-қарын*)

Жаламада жалғыз тұяқ. (*Кіндік*)

Мысыр деген шаһардың ортасында бір қонақ. (*Кіндік*)

Тақырда тайдың ізі. (*Кіндік*)

Бір дән бар дастарқанда салынбаған,  
Дәмінен татпай ешкім қалынбаған.  
Бір ағашқа бітіпті екі бұтақ,  
Қанша жан ықтаса да алынбаған. (*Ананың емшегі*)

Табаққа түспес,  
Қазанға піспес,  
Оны ішпей адам өспес. (*Емшек сүті*)

Ереймен Жерейменнен озбайды екен,  
Асы алтын, қасығы күміс болып,  
Өмірі бітіп мүлде тозбайды екен. (*Сөз*)

<sup>1</sup> Бұлдырық – шөлді жерді мекендейтін сұр түсті дала құсы.

Еккенім — бір танапқа жалғыз бидай,  
Аққурай қанасына кетті сыймай.  
Біреудің аманатын алсаң-дағы,  
Тұрасың берерінде көзің қимай. *(Ағамның жаны)*

Балдан тәтті,  
Мақтадан жұмсақ,  
Базарға апарып сатсаң,  
Бір тиындық бағасы да жоқ. *(Ұйқы)*

Жаралғанға жабысқан. *(Ағамның аты)*

Дүниеде бір нәрсенің жоқ мекені,  
Затының емес мәлім кім екені.  
Мінсең берік, өзі жүйрік, бек қашаған,  
Апарар қуса Тәшкен сол пендені. *(Көңіл)*

Екі атым бар: бірі ақ, бірі қара,  
Атқа мінсем, шығамын сахараға.  
Жаңылып, қара атты міне қалсам,  
Түсемін тамашаға дарияға. *(Ақ ниет пен қара ниет)*

Атқа мінбейді, жаяу жүрмейді,  
Күніне мың шақырым жерге барып келеді. *(Көңіл)*

Сары ат міндім, саз кештім,  
Сарқыты маған тимеді  
Қара мақпал тон піштім,  
Қиқымы маған тимеді. *(Түс)*

Бір жүйрік ат әркімде бар, кетер шауып,  
Үстінен ер-тоқымы қалмайды ауып.  
Десем де қайда барам — лезде барам,  
Жартастан жығылмайды, қылып қауіп. *(Ойлаған ой)*

Көтеріліп қампяр қиыстырсаң,  
Майдаланар қимылсыз жиыстырсаң,  
Мұның да шешімі бар келісімді,  
Ойланып, ақылыңа сыйыстырсаң. *(Ой)*

Алты аяқты, төрт көзді,  
Екі ауызды, бір сөзді,  
Ынтымақ үшін ел кезді. *(Атқа мінген ағам)*



Күніне бір өліп, бір тіріледі,  
Ақырында тұра алмай, кідіреді.  
Ойлағанға келісімді шешуі бар,  
Ойланбаса, мұны да кім біледі.  
(Адамның ұйықтағаны, оянғаны)

Көз көрмей қоймайды екен тірі адам,  
Ғаламды жұта берер түрі жаман. (Көр)

Турасаң да, бөлінбейді,  
Қараңғыда көрінбейді. (Көлеңке)

Тепсем, тебілмейді,  
Бассам, басылмайды. (Көлеңке)

Қуып едім,  
Мойын бұрмады.  
Ұстайын деп едім,  
Қолға тұрмады. (Көлеңке)

Жаңа-жаңа шекпенім<sup>1</sup>,  
Жанымнан қалмас шекпенім.  
Ескі-ескі шекпенім,  
Бұлтты күні қайда кеткен шекпенім? (Көлеңке)

Жаман жолдасым маңымнан қалмайды. (Көлеңке)

Сыпырамын, сыпыра алмаймын,  
Тазартамын, тазарта алмаймын. (Көлеңке)

Жаратқанға жабысқан,  
Жалпағынан қабысқан. (Көлеңке)

Артыңнан еріп қалмайды,  
Қараңғыда жалмайды.  
Кейде ұзын, кейде қысқа,  
Шаршамайды, талмайды. (Көлеңке)

Ақ күшігім арбадан қарғып түсті. (Түкірік)

Айдалада ақ тотым,  
Жүгіріп барсам, жоқ тотым. (Түкірік)

<sup>1</sup> Шекпен – түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған, шапанға ұқсас сырткіім.

Топ етті, дөңгеленді,  
Ақ мамыққа бөленді. *(Түкірік)*

Мысыр атты бір шаһар,  
Ортасында қырық бұлақ.  
Төскейден балық ұстадым,  
Құралсыз құр-құрлап. *(Адамның өмірі)*

Сандығымның ішінде сақам бар,  
Бүк екенін, шік екенін білмеймін. *(Ана құрсағындағы бала)*

Омбыдан ояз<sup>1</sup> келді теңбілменен,  
Аяғын қадам басып бір жүрмеген.  
Қанша адам құрметіне жүрсе-дағы,  
Болғанша уақтысы бір жүрмеген. *(Ана құрсағындағы бала)*

Дүниеде күйме көрдім төрт аяқты,  
Дөңгелек екі басы ай сияқты.  
Төрт есік мәткесі<sup>2</sup> бар, уығы жоқ,  
Үзік жоқ, туырлық жоқ, түндігі жоқ,  
Құс төсек, мамық жастық, біреу жатыр,  
Көңілі уайымсыз, жай сияқты. *(Бесіктегі бала)*

Ақ қозы,  
Құмалағы көп қозы. *(Бесіктегі бала)*

Бір жігіт үш белбеу байланады. *(Бесік)*

Ағай-ағай, ағай құс,  
Аяғынан таңған құс.  
Көгей-көгей, көгей құс,  
Көкірегінен таңған құс. *(Бесіктегі бала)*

Қырық жұма қараңғы үйде тұрдым,  
Алты жұма ауырып жаттым,  
Жиырма жұма мені байлады,  
Бір жыл асылып тұрдым. *(Бала)*

Таңертең төрт аяқты,  
Түсте екі аяқты,  
Кешке қарай үш аяқты.  
*(Адамның балалық, есі кірген, қартайған кезі)*

<sup>1</sup> Ояз (орыс) — уезд; бұл жерде уезді басқарушы адамды айтып отыр.

<sup>2</sup> Мәтке — үйдің төбесін жабу үшін, көлденеңінен салынатын мықты белағаш.

Бақ-бақ, бақасы,  
Бақылдайды сақасы.  
Екі торсық азығы,  
Қақандайды қазығы. (*Бала, шешесінің екі емшегі*)

Ақ киік ауа жайлап, шиыр қаққан,  
Жігіттер, болса әр іс Қадір Хақтан<sup>1</sup>.  
Біреудің асыранды балапаны —  
Патша еді заманында, тайды тақтан. (*Ұзатқан қыз*)

## КИІЗ ҮЙ

Төрт қарны бар,  
Бір аузы бар. (*Үй*)

Қазша қанатын жаяды,  
Үйрекше мойнын созады,  
Құсша қонады. (*Kuiz үй*)

Дүниеде бір айдаһар білесің бе,  
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.  
Ішінде сүйектері бақша-бақша,  
Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде. (*Kuiz үй*)

Өзі жүкті,  
Сырты түкті. (*Kuiz үй*)

Ұрса, жаны шықпайды,  
Сойса, қаны шықпайды.  
Терісін сыдырып алса,  
Тырысып-тырысып қалады. (*Kuiz үй*)

Ол не екен, аузы үңгірдей, қырық қолы,  
Адамды тірі жұтты, көрдік оны.  
Терісін сыпырып ал, тамбас қаны,  
Сүйегі салдырап тұр, жоқ қой жаны. (*Kuiz үй*)

Апан-апанды көрдім,  
Жаман шапанды көрдім,  
Алпыс аяқтыны көрдім,  
Адам жұтқанды көрдім. (*Kuiz үй*)

<sup>1</sup> Хақ — Құдай, Жаратқан.

Дәудің іші өртеніп,  
Көзінен бу шықты. (*От жағылған киіз үй*)

Бір топ құс бір қалбада арқандаулы,  
Ол құстың қол-аяғы бәрі баулы.  
Ішінде бір ақ сұңқар, басшысы бар,  
Болыпты сол сұңқармен бәрі даулы.  
(*Киіз үй, уық, шаңырақ*)

Ұзын-ұзын әулие,  
Төбесін құрт жеп қойған,  
Тұғыр төбе әулие. (*Шаңырақ, уық*)

Таңертең тұрдым,  
Ернімді бұрдым. (*Түнгік*)

Қара таудың басында  
Қабылан деген құс отыр.  
Қанатына мұз қатып,  
Қайырыла алмай ол отыр. (*Түнгік*)

Қара тоқтыны қайырып соқтым.  
(*Түнгіктің ашылып, жабылуы*)

Алпыс атым ала аяқ. (*Уықтың қаламы*)

Отыз омыртқа,  
Қырық қабырға,  
Бәрін ұстап тұрған —  
Ауыз омыртқа. (*Уық, кереге, шаңырақ*)

Әкесі баласын көтеріп тұр,  
Баласы бөркін көтеріп тұр. (*Кереге, уық, шаңырақ*)

Алтынменен аптадым,  
Күміспенен күптедім.  
Бірін өрге шығарып,  
Бірін жерге түптедім. (*Уық, кереге*)

Ай құшақ, ай құшақ,  
Жиылып келсем — бір құшақ. (*Кереге*)

Жетпіс кемпір жер тістеп жатыр,  
Алпыс кемпір ат байлап жатыр. (*Кереге мен уықтар*)

Мың қарабас қойымның бәрі шұнақ. (*Керегенің басы*)

Артыңда әкең жұдырығын түйіп тұр. (*Керегенің көгі*)

Ала күшік үй айнала жүгіреді,  
Екі басы ішке кіреді. (*Басқұр*)

Үй үстінде төрт шыбық,  
Төртеуі де тең шыбық. (*Түндіктің төрт бауы*)

Құрап-құрап тон піштім,  
Құлынды биеге бергісіз. (*Тоқылған ши*)

Ерте тұрдым,  
Алып ұрдым. (*Есік*)

Дүниеде бір нәрсе бар, өзі жансыз,  
Жоқ оны ұрмайтұғын адамзатта. (*Есік*)

Күндіз сырп-сырп,  
Түнде жым-жырт. (*Есік*)

Қаппайды, шаппайды,  
Үйінді қорғайды. (*Құлып*)

Ә, керемет, бір ит бар,  
Үй бағады, үрмейді,  
Аяғы жоқ, жүрмейді,  
Көмейіне тықсаң, сөйлейді,  
Тілін адам білмейді,  
Рұқсатсыз ол иттен,  
Адам үйге кірмейді. (*Құлып*)

Шырт-шырт етеді,  
Шыртылдап барып, кіріп кетеді. (*Кілт*)

Есік ашады,  
Есіктің артына қашады. (*Топса*)

Екі басы жұмырықтай,  
Ортасы қылдырықтай. (*Тұтқа*)

Есікте екеу отыр «өлемін» деп,  
Терде төртеу отыр «төремін» деп,  
Ортада біреу отыр «көmemін» деп. (*Босаға, кебеже, құман*)

Айқайлаған жау келсе,  
Айыр сақал атам тоқтатады. (*Бақан<sup>1</sup>*)

<sup>1</sup> Бақан – жоғарғы жағы екі аша келген, киіз үйді тіккенде шаңырақты көтеретін, түндікті ашып-жабатын ұзын сырық.

## ҮЙДІҢ КЕРЕК-ЖАРАҒЫ МЕН ЖИҢАЗДАР

Жалпақ бетті батыр,  
Белін буып жатыр. (*Сыпырғыш*)

Бір қыз қарап тұр,  
Шашын тарап тұр.  
Белін буып тұр,  
Бетін жуып тұр. (*Сыпырғыш*)

Күндіз бай,  
Түнде кедей. (*Жүк*)

Жайсам, жамшыдай,  
Жисам, қамшыдай. (*Шымылдық*)

Түнде түйедей,  
Күндіз түймедей. (*Шымылдық*)

Жатса, қояндай,  
Тұрса, түйедей. (*Шымылдық*)

Керегенің басында  
Мақпал қоржын. (*Тұтқыш*)

Әрі отыр, ләйлім құс,  
Бері отыр, ләйлім құс.  
Көлеңкесі күмістен,  
Күліп тұрған ләйлім құс. (*Айна*)

Төрт келінге бір орамал. (*Үстел*)

Арқасында азығы,  
Бауырында қазығы,  
Күнде шүлен тарқатар<sup>1</sup>,  
Оның неден жазығы? (*Үстел*)

Бұдан кір қорқады,  
Судан бұл қорқады. (*Сабын*)

Өзі кірді ашады,  
Бірақ судан қашады. (*Сабын*)

<sup>1</sup> Шүлен тарқату – барын мырзалық етіп үлестіру.

## ҚОЛ ІСІ

Ақ күшігім жүгіре-жүгіре буаз болды. (Ұршық)

Мұрның-мұрның, мұрынды,  
Мұрның неден жырылды?  
Аузы-басын түк басып,  
Сені неден жын ұрды? (Ұршық)

Көк лағым көгенде семіреді. (Ұршық)

Жиһанда бір құс көрдім жалғыз аяқ,  
Аузына тістегені қылдан таяқ,  
Бір ұрсаң шапалақпен, семіреді,  
Белбеуі бар белінде сансыз қабат. (Ұршық)

Жансызда бір жансыз бар жалғыз аяқ,  
Басына қыстырғаны шиден таяқ,  
Шіркіннің келбетіне қарап тұрсам,  
Орапты белге белбеу аямай-ақ. (Ұршық)

Ақ лағым арық еді,  
Құйымшағы сымпиған.  
Әжем бір күн бағып еді,  
Семіз болды бұлтиған. (Ұршық)

Жылт-жылт еткен,  
Жылғадан өткен.  
Балдырған безген,  
Кентті кезген. (Ине)

Бір кішкене балауыз<sup>1</sup>,  
Ол балауыз шығып болса,  
Жұрттың бәрі жалауыз. (Ине)

Жылмаң-жылмаң етеді,  
Жылмаңдап сайдан өтеді,  
Із-міз тастап кетеді. (Ине)

Дүниеде бір жебір құрт бар,  
Артында бір жібі бар. (Ине)

<sup>1</sup> Балауыз – араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.

Үйрегім ұзақ сүңгіді,  
Құйрықсыз қалды бір күні. *(Ине, жіп)*

Бір тышқанда қос құйрық. *(Ине, жіп)*

Сүйрей, сүйрей, сүйреткімді жоғалттым. *(Сабақты ине)*

Екі басты жалмауыз,  
Кейіп, аузын ашады.  
Алдына түскен нәрселер  
Өзінен-өзі қашады. *(Қайшы)*

Қолымда бір құсым бар екі басты,  
Аяғын басқан кезде нәрсе қашты.  
Ауызын аждаһадай ашқан кезде,  
Бөлектеп атып тастар ішкен асты. *(Қайшы)*

Жарқылдаған қос қылыш,  
Қолға тисе, жоқ тыныш. *(Қайшы)*

Қылмаң-қылмаң етеді,  
Қаға берсең, жарасар.  
Екі жағын жапырып,  
Ұра берсең, жарасар. *(Өрмек)*

Қосақтап серпе бердім,  
Соңынан жорта бердім. *(Өрмек тоқу)*

Ұзын-ұзын жолдар бар,  
Үйрек қонар көлдер бар.  
Ат үстінде шоқиып  
Отыратын күндер бар. *(Өрмек, шекпен тоқу)*

Ін қазып тұмсығымен, жып-жып еткен,  
Арқаны жүреді артта қалмай ерткен.  
Жыбырлап істегені тез өнеді,  
Іс қылып, алғыс алар талай көптен. *(Біз, тарамыс, етікші)*



## КИІМ-КЕШЕК

Төрттен қосқан басы бар,  
Маңдайында шашы бар.  
Өзің көрген баяғы,  
Салпылдайды сабағы. (*Тымақ*)

Ашамайды<sup>1</sup> арта салдым,  
Айыл жібін тарта салдым. (*Тымақ*)

Сылдыр-сылдыр кісенім<sup>2</sup>,  
Сылдырлайды кісенім,  
Құлағында құлпы жоқ,  
Құдіретті кісенім. (*Сәукеле*)

Сұлу-сұлу құнаным,  
Сылдырлаған жүгенім,  
Аяз күнде мінбеген,  
Аяғы жерге тимеген. (*Сәукеле*<sup>3</sup>)

Ерте тұрдым,  
Екі айыр жолға түстім. (*Шалбар*)

Қара үй,  
Қара үйдің ішінде ақ үй,  
Ақ үйдің ішінде бес бала,  
Бесеуінің қолында бес айна.  
(*Етік, ақ байпақ, бес башпай, бес тырнақ*)

Аузы аңқайып қалады,  
Босағада тұрады. (*Кебіс*<sup>4</sup>)

Ағайынды он,  
Кигені екі тон. (*Он саусақ, қолғап*)

Бес ін,  
Бес іннің аузы бір ін. (*Қолғап*)

<sup>1</sup> Ашамай — 1. Алды-арты сүйемелі биіктеу келген, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған, балаға арналған ер. 2. Түйеге жүк арту үшін, ер тәрізді жасалған сайман.

<sup>2</sup> Кісен — темірден келістіре иіп, жылқының сирағына киілетін, жылқыны матау әбзелі.

<sup>3</sup> Сәукеле — қазақ қыздары ұзату тойында киетін оқалы сәнді баскиім.

<sup>4</sup> Кебіс — мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқкиім.

Көсеуді бесеуге сұқтым. (*Қолғап, саусақ*)

Артында құйрығы бар,  
Төреден бұйрығы бар. (*Жаулық, кимешек*<sup>1</sup>)

## ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Қара бием қалт етті,  
Қабырғасы жалт етті. (*Шалғы*)

Алдын ойпар,  
Жанын жайпар. (*Шалғы*)

Жаһанда бір айдаһар иір тілді,  
Серуендеп сахараға сейіл құрды.  
Нақақтан өз басына пайдасы жоқ,  
Алдына бет келгеннің бәрін қырды. (*Шалғы*)

Көк өгізім көл жапырып бара жатыр. (*Орақ*)

Тісі көп, аузы жоқ. (*Ара*)

Тоғайға барса, ауылға қараған,  
Ауылға қайтса, тоғайға қараған. (*Балта*)

Жансыз жарады,  
Жанды ұрады. (*Балта*)

Кішкене ғана келіншек,  
Төбесінде түйіншек. (*Шеге*)

Базардан сатып алған боз арғымақ,  
Белінде тартпасы бар будақ-будақ,  
Басын артып, шылауын тартып қалсаң,  
Кетеді жануарым зулап-зулап. (*Шарық*)

Екі адам — аға-іні, ағайынды,  
Бірі үлкен, бірі кіші бар айыбы,  
Дос-жаран ағасы ұстап, інісі ұрып,  
Қанын шашты, айтпады қояйынды.  
(*Төс, балға, қызған темір*)

<sup>1</sup> Кимешек — ақ матадан беті дөңгеленіп ойылып істелінетін әйел баскиімі.

Аждаһа дию көрдім аузын ашқан,  
Келгенде жем жерінде қарсыласқан,  
Мінеді ағаш атқа темір қамшы,  
Көр қазір қатты жүрсе, тозаң шашқан. (*Диірмен*)

Дария күркірейді көбік атып,  
Әркім-ақ іздеп барар жүгін артып,  
Дарияның әрі-бері өткелі жоқ,  
Біреуі кеткен емес тірі қайтып. (*Диірмен, бигай*)

Өзінің орны ғана жайлағаны,  
Бір қазы ортасына байлағаны.  
Аузы бар, көмейі жоқ қара дәудің  
Қалады жерге түсіп шайнағаны. (*Қол диірмен*)

Өзі тоқ,  
Көлеңкесі жоқ. (*Құдық*)

Дүниеден бір құжыра<sup>1</sup> көресің бе?  
Жалғыз көзі көрінер төбесінде.  
Өзіне барған мақұлық құр қайтпайды,  
Жаны жоқ қимылдауға денесінде. (*Құдық, су алу*)

Құдыққа мың қойым түсіп кетті,  
Манақбай Санақбайымен түсіп кетті. (*Қауға*)

Бір құс бар басы төмен, бауы аспанда  
Көзінен жас ағады тау асқанда.  
Өзінің аңдып тұрған бір жауы бар,  
Кетеді іліп алып жанасқанда. (*Қауға шелек*)

Бір бұтақ,  
Бір бұтақта  
Төрт бұтақ. (*Айыр*)

Жұмылмайтын жұдырық,  
Бүгілмейтін білек. (*Күрек*)

Ойдым-ойдым, ойдым жер,  
Ойдым жердің шөбін жер.  
Жабағылы көк қойды  
Жалбыратып қасқыр жер. (*Қырықтық*)

<sup>1</sup> Құжыра (араб) – тастан, шымнан немесе саманнан соғылған іші тар, кішкене аласа үй.

Отырған жері — ой-шұңқыр,  
 Басқан жері — бай-шұңқыр.  
 Алдымда — қылқан,  
 Артымда — қылқан. (*Ер, үзеңгі, аттың жалы, құйрығы*)

Балдыр-балдыр басынан алыпты,  
 Тәңірберген тамағынан алыпты,  
 Құдайберген құйрығынан алыпты,  
 Ең мықтысы белінен алыпты.  
 (*Жүген, сағалдырық, құйысқан, тартпа*)

Алдында екі аяғы,  
 Артында бір аяғы. (*Шігер*)

Аттан биік, иттен аласа. (*Ер-тоқым*)

Тұрса, түйедей,  
 Жатса, төбеттей. (*Ер-тоқым*)

Таппақ, табыспақ,  
 Тай үстіне жабыспақ. (*Құйысқан*)

Кішкене ғана тостаған  
 Лақтырып мені тастаған. (*Үзеңгі*)

Тептім, терекке шықтым. (*Үзеңгі*)

Бір қыздың жүз жиырма түймесі бар,  
 Бесаспап дөңгелексіз күймесі бар.  
 Құдайдың құдіретін қарап тұрсаң,  
 Астында төсек, үстінде көрпесі бар.  
 (*Күмістелген ер-тоқым*)

Мәулім-мәулім<sup>1</sup> баста  
 Орта мәулім төстен,  
 Құлама ет құйрық ұстайды,  
 Ең жаманы бақай ұстайды.  
 (*Аттың жүгені, айылы, құйысқаны және тұсауы*)

Басқан жері бармақтай,  
 Аттаған жері атандай. (*Таяқ*)

<sup>1</sup> Мәулім (жергілікті) — мата.

Бойы түйедей,  
Ізі түймедей. (*Таяқ*)

Албыр-жалбыр бір тамыр. (*Көген*)

## ЫДЫС-АЯҚ

Қабақта қара бурам<sup>1</sup> шөгіп жатыр. (*Қазан*)

Аяғы жоқ, қарны тоқ,  
Құлағы бар, басы жоқ. (*Қазан*)

Айтайын мен бір жұмбақ, табасың ба,  
Таба алмай, аң-таң болып қаласың ба?  
Дарияның ортасында қоңыр үйрек,  
Құйрығы дарияның жағасында.  
(*Қазан, қазанның ішіндегі шөміш*)

Ақ сәделі қожалар,  
Зікір салып, сұңқылдар,  
Өз тамағы тойған соң,  
Бейне жыңды бұрқылдар. (*Самауыр*)

Сары ағаштан сарайым,  
Ішінде жаққан қалайым,  
От пен суы бір жерден  
Табылып тұр әрдайым. (*Самауыр*)

Қарны қартас,  
Мұрны бұртас,  
Атқа мінбес,  
Жаяу жүрмес. (*Самауыр*)

Анау тұрған нар<sup>2</sup> ма екен,  
Нар ботасы бар ма екен?  
Табанына тас қойып,  
Дәрет алған бар ма екен? (*Самауыр*)

Бір жәндік айдалада жүрген не қып?  
Киімін мінсіз қылып пішкен не қып?

<sup>1</sup> Бура – айыр түйенің келеге түсетін еркегі.

<sup>2</sup> Нар – жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе.

Киімі: бөрік, тақия, бір қамзол,  
Алып тұр екі иініне үкі тағып. (*Самауыр*)

Кішкене ғана келіншек,  
Екі шелек су ішеді,  
Бір адамды қинайды,  
Көп адамды сыйлайды. (*Самауыр*)

Су келеді сылдырап,  
Қос қоржыны жанында,  
Қоңыр телпек басында,  
Ұзын бойлы қарадан  
Жолдасы бар қасында.  
Бұрқан-талқан болады,  
Шыдамаса ашуға. (*Самауыр*)

Айтайын жұмбағымды саған нұсқап,  
Басына бөрік киер, құндыз ұстап.  
Үстіне ақ бешпентін киіп алып,  
Жүреді екі қолын артына ұстап. (*Самауыр*)

Сылдыр-сылдыр сары айғыр,  
Ашуланса — кісінер,  
Құлындары құла ала,  
Құйрық жалы қара ала. (*Самауыр, шай, шыныаяқ*)

Мұрны ұзын, аузы көрдей қара кемпір,  
Төркіні Бұхар<sup>1</sup> жақта, өзі жесір,  
«Бір күні бұл қашып кетер-ау» деп,  
Сыртынан бес кісіні қойдық кепіл. (*Құман*)

От басында омпиған,  
Омырауы томпиған. (*Құман*)

Таңертең тұрып шатырымды құрдым. (*Шайтабақ*)

Кішкене ұлым бар,  
Кірген-шыққан сүйеді. (*Кесе*)

Аузы бар да, тілі жоқ,  
Құйрығы бар да, жүні жоқ. (*Мес*)

<sup>1</sup> Бұхар (Бұхара) — б.з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Бір нәрсе аяғы бар, тұяғы жоқ,  
Мойны бар, басы менен құлағы жоқ.  
Артында бір көлденең ағашы бар,  
Сонда да мал секілді сияғы жоқ. (Мес)

Көк өгізім гүрілдейді,  
Жансыз ағаш дірілдейді. (Саба, піспек)

Түнде буаз, күндіз қысыр,  
Күндіз буаз, түнде қысыр. (Саба, етік)

Үлкен келін есік ашты,  
Кіші келін ұрып қашты. (Келі мен келсан)

Жансызда бір жансыз бар тоймайтұғын,  
Қолында шоқпары<sup>1</sup> бар қоймайтұғын,  
Белінде үш-төрт жерден белбеуі бар,  
Өзі өлмесе, белбеуі тозбайтұғын. (Күбі)

Кең балақтың ішінде  
Кетпен сап болады. (Күбі)

Тамаша құстар көрдім құйған қыштай,  
Қапаста жатыр алтау іші пыспай,  
Қапастан сол алтауы шыға келсе,  
Қылады әркім құрмет қолына ұстай. (Кесе, кесеқан)

Ана беттен бір ұрды,  
Мына беттен бір ұрды.  
Апам ұра берген соң,  
Аппақ тозаң құйылды. (Елеуіш)

Тап-тап етеді,  
Астынан керуен өтеді. (Елеуіш)

Аласа үйден қар борайды. (Елеуіш)

Кішкене ғана аран,  
Асты толған боран. (Елеуіш)

---

<sup>1</sup> Шоқпар – ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты ағаштан жасалатын, бір басы дөңкіп жұмыр келген, кейде басына темір немесе қорғасын құйылатын, сойылдан қысқа қол қаруы.

---

Өзі — жаңа,  
Өзі — тесік. (*Елеуіш*)

Жаңа табақ түбі тесік,  
Тақ-тақ етті,  
Астынан керуен өтті. (*Елеуіштен өткен ұн*)

Ішкен суын шұңқырға құяды. (*Шөміш*)

Үйректің өзі тереңде,  
Ақ құйрығы ернеуде. (*Шөміш*)

Асқа бармайды,  
Аспаздан қалмайды. (*Кәкпір<sup>1</sup>*)

Сүбелі, бүйірі бар, қабырға жоқ,  
Жүреді екі қолымен, омыртқа жоқ,  
Ал өзі өмір бойы жер баспайды,  
Бақай, тірсек, тілерсек, тобық та жоқ. (*Оқтау*)

Бір хайуан ұзын түсіп, жатыр сұлап,  
Адамзат көтермесе, кетер құлап,  
Бетіне келген жанды тіліп тастап,  
Қозғалар адамнан тек көмек сұрап. (*Пышақ*)

Аузы бар да, тілі жоқ,  
Терісі бар да, жүні жоқ. (*Тістеуік*)

## ТАМАҚ ПЕН СУСЫН

Ағарып кіреді,  
Қызарып шығады. (*Нанның тандырға пісіп шығуы*)

Былқ-былқ, былқ семіз,  
Қабырғасы жоқ семіз. (*Қамыр*)

Бір құдықтың екі алуан суы бар-ды,  
Қайнатса оның суы мұз болады. (*Жұмыртқа*)

Құдайдың құдіреті көп болады,  
Бір кеседе екі түрлі сүт болады. (*Жұмыртқа*)

<sup>1</sup> Кәкпір — сүзгіш, кепсер.



Суға қайнап, сорпасы шықпас. (*Жұмыртқа*)

Су көрдім реңі екеу бір қазанда,  
Қақпағын аша алмайды ешбір жан да. (*Жұмыртқа*)

Айдалада ақ сандық,  
Аузы-мұрны жоқ сандық. (*Жұмыртқа*)

Әуеден ұшқан іл дейді,  
Ілдің бауыры зіл дейді,  
Тіріден өлі шыққан,  
Ақылың болса, біл дейді. (*Жұмыртқа*)

Айдалада ақ отау,  
Аузы-мұрны жоқ отау.  
Отыз күнде сол отау,  
Айдалада жоқ отау. (*Жұмыртқа*)

Екі аяғы да жоқ,  
Белінде таяғы да жоқ. (*Жұмыртқа*)

Қаршығам өзі қансыз, қолда қонар,  
Қиын жерден қуанып, ауыз толар,  
Мен өзім қаршығамнан дән алыппын,  
Шешуі бұл жұмбақтың қандай болар? (*Кесе, шай*)

Бір жерде бар дейікші сары бұлақ,  
Мақсаты адамзатқа нәсіп болмақ.  
Тып-тыныш өз жайымен тұрмаған соң,  
Байлаған екі жақтан тесіп құлақ,  
Ойнақтар ортекесі ортасында,  
Денесі басқалардан ұзынырақ. (*Қымыз, саба, піспек*)

Жалғанда бір құдық бар суы тәтті,  
Қауғасын бес бәйтерек мықтап тартты.  
(*Емшек сүті, бес саусақ*)

Қырымда бір құдық бар суы батпан,  
Сол суы шілде күні мұз боп қатқан.  
Сіресің, бауырдай боп қатқан мұздың  
Бетіне бетегесі шығып жатқан. (*Айран*)

Жатып қарасам — аппақ,  
Татып қарасам — тәтті-ақ. (*Қант*)

Секірме тастың үстінде  
Сексен қойдың ізі бар. (*Сөре үстіне жайылған құрт*)

Мың қойым суға жүзеді,  
Қойшысы бірге жүзеді. (*Көже мен шөміш*)

Кішкентай құдығымның суы тәтті. (*Жіліктің майы*)

Қызартып салдым,  
Бозартып алдым. (*Қазанға салынған ет*)

Судан шығып кеп еді,  
Суға түсіп өледі. (*Түз*)

Дастарқанға түспейді,  
Қазанда піспейді,  
Дәмі ауыздан кетпейді. (*Ана сүті*)

Қол ауызға берді,  
Ауыз жауызға берді,  
Жауыз ирек жол арқылы  
Барлығын қазынаға берді. (*Ішкен тамақ*)

Есікте жасауыл бар екі қатар,  
Барғанда ұрып-соғып, қан қақсатар.  
Ол адам жәбірленіп тұрғанында,  
Біреу кеп ар жағынан әрі тартар.  
Алып барып онан соң қинап жанын,  
Кездіріп талай өзен, сайдың бәрін.  
Ләззатын сол сайлары алып қалып,  
Шығарып тастайды екен ғазиз тәнін. (*Ауыз, тамақ, асқазан*)

## ОТ ЖАҒУ, ЖАРЫҚ ҚЫЛУ

Дүниеде бір айдаһар жылан бар,  
Жан-жағын жеп барады,  
Ішіне бітеу сүйек көп барады. (*От пен отын*)

Қызыл сиырды байлап салдым,  
Көк сиырды айдап салдым. (*От, түтін*)

Бір жансыз  
Бір жансыздың жанын алар. (*От пен отын*)

Қуыста қызыл әтеш билейді. (От)

Өткірлігі өлімнің нақ зәріндей,  
Өзінен басқалардың бәрін жейді.  
Жейтұғын ешбір нәрсе таба алмаса,  
Өзін-өзі жейді де көрінбейді. (От)

Желкілдеген жапырақ,  
Үлпілдеген топырақ. (От пен күл)

Кірбигенді күлдірер –  
Көңіліне күн кірер.  
Өз еркіне жіберсең,  
Дүниені бүлдірер. (От)

Сары аттың сиген жеріне шөп шықпайды. (Оттың орны)

Қызыл ешкі жатқан жерге шөп өспес. (Оттың орны)

Қарны жуан қампайған,  
Қос құлағы қалқайған. (Қазан)

Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр. (Қазан мен от)

Бап, бап, бапанақ,  
Бапанақ үсті арғымақ.  
Арғымақ үсті қызыл тақ,  
Қызыл тақ үсті қу шұнақ. (Қазан, ошақ, от)

Үш балада бір қармақ. (Мосы)

Қара тайым мықты,  
Қара бием сүтті. (Қазан, ошақ)

Әкесі баласын көтеріп тұрады. (Қазан, ошақ)

Қабақта қара бурам шөгіп жатыр,  
Қызыл сайтан астында неғып жатыр? (Ошақ)

Үш қыз «өлем» деп отыр,  
Әкесі қаба сақал «көmem» деп отыр. (Ошақ, қазан)

Жер жүзін бір айдаһар жеп барады,  
Аузына бітеу сүйек көп барады.  
Айдаһардың аузына түспей қалса,  
«Енді іске жарамаймын» деп барады. (*Өрт, ағаш*)

Сырты қап-қара,  
Іші қып-қызыл жара.  
Әлсін кіріп шығады,  
Бір жалаңбас бала. (*Пеш, от, көсеу*)

Ұзын құрығым үйге сыймайды. (*Пештің мойны*)

Іші қызыл әлеумет,  
Сырты қызыл керемет.  
Таңдап тұрып дәл ұрсаң,  
Пайғамбарға сәлем ет. (*Тандыр пеш*)

Арқаға міндім, хан болдым,  
Үйге келдім, құл болдым.  
Отқа жандым, құл болдым. (*Отын*)

Шешесі мәсісін кигенше,  
Қызы Мәскеуге барып қалды. (*Түтін*)

Ұзыннан ұзақ,  
Көкке тұзақ,  
Балапан жапырақ,  
Батпан топырақ. (*Түтін мен құл*)

Көк өгізім жүреген,  
Мүйізін көкке тіреген. (*Түтін*)

Ана ауылдың бурасы,  
Мына ауылдың бурасы,  
Желкілдейді шудасы. (*Түтін*)

Жұмбағым жұтылды,  
Көкке қарай тұтылды. (*Түтін*)

Көк көйлекті жеңешем  
Көлбең-көлбең етеді,  
Артындағы баласы  
Елбең-елбең етеді. (*Түтін*)

Көк итім көкке мойнын созады. (Түтін)

Пеш ішінде отырмын,  
Өзім шикі қотырмын,  
Қотырыма тимеңдер,  
Өлейін деп отырмын. (Шала жанған қоламта)

Тас таяқ қағысар да соғысар,  
Ортасында бөдене, қырғи келіп қағысар. (Шақпақ тас)

Бір қорада қамалған сансыз жануар,  
Әрқайсысының басында тұрған панар.  
Аңдаусызда сүйкеніп, тиіп кетсе,  
Тыз етіп, сол жануар от боп жанар. (Сіріңке)

Кішкене ғана мүсәтір,  
Ол мүсәтір жоқ болса,  
Елдің бәрі мүсәпір. (Сіріңке)

Бір бөлмеде көп тентек,  
Әрқайсысы отпен тең,  
Жатпайды олар «біз-сіз» деп,  
Шыға келер «шыж-быж» деп. (Сіріңке)

Бір үйде тұрады екен елу батыр,  
Үй сыртына сүйкенсе-ақ өліп жатыр. (Сіріңке)

Үйге кіріп ақ бала,  
Болып шықты қап-қара. (Көсеу)

От басында ұзын темір. (Көсеу)

Жұмбағым жұты қара,  
Таба алмаған кісінің беті қара. (Көсеу)

Іші қара,  
Тысы ақ. (Мұржа)

Дүниеде бір сұлу бар жылтыраған,  
Көргенде жел мен суды қалтыраған.  
Сен оны қасыңа алып жүре қалсаң,  
Нәрсе жоқ қараңғыда табылмаған. (Шам)

Ақ тауға бір бәйтерек қарсы біткен,  
Басына бір адамзат мекен еткен.  
Әділдігі елге бар, өзіне жоқ,  
Ақырында өз басына өзі жеткен. (*Шам*)

Бір тастың қақ басында құдығы бар,  
Құдықтың айналасы бәрі де жар. (*Білме шам*)

Ақ шатыр, ақ шатыр,  
Ақ шатырдың ішінде  
Қызыл көзді шал жатыр. (*Шам*)

Мекен қып бұ жиһанды падиша өткен,  
Ол падиша алтын тақты мекен еткен.  
Басында падишаның алтын тәжі,  
Сол тәжі ақырында түбіне жеткен. (*Шам*)

Бір түйем өлді арықтап майы көптен,  
Жануар семірмейді жеген шөптен.  
Ол түйем зәулі-ғалам<sup>1</sup> өліп кетсе,  
Сүйегі табылмайды жерден, көктен. (*Майшам*)

Судан шығып, жалаңдайды бір жалын,  
Аузында алтын балық жарқыраған.  
Жыланның тіршілігі суыменен,  
Су құрыса, балық өлер әрі жылан.  
*(Шамның білтесі, жалыны, керосин)*

Бір жерде бір бәйтерек жеке біткен,  
Басында әділ патша мекен еткен.  
Неше күн жер астында жатып-жатып,  
Жолай алмай қасына, қыршын кеткен.  
*(Шырақ пен шіркейлер)*

## ҚАТЫНАС, ЖҮРІС-ТҰРЫС

Ұзын терек,  
Саясы жоқ. (*Жол*)

Ұзын-ұзын, ұзын жіп,  
Ұшы қайдан табылар? (*Жол*)

<sup>1</sup> Зәулі-ғалам — алда-жалда.

Бір жолда екеуі жарысады,  
Бір-бірінен оза алмай, алысады. (*Теміржол*)

Тап-тап, тап басқа,  
Табаны жалпақ көк қасқа,  
Үйірге салсаң, кісінемес,  
Шөптің басын тістемес. (*Қайық*)

Үстінде көк сорпаның тұрған төніп,  
Қояды анда-санда ырғатылып,  
Жаз болса, көк шалапты сапырады,  
Шөмішін бір шығарып, бір батырып. (*Қайық*)

Шапсаң, жаңқасы жоқ,  
Жүрсе, ізі жоқ,  
Кессең, қаны жоқ. (*Қайық*)

Ербегей де сербегей,  
Иесіз үйге кірмегей,  
Атсыз сірә жүрмегей. (*Арба*)

Қадамы жоқ ізінің, аяғының,  
Созса ұшы жетпейді таяғының,  
Екі қолын айуанға артып алып,  
Әніне салады екен баяғының. (*Арба*)

Табаны жалпақ боз жорға,  
Тайпалсын десең, сал жолға. (*Шана*)

Жол үстінде төсек,  
Оны таба алмаған есек. (*Көпір*)

## ҚАРУ-ЖАРАҚ, АҢШЫ ЖӘНЕ АҢШЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Белі бүкір,  
Алысқа түкір. (*Мылтық*)

Бір нәрсе ғажайып, өзі жүйрік,  
Онда жоқ ұшатұғын қанат, құйрық.  
Өзінің жан алмаған еркі бар,  
Жасаған жарасулы, етсең бұйрық. (*Мылтық*)

Қос қурайдың басынан  
Құтырған торғай ұшады. (*Мылтық пен оқ*)

Тау тарс етті,  
Күн гүрс етті.  
Жырадағы жылқы үрікті,  
Жымда жатқан тұлкі үрікті. (*Мылтық*)

Өмір-өмір, өмірден,  
Жаққан оты көмірден,  
«Шыңырау» деген бір құс бар,  
Жұмыртқасы темірден. (*Мылтық, оқ*)

Қара күшігім қаңқ етті,  
Даусы Бұхарға жетті. (*Мылтықтың даусы*)

Судыр-судыр жүгенім,  
Судыр қара дөненім,  
Желіп кетсе, жеткізбес,  
Түсіп кетсе, таптырмас. (*Оқ*)

Сүмбіл теректі,  
Жасыл желекті.  
Ерден қалмайды  
Жауға керекті. (*Найза*)

Ол не дүр — басы айыр, түгі бар,  
Өзі ағаш, ақ темірден бөркі бар.  
Адамзат себеп болып ол дағы,  
Аладан пәрмен келсе, өлтірмекке еркі бар. (*Саржа*<sup>1</sup>)

Белі қайқы,  
Жоны тайқы. (*Қылыш*)

Шаңырақты, түндікті,  
Шіреніп жатқан бір мықты.  
Тие көрме құрғырға,  
Тиіп кетсең, ырғытты. (*Қақпан*)

Жапанда бір айдаһар бұғып жатқан,  
Оятып өз жанынан қаза тапқан,  
Нәрсеге не болса да өзі тажал,  
Аяғы сондай мықты жерге батқан. (*Қақпан*)

<sup>1</sup> Саржа — сүйекпен әшекейленген әдемі садақ.



Денесі жоқ, аузы бар,  
Аяғы жоқ, қолы бар. (Қақпан)

Болса да өзі батыр,  
Жерде бұғып жатыр. (Қақпан)

Бар екен бір айдаһар жалғыз тілді,  
Ұқсамас еш сипатқа оның түрі.  
Өзі жансыз айдаһар жандыны алған,  
Жеріне жақындаған кетпес тірі. (Қармақ)

Бір нәрсе сырты бүтін, іші қуыс,  
Айуан жандармен болған туыс,  
Бір елдің патшасын ол қаратады.  
Қарасаң, бар денесі бір-ақ уыс. (Томаға)

## ЕСЕП ЖӘНЕ САУДА

Қойыма қора соқтым жермен-жексен,  
Бұл қойым кейде сегіз, кейде сексен,  
Сегізді сексенменен қосып салса,  
Болады сексен сегіз бөгелместен. (Есепшот<sup>1</sup>)

Бірталай құс кеп қонды балағанға,  
Болады сексен сегіз санағанда.  
Ішінде сексен үйрек, сексен қарға,  
Құйрығын жан шыдатпас тарағанда. (Есеншот)

Қам қамал, қамқам қамал, қамқан кемер,  
Бұл қамқан тоқсан алты толып, семер,  
Құмырсқа қисық жолын түзетеді,  
Бар ма екен осыдан да басқа себеп? (Таразы)

О, Құдайдың бұйрығы,  
Төбесінде құйрығы.  
Алты аяғы,  
Екі табаны бар,  
Бір таяғы бар. (Таразы)

Кішкентай ғана безер,  
Жер дүниені кезер. (Күміс ақша)

<sup>1</sup> Есепшот – арифметикалық есептеулер жүргізуге арналған аспап.

Жер жүзінде бір қыз бар,  
 Қырық ерге тиіпті,  
 Тиіпті де, шығышты,  
 Және тағы қыз екен. *(Ақша)*

Бір адам кейпі жаман, жалпақ бетті,  
 Тауыпты ерге тимей қырық перзентті.  
 Әрқайсысы тоқсан алты бала туып,  
 Ол өзі жансыз талай мыңға жетті.  
*(Бір, қырық қадақ, тоқсан алты мысқал)*

## МЕЗГІЛ, УАҚЫТ

Бір жайын тынбай жүзер, дөп-дөңгелек,  
 Ұясы — үш жүз алпыс бес, бөлек-бөлек,  
 Сөткеде жиырма төрті жұмыртқалап,  
 Ақ, қара қанаты бар бір көбелек.  
 Тағы да нұрға толмақ асыл шөлмек,  
 Таусылып, алмағайып қайтып келмек,  
 Әлемде алты арыстан ысқырғанда,  
 Жиылып құрт-құмырсқа бәрі де өлмек.  
 Айтуға сонда қиын болғанмен де,  
 Тұрады барлығын да заңы билеп.  
*(Бір жыл, үш жүз алпыс бес күн, жиырма төрт сағат, бір ай)*

Үш жүз алпыс бес жасадым болып жуан,  
 Қырық сегіз қызды болдым бір алуан.  
 Қатар өскен бар менің он екі ұлым,  
 Бір ұлым бар олардан ерек туған.  
*(Бір жыл, қырық сегіз жұма, он екі ай, бір ай)*

Ойдан шықты бұл жұмбақ,  
 Ойшыл ерлер, ойлан, тап.  
 Өзгермейді өзінен  
 Бұл жаһанда бір дарақ<sup>1</sup>.  
 Ол дарақтың бойында  
 Дәл он екі бар бұтақ.  
 Бұтақтардың басында  
 Үш жүз алпыс жапырақ.  
 Жапырақты қарасақ,

<sup>1</sup> Дарақ (парсы) — ағаш.

Бір жағы қара, бір жағы ақ,  
Бұл жұмбақты кім шешсе,  
Болсын дейміз жасы ұзақ.  
*(Жыл он екі ай, үш жүз алпыс күн, күн мен түн)*

Үй артында бір дуан,  
Бір ұлы бар ханға дуан,  
Қырық сегіз қызы бар,  
Бәрі жуан.  
*(Бір жыл, бір ай ораза, бір жылдағы қырық сегіз жұма)*

Бір ұзын ағаш,  
Үстінде он екі ұя,  
Әр ұяда төрт тұқым,  
Әр тұқымда жеті балапан.  
*(Бір жыл, он екі ай, төрт апта, жеті күн)*

Бір ағаштың он екі бар бұтағы,  
Әр бұтақтың отыздан жапырағы.  
Жапырақтың бір жағы ақ,  
Ал бір жағы қара екен,  
Нені айтар мұның бәрі? *(Жыл, ай, күн мен түн)*

Атасы мен анасы,  
Үш жүз алпыс бес баласы,  
Он екі ауыл шамасы,  
Отыз ор дуадақ,  
Бес балақ сан,  
Елу екі қарақшы.  
*(Күн мен Ай, үш жүз алпыс бес күн, он екі ай, бір айдағы отыз күн, айлардан тыс алынып жылға қосылатын бес күн — бесқонақ, жыл ішіндегі елу екі апта)*

Базардан бір текемет алдым сатып,  
Алты айдай текеметте жүрдім жатып.  
Бұл іске мен ғажайып болып тұрдым,  
Қалды ғой алты айдан соң айран қатып. *(Жаз бен қыс)*

Күзетші бір-екі адам ол жаһанда,  
Ораулы он екісі бір шапанда.  
Ұстайды он екісі отыз шоқпар,  
Қырық құрық даярлаулы қашағанға.  
Қарасам, жеңі бесеу ол шапанда,

Көрмедім бұндай шапан бұл жалғанда.  
 Ауызы жеңдерінің бүрмеленген,  
 Анықтап он екі пар түймеленген.  
 Апырмай, есебі жоқ толып жатқан,  
 Қиындық, ойлап тұрсам, тарау-тарау бұл не деген?  
 (Жыл, күн, жұма)

Руымыз әнжан,  
 Атқа міндік алты адам,  
 Алтымыз да балуан.  
 Тұра қашты бір қоян,  
 Басып қалдық жалма-жан.  
 Басып тұрдық бесеуіміз,  
 Бауыздадық біреуіміз,  
 Мойны шықты қырық сабын,  
 Бұзаушығы былай тұр.  
 Терісі шықты алпыс етік,  
 Қырық ұлтан,  
 Сыздығы былай тұр.  
 Мұны өтірік демессің,  
 Ойланып ал, шыдай тұр.  
 (Алты ай жаз, бір жыл, бес ай қыс, қыстан жазға аударылған ай,  
 қырық сабыны — қырық күн шілде, терісі алпыс етік шықты дегені —  
 көктемнің екі айы, алпыс күн)

Алты арыстанды үш бөрі сорған,  
 Жілігін шақпай, майын сорған,  
 Терісін теспей, қанын сорған.  
 (Алты арыстан — алты ай жаз, үш ай тоқсан)

Жолда кеткен ақ қоян,  
 Жолға қарап отырды.  
 Қарға менен құзғынды,  
 Ұйқыменен жоқ қылды. (Қыс)

Жерде жоқ, көкте жоқ,  
 Бір әңгелектен әңгелек шығады.  
 Он екі бөлек,  
 Біреуі — ащы,  
 Біреуі — тұщы. (Он екі ай, жаз бен қыс)

Жаралған бұл дүниеде екі қақпақ,  
 Мезгілімен ашылып және жаппақ.

Болғанда бірі қара, екіншісі —  
Күмістей жарқыраған сүттен де аппақ. *(Күн, түн)*

Алдымен қара тұлпар озық келер,  
Арғымақ мойнын созып, кейін келер,  
Соңынан боз арғымақ басып озып,  
Айналып бірін-бірі жүре берер. *(Түн, таң, күн)*

Үш бірдей бағып жүрмін арғымақты,  
Біреуі біреуінен қарғымапты.  
Үш бірдей үшеуінен қаққан қазық,  
Біреуі біреуінен тар болмапты. *(Таңертең, түс, кеш)*

Желсіз, сусыз айналған бір диірмен,  
Шыққан күннен айналып, бірдей жүрген.  
Қылдан нәзік мойнында бір бауы бар,  
Ақылың жетік данасың ойлап білген. *(Сағат)*

Бір көл бар он екі қаз жайлаған,  
Ішінде екі тырна айқайлаған.  
Тырнаның біреуі — би, біреуі — хан,  
Ішінде жалғыз үйрек той тойлаған. *(Сағат)*

Төрт аққу, қырық сегіз қоңыр үйрек,  
Жиналды ойынқұмар, қалмас сиреп.  
Майданда белдескенде кезек-кезек,  
Тастайды бірін-бірі үн қып илеп.  
Ойыны қанғаннан соң бәрін жиып,  
Зынданға сап тастайды өзін түйреп.  
*(Бір жыл, төрт мезгіл, қырық сегіз апта)*

Қолымнан жиырма төрт үйрек ұшты,  
Барды да отыз көлдің суын ішті.  
Көрді де сол үйректі он екі арқар,  
Үш жүз алпыс қозыға болды ішті.  
*(Бір тәуліктегі 24 сағат, бір айдағы 30 күн, бір жылдағы 12 ай,  
360 тәулік)*

Жер үстінде бір бәйтерек,  
Оның бар он екі бұтағы.  
Әрқайсысында отыз жапырақ,  
Отызының бір жағы ақ, бір жағы қара.  
*(Жыл он екі ай, бір айдағы отыз күн, тәуліктегі күн мен түн)*

## ДІН

Бітіпті бір аралға біраз егін,  
Қырық дәнін бас-басына берген тегін.  
Көнбесең еркіңменен бұл бергенге,  
Ақырында падиша алар кегін. *(Қырық парыз)*

Қырық кез қарағай садақ бар белімде,  
Кім беред жұмбақ шешер бұл шенімде.  
Құйдым да үлпершекке, ілдім талға,  
Шеше ғой ақын болсаң қапелімде. *(Қырық парыз)*

Әлемге мәуе болған бір бәйтерек,  
Төрт түбірі төңіректе болса керек.  
Санасаң жапырағы отыз үш мың,  
Табарсың, ақылың кәміл болса зерек.  
*(Мұхаммед пайғамбар, төрт шадияр, отыз үш мың сахаба)*

Айнала ақ терек,  
Бұтақсыз, жапырақсыз. *(Имансыз)*

Жүз он төрт балапан бар бір ұяда,  
Сөздері балдан тәтті бек зияда.  
Жүз он төрт балапанда бес мың тіл бар,  
Білмейді қайбір надан қапияда. *(Құран)*

Әлемнің ортасында бір қызыл ту,  
Құдайдың құдіретімен базасы бу.  
Дарияның ортасында бір бәйтерек,  
Қолы жеткен ап ішер бір шыны су. *(Қағба)*

Бадахшанда<sup>1</sup> бір ай бар,  
Жер жүзінде бір ай бар.  
Ол жүз айдың ішінде,  
Масқара болған бір ай бар.  
Масқара демей, не дейін,  
Құранға түскен шырай бар. *(Ораза айы)*

Отыз ор дуадақ,  
Қырық сегіз қысыр дуадақ,

<sup>1</sup> Бадахшан – Тәжікстан мен Ауғанстан территориясына кіретін жер атауы.

Бес безгелдек,  
Бір тоты құс.  
(*Отыз күн ораза, бір жылдағы қырық сегіз жұма, бес намаз, құман*)

Жалғаннан алтын басты киік бақтым,  
Мойнына он сегіз мың арқан тақтым.  
Бес қадақ, тоғыз шерік іліп қойып,  
Отыздан аяғына шеге қақтым.  
(*Отыз күн ораза, бес уақыт намаз*)

Бір үйде отыз кітап,  
Бес қалам,  
Кім оларды күтсе,  
Алладан мархабат көреді.  
(*Бір ай, отыз күн ораза, бес намаз*)

Бір түп әңгелекте<sup>1</sup> он екі әңгелек болады,  
Он екі әңгелектің біреуін тапқан адамға сауап болады.  
(*Ораза айы*)

Үш жүз алпыс бес шығыршық<sup>2</sup>,  
Қырық сегіз тығыншық,  
Аққу жылына екі рет балалайды.  
(*Үш жүз алпыс бес күн, қырық сегіз жұма, екі айт*)

Қолымда бес алмам бар,  
Бес саусақтың саласындай.  
Оның үшеуі күнді көріп, күнге піскен,  
Екеуі көлеңкенің саясында. (*Бес уақыт намаз*)

Ішінде мың қасқырдың бір жолбарыс,  
Қасымнан айқайласам кетпейді алыс.  
Қасқырды қашар деген бар үмітім,  
Жолбарыс шаппай кетпес көптен таныс.  
(*Әзірейілдің жан алуы*)

Бұрынғы уақытта бір хан болған,  
Лашын, сұңқар, қаршыға, бүркіт салған.  
Оның төртеуі де қарап болып,  
Күйкентай отыз үш мыңға барған.  
(*Пайғамбар, төрт шадияр, отыз үш мың сахаба*)

<sup>1</sup> Әңгелек – домалақ келген, ерте пісетін кішкене қауын.

<sup>2</sup> Шығыршық – дөңгелекше жұмыр темір.

Бір таудан қырық екі бұлақ аққан,  
 Қасында он жеті патшасы бар ақыл тапқан,  
 Болғанда он екі уәзірі бар, үш шабарман,  
 Бұларды құрастырған жалғыз Хақтан.  
*(Бір күнгі намаз, қырық екі бас, он жеті – парыз,  
 он екі – сүннет, үш үтір – уәжіп)*

Бауырынан түйе тасың ат жалмайды.  
 Құдайдан шын тілесек, не бермейді.  
 Бар екен бауырында бес балапан,  
 Үшеуі күн көрмейді, екеуі түн көрмейді.  
*(Бес намаз, күн көрмейтін үш намаз – таң намаз, намазшам,  
 құтпан, түн көрмейтін екі намаз – бесін, екінті)*

Қырық сегіз оқ, садақ бар тал белімде,  
 Шешенің мені жеңер бар ма еліңде?  
 Бес бақан, отыз оқ жұмбағым бар,  
 Таба ғой, шешен жігіт, қапелімде.  
*(Бір жылда келетін қырық сегіз жұма,  
 бес уақыт намаз, отыз күн ораза)*

## ОҚУ-БІЛІМ

Қабат-қабат қаптама,  
 Ақылың болса, аттама. *(Kiman)*

Бір құсым бар, қаны жоқ,  
 Қанатының саны жоқ,  
 Адамменен сөйлесер,  
 Ақылы бар, жаны жоқ. *(Kiman)*

Ұзын-ұзын ұсқауын,  
 Ұзынына кім жетер?  
 Шұбар ала күйкентай,  
 Шұбарына кім жетер? *(Kiman)*

Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,  
 Ашылар мезгілінде баурын жазып.  
 Ішінде толып жатқан қазынасы бар,  
 Қорек қып пайда алар тамам халық. *(Kiman, оқу)*



Ұзын-ұзын, ұзын жол,  
Ұшына жеткен бар ма екен?  
Түбі терең қара су,  
Түбіне жеткен бар ма екен?  
Түбіне жетіп бұл судың,  
Қанып ішкен бар ма екен? (Оқу)

Дүниеде бір дария беті қайтқан,  
Бетінде бетегесі шығып жатқан.  
Қараса сол құдыққа, көз жетпейді,  
Құр қалмас сол құдықтың дәмін татқан. (Оқу, білім)

Сай бойында сары алтын. (Білім)

Бір ат бар бесеуара, өзі жорға,  
Саламын жорғалатып жолдан жолға.  
Найзамен қар үстіне суды құйып,  
Ғажайып бір іс қылдым осы жолда. (Қалам)

Бір құс бар тап-тамаша, тұмсығы ұзын,  
Есептеп келеді өзі жердің жүзін.  
Салғанда жалтыр мұзда жорғалайды,  
Кейбіреу білмейді оның басқан ізін. (Қалам)

Өзі арық,  
Басы жарық,  
Жүрген жері көп әріп. (Қалам)

Қара-дүр қасы,  
Жарық-дүр басы,  
Тұқаң-тұқаң еткенде,  
Келеді көздің жасы. (Дәуіт<sup>1</sup>, қаламсап)

Ұзын тұмсық сауысқан,  
Бір көлдің суын тауысқан. (Қалам мен сия)

Қалам шәріп,  
Екі тұтам,  
Екі елі, басы жарық. (Қалам, сабы)

<sup>1</sup> Дәуіт – сия құятын ыдыс.

Жапанда бір құдық бар суы тәтті,  
Ішінде бір бәйтерек бек айбатты.  
Жаралған десең болар, қандай шебер,  
Адамзат не бол десе, сол болыпты. (*Қалам, дәуім*)

Бес көл бар, айналасы қоршаулы тас,  
Сүңгиді жалғыз үйрек екі айыр бас.  
Бес жігіт бір өзіне қызмет қылған,  
Тамған жерде қалар көзіне жас. (*Дәуім, қалам*)

Бір нәрсе құмырсқа бел, сүйрік тұмсық<sup>1</sup>,  
Екі бүйірі шығыңқы, көзі қисық.  
Жансызда жалықпайтын соны көрдім,  
Жорғалап қызмет етер құстай ұшып. (*Қаламұш*<sup>2</sup>)

Бір құс бар екі тілді, сайрап тұрған,  
Үстінде мәуесі бар, жайнап тұрған.  
Ішетін суы да көп, ішу де көп,  
Құдығы тасбұлақтан қайнап тұрған. (*Қалам, сия*)

Ағартуға жоқ,  
Қарайтуға әйдік-ақ. (*Сия*)

Он қойым өміріме болады азық,  
Инемен суарамын құдық қазып,  
Жатсам да, тұрсам-дағы өз қасымда,  
Өзімнен көрген емес кейін қалып. (*Он саусақ, сия*)

Он аққу бір қапасқа қорғалаған,  
Су ағып ортасынан, сорғалаған.  
Үстіне ақтан кілем жайып тастап,  
Қоңыр қаз ортасында жорғалаған. (*Он саусақ, ақ қағаз, сия*)

Бес жанды бір жансызға мінгескен,  
Айналып, ақ тақырдан із кескен. (*Бес саусақ пен қалам*)

Бес үйрек суда жүрер саныменен,  
Қаршығам төңкерілер айнаменен.  
Жұмбақты табар болсаң, ойланбай тап,  
Бір аққу жолдас болған бәріменен. (*Бес саусақ, қалам, қағаз*)

<sup>1</sup> Сүйрік тұмсық — сүйір тұмсық.

<sup>2</sup> Қаламұш — қаламның сияға батырып, жазу жазатын ұшы.

Бес кісі тәуекел деп түсті жолға,  
Сенгені бесеуінің жалғыз жорға.  
Басқаны сол жорғаның бітгі болды,  
Кетеді қамшыласа, оң мен солға. (*Қол мен қалам*)

Бір құс бар «бұлбұл» деген ұзын мұрын,  
Сөйлесе, келтіреді сөздің нұрын,  
Үстіне көкше мұздың жорғалаған,  
Құс жоқта сөйлейтұғын одан бұрын. (*Қағаз*)

Бір жанды бір жансызға мінгеседі,  
Жүгіріп, әр жерлерден із кеседі,  
Тоқтамай, жолдан жолды іздеп жүріп,  
Ойлаған бір орынға кездеседі. (*Қағаз, жазу*)

Аяғы жоқ, жүреді,  
Аузы жоқ, сөйлейді. (*Хат*)

Бір ғажап бар, тілі жоқ,  
Сөйлеп берсе, міні жоқ. (*Хат*)

Бір патша, екі уәзір бек байланды,  
Әрқашан он батырды жауға айдайды.  
Құдыққа жіпсіз салып бір адамды,  
Бесеуі шығаруға оңтайланды.  
(*Қол, екі көз, он саусақ, қалам, гәуіт*)

Сенде бар, менде бар,  
Адамда жоқ,  
Жанда бар, ханда бар,  
Ғаламда жоқ,  
Тиде бар, сыйда бар,  
Харамда жоқ,  
Шамға бардым, үшеуін көрдім,  
Мысырға бардым, біреуі де жоқ.  
Жалғаннан біреу, екеу, үшеу,  
Төртеуін бір жерден көрген адам да жоқ.  
(*Араб әріптерінің асты-үстіне қойылатын ноқаттары*)

## ОЙЫН-САУЫҚ, МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР

Бір жансыз – мойнында бар екі құлақ,  
Ойнайды дәл үстінде он шақты лақ.  
Белінде сегіз белбеу, қолда екі арқан,  
Қояды оны қайта бұрап-бұрап.  
Бар екен маңдайында жалғыз көзі,  
Болады тоқсан түрлі айтқан сөзі. *(Домбыра)*

Жылқыда ерен жүйрік қара арғымақ,  
Мойыны жануардың бунақ-бунақ,  
Айылын екі жерден мықтап тартып,  
Кетеді қамшы бассан, зулап-зулап. *(Домбыра)*

Қос қазық, екі жерден шынжыр арқан,  
Сылдырап әр буыны үнін қосқан.  
Он адам жолдас болып еңбек етсе,  
Аралап, он екі үйге қонақ болған. *(Домбыра)*

Екі құлақты,  
Он екі аяқты. *(Домбыра)*

Тоғыз айыл, қос желі,  
Екі мұрын, бір шүмек. *(Домбыра)*

Тынбайды жылтыр мұзда екі жорға,  
Екеуі құлай жаздап кейде зорға,  
Кей уақыт зырлап келіп кілт сүрініп,  
Болады құлағандай қазған орға.  
Минутта тоғыз бекет аралайды,  
Он жігіт қызмет етіп жүрген сонда. *(Домбыра)*

Қос қазық, екі желі, сегіз ноқта,  
Сөйлейді, шежіредей адам соқса,  
Тағы да бір мінезі таңғажайып,  
Еш уақыт сөйлемейді адам жоқта. *(Домбыра)*

Бұлбұлдың сегіз аяқ, бір басы бар,  
Тең басқан сегіз жерден таңбасы бар.  
Үстіне мініп алып, жорғалатсаң,  
Салатын әрбір түрлі жорғасы бар. *(Домбыра)*

Қарны қабақтай,  
Бұты таяқтай.  
Тиіп кетсең, жылайды,  
Жыласа да, ұнайды. (*Домбыра*)

Бір мақұлық бар екен тау жайлаған,  
Басына адам барса, ойбайлаған.  
Екі бала үстіне мініп алып,  
Қайда жиын, қайда той, той тойлаған. (*Домбыра*)

Бір ағаш бір ағаштан жорға болды,  
Оның да жорғалығы зорға болды.  
Арқанмен бас-аяғын байлап қойып,  
Бір қарға соққылайды оңды-солды. (*Домбыра*)

Келемін жоғарыдан күймелемей,  
Он жерден омырауды түймелемей.  
Сегіз қыз, сегіз жігіт ән салады,  
Япыр-ай, не екенін білмедім-ай. (*Домбыра*)

Әркез, әркез,  
Мойыны бір кез.  
Шақырса келмес,  
Қолдан түспес. (*Домбыра*)

Салдырттым әсем қара ат, екі жорға,  
Он жігіт қызмет қылар әрең зорға.  
Күніне жеті бекет жер алғызып,  
Әселмен барып келер нұрлы жолға. (*Домбыра*)

Жансыздан боз шыққан боз арғымақ,  
Арқаны бар арқасында жұмақ-жұмақ  
Ер ерттеп, екі айылын тартып алып,  
Қамшыласа, кетеді зулап-зулап,  
Мініп ап боз жорғаны, күйге салдық.  
Он жігіт жол бойында қызмет етті,  
Құбылтып неше түрлі әнге салып. (*Баян*)

Келеді мына жақтан күймелі бай,  
Омырауы сары алтыннан түймелі бай.  
Екі шал, жеті жігіт ән салады,  
Затының кім екенін білмедім-ай. (*Сырнай*)

Бір кеме — айналасы бітеу қақпа,  
Жүргізген капитаны алтын тақта,  
Уәзірі он екіден жиырма төрт,  
Отыз екі көлде екен әр уақытта. (Дойбы)

Бір көлде он екіден қаз ойнайды,  
«Алсам» деп бірін-бірі наз ойлайды.  
Келгенде жақындасып, қожандасып,  
Бір-бірін алмасына еш қоймайды. (Дойбы)

Қолымнан жиырма төрт үйрек ұшты,  
Барды да отыз екі көлге түсті.  
Балдыры мен шөбіне әбден тойып,  
Бір-біріне жаудай боп қарсы ұшты. (Дойбы)

Бар екен екі жақта екі дуан<sup>1</sup>,  
Он екіден әскері бір күн туған.  
Біреуін біреуі арбап, құрбан беріп,  
Қан майдан соғыс салып, көңілі тынған. (Дойбы)

Бір топ құс ұшып қонды балағанға,  
Үйірі жиырма төрт санағанға.  
Ісіне құдіреттің қарап тұрсаң,  
Қонады екі бөлініп қарағанға. (Дойбы)

Асты тақтай, үсті тақтай,  
Қонады сол тақтайға үйрек қаптай.  
Үйректі екі мерген атамды деп,  
Аңдиды тұрғысынан дамыл таппай. (Дойбы)

Бір шаһар жаратылды бітеу қақпа,  
Жүргізіп, патша отыр алтын тақта.  
Уәзірі он екіден — жиырма төрт,  
Әр уәзір алыс жерде әр уақытта. (Дойбы)

Ғажайып жамбыл<sup>2</sup> көрдім төрт бұрышты,  
Жиылып патша, солдат көп ұрысты.  
Қолында қару-жарақ сайманы жоқ,  
Ары-бері ұрысты да, жай болысты. (Дойбы, шахмат)

<sup>1</sup> Дуан (көне) — бір уездік көлемдегі ауқымды бекініс, аймақ.

<sup>2</sup> Жамбыл — кентті, қаланы айнала қоршаған, балшықтан соғылған қорған, бекініс.

Мен көрдім өзі жансыз сегіз еркек,  
Келгенде аларманға адам тентек.  
Ішінде сол қосынның төрт әйел бар,  
Жүреді елу екі қол жетелеп.  
Және де төрт патша басында отыр,  
Үкімі сол шіркіннің тым-ақ тентек. (*Карта ойыны*)

## ӘРТҮРЛІ ЖҰМБАҚТАР

Өлмесең де өлмейді,  
Өлсең де өлмейді. (*Адамның есімі*)

Қырдан қырайман көрдім,  
Судан Сүлеймен көрдім.  
Қайырылып тұрған тас көрдім,  
Тұзсыз піскен ас көрдім. (*Диірмен, балық, қауын*)

Кішкене ғана мүсірет,  
Таудан отын түсірет. (*Ұстара*)

Қараңғы үйге қақпан құрдым. (*Иткірмес*)

## ЖҰМБАҚ ӨЛЕҢДЕР

— Жалғанда бір нәрсенің үш аузы бар,  
Екі аузы тар, бір аузы адам жұтар.  
Көз салып айналама қарап тұрсам,  
Халайық, адамзаттың бәрінде бар.

— Бұл жұмбағың үрейлі салады ой,  
Кейбіреулер қорқып та қалады ғой.  
Үлкен аузы — шалбардың белі болса,  
Кішкене аузы — екі ұзын балағы ғой.

\* \* \*

— Адамға қызмет етіп тұр диірмен,  
Тұрады ылғи зарлап бір бүйірден.  
Ішінде қылдан нәзік жіптері бар,  
Тез тауып айтшы, кәне, кім иірген?

— Сағат қой айтып тұрған диірменің,  
Соны да адам таппас қиын дедің,  
Жіп дегенің серіппелі пружинасы,  
Шебердің көрдік талай иіргенін.

\* \* \*

— Дүниеде бір ғажайып қатқан сері,  
Өзінің тоғай дейді жатқан жері.  
Жануар ардан өлмей, аштан өлген,  
Жігіттің мұны тапқан кемеңгері.

— Жұмбағың айтпай жатып келеді еске,  
Тоғайың түгі қалың тері емес пе?  
Ашкөз аштан өлетін, ардан емес,  
Жабысқақ жатып ішер кене емес пе?

\* \* \*

— Бар екен бір айдаһар, білесің бе?  
Жаны жоқ қимылдарға денесінде.  
Ішінде сүйектері бақша-бақша,  
Жарқырар жалғыз көзі төбесінде.

— Жұмбақтың естігем жоқ қиынын мен,  
Айтылмыш айдаһарың иірілген.  
Сүйегі — кереге, уық, көзі — шаңырақ,  
Қазақы аумайды екен киіз үйден.

\* \* \*

— Бір нәрсе дүниені шыр айналған,  
Ит мінген, есек өңгерген, түйе айдаған.  
Артында жетектеген ешкісі бар,  
Еш адам мұны тауып біле алмаған.

— Ит аяқ бір жануар, есек құлақ,  
Түйе ерін, ешкі құйрық десек құрап.  
Кәдімгі қорқақ қоян шыға келер,  
Соны да жұмбағым деп тұрсың сұрап.





\* \* \*

— Дүниеде бір кісі бар қалмақ бетті,  
Болса да қалмақ бетті — әділетті.  
Алдыңа, тапқыш болсаң, сала айтайын,  
Көріпті қатын алмай қырық перзентті.

— Қалмақ бетті тепе-тең қос табағы,  
Әділетпен ол әркез дос болады.  
Ол таразы кәдімгі, қырық перзенті —  
Ауырлықты өлшейтін тас болады.

\* \* \*

— Дүниеде бір жәндік бар үйретілген,  
Мойнында жібек арқан сүйретілген.  
Алдыңа, тапқыш болсаң, сала айтайын,  
Қолға алсаң, көп жұмысты сол бітірген.

— Үйретілген жәндігің ине емес пе,  
Жібек жіпті арқандай сүйремес пе.  
Шын шебердің қолында ине мен жіп,  
Киім тігіп, жылтылдап билемес пе.

\* \* \*

— Алыстан көзді тартқан сұр тегене,  
Кейде орта, кейде толы бір тегене.  
Алдыңа, ақын болсаң, сала айтайын,  
Тауып көр, тапқыш болсаң, бұл немене?

— Десеңіз сұр тегене — қай тегене,  
Құбылмас толып, кеміп, жәй тегене,  
Алыстан қызықтырып, көз тартатын,  
Кәдімгі аспандағы Ай тегене.

\* \* \*

— Жансызда бір жансыз бар жалғыз аяқ,  
Басына қыстырғаны шиден таяқ.  
Жалаңаш қойып тұтас өзге жерін,  
Беліне ораныпты аямай-ақ.

— Аямай белге ораған киімімен,  
Шешімге жетелейді шиі бірден.  
Қолынан түспес шебер әженің,  
Кәдімгі ұршық қой бұл иірілген.

\* \* \*

— Үлкен үйдің бар егіз ұл мен қызы,  
Ол екеуін біледі дүниежүзі.  
Ұлы түнде ұйықтайды, қызы күндіз,  
Білінбейді жүргенде басқан ізі.

— Айтып тұр деп бөгелмен қай баланы,  
Жұмбағыңа жауабым сай болады.  
Айтқан үлкен үйіңіз — бүкіл әлем,  
Ұлыңыз — Күн, қызыңыз — Ай болады.

\* \* \*

— Қонақтап күнде қонар су бетіне,  
Барлық адам сүйсінер келбетіне.  
Айдыңдағы сипамақ болсаң жүзін,  
Бата түсер тереңге тербетіле.

— «Тербелді» деп су бетін айтпа өкпе,  
Сипатпақ па сұлулар саған текке?  
Көңілдегі емес, көктегі Ай сұлу ол,  
Мықты болсаң, қолыңды жеткіз көкке.

\* \* \*

— Жұмбақтан, шеше алсаңыз, сөз бастайын,  
Жаралған бір мақұлық — үлкен жайын.  
Өзі обыр, басы жетеу, қолы он екі,  
Отыздан саусағы бар қол бас сайын.

— Қолма-қол бұл жұмбаққа жауап дайын,  
Жыл, апта, қолы оның — он екі айың.  
Есеңді ал еңбекпен ол обырдан,  
Отыз күн — отыз саусақ қол бас сайын.

\* \* \*

— Келеді үлкен алып аузын ашып,  
Жүреді он екі аяқ қадам басып.  
Отыздан әрбірінде бармағы бар,  
Құтылмас ешбір адам одан қашып.

— Алыбың аузын ашқан жыл емес пе,  
Жер басып он екі аймен жүр емес пе?  
Отыз күн — әр айдағы отыз бармақ,  
Уақыттан қорқып қашу мін емес пе?

\* \* \*

— Қысырақ жоғалды жаз кетіп жырақ,  
Көп жүрдім іздеп оны, елден сұрап.  
Түр екен дарияның ортасында,  
Жете алмай үйге қайттым босқа бірақ.

— Үйірі қысырақтың Үркер деймін,  
Мен де оны жазда көктен бір көрмеймін,  
Болады ол алты ай көкте, алты ай суда,  
Өлеңім осылай жөн сілтер деймін.

\* \* \*

— Бір көлге жиырма төрт қонар үйрек,  
Әрбірі айналдырсаң қалар сиреп.  
Ішінде жалғыз туған біреуі бар,  
Тұрады соның бәрін жалғыз билеп.

— Үйректі осы көлге адам қояр,  
Біреуін бірі тістеп, басын жояр.  
Кем ақыл, сен білмесең, мен айтайын,  
Үйірлік жиырма төрт дойбы болар.

\* \* \*

— Бір дария ағып жатыр тартқан сымдай,  
Ішінде бір асыл бар жалғыз қылдай.  
Бәріне жиылған жан бірдей керек,  
Жұмбақты осы сізге айтсам қалай?

— Сарғайып сары белден атады таң,  
Бай қызы бой жеткенде болады паң.  
Бәріне жамиғаттың керек болған,  
Қараңғы үйге жанған бір жалғыз шам.

\* \* \*

— Әуеде алтын қазық жылыстаған,  
Береді Құдай қашан пейіш саған?  
Ақын болсаң, алдыңа сала айтайын  
Мұхаммедтің сүйегін кім ұстаған?

— Омар ұстап, сүйегін Осман жуған,  
Әбубәкір құманмен суын құйған.  
Арыстаны Құдайдың — Әзіреті Әлі  
Иман айтып, қасында қарап тұрған.

\* \* \*

— Ерте оқимыз намазды, кеш оқимыз,  
Әр күнде бұл намазды бес оқимыз.  
Ақын болсаң, жұмбағым шешіп берші,  
Он екі айда намазды неше оқимыз?

— Сіз де оқисыз намазды, біз де оқимыз,  
Уақыт жетсе, намазды түзде оқимыз.  
Сен білмесең, кем ақыл, мен айтайын,  
Намазды мың сегіз жүз жылда оқимыз.

\* \* \*

— Меккеде бір ағаштың бұтақтары,  
Үстінде отыз, отыз жапырақтары.  
Жапырақтың асты ақтан, үсті шұбар,  
Қыздардың мұны білмес ақымақтары.

— Меккеде бір ағаштың бұтақтары,  
Үстінде отыз, отыз жапырақтары.  
Асты ақтан — ақ қағаз, шұбар жазу,  
Молданың болар оқыған кітаптары.

\* \* \*

— Айт дегенде айтамын ақбар да ақбар,  
Ақбар да ақбар ішінде алпыс қаз бар.  
Он екі үйрек, қырық сегіз қазы бар-ды,  
Ақын болсаң, құдаша, мұны тап та ал.

— Ақбар, ақбар дегенім — Ай мен Күн ғой,  
Алпыс қазы дегенім — жылдай таң ғой.  
Он екі айдың қырық сегіз жұмасы бар,  
Шешуі жұмбағыңның сол екен ғой.

\* \* \*

— Ақырзаман болғанда, ұрады жел,  
Мың қарабас саулыққа бір қозы тел.  
Мың қарабас саулықты жалғыз еміп,  
Қозы неге маңырайды, пәруардігер<sup>1</sup>?

— Жұмбағымның шешуі болар деген,  
Осы күнгі ұлықтар пара жеген.  
Ақтан да, қарадан да пара алса да,  
Көзіне жиған малы көрінбеген.

\* \* \*

— Айт дегенде айтамын, айда болар,  
Таң алдында Шолпан пайда болар.  
Ақын болсаң, жұмбағымды шешіп берші,  
Ақ меруерт шыққан жері қайда болар?

— Ойнамаса, күлмесе, шыға ма дерт?  
Ойын-күлкі бар жердің бәрі де кент.  
Сен білмесең, кем ақыл, мен айтайын,  
Айдын көлден шығады ақ меруерт.

\* \* \*

— Әуелден біреу жалғыз, біреу егіз,  
Көзі жоқ көкіректе, әсілі, сегіз.  
Еш адам бұл жұмбақты тапқан емес,  
Егер тапса ақылы бұл адамның ұшан-теңіз.

<sup>1</sup> Пәруардігер (парсы) — Жаратушы, Алла, Құдай.

— Әуелден біреу жалғыз — Жаппар Құдай,  
Дегенім екі егіз — Күн менен Ай.  
Көзі жоқ көкіректен, әсілі, сегіз,  
Ақ шарият ілімін білсек біз.

\* \* \*

— Отыз қой, бес жорғамен түстім жолға,  
Бір қылыш жалаңдаған алып қолға,  
Қырық нарға қазына артып, бара қойсаң,  
Патшамыз не берер ед бізге сонда?

— Отызың — ораза ғой айтып тұрған,  
Бес жорғаң — намаз екен мойын қойған.  
Қылышың жалаңдаған ол — қызыл тіл,  
Қырық нарың — парыз еді орындаған.

\* \* \*

— Басында бәйтеректің төрт бұтақ бар,  
Төрт бұтақ бүрлесе егер көп бұтақтар.  
Шешіп бер, ақын досым, жұмбағымды,  
Төрт бұтақта қанша жапырақ бар?

— Бұлбұлдың әсем үні тілі емес пе,  
Бұтағың төрт маусым жыл емес пе?  
Бір жылда қырық сегіз жексенбі бар,  
Жапырағы үш жүз алпыс күн емес пе?

\* \* \*

— Бір көл бар, жер де емес, көк те емес,  
Ішіне ит түссе де адам емес.  
Телміріп сырлы көлге қарай қалсам,  
Жалт қарады бір адам өзім өңдес.

— Көлеңке көл ішінде сағым құмар,  
Бұл көлге адамзаттың жаны құмар.  
Қай нәрсе қарсы алдыңа бара қалса,  
Айна шында дәл соның сағымы бар.

\* \* \*

— Бар екен бір өсімдік, аты бүрлен,  
Осыны баптап бағар сырын білген.  
Етін жеп, қу сүйегін шаққым келді,  
Ішінде бір нәрсе бар дүмбірлеген.

— Осыған мен де болдым талай жерік,  
Тістерім қатты ауырды көп жей беріп.  
Іші қатты болғанмен, сырты тәтті,  
Даланың бауырсағы болар өрік.

\* \* \*

— Мен түсімде, құдаша, суға түстім,  
Алтын ерлі боз атты міне түстім.  
Оң қолыма қаршыға қона түсті,  
Меруерт моншақ алдыма тола түсті.

— Құдеке, суға түссең — тазалығың,  
Боз атың астыңдағы — қалыңдығың,  
Оң қолыңдағы қаршығаң — ұл-перзентің,  
Меруерт моншақ — ол сенің бақ-дәулетің.

\* \* \*

— Басында үш ұясы тағы да бар  
Үш бұтақ иесіне тұрар жылап.  
«Шынымен бізге қиын болады, — деп,  
— Егер де үстімізге кетсе құлап».

— Шешуі жұмбағыңның тегі арзан,  
Сырты томпақ, іші қуыс оның — қазан,  
Қазанның төрт құлағы жиегінде,  
Қазансыз үйде ешбір болмас мазаң.

Үш терек — үш бұтақты темір ошақ,  
Бас жағы дөңгелек қой ұя құсап.  
Шықпаған күні-түні жанған оттан,  
Кім жылар ол жыламай балаға ұқсап.

## ЖҰМБАҚ АЙТЫСТАР

### Жұмбақ:

Болғанда беті гүлді, асты сырлы,  
Жинаған арасына жүн-жүбірді.  
Төрт бұрыш, тоқсан жолды торқасымақ,  
Халінше адамзатқа пайда қылды.

### Шешуі:

Тысының жайы да бар, аласы да,  
Жүн салған болса өзінің арасына,  
Кәдімгі жамылатын көрпе ғой ол,  
О бастан пайдалы адам баласына.

### Жұмбақ:

Бір нәрсе өзі түкті, шұбар ала,  
Сипаты бек асып тұр, көрсең жаңа.  
Ішінде шығар жері қиын екен,  
Егер де қолға түссе, болар пана.

### Шешуі:

Ол нәрсе өзі түкті, шұбар ала,  
Суықта киіп алсаң, болар пана.  
Теріден сәндеп тіккен ішік<sup>1</sup> қой ол,  
Мәуіті<sup>2</sup> тыс, қайырмалы құндыз жаға.

### Жұмбақ:

Бір нәрсе жұдырықтай, іші қуыс,  
Ішіне зат сияды бір-ақ уыс.  
Желігін бір батырдың баса салар,  
Ойсызға мұны табу қиын жұмыс.

### Шешуі:

Секілді үлкейтілген сона басы,  
Риза бұл теңеуге бол, ағасы.  
Бір нәрсе жұдырықтай іші қуыс —  
Бүркіттің бүріп тіккен томағасы.

### Жұмбақ:

Бір түйем бір түйемнен еш озбайды,  
Жануар ботасы жоқ, құр боздайды.

<sup>1</sup> Ішік — іш жағы аңның терісінен тігіліп, сыртын матамен тыстаған жылы сырткіім.

<sup>2</sup> Мәуіті — оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұға.



Бұйдасын<sup>1</sup> анда-санда сілке тартсаң,  
Атасы Андрейден күй қозғайды.

**Шешуі:**

Түйеңіз иір мүйіз — гармоныңыз,  
Күй тартып боздауы — ән салғаныңыз.  
Атасы Андрей деп айтқаныңыз,  
Орыстан бұл аспапты алғаныңыз.

**Жұмбақ:**

Бір нәрсе өзі елеусіз, өзі керек,  
Басы жоқ, аяғы жоқ, дөп-дөңгелек.  
Жерінде басып кеткен із қалады,  
Осыны тапшы, құрбым, болсаң зерек.

**Шешуі:**

Қару ғой мансаптыға бұ да мықты,  
Жеткендер оған қолы қуаныпты.  
Дөңгелек, өзі керек, із қалдырған,  
Мөр ғой ол растайтын куәлікті.

**Жұмбақ:**

Таулар бар жауса қары кетпейтұғын,  
Көлдер бар кернесе су кеппейтұғын.  
Ордасы қызыл үйдің бұзылыпты,  
Елінде ұста бар ма септейтұғын?

**Шешуі:**

Ағарса қараймайтын шашың болар,  
Қартайсаң құрғамайтын жасың болар.  
Қызыл үйдің ордасы тісің болар.  
Ол бұзылса, желінбей асың қалар.

**Жұмбақ:**

Бекінген бір тауешкі шошала үйге,  
Тағдыры салып қойған сондай күйге.  
Жатады күн ыстықта көлеңкелеп,  
Шығады жауын күні жапан түзге.

**Шешуі:**

Мүйізі үйден шықса, ұзаратын,  
Біреуді көрсе бұғып, қызаратын.  
Жауында жаны кіріп, қыдыратын,  
Ұлу ғой бала күнде біз алатын.

<sup>1</sup> Бұйда — түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын басжіп.

**Жұмбақ:**

Мінгені — үш адамның жалғыз жорға,  
Келеді жорғалатып даңғыл жолда.  
Ішінде көпшілікке тәлім қылып,  
Кетеді жаппай тарап қолдан қолға.

**Шешуі:**

Айтқаның қарындаш пен қалам екен,  
Үш саусақ бірдей мініп алады екен.  
Кететін жаппай тарап қолдан қолға,  
Ішінде жазу, сызу қалады екен.

**Жұмбақ:**

Жапанда бір бәйтерек бес бұтақты,  
Демейді біреуге біреу: «Кес бұтақты.»  
Ешкім кеп кеспесе де бұтақтарын,  
Бұтағы бестен артық өспей қапты.

**Шешуі:**

Бәйтерек жапандағы қол болады,  
Бес бұтақ бес саусағың сол болады.  
Бес саусақ бітірмейтін жұмыс бар ма,  
Өссе де, кемісе де қор болады.

**Жұмбақ:**

Бір кезде он екі хайуан басын құрап,  
Барлығы бір орыннан тапты тұрақ.  
Адалы арамымен кезектескен,  
Өзінен әркімдер жүр жасын сұрап.

**Шешуі:**

Өлеңнің ұзыны бар, қысқасы бар,  
Сөздің де айта алатын нұсқасы бар.  
Он екі мүшелі хайуанаттың  
Түйеде, көрсең барлық нұсқасы бар.

**Жұмбақ:**

Жүні көк бір өгіз бар, еті қара,  
Тілгілеп өне бойын, еттік пара.  
Етін жең, майын сорып жатсаң-дағы,  
Тез бітер терісіне түскен жара.

**Шешуі:**

Жүні — шөп, еті — топырақ, өгізі — Жер,  
Тілгілеп егін салар негізінде ел.

Етін жеп, текке майын сора бермей,  
Мәпелеп, «рақмет» дегізіңдер.

**Жұмбақ:**

Сылаңдап бір бұраң бел елден қашқан,  
Құлығы бар болса да жұрттан асқан.  
Жол нұсқап қуғыншыға, куә болып,  
Қол қойып ақ қағазға мөрін басқан.

**Шешуі:**

Түлкіні бұл жұмбағың салады еске,  
Жетерлік құлық онда бар емес пе?  
Білдірер қайда екенін қуғыншыға,  
Мөрің — із, ақ қағазың — қар емес пе?

**Жұмбақ:**

Бір құс бар, ұшып жүріп ән салады,  
Әркімге қонақ болып бір барады.  
Барлығы мақұлықтың ығыр болып,  
Дауысын естігенде зар қағады.

**Шешуі:**

Ұшумен әні бірге жарасады,  
Ұшып кеп адамға да жармасады.  
Жармасқан жерін уы дуылдатқан,  
Кәдімгі айтып тұрсың сары масаны.

**Жұмбақ:**

Жиылар әрбір жерге жұлдыз болып,  
Екіден бір бұтаққа қатар қонып.  
Қасында Шолпан жұлдыз тағы да бар,  
Соларды қарап тұрар басы болып.

**Шешуі:**

Жұлдызың оқушылар тұрған толып,  
Екіден отыратын серік болып.  
Шолпан ол — дәріс берер мұғалімі,  
Өскенше оқытатын ақылы толып.

**Жұмбақ:**

Күніне бір өліп, бір тіріледі,  
Ақырында тұра алмай, кідіреді.  
Ойлағанға келісімді шешуі бар,  
Ойланбаса, мәнісін кім біледі?

**Шешуі:**

Ол адамның ұйықтаған, оянғаны,  
Сөйтер күнде бойында барда жаны.  
Түбінде бір оянбай қояр ақыр,  
Өн бойынан жаны кетіп, қалса тәні.

**Жұмбақ:**

Бір таудың алпыс сегіз саласы бар,  
Он екі жанында оның қаласы бар.  
Бау-бақша, алуан түрлі өсімдіктер,  
Барлығын билеп тұрған анасы бар.

**Шешуі:**

Алпыс екі тамыр ғой салалары,  
Он екі мүше оның қалалары.  
Бәрін оның басқарған бастағы ми,  
Тапқан адам ақылды саналады.

**Жұмбақ:**

Дөңгелек айналасы, төртеу көзі,  
Сөйлейтін ешбір хабар жоқ-ты сөзі.  
Нәрсені қашық тұрған жақындатып,  
Жібермей ұстап тұрар мықтап өзі.

**Шешуі:**

Дөңгелек әлденешеу болса өзі,  
Төрт-төрттен әрқайсының болса көзі.  
Алысты жақындатып ұстап тұрар,  
Түйме ғой, сүйек, темір, болар жезі.

**Жұмбақ:**

Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал,  
Малының қисабы жоқ, безбенге сал.  
Сүйегі көкте де емес, жерде де емес,  
Жігіттер, көңіл қойып, ойланыңдар.

**Шешуі:**

Жерге кеп өліп жатқан, жетіп ажал,  
Санының есебі жоқ — ол жауған қар.  
Шам алып, жер мен көктен іздесең де,  
Еритін қарда қайтіп сүйек болар?

**Жұмбақ:**

Бір мақұлық көрер көзге жүні майда,  
Тимейді майдалықтан ешбір пайда.

Қаруы денесінде бір-ақ жерде,  
Саны бар, сапасы жоқ, сида-сида.

**Шешуі:**

Кім керек қылушы еді иттің жүнін,  
Үрумен мал күзетіп, көрген күнін.  
Қаруы аузындағы тісі ғана,  
Естіген қауіптенер үрген үнін.

**Жұмбақ:**

Дүниеде бір дүние беті қатқан,  
Бетінде бетегесі шығып жатқан,  
Түбіне сол құдықтың көз жетпейді,  
Құр қалмас нәрін алып, дәмін татқан.

**Шешуі:**

Ол құдығың инемен қазылатын,  
Білім ғой оқулықта жазылатын.  
Жетеді білім алған бір мақсатқа,  
Көп ойнап, болмаса тек аз ұғатын.

**Жұмбақ:**

Барлы, барлы, барлы тау,  
Басына шыққан бар ма екен?  
Ұзын, ұзын, ұзын жол,  
Ұшына шыққан бар ма екен?  
Шоқ, шоқ қамыс, шоқ қамыс,  
Басын бұған бар ма екен?  
Ащы менен тұщыны,  
Татпай білген бар ма екен?

**Шешуі:**

Барлы, барлы, барлы тау,  
Басына шыққан пайғамбар.  
Ұзын, ұзын жол,  
Ұшына шыққан кіреші<sup>1</sup>.  
Шоқ, шоқ қамыс, шоқ қамыс,  
Басын бұған — балықшы.  
Ащы менен тұщыны  
Татпай білген — білгіші.

<sup>1</sup> Кіреші — кіре тартушы; кіре тарту — жалға жүк тасу, керуен айдау.

\* \* \*

Жолаушылап келе жатқан Жиренше шешен бір ауылға келгенде, алғашқы кездесіп тілдескен әйелге:

Суырып алғаның қалай,  
Суын тамшылатқаның қалай,  
Осылып жатқаның қалай,  
Одыраңдағаның қалай,  
Керілгенің қалай,  
Кекендегенің қалай? —

десе, әйел тоқтамай жауап қайырыпты:

Суырып алғаным — құдығым,  
Суы тамшылағаным — қауғам<sup>1</sup>,  
Осылып жатқаным — астауым,  
Одыраңдағаным — жылқым,  
Керілгенім — желім<sup>2</sup>,  
Кекендегенім — құлыным.

\* \* \*

Баяғы заманда бір сұлу қызды «алам» деп жігіт келсе, қыз:

- Мен жұмбақ айтам, соны тапқан жігітке тием, — депті.
- Жақсы, айтыңыз жұмбағыңызды, — дейді сонда жігіт.

#### **Қыздың жұмбағы:**

Балқан тау да Балқан тау,  
Басына шыққан кім екен?  
Жолда тұрған жоңышқа,  
Ат семірткен кім екен?  
Жез бұйдалы нар тайлақ,  
Оны көрген бар ма екен?  
Желдеп кеткен жеті атан,  
Оны көрген бар ма екен?  
Қайта шөккен қарт бура,  
Оны көрген бар ма екен?  
Егіз қозы сүйексіз,  
Оны көрген бар ма екен?  
Айдалада желі арқан,  
Оны көрген бар ма екен?  
Жай, жай кілем, жай кілем,  
Оны көрген бар ма екен?  
Түр, түр кілем, түр кілем,  
Оны көрген бар ма екен?

<sup>1</sup> Қауға — құдықтан су тартып алуға арналған көн теріден жасалған шелек.

<sup>2</sup> Желі — құлындарды байлау үшін, екі қазыққа кере тартылған арқан.

**Жігіттің шешуі:**

— Жұмбағыңыз онша қиын емес екен, — деп жігіт шешуін айтады:

Балқан тау да Балқан тау,  
Басына шыққан — базаршы.  
Жолда тұрған жоңышқа,  
Ат семірткен — жолаушы.  
Жез бұйдалы нар тайлақ —  
Бикешіңіз болмаса.  
Желдеп кеткен жеті атан —  
Жеті ағаңыз болмаса.  
Қайта шөккен қарт бура —  
Қайын атаңыз болмаса.  
Егіз қозы сүйексіз —  
Екі емшегің болмаса.  
Айдалада желі арқан —  
Түлкі пақыр болмаса.  
Айдалада қу қазық —  
Қояныңыз болмаса.  
Жай, жай кілем, жай кілем —  
Жазылып жатқан жер болар.  
Түр, түр кілем, түр кілем —  
Түріліп жатқан күн болар.

— Таптым ба, тәлім қыз, енді не амалың бар? — дейді жігіт.

— Таптың, жігітім, мен жеңілдім, енді сіз айтыңыз, — дейді.

**Жігіттің жұмбағы:**

Тағы да отырмын мен жұмбақ ойлап,  
Дүлдүлді<sup>1</sup> сахараға<sup>2</sup> қойдым байлап.  
Басында бұлбұл отыр үйдің сайрап,  
Бір гауһар қойныңда тұрар жайнап.  
Дарияның жағасында құрағы бар,  
Жел тисе, жанып кетер оттай қаулап.  
Азар білгіш болсаң да бір сасарсың,  
Тауып бер, жұмбағымның бәрін ойлап.

**Қыздың шешуі:**

Болғанда ақыл — дария, кеудең — дүлдүл,  
Басында сайрап тұрған тілің — бұлбұл.  
Қойныңнан шыққан гауһар — екі көзің,  
Соққан жел — дауылдатып айтқан сөзің.  
Дарияның жанып кеткен құрақтары —

<sup>1</sup> Дүлдүл — 1. Мұсылмандардың аңызға айналған батыры, төртінші халиф Әзірет Әлінің (Али ибн Абу Талиб) соғыста мінген атының атауы. 2. Ерекше жүйрік жылқы, айтулы тұлпар ат, сәйгүлік.

<sup>2</sup> Сахара — кең жазық, байтақ дала.

Адамның қатты шыққан ашуы-дүр.  
Бәрі де адамзаттың денесі екен,  
Таптым ба жұмбағыңды, енді білдір.

**Жігіт:**

Айбаты айдаһардай, арыстаным,  
Өлеңге, сірә, менен қалыспадың.  
Атасыз төрт нәрсені жаратыпты,  
Тауып бер, мұны білсең, данышпаным!

**Қыз:**

Мұсаға әуел бастан аса келген,  
Құрбаннан Ысмағұлды азат қылған.  
Ибраһим пайғамбарға қошқар берген,  
Салих пайғамбардың түйесімен,  
Сүлеймен пайғамбарға жүзік берген.

**Жігіт:**

Бір жайын тынбай жүзер, дөп-дөңгелек,  
Ұясы үш жүз алпыс болса керек.  
Тағы да торға толған асыл шөлмек,  
Мағынасы алмағайып, Хақтан білмек.  
Аспаннан алты арыстан ақырады,  
Гүлетіп миуалар алты терек.  
Соларды жапырағымен гүлдендіріп,  
Ғаламға он сегіз мың пайда бермек.  
Жанады бір сарайда сансыз панар,  
Пендеге қисап емес санап білмек.  
Айдаһар Қап тауынан ақырғанда,  
Үйге құмырсқаның бәрі келмек.  
Сөзімді мен сөйледім, тойдым-тойдым,  
Пендеге қымбат болар мұны білмек.  
Тауып бер жұмбағымды, бәрін ойлап,  
Шешесің сен бір жүйрік, ақылың зерек.

**Қыз:**

Күн мен Ай тынбай жүзген аспаңдағы,  
Ажалдан құтылмайсың қашсаң-дағы.  
Есіңе түсірейін, тамаша қыл,  
Сол күннің үш жүз алпыс кірер орны.  
Жұмыртқа — жиырма төрт сағаттары,  
Күн мен түн, ақ пен қара қанаттары.  
Аспаннан алты арыстан ақырғаны —



Қар жауып, қарға қайтып, қыс болғаны.  
Әр нәрсе жаз болғанда мәз болғаны.  
Мың мен терек жанның барында бары.  
Аспанның жеті қат сарайлары,  
Ішінде сансыз панар жұлдыздары.  
Айдаһар Қап тауынан ақырғаны —  
Махшар күні Исрафил соғып, сүрең ұрғай.  
Сол кезде Исрафил соғып, сүре ұрса,  
Қайтады құмырсқадай жанның бәрі.  
Мәнісі үшбу сөздің бола ма осы,  
Таптым ба жұмбағыңды, төре, кәні?

**Жігіттің жұмбағы:**

Он екі көлде жайылар отыз үйрек,  
Екі аққу бір шетінде жүрер бөлек.  
Ішінде қырық сегізден ұясы бар,  
Өзіңе қиын болар мұны білмек.

**Қыздың шешуі:**

Он екі — ай, отыз — күн, екі — оразасы,  
Екі аққу бір шетінде — күн сәулесі,  
Қырық сегіз — он екі айдың жұмасы бар,  
Мәнісі осы сөздің болады осы.

**Жігіттің жұмбағы:**

Бір қайың зинаты бар, жүзі аппақ,  
Аузында екі ашпалы бар бір қақпақ.  
Жанында аңдып тұрған әскері көп,  
Ортада құрулы тұр бір алтын тақ.

**Қыздың шешуі:**

Бір қайың көзіңіз ғой аппақ болған,  
Терісі көзіңіздің қақпақ болған.  
Кірпігің аңдып тұрған әскерің сол,  
Мұрныңыз екі ортада тақыт тұрған.

**Жігіттің жұмбағы:**

Жаратқан ерді сұлу маңдай екен,  
Жарылмақ қарағанда қандай екен?  
Көсілген көмекейің ақын болсаң,  
Сипаты жер мен көктің қандай екен?

**Қыздың шешуі:**

Жарамас білген сөзді «білмен» деген,  
 Қор болмас келешектің қамын жеген.  
 Аузынан ірің аққан, иісі сасық,  
 Жалмауыз қара шеке кемпір екен.

**Жігіттің жұмбағы:**

Бір үй бар жалғыз есік, кірсе тоңбас,  
 Жиылып мың адам бірде толмас.  
 Сол үйдің ортасында жалғыз тіреу,  
 «Тоңамын» деп, сірә да, ол ойламас.

**Қыздың шешуі:**

Аспанда жарқыраған Күн емес пе,  
 Болғанда қаңқа басы бір емес пе?  
 Күн батқан соң қараңғы болады түн,  
 Сөзімде менің айтқан жалғаны жоқ,  
 Кітапты ашып көрсең, шын емес пе?

**Жігіттің жұмбағы:**

Қарағым айналайын, келдің қайдан,  
 Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.  
 Білмек үшін бір сөзді мен сұрайын,  
 Жаралып бұл дүниеге келдің қайдан?

**Қыздың шешуі:**

Мінгенім дәйім менің қарагерім,  
 Шығады айта берсем өлеңдерім.  
 Кем ақыл, сен сұрасаң, мен айтайын,  
 Ата — бел, ана — құрсақ келген жерім.

**ҚАРАСӨЗ ЖҰМБАҚТАР****Жұмбақ тілдесу**

Жәнібек ханның заманында бір адам:

— Осы Жиреншені әркім мақтайды. «Жиренше сөзге жеңілмей, сұраған жауапқа тоқтаусыз дәлел береді» дейді. Осы айтқан адам қандай екен? Мен барып, бір жауап сұрайын, — деп, «қанша білгір де болса, бұған жауап тауып бере алмас» деп Жиреншеге келіп:

— Сен, Жиренше, білгір болсаң, Тесік тау қайда? — деп айтады.

Жиренше:

— Тесік тау мынау тұрған қызыл төбешіктің астында, — деп жауап беріпті.

Ол:

— Қызыл төбешік мұнан алыс па? — депті.

Жиренше айтыпты:

— Жоқ, мұнан алыс емес, тиіп тұр, жүр, екеуміз үйге барайық, — дейді. Үйге кірген соң Жиренше әйеліне:

— Мына кісіге сусын бер, — депті. Әйелі аяққа ас құйып, Жиреншеге беріп, сонан соң әлгі қонаққа береді. Сонда Жиренше қолына берген айранын ұстап тұрып:

— Бес тұлпарға мінеді. Қызыл төбешіктің астындағы тесік таудан өтеді, — деген екен. Сонан әлгі кісі: «Мұның «тесік» дегені тамақ екен ғой. «Бес тұлпар» дегені бес саусақ екен ғой. «Қызыл төбешік» дегені қызыл тіл екен ғой. Қой, мұны мен жеңе алмаспын!» — деп қайтып жүре беріпті.

\* \* \*

Мамыр айының мамыражай күнінің бірі болса керек, ауыл жанындағы көк төбенің басына шығып, бірі әңгіме айтып, екінші тобы тоғызқұмалақ ойнап отырған жігіттердің көзі алыстан жортып келе жатқан екі аттыға түседі. Жол жаңағы төбені айналып өтеді. Екеудің бірі — қара мұртты жігіт, қасындағы серігі — үкілі тақия киген қыз бала. Екеуінің аты да жорға, төктіріп келеді. Олар жақындаған сайын екеуінің түртүсіне, киім киісіне, жарасымды жүріс-тұрысына, мінген атына таңданып, ауыл азаматтары аңырып тұрып қалады. Қара мұртты жігіт оң қолын кеудесіне апарып, сәлем бере өтеді. Сонда жігіттердің бірі:

— Түу, мына жігіттің атының жорғасын-ай, қыздан алған жолдасын-ай! — дейді. Сол кезде қыз атының басын тартып тұрып:

— Ей, жігіт! Біліп сөйле, сен жігіт! Бұл жігіттің шешесі — менің шешемнің қайын енесі, мен бұл жігіттің жан денесі, сонда болдым неменесі? Шу, жануар, — деп атын бастырмалата жөнеледі. Сонда ауыл жігіттері сөз мәнісін бірден түсінбей:

— Шынында неменесі болды? — деп бір-біріне қарапты. Мұны байқаған ауыл ақсақалдарының бірі:

— Жігіттің жан денесі болса, қызы болды емес пе? — деген екен.

### Байламды сөз

Бір кісі екеуді кездестіріп:

— Па, шіркін, ерлі-зайыптылардың жүрісін-ай, — деді.

Әйел жынысты адам:

— Біз ерлі-зайыпты емеспіз. Мына ер адамның шешесі — менің шешемнің келіні. Ар жағын өзің талда.

Кездескен екеу қандай туыстық қатынаста болады?

**Шешуі:** ұл мен қыздың балалары.

### Әкеңе сәлем

Жолай кезіккен бір балаға ақ сақалды шал сәлемдесіп тұрып, былай депті:

— Ассалаумағалейкум, жас ұғлан, сенімен мен бір туған, әкеңе айта бар, шешенің шешесінің күйеуімін келіп тұрған.

Сонда бұлардың бір-біріне қандай жақындығы бар?

**Шешуі:** шал — нағашы атасы, бала — жиені.

### Қарасақал Ерімбеттің жұмбағы

Қарасақал Ерімбеттің көзі кешкілік буы бұрқырап жатқан боз жерге түседі.

— Әже, немереңіздің жасы нешеге толды?

— Оған, айналайын, менің жасым қаншада болса, сонша ай толды.

— Өзіңіз қанша жасқа келдіңіз?

— Немерем екеуіміздің жасымызды қосқанда 65 болады. Ендеше, немерем мен менің жасымның нешеде екенін өзің есептеп шығара ғой, қалқам.

Сонда немересінің және әжесінің жасы нешеде болды екен?

**Шешуі:** Әжесі 60 жаста, немересі 5 жаста.

### Әкесі қанша жаста?

Жолдасы Болаттан әкесі қанша жасқа келгенін сұрады.

— Мен әкемнен үш есе кішімін, ал қарындасым Мәриядан үш есе үлкенмін, — деді Болат.

Сол кезде Мәрия келді де:

— Әкем екеуіміздің жасымызды қосқанда 50 болады, әкем солай деген, — дейді.

Сонда Болаттың әкесінің жасы нешеде болғаны?

**Шешуі:** 45 жаста.

## Өзім де құр қалмадым

Жексенбі күні еді, немерелерім келді. Аймалап сүйіп, асыр салып ойнап, тырандап қалды. Мен де мәзбін. Ақ саңдықты ашып, ішінен бір табақ алманы әкеп, немерелерімнің алдына қойып едім:

— Ата, өзіңіз бөліп бермесеңіз, мына Мұрат талас шығарады, — деп ең кішілерін шаға бастады.

— Жарайды, — деп, алманы оларға екіден бөле бастап едім, біреуіне жетпей қалды. Бір-бірден беріп едім, бір алма артылып қалды. Өлгі тентек: «Сіздің сыбағаңыз», — деп артылып қалған бір алманы аузына тығып жатыр.

Сонда, деймін-ау, менің үйіме келген немерелерім нешеу, менің табаққа салып әкелген алмаларым нешеу болған?

**Шешуі:** 3 бала, 4 алма.

## Жүз жылқы — жүз сом

Ертеде бір ханның ақылды уәзірі болыпты. Хан сол уәзірін сынамақ болып, бір күні алдына шақырып алыпты да, былай депті:

— Мен сенің қолыңа 100 сом ақша беріп, базарға жұмсаймын. Сол ақшаға 100 жылқы сатып әкелесің. Базарда 1 айғыр — 1 сом, 1 бие — 7 сом, 1 құлын — 50 тиын.

Уәзір шарт бойынша осылардан 100 жылқы әкеледі. Сонда қанша айғыр, қанша бие, қанша құлын әкеледі?

**Шешуі:** 9 айғыр, 7 бие, 84 құлын.

## Неше алма?

Ертеде бір хан болыпты. Оның жалғыз сұлу қызы болыпты. Бір күндерде қыз қатты ауырыпты. Хан қоластындағы бақсы, балгер, тәуіптерді жинап, қызын емдетіпті. Бірақ ем қонбапты.

Бір күні бір білгір емші келіп, қызды көріп: «Бұл қыздың ауруына ем болатын жалғыз нәрсе — Барсакелмес деген жердегі бақтың алмасы. Ол бақты мыстан кемпір күзетеді. Сыртында үш қорғаны, оның үш дарбазасы бар. Әр дарбазасында күзет тұрады. Сол бақтың алмасын жесе, қызыңыз жазылып кетеді», — дейді.

Талайлар талпынғанымен, ешқайсысы алманы қызға әкеліп бере алмайды.

Бір күні бір жетім бала: «Не де болса бағымды сынайын, қазам жетсе, өлермін, болмаса, тауып әкелермін», — деп жолға шығады.

Әлгі бала бір кездері баққа да жетіпті. Ол дарбазалардағы қарауылдармен келісіп, кемпірге сездірмей, ішке кіреді. Бірақ қарауылдар: «Алған алмаңның тең жартысын, өзінде қалғанынан және бір алма қосып беріп кетесің», — дейді.

Бала келіседі. Сөйтіп, бірінші қарауылға бақтан жинаған алманың жартысын және бір алма артық береді, екінші және үшінші қарауылға да соны істейді. Соңында балада бір алма қалады. Ол алманы қызға әкеп береді. Қыз шипалы алма жеген соң, ауруынан айығып кетеді. Кәне, ойланып көрелік: бала бақтан неше алма алды және әр қарауылға неше алмадан берді?

**Шешуі:** бала барлығы 22 алма алып шыққан, бірінші қарауылға 12, екінші қарауылға 6, үшінші қарауылға 3 алма берген, сонда қалғаны — 1 алма.

### Торғай мен бұтақ

Топ торғай бір топ шидің басына қонды. Бір-бірден шиге қонса, торғай артылады. Екіден қонса, шидің бірі артылады. Торғай нешеу, ши нешеу?

**Шешуі:** торғай — 4, бұтақ — 3.

### Төрт жиырма

Баласы әкесіне:

— Маған жұмбақ үйретші, — дейді.

Соңда әкесі:

— Сенің жасыңды үш есе көбейтсе, менің жасымдай болады. Ал менің жасымнан сенің жасыңды алып тастаса, 20 қалады. Сол 20-ға тағы 20 қосып, сонан шыққанын сенің жасыңа қосса, сен менен 20 жас үлкен болып шығасың. Енді тапшы: мен нешедемін, өзің нешедесің?

**Шешуі:** баласы — 10-да, әкесі — 30-да.

### Мұра

Бір адам үш баласына 17 жылқы мұра қалдырып, дүние салған. Тұңғышына жартысын, ортаншысына үштен бірін, кенжесіне тоғыздан бірін өсиет еткен. Бұлар үлестерін бөлісе алмай, дағдарып отырғанда, бір арық атты жолаушы кездеседі. Жолаушы өз атын әлгі жылқыға

қосып жіберіп: «Енді үлестеріңді ала беріңдер», — дейді. Он сегіз жылқыдан тұңғыш баласы тоғыз, ортаншысы алты, кенжесі алты жылқы алып, бітіседі. Жолаушының арық аты қайда қалады?

**Шешуі:** өсиеттің шарты дәл емес. Дұрысы: он жетіден — 9, он жетіден — 6, он жетіден — 2 үлес болуы керек.

### Құтты қазықтар

Бір қарияның ержеткен үш ұлы болыпты. Қартайған шағында малын балаларына еншіге бөліп бергісі келген шал он екі жерге қаз-қатар қазық қағады да, бірінші қазыққа — бір қой, екіншісіне — екі қой, үшіншісіне — үш қой, осы ретпен ең соңғы он екінші қазыққа он екі қой байлайды.

— Ал, балаларым, мына қазықтардың бәрі құтты. Осында байланған қойларды үшеуің тең бөліп алыңдар, — дейді ол балаларына.

— Қазықтардағы қойлар саны бірдей емес қой. Сонда қалай тең бөліп аламыз? — деп қалады үлкен ұл.

— Әрқайсысың төрт қазықтағы қойды ағытып алсаңдар, еншілерің тепе-тең болады, — дейді қария.

Үш бала қазықтардың ұзына бойына көз жіберіп тұрып, біраз ойланып қалады. Ақырында балалардың ең кенжесі малды аралап келіп, үшінші, алтыншы, жетінші және оныншы қазықта байлаулы тұрған қойларды ағытып, бөлек айдап шығады.

— Кенжетайыма жиырма алты қой тиді, енді сен екеуің еншілеріңді бөліп алыңдар, — дейді шал өзге екі ұлына.

«Қайсымыз қай-қай қазықтардағы қойларды шешіп алсақ екен?» — деп екі жігіт ойланып қалады. Бұл екеуі қалған сегіз қазықтағы қойларды қалай бөліп алуы мүмкін?

**Шешуі:** есеп шешуінің үш түрлі жолын көрсетейік.

*Бірінші тәсілі:* Екі жігіттің біреуі — бірінші, бесінші, сегізінші, он екінші қазықтарда, ал екіншісі — екінші, төртінші, тоғызыншы, он бірінші қазықтарда байлаулы тұрған қойларды шешіп алса, әрқайсысы есеп шартындағыдай төрт қазықтан барлығы жиырма алты қой ағытып алған болады.

*Екінші тәсілі:* жігіттердің бірі — бірінші, екінші, он бірінші, он екінші қазықтардағы, ал екіншісі — төртінші, бесінші, сегізінші, тоғызыншы қазықтарда байланған қойларды алуы мүмкін.

*Үшінші тәсілі:* бір жігіт — бірінші, төртінші, тоғызыншы, он екінші қазықтардағы, ал екіншісі — екінші, бесінші, сегізінші, он бірінші қазықтардағы қойларды шешіп алса, еншілері түгелденеді (есептің басқа шешімдері де бар).

## Үш әділ

Үш ағайынды бала жұмыртқа іздеп, көл басына келеді. Көп жұмыртқа тауып алады. Күн шаңқай түс еді. Балалар қамыстан күрке тігіп, ішіне шөптен төсеніш салып, дамылдап, демалуға кіріседі. Бір шәугімге толтырып жұмыртқа салады да, жерошақтағы шоққа қойып, өздері ұйықтап қалады. Әлден уақытта үлкені оянса, от сөніп қалыпты. Жұмыртқа пісіп тұр екен. Шәугімнен жұмыртқаны түсіріп алып, санап еді, үшеуіне тең бөлуге болады екен. Ол жұмыртқаны бірдей қылып үшке бөледі де, бір есесін өзі жейді. Қалған екі інісінің сыбағасын шәугімге қайта салып, өзі тағы ұйқыға кіріседі. Аздан соң ортаншысы оянады. Пісіп, суып тұрған жұмыртқаны ол да бірдей қылып үшке бөледі. Бір есесін өзі жеп, қалғанын екі бауырының сыбағасына арнап, шәугімге салады да, ол да ұйықтап қалады. Ең соңында кенжесі оянып: «Е, бұлар да шаршаған ғой, бұлардың да қарны ашқан шығар», — деп ойлаған Тазабек қалған жұмыртқаны тағы үшке бөліп, бір үлесін өзі жеп, қалған 8 жұмыртқаны екі ағасына алып қояды.

Осы кезде үлкені оянады да, жұмыртқаны жеп отырған кенжесін көріп, ортаншысының сыбағасын қалдырған, қалдырмағанын сұрайды.

— Неге қалдырмаймын. Екеуіңнің де сыбағанды алып қойдым. Міне, жесең, — деп, қалған жұмыртқаға қарай ұмтыла бергенде, үлкені:

— Жоқ, мен өз сыбағамды жеп алғанмын, — дейді.

Екі туысының дауысымен оянған ортаншыға қалған жұмыртқаны ұсынады.

— Жоқ, мен өз сыбағамды жеп алғанмын. Бұл сыбаға екеуіңдікі ғой, — дейді ортаншысы.

Сонымен ағайынды үш әділ жігіт болған жайды анықтайды да, 8 жұмыртқаның кімдердің сыбағасы екенін анықтайды.

Сонда 8 жұмыртқадан кімге қандай үлес тиеді?

**Шешуі:** барлығы — 27. Кейінгі жұмыртқаның үшеуі ортаншысына, бесеуі кенжеге тиеді. Үлкені өз сыбағасын бәрінен бұрын жеп алған еді (9).

## Тоғызтораудағы кездесу

Талас өзенінің төменгі бойындағы көк майса жерге тұс-тұстан тоғыз жол келіп түйіседі. Сондықтан тоғыз жолдың торабы Тоғызторау деп аталады. Бір жылы сондағы құдық басына тоғыз аңшы келіп, бірімен-бірі түгел қол берісіп амандасып шығады.

— Бәріміз қанша рет қол алыстық? — дейді сонда жолаушылардың бірі.

— Кім білсін, ал мен өзім сегіз адаммен амандастым, — дейді екінші жолаушы.

Тоғыз жолаушы біріне-бірі қанша рет қол берісті?



**Шешуі:** егер тоғыз адамның әрқайсысы өзінен басқа сегіз адаммен қол алысып шығады десек, онда барлық қол алысулар саны жетпіс екіге тең болар еді. Бұлай есептегенде тоғыз адамның әрқайсысы бір-бірімен екі реттен қол алысқан болып шығады. Сонда бір реттен қол алысу саны отыз алтыға тең. Яғни бірінші адам — өзінен басқа сегіз адаммен, екінші адам — қалған жетеуімен, үшінші адам — алты адаммен, төртінші — бес адаммен, жетінші — екі адаммен, сегізінші адам ең соңғы бір адаммен қол алысады.

Барлық қол алысулар саны — отыз алты.

### Бау-бау шөп

Ағаш уықты, киіз туырлықты ауыл үйінің бас-аяғы он жеті малы — жылқысы, сиыры, қойы болыпты. Үйдің ер-азамат болып қалған баласы дамыл таппай жүріп, қыстау басына мая-мая шөп жинап алады. Қыс түсіп, мал қолға қараған кезде ол анасынан: «Әр түлікке қанша баудан шөп салайын?» — деп сұрайды.

— Күн сайын әр жылқының алдына — алты, әр сиырға — төрт, қой басына екі баудан салсаң, мал қыста қысыла қоймайды, балам.

— Жарайды, апа, — деп, бала малдарға шешесінің айтқанындай етіп бау-бау шөпті салып келеді.

— Барлық малға қанша бау шөп салдың, балам? — дейді шеше ұлына.

— Бәріне қырық сегіз бау шөп кетті, — дейді баласы. — Барлық жылқыға қанша бау салсам, барлық сиырға да сонша бау салдым, апа. Ал жылқы мен сиырды қоса есептегенде барлығына кеткен бау саны барлық қойға салынған бау санымен бірдей болды.

— Дұрыс болған екен, балам, — дейді шешесі сонда. — Енді шөпті малдарға күнде осылай салып тұрғайсың.

Бұл үйдің неше жылқысы, неше сиыры, неше қойы болған?

**Шешуі:** барлық жылқыға салынған бау санын шартты түрде «бір есе» деп алсақ, барлық сиырға да сонша бау (бір есе), барлық қойға — жылқы мен сиырды қоса алғанда кеткен бау санындай (екі есе) шөп кетеді. Яғни барлық малға «төрт есе» шөп салынады, бұл — қырық сегіз бау. Ендеше, «бір есе» дегеніміз — он екі бау. Олай болса, барлық жылқыға он екі бау (бір есе), сиырларға да осынша (он екі бау), барлық қойға жиырма төрт бау (екі есе) шөп кеткен. Енді есеп шартын ескерсек (жылқы басына алты бау, әр сиырға төрт бау, әр қойға екі бау шөп салынған), есептің жауабы шығады.

Екі жылқы, үш сиыр, он екі қой.

## Жылқыға жем беру

Біреу алты жылқысына күн сайын он қадақ<sup>1</sup> сұлы беріп жүреді. Жем жылқының жасына қарай бөлінеді: биеге — үш қадақ, құнандарына — екі қадақтан, ал тай басына бір қадақтан жем береді.

Мал иесі үйіне алыстан келіп қонақ болып отырған жегжатына әңгіме арасында өзінің осы тіршілігін айтып қалады.

«Сонда бие нешеу, құнан нешеу, тай нешеу болғаны?» — деп, қонақ жылқы санын іштей есептеуге көшіпті.

**Шешуі:** бие саны екеуден кем. Өйткені, екі бие бар десек, оған алты қадақ жем керек болады да, қалған төрт қадақ жем төрт жылқыға (құнандар мен тайларға) жетпеген болар еді. Ендеше, бие саны — біреу. Сонда бес жылқыға жеті қадақ жем қалады.

Құнан мен тай санын табу үшін, бие санын тапқандағыдай пайымдаймыз. Яғни құнан саны — біреу емес, егер біреу болса, онда бес жылқының төртеуі тай болады да, бір құнан және бір тайға барлығы алты қадақ қана жем керек еді. Ал жем — жеті қадақ. Дәл, осы сияқты, құнан саны екіден артық та емес екеніне көз жеткіземіз. Өйткені, айталық, егер үш құнан бар дейтін болсақ, оларға алты қадақ жем, ал қалған жылқыға (екі тайға) екі қадақ жем — барлығы сегіз қадақ жем қажет болады. Бұл — жеті қадақтан артып кетеді. Осылайша пайымдап, құнан саны төртеу де, бесеу де бола алмайтынын білеміз. Ал егер екі құнан бар десек, онда тай саны үшеу болып шығады. Бұларға (екі құнан мен тайға) кететін жем де — жеті қадақ.

Бір бие, екі құнан, үш тай.

## Сабантойда

Шу бойындағы бір ауылда жазғы жиын-терімнен кейін үлкен сабантой болады. Қырманның көл-көсір сабан-топанын қоршап отырған ауыл адамдары өз ортасынан сегіз палуанын шығарып, олардың белдесуін тамашалайды.

Сегіз жігіт бірімен-бірі түгел күресіп шығады. Тамашаға қызған елжұрт оларды екінші рет күресіп шығуға шақырады. Жігіттер бірімен-бірі түгел күресіп, қауым халықты тағы риза етеді.

Бірін-бірі жығып, денесі әбден қызып тұрған жігіттерге енді «үшінші рет белдесіңдер» деген ұсыныс айтылады. «Ер кезегі үшке дейін» деп, жігіттер күреске қайта шығады.

Палуандар күресі аяқталғанда көпшілік ішінен біреу: «Сегіз жігіт бірімен-бірі барлығы неше рет белдесті екен?» — деген сауал қояды.

<sup>1</sup> Қадақ — жарты килограмға жуық салмақ өлшемі.

— Әуелгі бір дүркін күресте біздің жігітіміз жетеуімен күресті, ал одан соң...

— Екінші дүркін күресте біздің палуанымыз...

— Осылайша санауды қойыңдар, — деп қария қол көтереді. — Сегіз жігіт үш дүркін айқаста барлығы неше рет белдесті, соны айтсаңдаршы?!

**Шешуі:** сегіз жігіт бір дүркін күресте — барлығы жиырма сегіз рет, үш дүркін күресте сексен төрт рет белдесті.

### Тапқыр таразышы

Қаланың кішігірім Саудабай деген тапқыр таразышының төрт түрлі салмақтағы тас безбені<sup>1</sup> болыпты. Олардың ең кішісі — он қадақтық, екіншісі — үш, үшіншісі — тоғыз, төртіншісі — жиырма жеті қадақтық екен.

Сол тастармен бір қадақтан қырық қадаққа дейінгі астықты өлшеп тартып беруге әбден машықтанып алады Сәукең.

Дүкенге жиі келіп жүретін біреу сатушыдан он төрт қадақ бидай өлшеп беруін өтінеді. Саудабай таразының сол жақтағы табағына жиырма жеті қадақтық тасын, оң жағына бір, үш, тоғыз қадақтық тастарын қойып, оның үстіне бидай салып, таразы басын теңестіреді.

— Сәуке-ай, оң жақтағы табаққа тастарыңызды көп салдыңыз ғой. Тас салмайтын күніңіз бар ма? — депті бидай алушы.

— Ондай да болады. Бидайды қырық түрлі салмақпен сатқанда, менің безбен тастарым оң жағына он төрт рет ауыспайды.

— Қандай-қандай мөлшердегі астықты алғанда? — дейді бидай алушы таразы сырын білгісі келіп. Бірақ Сәукең оған бұл «құпияны» бірден айта қоймайды. «Есептей білсең, өзің де табасың», — деп, өз шаруасымен шұғылданып кетеді. Бидай алушы өз сұрағының жауабын іздеп, ойланып қалған екен.

**Шешуі:** төрт түрлі тас безбеннің салмағы: 1 қадақ, 3 қадақ, 9 қадақ, 27 қадақ. Осындай төрт түрлі салмақтағы затты өлшегенде таразының екінші басына тас салу қажет болмайды. Сондай-ақ осы төрт түрлі тасты пайдаланып:  $1 + 3 = 4$ ,  $1 + 9 = 10$ ,  $1 + 27 = 28$ ,  $3 + 9 = 12$ ,  $3 + 27 = 30$ ,  $9 + 27 = 36$ ,  $1 + 3 + 9 = 13$ ,  $1 + 3 + 27 = 31$ ,  $3 + 9 + 27 = 39$ ,  $4 + 9 + 27 = 40$  қадақ салмақты өлшегенде де, таразының екінші басына тас салынбайды. Сонда барлығы он төрт түрлі.

1, 3, 4, 9, 10, 12, 13, 27, 28, 30, 31, 36, 39, 40 қадақтық затты өлшегенде таразының екінші жағына тас салынбайды.

<sup>1</sup> Безбен — заттың салмағын өлшейтін қол таразы.

## Асық саны

Үш бала ойыннан кейін үйлеріне қайтып келе жатады.

— Үшеуімізде де он-оннан асық бар еді ғой. Енді кімде қанша асық қалды? — деп сұрайды бойшаңдау бала серіктерінен.

— Онша көп ұтқыза қойған жоқпын, — деп ең кіші бала екі қалтасына қолын сұғады. — Оң қалтамдағы асықтың біреуін сол қалтама салсам, онда екі қалтамдағы асық теңеледі. Ал егер оң қалтамдағы асықтың бәрін сол қалтама салсам, оң қалтамдағы асық сол қалтамдағыдан үш есе көп болады.

— Онда сендегі барлық асық менің ұтып алған асығыммен тең екен, — дейді балалардың үлкені.

— Ең көп ұтылған мен болдым, — дейді сонда ортаншы бала үлкеніне, — менде қалған асық саны сенің барлық ұтып алғаныңның жартысындай ғана екен.

Ойыннан кейін қай балада қанша асық болды?

**Шешуі:** оң қалтадан бір асықты алып, сол қалтаға салғанда екі қалтадағы асық саны тең болуы оң қалтадағы асықтар сол қалтадағыдан екеуі артық дегенді білдіреді. Соңғы шарт бойынша, оң қалтадағы асықтың сол қалтадағыдан төртеуі артық, демек, оң қалтадағы асық сол қалтадағыдан үш есе артық. Егер сол қалтадағы асықты «бір есе» десек, онда оң қалтадағы асық үш есе, бұлардың айырмашылығы екі есе, яғни төрт асық болар еді. Сонда «бір есе» дегеніміз — екі асық. Яғни сол қалтадан бір асықты оң қалтаға ауыстырып салғанда, сол жақ қалтада екі асық, оң қалтада төрт асық болады. Ауыстырып салғанда, сол жақ қалтада екі асық, оң қалтада төрт асық болады. Енді әр қалтадағы асықты өз орнында қалды десек, есеп жауабын табамыз.

Кіші баланың оң қалтасында ойыннан кейін бес асық, сол қалтасында үш асық болған. Үлкен балада он сегіз асық, ортаншы балада төрт асық қалған.

## Қашаған ат

Қаратаудың теріскей етегін жайлаған жалбыр тонды кедей жалғыз атынан айырылып қалады. Ойда-жоқта көзден ғайып болған атын іздеп, әуре-сарсаңға түседі. Ойдан қырға, жоннан жотаға шығады. Бірақ жоғалған ат табылмайды.

Біреп апта өтеді. Таудың теріскей бетінде қоныс теуіп отырған біреу жоғалған атты тауып алып, кездейсоқ жолыққан адамға тоғыз сомға сатып жібереді. Малдың жаңа иесі атты семіртеді де, алған құнынан екі есе қымбатқа сатады.

Аттың бұл иесі кәнігі бапкер екен. Ол атты баптап бағып, бәйгеге қосады. Аламан бәйгеде ат бірінші болып келеді. Бәйгесіне өз бағасынан екі есе көп ақша беріледі.

Ат жаратып бәйге алған адамның қуанышы көпке бармайды, жайлауда жүрген ат жоғалып кетеді. Мал иесі базарға барып, үш адамға жар салдырады. Әрқайсысына үш сомнан ақша береді. Бірақ бұдан да ештеңе шықпайды.

Қолдан-қолға өтіп жүрген ат ақырында өзінің ең әуелгі иесі — жалбыр тонды кедей үйіне қайта оралады. «Жоғалып табылған мал — олжа», — деп, ол қуанғанынан сүйінші сұрап келген адамға үш сом береді.

Осы әңгімені тыңдағандар «Қашаған аттың өз иесі қанша пайда тапты немесе зиян шекті?» — деп сауал қоятын болыпты.

**Шешуі:** қашаған аттың өз иесі үш сом зиян шегеді. Өзге үш адамның әрқайсысы тоғыз сомнан пайда табады.

### Әр түліктен нешеден?

Жеті жасар баласын есепке үйреткісі келген әкесі бір күні:

— Ендігі жеті жылда түйеміз екі есе, жылқымыз — үш, сиырымыз — төрт, қойымыз бес есе көбейсе, онда бәрін қосқандағы саны сенің қазіргі жасыңнан екі есе көп болады екен, — дейді.

— Ол кезде біздің үйдегі жылқының, түйенің, сиырдың, қойдың әрқайсысы қанша болады? — деп бала әкесіне қарайды.

— Оны білу қиын емес. Өзің-ақ табасың, — деп әке баласын ойландырып тастайды. Көп өтпей-ақ бала өз сұрағының жауабын айтады.

Бұл үйдің түйесінің, жылқысының, сиырының, қойының саны қанша?

**Шешуі:** егер жеті жылдан кейін екі түйе, үш жылқы, төрт сиыр, бес қой болатын болса, онда барлығы он төрт мал болар еді.

Бұл үйде бір түйе, бір жылқы, бір сиыр, бір қой болған. Жеті жылдан кейін екі түйе, үш жылқы, төрт сиыр, бес қой болады.

### Аңшыдан шыралғы

Сауыр-сауыр құм етегін жайлаған ауылдың Қали есімді аңшы жігіті қыс бойы қоян, түлкі, елік аулап, әр жолы олжалы оралып жүреді. Ол аңнан қайтқан кезде ауылдастары алдынан шығып, шыралғы сұрауды дағды етіп алады.

«Батырдан — олжа, аңшыдан — шыралғы» сұрау салтын қатаң сақтайтын жігіт мырзалығымен сыйлы да, сияпатты болады.

Қалың қарлы күнгі кешкілікте ол үйіне оралады. Алдынан шығып, атын ұстаған әке қанжығадағы қояндарды көріп, азырқанып қалады.

— Балам, бүгін тазының аузы салымды болмапты ғой, — дейді.  
 — Тазыда кінә жоқ, әке. Ол көп-ақ ұстады.  
 — Онда жол-жөнекей шыралғыны көп берген екенсің.  
 — Әуелгі сұрағанға — әр жетінің бірін, одан кейінгісіне — қалған қояндардың әр алтысының бірін, одан кейінгіге әр төрттің бірін беріп келдім...

Әкесі қанжығадағы үш қоянды шешіп алып, сәл ойланып қалыпты.

— Барлығы қанша қоян ұстағаныңды, төрт адамға қанша шыралғы бергеніңді енді білдім, балам.

Аңшы жігіт қанша қоян ұстаған, оның қаншасын шыралғыға берген?

**Шешуі:** аңшы жігіт төрт адамның әрқайсысына бір қояннан шыралғы берген.

Барлығы — жеті қоян, одан шыралғыға бергені — төрт қоян.

### Әпенді «бағбан»

Қалаға жаңадан қоныс теуіп жатқан бір шаруа ерте көктемде үй іргесіне жеміс ағаштарын тіккісі келеді. Жексенбі күні базарға барып, бір құшақ балғын шыбық сатып әкеледі. Оларды түгелімен есік алдындағы арық суына батырып қояды. Әке тіршілігіне бала-шағасы мен жұбайы мәз болып, қуанып қалады.

Ертеңіне шаруа әкелген шыбықтарын тігуге кіріседі. Әуелгі күні шыбықтардың біразын тігеді де, күн батқанда оларды түгел қайта суырып алып, сол қалпымен қораның бұрышына әкеліп, бөлек жинап қояды.

— Тіккен шыбықтарды неге суырып алдың? — дейді жұбайы аң-таң болып.

— Түнде біреу-міреу ұрлап кете ме деп қорықтым, — дейді оған отағасы.

Келесі күні таңертең шаруа кешегі суырып алған шыбықтарға тиіспей, арық ішінен жаңадан тағы бір бума шыбық әкеліп тігеді. Бұл күнгі тіккені кеше тігіп, қайта суырып алғанынан екі есе көп болады. Қараңғы түскенде шаруа осы тіккен шыбықтардың қақ жартысын суырып алып, қорадағы шыбықтардың үстіне қосады. Жұбайы мұнысына ашу шақырады.

Ертеңінде «бағбан» арықта қалған шыбықтарды санап көріп, сатып әкелген шыбықтардың тең жарымы жатқанын байқайды. Ол енді арық ішінде жатқан осы шыбықтарды түгел тігіп шығады да, кешке жақын осы тіккеннің ішінен әр үш шыбықтың бірін суырып алып, қорадағы шыбықтардың үстіне тастайды.

Әкенің бұл қылығына үй ішіндегілер түгел күледі. Мазаққа ұшыраған «бағбан» күндіз тіккен шыбықтарды түнде ешкім ұрламайтынын біле бастайды. Бірер күн ойланып-толғанып жүреді де, әр кеште

суырып алып, қора бұрышына жинап қойған шыбықтардың бәрін қайта тігеді. Бірақ осы соңғы күні тігілген шыбықтардың тең жарымы көктемей қалады. «Қайта-қайта тігіп жүріп, тоғыз шыбықты қуратып тастадың», — деп, жұбайы ерін жазғырды.

Әпенді «бағбан» базардан барлығы қанша шыбық сатып әкелген еді?

**Шешуі:** бір рет тігіліп, қайтадан суырып алынған шыбықтар — барлық сатып алынған шыбықтардың қақ жартысы. Есеп шарты бойынша, осы «қақ жартының» жартысы, яғни, тоғыз шыбық көктемей қалған. Ендеше, сатып алынған шыбық саны өспей қалғанынан төрт есе көп. Барлығы — отыз алты шыбық.

### Қылжақбас саудагер

Бір шаһарда қылжақбас саудагер болыпты. Оның базарға әкелген бидайы, арпасы мен ұны — бәрі қас пен көздің арасында сатылып кетеді екен.

Бір күні ол базарға салмағы бірдей екі қап астық — бір қап бидай, бір қап тары әкеліп түсіреді. Таразысын әзірлеп алғаннан кейін жан-жағына жар салады. «Бұрын келгеніңе — көп, кейінгіңе кем беремін», — дейді. Оның даусын естігендер біртіндеп келіп, сәлден кейін көбейіп кетеді. Саудагер келгендерді санап шығады да:

— Жаңағы айтқан уәдем бойынша, бірінші адамға он қадақ бидай, одан кейінгі әр адамға бір қадақтан кемітіп сата берем. Ең соңғы адамға бір қадақ қана бидай тиеді, — дейді.

— Жарайды, — деп, алымсақтар дорбасын, қоржынын дайындай бастайды. Бір демнің арасында қап түбінде бір қадақ қана бидай қалады. Ең соңғы бір қадақ бидайды алған адам сатушыға өкпелі болып қалғанын айтады. «Екінші қаптағы тарыңыздан көбірек алайын», — деп өтінеді.

Қылжақбас бидай сатып алғандарды қайта шақырады. «Жаңағы реттеріңізбен тізіліп тұрыңыздар, бұл жолы бірінші адамға бір қадақ, одан кейінгіге — екі, одан соңғыға — үш, сөйтіп ең соңғы адамға он қадақ тары сатылады», — дейді.

Өзінің айтуы бойынша қылжақбас тарысын сатып шығады. Келгендердің бәрі тарысы мен бидайын қосқанда, тең мөлшерде астық алып қайтады.

— Бүгін қылжақбас барлығы қанша қадақ бидай, қанша қадақ тары сатты? Әр адамға неше қадақ бидай, неше қадақ тары тиді екен? — депті сонда мұны естіген бір адам.

**Шешуі:** Қылжақбас он адамның әрқайсысымен екі реттен сауда жасап, барлығы елу бес қадақ бидай, елу бес қадақ тары сатқан. Әр адам



бидай мен тарыны қосқанда, он бір қадақтан астық алған (он қадақ бидай алған адам бір қадақ тары, бір қадақ бидай алған адам он қадақ тары т.с.с. түрде бөліскен).

### Қап-қап бидай

Егіні бітік болып, қырман қызылға толған диқан барлық бидайын есік алдындағы тақырға түсіріп алады да, оның біразын екі ұраға тең бөліп көмуді ойлайды.

Диқан бірінен бірі бір пұт<sup>1</sup> артық сыятын үш қап дайындайды да, оның ең кішісін қызына, ортаншы қапты ұлына береді. Өзі үлкен қапты алады. Сөйтіп, үшеуі есік алдындағы тақырда жатқан таза да құрғақ бидайды ұраға құюға кіріседі. Әке екі ұраның бірін иемденеді де, ұлы мен қызын тап осындай ұраға жібереді.

Өзара бәсекеге түскен үшеуі бірінен-бірі қалыспай, өз ұрасына қапшығымен он реттен астық тасығанда, екі ұра толады. Бұдан кейін әкесі ұраға сабау шаншып, бетін топырақпен жұқалап көмеді. Мұнысы астық қызып кетпеу үшін істеген қамы еді.

Бұлардың әрқайсысының қабы неше пұттық? Қай ұраға қанша пұт астық құйылған және әркім қанша пұт астықты тасып төккен?

**Шешуі:** қыз бен ұл бірігіп, бір ретте қанша пұт астық тасыса, әке жалғыз өзі бір ретте сонша пұт астық таситыны есеп шарттарынан көрініп тұр. Ал әкенің қабына ұлдың қабынан бір пұт астық артық сыятын тағы белгілі. Әкенің қабындағы осы артық бір пұт — қыздың қабына сыятын астықтың салмағына тең. Демек, қыздың қабы — бір пұттық.

Қыздың қабы — бір пұттық, ұлдың қабы — екі пұттық, әкенікі — үш пұттық. Он ретте әр ұраға отыз пұттан астық төгілген. Қыздың тасып төккені — он пұт, ұлдікі — жиырма пұт, әкенің тасығаны — отыз пұт.

### Тоғыз қап тары

Ертеректе өткен Жартыбай есімді кісі тары егіп, өзінен артылғанын сатып отырады екен. Жексенбі күні Жартыкең базарға бір арба тары әкеледі. «Ел-жұрттың алуына қолайлы болсын» деп, тарыны бірінен-бірі бір пұт артық сыятын тоғыз қапқа бөліп салады. Қаптың ең кішісі екі пұттық болады.

Осы кезде сатушыға үш адам ентелеп келіп, бұрын келгені: «Бәрін мен алайын», — деп, алға қарай ұмсына түседі. Мұны көрген екінші адам: «Тарының жартысы маған қалсын», — деп қалады. Үшінші адам: «Қаншадан келсе де теңдей бөліп алайық», — деген өтініш білдіреді.

<sup>1</sup> Пұт — 16 килограмға тең ауырлық өлшемі.



– Тары үшеуіңе теңдей бөлінеді, – дейді Жартыбай турасына көшіп.

– Тоғыз қапшықтағы астығыңыз төрт түрлі салмақта екен, қай-қайсысын алғаным жөн? – дейді әуелгі келген адам.

– Он пұттық пен сегіз пұттықты алсам жетпей ме?

– Жоқ, олай алсаң, қалған жеті қап екі адамға тең бөлінбей қалады, – дейді екінші адам шыр-пыры шығып.

– Онда үшеуімізге өзіңіз барлық қаптарды тең бөліп беріңіз, – деп өтінеді үшінші алымсақ.

Тұқым алушылардың есепке шорқақтығына іштей күліп тұрып, Жартыбай әрқайсысына үш қаптың аузын ұстатыпты. Жартыбай үш адамға тоғыз қапты қалай бөліп беруі мүмкін?

**Шешуі:** есеп шарты бойынша тоғыз қапта барлығы елу пұт тары бар. Мұны үш адамға тең бөлгенде әрбіріне он сегіз пұт тарыдан келеді (үш қаптан). Есептің жауабы – бірнешеу.

1. Бірінші адамға – екі, алты, он пұттық; екіншіге – үш, жеті, сегіз пұттық; үшіншіге – төрт, бес, тоғыз пұттық қаптар тиюі мүмкін. 2. Бірінші адамға – үш, бес, он пұттық; екіншісіне – екі, жеті, тоғыз пұттық; ал үшінші адамға – төрт, алты, сегіз пұттық қаптар. 3. Бірінші адамға – екі, жеті, тоғыз пұттық; екіншіге – үш, бес, он пұттық; үшіншіге – төрт, алты, сегіз пұттық қаптар тиюі мүмкін (есептің басқа да шешімдері бар).

### Алаңғасар алып

Ақыртас ғимаратының үнсіз, тілсіз жатқанына талай-талай ғасыр болды. Бірақ сол ғимараттың іргетасын қалаған Алаңғасар есімді алып жігіт туралы әлі де әңгімеленеді. Атан түйе тарта алмайтын ауыр тасты арқан бойы жерге лақтырып жіберетін алып жігіт күндердің күнінде Түйме есімді ару қызға ғашық болып қалады. Бірақ сүйген қызына қосыла алмаған жігіт қатты күйіктен «бері жүр» десе – әрі жүретін, «отыр» десе – тұратын, «кел» десе – келмейтін, «келме» десе – келетін кеселге душар болады.

Сол заманда Тараз шаһарының іргесіндегі Талас өзені тасып, халық әбігершілікке түседі. Шаһар әкімі: «Тасқынды Алаңғасар алып қана тоқтата алады», – деп, оған адам жібереді. «Алып маған келмесін, қолына кетпен алмасын, Таласқа тоған байлап, көпір салмасын», – деп сәлем айтады әкім.

Арнайы жіберілген адам Алаңғасарға сәлемдемені сол күйінде айтады. Теріс айтылған сөздің оңына тақ тұратын алып қолына кетпенін алып, жол серігімен Таразға қарай жол шегеді. Он екі шақырым жүрген

кезде қарсы жолыққан біреу оған: «Әкім «тез келсін» деп жатыр», — дейді. Алып кілт артқа бұрылып, жүріп кетеді.

Серігі оны екі шақырым жерде қуып жетеді де: «Әкім келмесін деген», — дейді. Енді ол шаһарға қарай қайта беттеп, бес шақырым жүргенде қарсы жолыққан тағы біреу: «Әкім «келсін» деді», — дейді. Жол серігі қуып жетіп, «келмесін» деген сөзді қайталап айтады. Енді алып серігімен он бес шақырым жер жүріп, әкіміне келеді.

— Алып ұзақ жүріп, кешігіп келді ғой, қанша шақырым жол жүрді екен? — депті әкім төңірегінде отырғандарға.

Екі қаланың арасы қанша шақырым? Алаңғасар алып қанша шақырым жол жүрген?

**Шешуі:** екі қаланың арасы — қырық шақырым. Алаңғасар әрлі-берлі елу төрт шақырым жүрген.

### Бес саулық

Ауыл ақсақалының төрт ұлы болыпты. Олардың үшеуі өз алдына отау тігіп кеткен екен. Ақ сақалды кісі төртінші баласын үйлендіріп, оның алдына бес саулық салып беруді ойластырады.

Бір күні ол үш ұлының үйлеріне барып, бәрінің қойы қырық бір бас екенін біліп қайтады да, оларды шақырып алып: «Әрқайсысың өздеріңдегі қойларды төртке бөліп, бөлінбей қалғанын кенже інілеріңе беріңдер», — дейді.

Үш жігіт қойларын әке айтуынша бөліп, бөлінбей қалғанын інісіне әкеліп береді. Сөйтіп, кенже жігіт бес саулыққа ие болады.

— Екеуіңнің қойың менікінен артық еді, енді теңесті, — дейді қой берген үш жігіттің бірі өзгелеріне.

Бұл үшеуінің қойлары алғашында қаншадан болған?

**Шешуі:** қырық бір қойдан бесеуін шегеріп тастасақ, отыз алты қалады. Сонда бес саулықты болған кенже жігіттің үш ағасының әрқайсысында он екі қойдан қалады. Енді кенже інісіне осы үш жігіттің қаншасы қанша қой бергенін табайық. Мына екі жағдайдың біреуі болуы мүмкін: үш жігіттің екеуі бір-бір қойдан — екі қой, үшінші жігіт үш қой беруі немесе екі жігіт екі қойдан — төрт қой, үшінші жігіт бір қой беруі мүмкін. Демек, екі жағдайда да үш жігіттің кемінде біреуі бір қой ғана береді. Ендеше, інісіне бір қой берген жігіттің бастапқы қой саны — он үш (он екі және інісіне берген бір қой). Енді мынаған назар аударамыз. Үш жігіттің бірі (әрине, қой саны азы) өзге екеуіне: «Екеуіңнің қойың менікінен артық еді, енді теңесті», — дейді. Яғни кенже інісіне берген қойларының саны тең және ол екеуінің де қойы үшінші жігіттікінен

артық болған. Бұдан шығатын қорытынды: екі жігіт екі қойдан төрт қой, ал үшінші жігіт бір қой берген. Ендеше, кенже інісіне бір қой берген жігіттің қой саны алғашында он үш, ал қалған екі жігіттің әрқайсысында он төрттен қой болған.

### Әр өгіз қанша қадам жүрді?

Алқа-қотан отырған төрт-бес ауылдың адамдары айнала төңірегін алыстан шолып отыру үшін, биіктігі арқан бойы мұнара тұрғызуға кіріседі. Бес-алты жігіт кірпіш күйдіретін құмнан сала бастайды. Тағы бір тобы отын дайындайды. Үш жігіт балшық илеуге бөлінеді.

Ауыр жұмысты жеңілдету үшін, сол үш жігіт үй орнындай жердің бетін тегістеп, оның қақ ортасына ұзын да жуан бағананы қағып орнықтырады. Сөйтеді де, оның айналасына сазбалшықты қалың етіп үйеді. Көл-көсір балшықты бір түн бөктіріп қояды.

Келесі күні таңертең үш жігіттің әрқайсысы қорадағы көп өгізден бір-бір өгіз жетектеп келіп, оларды ұзын мойынтұрыққа қосақтайды да, бағананы айналдыра қуып, айдайды. Сазбалшық қамырдай иленеді. Түске жақын ауыр жұмыстан әбден титықтаған өгіздер мойынтұрықтан босатылады. Оларға қарап тұрып, үш жігіт қай өгіздің жұмысы ауыр болғанын әңгіме етеді.

— Жұмыстың ең ауыры менің өгізіме тиді, — дейді кәрі өгіздің иесі, — ол бағанды әр айналғанда он екі қадамнан жасады.

— Бекер ренжіп отырсың, — дейді оған ортадағы дөнен өгіздің иесі, — сенің өгізің екі аттағанда, менікі үш аттады, ал менің өгізім үш аттағанда, мына інішектің өгізі төрт аттап отырды.

— Дұрыс айттыңыз. Сонда үшеуі жұп жазбай, бағанды жүз рет айналғанда, әр өгіз қанша адымнан жүрді екен? — деп сұрапты ең шеткі құнан өгіздің иесі.

**Шешуі:** бағанды бір айналғанда кәрі өгіз он екі рет, ортадағы дөнен өгіз он сегіз рет, шеткі құнан өгіз жиырма төрт рет аттайды.

### Тазы мен түлкі

Жапан далада бір жігіт аң аулап жүреді. Ойда жоқ жерде бір шеңгел түбінен қызғылт түлкі ытқи жөнеледі. Аңшының алғыр тазысы оны бірнеше арқан бойы жерден қуып береді.

Зымырап қашқан түлкі алты арқан бойы жерге жеткенде, тазы оның қашқан орнына келеді. Жансауғалап, түлкі тағы сонша жерге ұзағанда, тазы оны қуып жетіп, бас салады.

Аңшы ауылға келіп, достарына түлкіні қалай ұстағанын қыздырма-лап әңгімелейді. Тазысын мақтайды.

— Түлкі шеңгел түбінен бастап, ұсталғанға дейін қанша арқан бойы қашты екен? — деп сұрайды достарының бірі.

— Түлкіні қойшы, тазы қанша арқан бойы қуғанын айтсайшы, — дейді екіншісі.

— Тазы түлкіден неше есе жүйрік болды екен? — деп үшінші адам саусақтарын санайды. — Арқан бойы жердің тұсау бойы төтелігі бар ғой, төтесін айтсайшы.

Тазы түлкіден неше есе жүйрік? Ол түлкіні неше арқан бойы жерден қуып жеткен?

**Шешуі:** есеп шарты бойынша, тазы түлкінің қашқан жеріне келгенде, түлкі одан алты арқан бойы қашықтықта болатын. Түлкі тағы да алты арқан бойы жерге барғанда, тазы оны қуып жетеді. Демек, тазы түлкіден екі есе жүйрік. Ал түлкі барлығы он екі арқан бойы жерге дейін қашып барған. Олай болса, тазы түлкіні ұстағанға дейін жиырма төрт арқан бойы жерге жүгіріп барған.

### Мал айырбастау

Қойлы шаруа малын ірілендіруді ұйғарады. Түйесі, жылқысы және сиыры бар ауылдасына барып, оған өз шешімін білдіреді. Ауылдасы келісе кетеді. Сәл ойланып отырып, ол сауын малының қойға кесімді санын термелеп төгеді.

— Іңгенімнің әр жілігі — екі қой, биемнің екі жілігі — үш қой, ал сиырымның әр аяғы бір қой, — дейді мал иесі.

— Жарайды, келістім, — деп, шаруа қолын береді.

Келісім бойынша шаруа қойларын айдап апарып береді де, айырбасқа алған атқа мініп, іңген мен сиырды жетелеп, үйіне оралады.

Шаруа айырбасқа барлығы қанша қой берді?

**Шешуі:** шаруа іңгенге — жиырма төрт қой, биеге — он сегіз қой, сиырға — төрт қой, барлығы қырық алты қой берген.

### Қырық қарақшы

Талас өзенінің бойында егде зергер қоныс теуіп отырыпты. Есепке жүйріктігіне, болжампаздығына қарап, халық оны Абыз деп атапты.

Бір күні оның үйіне қырық қарақшы келіпті.

— Сенде тай тұяғындай сом алтын бар екен, соны алуға келдік, — дейді дүрсілдеп қарақшылар нояны.

— Жұдырықтай алтыным бар екені рас, — дейді сонда Абыз. — Бірақ сендер қырық екенсіңдер, бәріңе бөлгенде, ол түк те болмайды. Кім де болсаң, біреуің алыңдар.

— Қалайша? — деп сұрайды қарақшылардың бірі.

— Бәрің көк шалғынға дөңгеленіп отырыңдар. Қатарларыңа қырық бірінші болып мен де отырайын. Одан соң іштеріңдегі біреуіңнен бастап оңнан солға қарай бір, екі, үш... деп санай бастаймын. Кімде-кім он болып шықса, сол алтыннан күдер үзсін.

Қарақшылар Абыздың ұсынысын қабылдап, бәрі алқа-қотан дөңгеленіп отырады. Оларға алтын иесі де қосылады. Содан соң ол оң жағындағы «пәлен» адамды бір деп санап, он болған адамды орнынан тұрғызды. Одан әрі санағанда тағы бір оныншы адам тайып тұрады. Сол тәртіппен қырық рет айналдырып санағанда Абыздың өзіне он саны келмейді. Уәде бойынша алтын Абызда қалады.

Қырық рет дөңгеленіп санағанда, он саны Абыздың өзіне неге келмеді? Ол санауды қалай жүргізген және өзінен бастағанда нешінші адамды «бір» деп санаған?

**Шешуі:** абыз өзінің оң жағынан жеті адамды тастап кетіп, сегізіншіні «бір» деп, одан әрі қарай келісілген шарт бойынша, бірден бастап онға дейін қайталап санай берген. Он саны дәл келген адам қатардан шығып қалады. Осылайша онға дейін әр реткі санағанда қырық қарақшының біреуіне он саны келіп отырған.

### Алты аласы, бес бересі

Бір кедей жігіт темір ұстасына көрікші болып жалданыпты. Жалақысына ол күн сайын үш теңге алып тұруға уәделеседі. Бұған жігіттің әкесі мен шешесі қуанып қалады. «Әрқайсымызға күніне бір теңгеден келетін болды ғой», — дейді шешесі мәз болып. «Балам, жылына бір мың сексен теңге алатын болыпсың», — дейді әкесі.

Жігіт ұстаханада мінсіз еңбек етеді. Көрік<sup>1</sup> басумен қатар балға соғады, көмір тасиды, су әкеліп, от та жағады. Ұста жасаған ат тағаларын, кетпені мен орағын базарға апарып сатып, ақшасын әкеліп беріп тұрады.

Ұста мекерлеу<sup>2</sup> адам болып шығады. «Көріктің шанағын жардың, балғаның сабын сындырдың, көмірді күл етіп жібердің, сатқан бұйымдардың ақшасын түтел әкелмедің», — деп ол жігітті әр жолы кінәлай береді.

Жыл өтеді. Есеп айырысатын күн келеді.

— Балам, алты аласың болса, бес бересің де болады, — деп ұста көрікшіге жарты қалта теңге беріп, арқасынан қағып, шығарып салады.

Жігіт үйге келгенде әкесі мен шешесі одан қанша теңге алып келгенін сұрайды.

<sup>1</sup> Көрік — ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп, темірді қыздыру үшін, теріден жасалған үрлеуіш.

<sup>2</sup> Мекер — қу, залым.

— Ақшаның алты аласын алып, бес бересін беріп келдім, — депті жігіт сонда.

Ұста көрікші жігітке қанша ақша төлеген?

**Шешуі:** ұста келісімшарттағы бір мың сексен теңгені тең етіп алтыға бөліп, соның бір бөлігін ғана көрікші жігітке берген. Басқасын «бес бересі» ретінде ұстап қалған. Көрікші жігіт бір жүз сексен теңге алған.

### Ешкілі жігіт

Ертеде бір жарлы жігіт жылдар бойы жалданып жүріп, ірілі-ұсақты біраз ешкі жинап алады. Бұлардың үлкен ешкілерінен тушалары<sup>1</sup> екі есе көп болады.

Жігіт қыс бойы осы ешкілерін көзінің қарашығындай сақтап аман-есен бағып шығады. Көктемде шыбыштары<sup>2</sup> жалқы, тушалары егізден, ал үлкен ешкілері үшемнен лақ табады. Сөйтіп, енді жарлы жігіттің барлық ешкілерінің саны лақтарымен қосқанда 64-ке жетеді.

Бұл үйде алғашында қанша шыбыш, қанша туша, қанша ешкі болған?

**Шешуі:** егер үлкен ешкінің санын «бір есе» деп алсақ, онда есеп шарты бойынша, тушалар саны екі есе, шыбыштар саны үш есе, үлкен ешкінің лақтарының саны үш есе (үшемнен тапқан), тушалардың лақтарының саны төрт есе (егізден тапқан), ал шыбыш лақтарының саны үш есе (жалқы тапқан) болады. Сөйтіп, лақтарымен қоса алғанда барлық ешкі саны «он алты есе» — ал бұл алпыс төртке тең. Ендеше «бір есе» дегеніміз — төртке тең. Бұдан әрі есептің жауабын табу қиын емес.

Үлкен ешкі саны — төртеу, олардың лақтарының саны — он екі, тушалар саны — сегіз, олардың лақтары — он алты, шыбыштар — он екі, олардың лақтарының саны да — он екі.

### Тақияға тағылған тал-тал моншақ

Өнерлі қыз барқыттан тақия тігіп, оның төңірегін айналдыра кестелейді. Тақия дайын болған соң, оның маңдай тұсын екі түсті моншақпен әрлеуге кіріседі. Әр екі ақ моншақтың ортасына бір қызыл моншақ тігеді. Моншақтарды осылайша үш-үштен бірнеше қатар етіп тіккенде, жеті қызыл моншақ артылып қалады.

Өз ісіне риза болмай қалған қыз енді моншақтарды қайта сөгіп алып, әр екі қызыл моншақтың ортасына бір ақ моншақ қосып тігеді. Бұл жолы алдыңғыдан бір қатар артық кестеленеді және біраз ақ моншақ артылып қалады.


Қыздың барлық моншағы, оның ішінде ағы мен қызылы қанша?

<sup>1</sup> Туша — бір жасар ешкі.

<sup>2</sup> Шыбыш — бір мен екі жастың арасындағы ұрғашы ешкі.

**Шешуі:** кейінгі жолы алдыңғы жолғыдан бір қатар артық кестелеген, демек, қызыл моншақтардың ақ моншақтардан екеуі артық. Ал алғашқы жолы жеті моншақ артылып қалған болатын. Мұның екеуі қызыл моншақтың ақ моншақтан артық саны да, қалған бесеуі алғашқы кестелеу кезіндегі қатар санын білдіреді (екі моншақтың ортасына бір қызыл моншақ кестелегенде, қанша қатар болса, сонша қызыл моншақ артылып қалған). Сонымен, қыз алғашқы жолы бес қатар, кейінгі жолы алты қатар етіп кестелеген. Бұдан моншақтар санын оңай табуға болады.

Он екі қызыл моншақ, он ақ моншақ, барлығы — жиырма екі моншақ.





— 11 —

جو صباغ " التي اصفو ذى 6 ذر كره ، 7 كازى 7 قاراقسى .  
 دوشى بوجده ندى و سقا اقرار تارازى ، كه بده تولى .  
 كه بده و ربا بولاشى تىگنه اى . لا يدهك توفى بده  
 سقا تده قسقا توره كوه .

جو صباغ . " اتقا منگد " التي ادم . 6 اى ~~بده~~ جاز .  
 توراقا سقا تويان جيل . با سب قالغان  
 به سوز ، كه اى قسى . ~~تارازى~~ باؤن دالغان  
 بده وى . قسقا جازعا اذ دارلغان اى .  
 40 سا بده 40 كوه سله . تهرسى  
 60 تله سقا دهگنى . كو كته منگده كه اى


60 كوفى .  
 14 جو صباغ . سنده نده 3 دهگنده ، " دا نوقا . سنده دهگنده ، " دا نوقا  
 : نوقا : سنده 3 دهگنده و سقا نوقا بار سنده دا نوقا . جو صباغ ايقه  
 14 جو صباغ . سنده سوي 3 دهگنده سله .

14 جو صباغ . 14 جا سقا كه لگنده توله اى ، سنده تى اى  
 14 نده تولدى . جيم ما جا سقا كه لگنده  
 كوزده قسقا سله تى قارا يادى .  
 25 كه كله كا ، تايصافى اى كسره بده .  
 و تىز دا بده دى .

Жұмбақ.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан (1069-бума)





Жігіт пен қыздың жұмбақ айтысы.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан (1069-бума, 12-дәптер)



Суретші Е. Оспанұлы

# ЖАҢЫЛТПАШТАР

*Жаңылтпаш – балалар фольклорының кең тараған салаларының бірі. Бұл жанрға тән шығармалардың жасөспірімдер арасындағы тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі күргелі, ойындық сипаты басым болып келеді. Жаңылтпаштың ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарысып, кезектесіп айтысуында жатыр. Оның қарасөз және өлең түріндегі үлгілері кездеседі. Кейінгісінде өлең құрылысы тым шағын, ұйқасы үйлесімді әрі қарапайым болып келеді. Көбіне тілге ауыр оралатын дыбыстар мен айтылуы қиын көпбуынды сөздерден құралады. Баланың тілін ұстарту, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру, логикалық ойлау жүйесін жетілдіру, тапқырлық, алғырлық қабілетін арттыруда жаңылтпаштың маңызы аса зор. Ересектер де бұл үрдістен сырт қалмаған. Жастар ойын-сауықты көңілді өткізу үшін өнерден құралақан замандастарына жаза ретінде жаңылтпаш айтқызуды ұтымды пайдаланған. Жаңылтпаштың мазмұнында халықтың көшпелі өмір салтының түрлі көріністері, өзіндік дүниетанымы, тәлім-тәрбиелік көзқарасы, ғибраттық тағлымы мол сақталған.*

*Жаңылтпаштардың ХІХ ғасырдың аяғында алғашқы хатқа түскен үлгілері М.Ф. Гаврилов, Ә. Диваев сияқты зерттеушілердің қолжазбаларында кездеседі. Кеңестік кезеңде мерзімді баспасөз беттерінде, мектеп оқулықтарында, фольклорлық жинақтарда жарияланып, жекелеген кітапшаларда басылым көргі. Әр жылдары А. Байтұрсынұлы, С. Сейфуллин, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Ш. Ахметов, К. Матыжанов, Қ. Саттаров т.б. ғалымдар зерттеулер жазды.*

*Томға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақталған және баспасөз бен басылымдарда жарияланған мәтіндер таңдалып, іріктеліп алынды. Олардың нұсқалары бір-бірімен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді.*



\* \* \*

Кер<sup>1</sup> айғырлы үйірлі жылқыны  
 Кер тайлы айдарлы бала аралайды.  
 Зор айғырлы үйірлі жылқыны  
 Зор тайлы айдарлы бала аралайды.

\* \* \*

Жыңғыл, жыңғыл ішінде  
 Қызыл да қызыл қырғауыл.

\* \* \*

Терек ектім тоғайға тал аралас,  
 Жаңбыр жауып келеді қар аралас.  
 Жоғарыда келеді тоғыз кемпір,  
 Жеті-сегіз ішінде шал аралас.

\* \* \*

Дегенде: — Әй, Тайқарбай, әй, Тайқарбай,  
 Қойыңды май жусанға жай, Тайқарбай!  
 — Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр,  
 «Әй, Тайқарбай» дегенің қай Тайқарбай?

\* \* \*

Бүркіт деген құсымыз,  
 Оны томағаламақ — бір мүшкіл ісіміз.  
*(3 рет қайталау керек)*

\* \* \*

Қарасуды қайнарландырайын.

\* \* \*

Мына арал қай арал?  
 Қайыңды арал, талды арал.  
 Талды аралдың ортасында  
 Тарғыл итім қалған оралып, балалар.

<sup>1</sup> Кер — құла мен күрең аралығындағы жылқы түсі.



\* \* \*

Мынау арал қай арал?  
 Қайың менен тал арал,  
 Талға қарға ұялар.  
 Тарғыл иттің құйрығы  
 Талға оралар,  
 Талға оралар.

\* \* \*

Мынау қай арал?  
 Қайың менен тал арал,  
 Талға қарға ұялар,  
 Тарлан талдан үй алар.  
 Тарғыл иттің құйрығы  
 Талға оралар, жарға оралар.

\* \* \*

Анау арал қай арал?  
 Қайыңды арал, талды арал,  
 Жайылып жүр ішінде,  
 Бұзаулы ала марал.

\* \* \*

Әйтпесе, мәссаған,  
 Бес боз қасқа құнан қой<sup>1</sup> қартаймай,  
 Құл қартажар дейсің бе?

\* \* \*

Құнан қойды  
 Май қартайтар болар ма,  
 Май қартайтар болар ма?

\* \* \*

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,  
 Бір топ кемпір келеді шал аралас.  
 Тауға қайың бітеді тал аралас,  
 Бір топ сиыр келеді тана аралас.

<sup>1</sup> Құнан қой — екі жастан асып, үшке аяқ басқан еркек қой.

\* \* \*

Құрықтан<sup>1</sup> құлдырап түстім,  
Сырықтан сылдырап түстім.

\* \* \*

Есік алдындағы отынның  
Шырпылырағынан ала кел,  
Томарлырағынан ала кел,  
Тамырлырағынан ала кел,  
Түбірлірегінен ала кел.

\* \* \*

Шымдай шытырмыш,  
Ол шытырмышты  
Мен шым-шытырмыштамай,  
Кім шым-шытырмыштайды?

\* \* \*

Атам томағаламаған бүркітті  
Мен томағаламағанда,  
Кім томағалайды?

\* \* \*

Қара бүркіт томағасын түсірді,  
Оны мен томағаламай,  
Кім томағалайды?  
Оны мен томағаламай,  
Кім томағалайды?

\* \* \*

Алпыс алты ала баспақ<sup>2</sup> бақтым,  
Алпыс алты ала баспақтың ішінде  
Тарғыл тарбақ бас ақ баспақ бар.  
Сол тарғыл тарбақ бас ақ баспақты  
Мен «тарғыл тарбақ бас ақ баспақ» демей,  
Кім «тарғыл тарбақ бас ақ баспақ» дейді?

<sup>1</sup> Құрық — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

<sup>2</sup> Баспақ — бір жасқа дейінгі бұзау.

\* \* \*

Шілікті шаптым,  
Жілікті астым.  
Шілікті жақтым,  
Жілікті шақтым.

\* \* \*

Ол алқапты олар орар,  
Бұл алқапты бұлар орар,  
Орал ормаса, Омар орар.

\* \* \*

Базардан алып келген ала боқжама<sup>1</sup>  
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды?  
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды?

\* \* \*

Ақ тайыншаның қатығын  
Аппағыма беремін,  
Аппағымның атын тез  
Айтқаныңа беремін.

\* \* \*

Қай тайлақ лақтай,  
Қай лақ тайлақтай?

\* \* \*

Арқада алты арқар бар,  
Қырқада қырық арқар бар.  
Қырық арқарда қарт арқар бар,  
Алты арқарда марқа арқар бар.

\* \* \*

Мына сайда отырған бай Бағланбай,  
Бұл қай бай Бағланбай,  
Бұл қай бай Бағланбай?

<sup>1</sup> Боқжама — ою-өрнек, шашақ салып, мақта мен жүннен термелеп тоқылған дорба.

\* \* \*

Қурайлының жерінде,  
 Қоңыр айғырдың үйірінде,  
 Бурыл<sup>1</sup> қулық<sup>2</sup> құлындап жатыр,  
 Бурыл қулық құлындап жатыр.

\* \* \*

Құдағиға сақтаған сүр балқаймақ,  
 Ол балқаймақты мен жаламай, кім жаламақ?  
 Ол балқаймақты мен жаламай, кім жаламақ?

\* \* \*

Қырда қырау,  
 Қызыл ала бұзау.  
 Тауда тарғақ,  
 Тарғыл ала торпақ.

\* \* \*

Беріп тай, лақты,  
 Алдым тайлақты.  
 Беріп тайлақты,  
 Алдым тай, лақты.

\* \* \*

Толағайдың торы<sup>3</sup> ала аты бар.  
 Толағай, торы ала атыңды  
 Тағалатып ал.

\* \* \*

Шөмедедегі шөпті  
 Мен шөмелелемей,  
 Кім шөмелелейді?

<sup>1</sup> Бурыл — адамның сақал-шашы мен малдың түсіне қатысты айтылатын, ақ пен көк, аздап қара араласқан түс.

<sup>2</sup> Қулық — тұмса құлындаған жас бие.

<sup>3</sup> Торы — жылқы түсі.



\* \* \*

Есет атам ет асатар,  
Ет асатса, бес асатар.

\* \* \*

Шуақтаған ботамды  
Шуға апарып, шудаладым.  
Шудалаған шудасын  
Суға салдым, судан алдым,  
Суға малдым.

\* \* \*

Ұстап қара қарындашын,  
Ұштап қарындашын қарындасым.  
Ұсынды қарындашын қарындасым.

\* \* \*

Қарамайлы қарағайды,  
Кесейін бе, кеспейін бе?  
Қазықтағы қара тайды  
Шешейін бе, шешпейін бе?

\* \* \*

Бүлдіргенді бүлдірген,  
Күлдіргенді күлдірген,  
Күлдіргенді бүлдірген.  
Бүлдіріп ап күлдірген.  
Дейді екен «бүлдірмен».

\* \* \*

Орманбай аңшы,  
Марқабай малшы.  
Тұра қап алшы,  
Құрығыңды суға малшы.

\* \* \*

Суда сең келеді,  
 Сегіз серке<sup>1</sup> тең келеді!  
 Суға сақалын мала сілке,  
 Суға сақалын мала сілке.

\* \* \*

Жоғартыннан сең келеді,  
 Сегіз серке тең келеді,  
 Сақалдарын суға малып,  
 Сілкіп, шығып келеді,  
 Малып, сілкіп, шығып келеді.

\* \* \*

Торта<sup>2</sup> қойдым,  
 Орта қойдым.  
 Орта қойдым,  
 Жорта қойдым.

\* \* \*

Ауылым ой құлдилар, жон құлдилар,  
 Ауылым жоннан көшсе, сай құлдилар.

\* \* \*

Ақ тай ақ па?  
 Қара тай ақ па?

\* \* \*

Шайшының шәйнегі мосыдан<sup>3</sup> түспес,  
 Мосыдан түссе, «ащы» деп ішпес,  
 «Ыссы» деп ішпес, «тұщы» деп ішпес,  
 «Ыссы» деп ішпес.

<sup>1</sup> Серке — бес-алты жастағы тарттырылған теке.

<sup>2</sup> Торға — сарымайды еріткенде ыдыс түбіне тұнған қалдық.

<sup>3</sup> Мосы — ілгегіне шелек, шәугім іліп, тамақ пісіретін, шай қайнататын үш тағанды темір құрал.

\* \* \*

Кетпенбай кетпенді алып кеткен бе,  
Кетпенді алған Кетпенбайға кектенбе.

\* \* \*

Бастағаны бастамашы,  
Бастамағаны — басқа кісі.

\* \* \*

Боз ала ат бар, қарала ат бар,  
Озар ат бар, қалар ат бар.

\* \* \*

Он саусаққа оймақ салды,  
Оймақты да ойлап салды,  
Оймақ салып, ойнақ салды.

\* \* \*

«Үйренді» деп айналадан,  
Тапты қалай айланы адам.  
Болды сөйтіп айлалы адам.

\* \* \*

Біреулер бұрқылдап, бұртия қарады,  
Біреулер бырқылдап, бұртия қалады.  
Олар ойлана ма,  
Ойын солай ойнала ма,  
Ойларын көп оймалама.

\* \* \*

Сексен шығып, сексен кірді,  
«Сексен» деді сексен бірді,  
Сескендірді Ескендірді.

\* \* \*

Алыстан Арыстанбай арыстандай көрінді,  
Арыстан мен Арыстанбай алысқандай көрінді.

\* \* \*

Қайырбай талай келді,  
Қаракерді қалай берді,  
Қайырылып қарай берді.

\* \* \*

Көрде көк көп көктей ме?  
Көктемде көк көп көктей ме?

\* \* \*

Олар Оралды көрді,  
Орал оларды көрді.

\* \* \*

Ала есекті, қара есекті,  
Сұр құлақты сары лақты.

\* \* \*

Босқа берем, досқа берем,  
Қалай май алғандар — тазаламай алғандар,  
Май алғандар, май алмағандар.

\* \* \*

Қалмақанның көңілі қызметте болды,  
Қалмақанның көңілі қымыз, етте болды.

\* \* \*

Ала сиыр артын жалайды,  
Апам алдын жамайды.



\* \* \*

Атпақ ек бір-бір құр,  
Ту екен құрғыр,  
Таптырмай қырдан құр,  
Қайттық біз құрдан-құр.

\* \* \*

Жоғалды бес шыбыш,  
Жоқ әлі еш сыбыс,  
Жоқ әлі еш сыбыс,  
Жоғалды бес шыбыш.

\* \* \*

Торғай торға түсті ме,  
Торға торғай түсті ме?

\* \* \*

Бозды бүркелеме,  
Бүркелемегенмен  
Бүркеле ме?

\* \* \*

Боламыз атама таң,  
Бір қызық адам атам,  
Мінеді атам атан,  
«Мінді» деп атам атан,  
Айтуға бата ма адам?

\* \* \*

Қайырбек қарт қайта алмады,  
Қалибек қарт қайтармады.

\* \* \*

Қатира қара сөзді қатиралай ала ма?  
Қатира қатиралай алмаса,  
Қалай, қатиралайсың ба?

\* \* \*

Бурыл шұбар бұрын алмайды,  
Бұрын алса, бұрыла алмайды.

\* \* \*

Бұл кісі қой аралар ма,  
Қой араламай қоя алар ма,  
Жарықтан нұр тарқай ма,  
Жыр тарқай ма,  
Жанарым нұрдан тайқар ма.

\* \* \*

Бұлар бал аралары,  
Бал араларының бал алары.

\* \* \*

Шыдамсыз орманды шын араламайды,  
Шұбар құс орманды шұбар алаламайды.

\* \* \*

Қаралық қарды қаралай ала ма,  
Қалалық қырды аралай ала ма?

\* \* \*

Шағиға Сағи шадырая қарады,  
Сағиға Шағи адырая қалады.

\* \* \*

Бурыл айғыр үйірін алмайды,  
Үйірге үйретсең,  
Үйірін үйіре алмайды.

\* \* \*

Жерұйығы жеті арал ма,  
Жеті аралға желмая<sup>1</sup> жете алар ма?  
Жеті адал да, жеті арам да жеті аралда.

\* \* \*

Тырна қырда тыраулай ма?  
Қырда тырна тыраулай ма?

\* \* \*

Бес түп алма —  
«Бестік» алғандікі,  
Төрт түп алма —  
«Төрттік» алғандікі.  
«Төрттік» алған  
Бес түп алма алмайды.

\* \* \*

«Әсірелеңгір екен» демеңіз,  
«Аса іріленгір екен» демеңіз,  
Әлсіреңкіремей денеңіз,  
«Әлсірегір екен» демеңіз.

\* \* \*

Шынжыр шылдырлай ма,  
Шылбыр сылдырлай ма?

\* \* \*

Шеше, кеше неше есе көп алдыңыз?  
Шеше, кеше неше есе кем алдыңыз?

\* \* \*

Шемішке шақсаң, шақ,  
Шапшаң шақ,  
Шөбіңді шапсаң, шап,  
Шапшаң шап.

<sup>1</sup> Желмая — шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе.

\* \* \*

Көбейсін атұстар,  
Болмасын атыстар,  
Болса мол атыстар,  
Қалмайды атұстар.

\* \* \*

Қожаш шашын Сапашқа алдырды ма,  
Сапаш шашын Қожашқа алдырды ма?

\* \* \*

Ұзаққа тұзақ — тұзақ,  
Ұшпайды ұзап ұзақ,  
Түседі ұзақ өзі-ақ,  
Ұзаққа тұзақ — тұзақ.

\* \* \*

Шын жүйрік торы ала ма, қара ала ма?  
Қара аланы босқа сен қаралама,  
Бермеймін қара аланы торы алаңа,  
Қара аланы сен босқа қаралама.

\* \* \*

Менің нем кем деп ең?  
Бер үйді ең кең деген,  
Менің нем кем деп ең?

\* \* \*

Ана марал, бұла марал,  
Жүретін қайда арал?

\* \* \*

Артықбай қарпып қалды,  
Қарпықбай артып қалды,  
Артықбайды Қарпықбай,  
Тарпықбай тартып қалды.



\* \* \*

Бурабай бос бола ма?  
Бос санап, бопсалама,  
Боспа ұшы бос қала ма?

\* \* \*

Гәп балда емес, гәп әлде,  
Гәп малда емес, гәп халде,  
Әлде халде, жоқ па әлде?

\* \* \*

Сөзі мол айтарлықтай,  
Жүгі бар артарлықтай,  
Ісі жоқ қайтарлықтай.

\* \* \*

Қап-қап қақты  
Аппақ алыпты,  
Ақтық тапты,  
Ақтық апты.

\* \* \*

Асанды әсем десем де,  
Әсем одан әсемдеу,  
Әсемді әсем десем де,  
Асан, сірә, әсемдеу.

\* \* \*

Сапақ сабаққа қарады,  
Сапақ сабаққа қарамады,  
Сапақ сабақтан қанша баға ала алады?

\* \* \*

Қазанда шұжық жүр,  
Үш шұжық жүзіп жүр,  
Шұжықшыл Жүсіп жүр,  
Шұжықты сүзіп жүр.

\* \* \*

Ашуланса, адыраяр,  
Шеке тамыры бадыраяр.

\* \* \*

Сатыш, Ақыш мылтық атысты,  
Ақыш тигізіп, Сатыш шатысты.

\* \* \*

Тебіншек ат шегіншек,  
Шегіншек ат тебіншек.

\* \* \*

Тас құлатып таудан,  
Тасқын ақты таудан,  
Тас құлаған тасқын ба,  
Тасқындаған тасқын ба?

\* \* \*

Әкем жонған ұшқат<sup>1</sup> оқ,  
Жуан бақан<sup>2</sup> қолға тоқ.

\* \* \*

Тастақ жерге тарғақ жұмыртқаламақшы емес пе,  
Құмдақ жерге қоян құмалақтамақшы емес пе?

\* \* \*

Мынау ауылдың келісі кейін бе,  
Келіні деске бейім бе?

\* \* \*

<sup>1</sup> Ұшқат — ұсақ жапырақты, қара қошқыл түсті бұта өсімдігі.

<sup>2</sup> Бақан — жоғарғы жағы екі аша келген, киіз үйді тіккенде шаңырақты көтеретін, түндікті ашып-жабатын ұзын сырық.

Ала тайымның бір жағында елегім бар,  
Бір жағында шелегім бар,  
Шелегім ауса, елегіме мінемін,  
Елегім ауса, шелегіме мінемін.

\* \* \*

Есік алды там,  
Аң қарайды тамға,  
Там қарайды аңға.

\* \* \*

Көк көкпеңбек пе,  
Көп көкпек көкпеңбек пе?

\* \* \*

Құдиярбек құдам еді,  
Не мен Құдиярбекті құдалай алмадым,  
Не Құдиярбек мені құдалай алмады.

\* \* \*

Ар жақтағы Құдиярбек құдам еді,  
Оны мен құдаламадым,  
Ол мені құдаламады.  
Оны мен құдаламадым,  
Ол мені құдаламады.

\* \* \*

Бурыл сайда біреу бар бурыл айдарлы,  
Бұрқылдатып бұрылмай, бұра айдайды.

\* \* \*

Арқада алты арқар бар,  
Қырқада қырық арқар бар,  
Қырық арқарда қарт арқар бар,  
Алты арқарда марқа арқар бар.

\* \* \*

Ақ бұқа мініп, бір жағыма тасымды арттым,  
Бір жағыма масағымды арттым,  
Тасым ауса, масағым міндім,  
Масағым ауса, тасыма міндім.

\* \* \*

Бұл бай қаймақ,  
Қай бай қаймақ?  
Бұл бай қаймақ  
Май балқаймақ.

\* \* \*

Сүт бетінде май балқаймақ,  
Ол қай балқаймақ?  
Балдан тәтті май балқаймақ.

\* \* \*

Бұл қай балқаймақ?  
Бұл — сүт балқаймақ.

\* \* \*

Немерелеріңе неменелеріңді айттың?  
Немерелерің неменелерін айтты?

\* \* \*

Асқат жамап-жасқап,  
Жасапты ақ сапты аспап.  
Ақ сапты аспабы —  
Жап-жақсы аспап.

\* \* \*

Тоғыз ақ баспақ тана,  
Тоғыз ақ баспақ тана ішінде,  
Жалғыз тарғыл тайпақ бас баспақ қана.

\* \* \*

Бағаны бала ғана ала алды ма,  
Бала бағалана алды ма?

\* \* \*

Бұл кісі қой аралар ма?  
Қой араламай, қой алар ма?

\* \* \*

Малды азықсыз мазалама,  
Бақса баптап, мал аза ма?

\* \* \*

Отыр таудың басында,  
Отау тікпек айнала.  
Отауымды қотаныма тігем,  
Қотанымды отауыма тігем.

\* \* \*

Сыпыра<sup>1</sup> сөктім, сыпыра тіктім,  
Сыпыра тіктім, сыпыра сөктім.

\* \* \*

Әй, әй, Айдарбай,  
Иір мүйіз сиырды  
Үйіңе айдай бар,  
Үйіне қайтар, бар.

\* \* \*

Басшы ашшыға: «Есік ашшы», — десе,  
Ашшы басшыға: «Тұздығы да ащы екен», — депті.

\* \* \*

<sup>1</sup> Сыпыра — қамыр илейтін жарғақ тері.

Атам:  
«Балама ат аламын».

Апам:  
«Балама ала мата аламын».  
Атасы ат ала ма?  
Апасы ала мата ала ма?

\* \* \*

Қырық құрықтық,  
Сырық құрықтық.

\* \* \*

Бұл қайсы арал?  
Қарғалы арал.  
Қамыс басын қайырып,  
Қарға ұялар.

\* \* \*

Сыздық судан сүлік сүзді,  
Сыздықтың сүлік салмасын үзді,  
Салмадан сүлік сытылып шығып,  
Суға түсіп, сумаңдап жүзді.

\* \* \*

Арғы арал, бергі арал,  
Ол аралдарды жайлаған баларалар,  
Қырдың қызыл түлкісін қырағы алар.

\* \* \*

Айыр атаңды жүк қартайтар,  
Семіз қойды май қартайтар,  
Күйгелек менің атамды  
Жас қартайтпас, ой қартайтар.

\* \* \*

Қаладан алғаным —  
Алты арба асқабақ,

Алты арба асқабаққа жеккенім —  
Жеті ала тарғыл баспақ,  
Тайпақ мүйіз, ақ бөксе баспақ,  
Бөксе ақ, аспақ.

\* \* \*

Ақ тайлағымды бұйдалайын десем,  
Бұйдалай алмадым,  
Шудалайын десем,  
Шудалай алмадым.

\* \* \*

Ара, ара, аралар,  
Орманның бойын аралар,  
Гүлдерден сорып бал алар,  
Алысқа ұшып бара алар,  
Бал тәтті ғой, ә, балалар?

\* \* \*

Етігімнің басы қайқаяр, қайқаймас,  
Қайқаймас, қайқаяр.

\* \* \*

Өте мерген Орман атты,  
Ор түбінен орқоян атты,  
Оқ тиген соң өте қатты,  
Ор түбінен орқоян атты.

\* \* \*

Қабат-қабат үй салдық,  
Үйлер тола күйсандық,  
Күйсандықтан үй салдық,  
Күйсандықта күйсандық.

\* \* \*

Шалабай шыли шалағай,  
Шалабай шыли шалағай,  
Шақша басы шарадай,  
Шаладай шала Шалабай.

\* \* \*

Жақсы атты әп-сәтте,  
Асқаттар ақсатты,  
Жаза алмай бас қатты.  
Ақсатса жақсы атты,  
Кім болар жақсы атты?

\* \* \*

Әсем «әсем билеймін» деп әлек,  
Қасен «шешен сөйлеймін» деп әлек,  
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?  
Қашан Әсем әсем билеп еді?  
Әсем билегендерін де көргеміз жоқ,  
Шешен сөйлегендерін де көргеміз жоқ.

\* \* \*

Қарамайын қарағайдың,  
Қаламайын, жаламайын.  
Қарағайдың, қарамайдың,  
Қасына енді жоламайын.

\* \* \*

Көк бұйра бір бұлақ,  
Тіл қатар бұлдырап,  
Тастарды ұрғылап,  
Ағады құлдырап.

\* \* \*

Топ бала, топ бала,  
Ойнап жүр топтала.  
Зымырап допты ала,  
Қуады көп бала.



\* \* \*

Қырық қызыл құйрық,  
Қырық қылқұйрық,  
Қырық қылқұйрық ішінде,  
Бұлғи қызыл қылқұйрық.

\* \* \*

Ол аралда да марал,  
Бұл аралда да марал,  
От екен маралға арал,  
Отгасын аралда марал.

\* \* \*

Ақ тайлақ па,  
Қара тайлақ па?

\* \* \*

Төбесі төбел төрт бөрік,  
Төртеуі де көк бөрік.

\* \* \*

«Дұрыс» деп Тұраш айтты,  
«Дұрыс» деп Бораш айтты,  
«Жалған» деп Жарас айтты,  
«Рас» деп Рәш айтты,  
Қайсысы жалған айтты,  
Қайсысы рас айтты?

\* \* \*

Сүрінгенді сүрінген еді демеймін,  
Сүрінгенді сүр іңген демеймін.

\* \* \*

Батырға қай көлік  
Сай көлік?  
Батырға сай көлік —  
Сайгүлік.

\* \* \*

Таппай қойсаң Жақыпты,  
Тап қайтсең де Сақыпты,  
Таппай қойсаң Сақыпты,  
Тап қалайда Жақыпты.  
Жақып жүрмес Сақыпсыз,  
Сақып жүрмес Жақыпсыз.

\* \* \*

Бұлаң-бұлаң еткен бұл аң,  
Жүні қылаң екен бұның.

\* \* \*

Демеуді Медеу демеп пе едің,  
Медеуді Демеу демек пе едің?

\* \* \*

Құр, қырғилар құлдилап ұшты,  
Құркұлдап қырғидай ұшты.

\* \* \*

Қырда қырық  
Қызыл ала бұзау.  
Тауда тарғақ,  
Тарғыл ала торпақ.

\* \* \*

Тіреуішке түйрегем түйреуішті,  
Күлдіреуішке тірегем тіреуішті.  
Күлдіреуішке тірегім тірелмепті,  
Түйреуішім тіреуішке түйрелмепті.

\* \* \*

Шүрегей сүңгігіш пе,  
Сүңгуір сүңгігіш пе?



\* \* \*

Ара-тұра тал арала,  
Тал ішінде талар ара.  
Ара-тұра тал арала,  
Таппай сені қалар ара.

\* \* \*

Үш кіші ішік<sup>1</sup> піштім,  
Бес кіші ішік піштім,  
Неше кіші ішік піштім?

\* \* \*

Сүйініш ауырса бір,  
Үй іші абыр-сабыр,  
Қылмайтын абыр-сабыр,  
Онан да тәуір сабыр.

\* \* \*

Айланбадан арба айланып барады,  
Арбадағылар айбарланып барады.

\* \* \*

Қитұрқылар қырық қулық,  
Шығарды қырық құрақ, қылық құрап.

\* \* \*

Маған сенсең, көп сеңсең,  
Сеңсең, сенсең, көк сеңсең,  
«Көбі өскелең» деп сен, сен.

\* \* \*

Түпсіздерін түптетті,  
Түпсіздерін түптетпепті.

<sup>1</sup> Ішік – іш жағы аңның терісінен тігіліп, сыртын матамен тыстаған жылы сырткіім.

\* \* \*

Шірік сызық,  
Қырық құрық па?  
Қырық сырық,  
Сырық құрық па?

\* \* \*

Балбике май, бал алды,  
Майбике бал, май алды.

\* \* \*

Досқа босқа қарама,  
Босқа досқа бара ма,  
Дос та босқа қала ма?

\* \* \*

Көп тау қатпарлы тау, қапталды талды тау,  
Көк тау — көк талды тау,  
Көк талды тау, көп малды тау.

\* \* \*

Бұл бала ең тентек,  
Күшіміз теп-тең деп,  
Күреспе тектен-тек,  
Құлайсың көптен-көп,  
Аяғың көкпен кеп.

\* \* \*

Шалбарды Шалбарбай киді,  
Шалбарбай шалдардай киді.

\* \* \*

Сыйлыгүл сырмақты сыри берді,  
Сырлыгүл сыйлыққа сиыр берді.

\* \* \*

Арықтың бәрі ғаріп емес,  
Ғаріптің бәрі арық емес,  
Ал Әріп арық емес,  
Ғаріп те емес,  
Барып көр беріп кеңес.



\* \* \*

Қылқимағандарды — қиқылдамағандарды,  
Қылтимағандарды — қылқимағандарды.

\* \* \*

Тұралбек, Тұрарбектер бір ел ме екен,  
Тұрарбек Тұралбекті білер ме екен?

\* \* \*

Айта-айта жақ талды,  
Қайта-қайта жатталды.  
Қайта-қайта жақ талды,  
Айта-айта жатталды.

\* \* \*

Тарпаң тайлар тар қорада ма,  
Тарпаң тайлар тай қорада ма?

\* \* \*

Қамаштан көріп қалашты<sup>1</sup>,  
Қалашқа Жарас таласты.  
Болсын десең қалаш тең,  
Таласпа, Жарас, Қамашпен.

\* \* \*

Бір істі Жорабай жобалай қойды,  
Бұл іске Жорабай жоламай қойды.

\* \* \*

Жорғаң жорға-ақ екен,  
Ордан қорқады екен.  
Жорғаң жорға-ақ екен,  
Желіске шорқақ екен.

<sup>1</sup> Қалаш — ортасы ойық дөңгелек нан.









Суретші Е. Оспанұлы



# ТӘМСІЛДЕР

Тәмсіл — өсиет, насихат үлгісінде астарланып айтылатын аңыз, әңгіме. Бұл жанрға тән туындылар әр кезеңдегі адамның жеке басында, болмаса қоғамда, елдің тұрмыс-тіршілігінде өткен оқиғаның әңгіме, аңыз түрінде тарап, жағтан жағқа ауысып, астарлы ой-қорытындысы, тұжырымды түйіні насихат, нақыл, бейнелі сөздерге, мақал-мәтелге айналады. Оның басты ерекшелігі — танымдық, тәрбиелік, үлгі-өнеге берерлік мәні зор болып келеді, өмірге болып жататын ұқсас жағдайларды, оқиғаларды мысал ретінде пайдаланып, тыңдарманды шынайылыққа, әділдікке, адамгершілікке үндейді. Бүгінге жеткен тәмсілдердің мазмұнына қарағанда, оларға тарихымыздың түрлі кезеңдеріндегі оқиғалар, аңыздық кейіпкерлердің, танымал тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің бейнесі көрініс береді. Бұл жанрға жататын туындылар әзіл-сықақ, әжуа-күлкі сарынында болғанымен, астарында ащы шындық жатады әрі танымдық деңгейі мен көркемдік табиғаты басым болып келеді. Қазақстанның қолжазба қорларында фольклорлық мұралардан тыс эпикалық кейіпкерлерге, VIII-IX ғасырларда өмір сүрген Аяз биге, Ноғай Оргасы тұсында тіршілік кешкен Жиренше шешенге қатысты тәмсілдер, Қазақ хандығы кезеңіндегі, кейінгі жаңа дәуірдегі ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі. Мәселен, Жиренше туралы аңыз-әңгімелердің түйінінен «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», «Қатын өлді, қамшының сабы сынды», «Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» сияқты мәтел сөздер қалыптасқан. Тәмсіл сөздер өміршең жанр болғандықтан, қазіргі прозада да молынан ұшырасады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап В.В. Радлов, И.Н. Березин, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Ә. Диваев сияқты зерттеушілер халық арасынан жазып алған ертегілер мен аңыздардың арасынан тәмсілдердің алғашқы үлгілерін кездестіруге болады. Кейінгі кезеңдерде де осы жанрлардың құрамында жарияланып келгенімен, арнайы жинақталып, іргелі зерттеулер жүргізілмеді.

Томды баспаға дайындауда халық тәмсілдерінің сирек қорларда сақталған, бұрынғы және кейінгі басылымдарда жарияланған мәтіндері іздестіріліп, таңдаулылары іріктеліп алынды. Олардың нұсқалары бір-бірімен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді.



## Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер

Жер-дүниенің патшасы Сүлеймен пайғамбар кірпі мен қарғаға былай деп бұйрық қылады:

— Сен, қарға, бар, бір түнде жер-дүниені аралап, бір жақсы сайрайтын құс тап. Бұл құсты менің бас жағымда тұрған қапасқа отырғыз. Таң атқанда бұл құс мені сайраған дауысымен оятсын!

Сен, кірпі, жердің жүзін тінтіп, маған бір жұмсақ нәрсе тап, бұл нәрсені әкеліп, дәл менің жастығымның үстіне, бетіме таяу қой! Құстың сайрағанымен оянып, қапасқа қарай бергенде, бетім бұл нәрсеге тисін.

Қарға дамыл таппай көп жерлерді аралап, көп құстардың сайрағанын есітеді. Бұған бірде-бір құстың сайрағаны жақпайды. Мұның ойлауынша, бұлбұл, сандуғаш һәм өзге құстар жаман сайрайтын көрінеді. Дауысы жақсы құс таба алмай, қарға сорлы: «Енді маған өлім келді ғой», — деп қайғырады. Таң мезгілінде балаларын бір көріп, амандасып кетейін деп қарға шаршап, талып, ұясына қайтады. Пақыр анасын көріп, аш балапандар шиқылдап, қарқылдай бастайды. Бұлардың қарқылдағаны қарғаға сондай жақсы, нәзік көрініп кетті. Бұлардың қасында бұлбұл, сандуғаш әлдеқайда жаман сайрайтындай көрінді. Қарға сорлы қуанып, балапандарын Сүлейменге әкеліп, мұның қапасына отырғызады.

Кірпі де түні бойы дамыл таппай, жердің жүзін кезіп, жұмсақ нәрсе іздейді. Издесе де таба алмайды. Бұ да шаршап-шалдығып, үңгіріне қайтып келеді. Пақыр анасын көріп, мұның балалары алдынан шығып, құшақтайды. Кірпі де құшақтайды. Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ көрінеді. «Бұл жердің үстінде өзіңнің балаларыңнан жұмсақ ешнәрсе болмас» деп ойлап, кірпі балапандарын Сүлейменнің жастығының үстіне әкеліп қояды.

Таң атады. Қарғаның балапандары қарқылдап, шиқылдай бастайды. Сүлеймен «Бұл не?» — деп оянып, қапасқа қарай бергенде, мұның бетіне тікенектер кіріп кетеді. Қараса, қапаста қарғаның балапандары отыр, жастықтың үстінде кірпінің балалары жатыр. Сүлеймен ашуланып, қарға мен кірпіні шақыртып алып, бұлардың басын кесуге бұйрық береді. Жазалы болған қарға мен кірпі:

— Дат, тақсыр! — дейді. Сүлеймен дат береді. Екеуі бастан-аяқ қылғандарын баян етіп еді, ол ойға түсті. «Әркімнің өзінікі өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық һәм мамықтан жұмсақ екен», — деп ойлайды. Қарға мен кірпіні босатып жібереді.

### Ата қарғысы – оқ

Ілгері өткен заманда дүниеде жоқ бай болыпты. Бірақ оның баласы болмапты. Жаратқанға жалынып, сыйынбаған мазары, бармаған жері

қалмай жүріп, жасы жетпіске таяп қалғанда жалғыз ұл көреді. Баласы жастайынан елдің тілін алмай, өзінің білгенін істеп, теріс болып өседі. Ата-анасының тілін алмай, сөзін ұқпай, шаршатады. Ата-анасы басқа қылар айла таппайды. Ақыры атасы: «Құс болып ұлып қал, ұяң таста болсын», — деп қарғайды. Атадан қарғыс алған жалғыз бала байғыз деген құсқа айналып қалған екен.

«Ата қарғысы — оқ» деген сөз содан қалған екен елде.

### **Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты**

Қазақтың есептерінде «жылдан үлкен мүшел» деген бар. Мүшел — он екі жыл. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы: мүшелде әуелгі жыл — тышқан, екінші — сиыр, онан соң — барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит һәм доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді.

Бұрынғыдан қалған сөздер бойынша, сол хайуандар жыл ағасы болуға дауласыпты. Сонда жылқы айтыпты:

— Мен адам үстіме мінсе, алысын жақын етемін, менің күшім болса, көреді, сүтім болса, ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын.

Түйе:

— Сен адамның жұмысын қыласың, арпа, сұлы, шөп асайсың, тамағың үшін құл болдың. Міне, мен, сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айлық алыс жолдарға барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сиыр:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, — дейді.

Қой:

— Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімді алып, киіз істейді, жабағыммен киіз тігеді, арқан, жіп істейді, сүтімнен құрт-май алады, — дейді.

Ит:

— Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Сендердің баршаларыңның мен бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін, — дейді.

Тауық:

— Мен болмасам, кісі ерте тұрып, жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, шақырып, хабар айтамын «таң атты» деп. Көп отырса, «жұмысыңнан қаларсың, жатар уақыт болды» деп, түн

ортасында шақырамын, кеш болса, тағы шақырамын, «мезгіл болды» деп, — дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрады да, біртүрлі қулық ойлап, жиылған көпке:

— Бұл таласқанмен ешнәрсе өнбес, Күнді қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын, — дейді.

Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің биіктігіне сеніп, «Менен бұрын кім көреді», — деп, тышқанның сөзін қостап, бәрі де қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отырады. Мұнан соң Күнді бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болады.

«Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген сөз осыдан қалған екен.

### **Жапалақ көрсең, атып ал, жаманнан бойыңды сатып ал**

Күндерде бір күн Сүлеймен патша:

— Алтын, күміспен көмкерілген ақ ордаларда отыра-отыра жалықтым. Енді маған әдемі қырналған ақ сүйектен, кемігі жоқ қақ сүйектен, ылғи ғана бас сүйектен, сарғаймаған жас сүйектен сарай салынсын, — деп бұйырады, — Сарайдың бірінші қабаты әйелдердің, екінші қабаты еркектердің, үшінші қабаты құстардың бас сүйегінен қалансын!

Адамдар мен құстардың әрбір алты ағайындысының үшеуінің басы, бес ағайындысының екеуінің басы, үш ағайындылардың біреуінің басы алынатын болыпты. Хан жарлығы екі бола ма! Сонымен, қаһарлы ханның қайырымсыз жарлығы орындала бастайды. Күндерде бір күн кезек үш ағайынды үкілерге келіп, патша жарлығы бойынша ең кенже інісі байғыздың сүйегін апарып берер уақыт жетеді. Бірақ қайсар да батыр үкі хан жарлығын орындаудан бас тартады. Ол жапалақ інісін жардың жарығына, байғыз інісін тастың қуысына тығып тастап, отыра беріпті. Көкжендет дейтін бір қанды балақ құс бар екен. Құстарды қыру міндеті соған жүктеліпті. Ол хан сарайындағы кәрі самұрықтың ең сенімді қолғанаты екен. Үш ағайындының біреуін алу үшін, Көкжендет бір күні үкіге жетеді. Келе екілене дауыстайды:

— Балақ жүнің балпиып,  
Жалғыз өзің жалпиып,  
Батырымсып, талтиып,  
Құлағыңды қалқитып,  
Екі ұртыңды салпитып,  
Неге отырсың шалқиып?!

Үкі үн қатпайды. Көкжендет сестене әкіреңдейді.

— Хан жарлығын неге орындамайсың? Байғыздың басы қайда? Тап! — дейді.

Үкі қос құлағын тікірейтіп алады да, «кет» дегендей жуан шеңгелмен сермеп қалады. Жармаса кетсе, жазым боларын сезген жеңдет құс:

— Қап, бәлем, патшаға айтпасам ба! — деп, кете барады. Сол бетімен келе жатса, ағасының айтқанын орындамай, тығылып жатқан жерінен шығып, жапалақ жалп-жалп етіп, жар басында ойнап жүр екен. Көкжеңдет көре салып, жапалақтың қасына жетіп келеді де:

— Байғызды тауып бер, сонда патшаның тойына бақыршы болып, тамаққа тоясың, — деп алдайды. Үкі де жеңдет құстың артынан қуа шыққан екен, оның жапалаққа айтып тұрған сөзін естиді. «Айтпа» деп ымдайды. Бірақ әрі қорқақ, әрі опасыз жапалақ тастың қуысына тығылып жатқан інісі байғызды жау қолына ұстап береді. Міне, сол күннен бастап жапалақ үкі маңына жоламай кетіпті. Опасыздық жасап, өз бауырын бір уыс жемге сатқаны үшін, бүкіл құс атаулы жерініпті.

«Жапалақ көрсең, атып ал, жаманнан бойыңды сатып ал» деген сөз содан қалған екен.

### Қарға мен бүркіт

Бір күні ақымақ қарға жар басында қонып отырса, бір бүркіт келіп, сайда жайылып жатқан қойдың ішінен бір қозыны іліп алып тасқа шығып, жеп отырыпты. Мұны көрген қарға: «Мен де бүркіт сияқты біреуін іліп алып, жемеймін бе? — деп ойлапты да, — Мен алсам, қозыны алып не қылам, үлкен қошқарды алмаймын ба?» — деп бар күшін жинап, қанатын қомдап, жартастан еңкейіп түйіліп барып, бір қошқарға түсіпті.

Қарғаның шілбиген жіңішке саусақ тырнақтары қошқардың қалың жүніне ілініп қалып, қошқарды алғанды қойып, өз тырнағын шығара алмай, қошқардың үстінде далпылдап жатқанда, анадайдан қарап отырған қойшы келіп, қарғаны ұстап алып, баласына ойыншық қып беріпті.

Осыдан бастап «Қарғаның қошқарға түсуі сияқты» деген тәмсіл елаузына тарапты.

### Арам түлкі жайында

Ертедегі заманда бір түлкі, бір құлан, бір сауысқан — үшеуі дос болады. Бір-біріне жамандық ойламасқа ант айтып, шарттасады. Сөйтіп жүргенде, бір күні құлан тұзаққа түсіп, шарқ ұрып, босана алмай, «өлемін-ау» деп қорқып, түлкі мен сауысқан достарына қарап:

— Айла-лаждарың бар ма? — деп, жалтақ-жалтақ қарап, жылаған соң, түлкі тұзақты қимақ үшін құланның қасына таман келеді. «Осы құланның өлсе, етін жейін, тұзақшы сойса, ішек-қарынын тастайды ғой. Мұның достығынан маған еті тәтті ғой», — деп қайтадан арамдық ойлап, бір бұтаға барып, құланның өлгенін аңдып, бұғып жата береді. Сауысқан мұны көріп, құланға келіп:

— Құлан досым, менің тұзақ жібін қиятын қуатым жоқ, өзің білесің, — дейді. — Мұны түлкі тісімен шайнаса, қияр еді. Ол сенің достығыңнан етіңді тәтті көріп, анау жерде жатыр. Енді бір ақыл айтайын, осы тұзақты салған адам келгенде, шынымен өлгендей болып қимылдамай, сіресіп жатып қал. Тұзақшы сені бауыздауға тұзақты мойныңнан ағытады. Сонда тұра қашсаң, қолымен ұстай алмай қалады. Құтылып кетесің, — дейді.

Құлан мұны ақыл көріп, айтқанындай сіресіп жатады. Тұзақшы келіп көреді де, арам өліп жатыр екен деп, пышағын қолына алып, тұзақты ағытқанда, құлан жұлқынып, тұра қашады. Тұзақшы апыр-топыр ойбай салып, мойнындағы мылтығын жұлып алады да, құланның кеткен жағына қарай мылтығын басып қалады. Құлан түлкі жатқан жақпен қашқан еді, құлан ұзап кетіп, мылтықтың оғы бұтаның түбінде бұғып жатқан түлкіге тиіп, өкпесінен оқ өтіп, түлкінің жаны шығып, құйрығы көтеріліп, бұлаң етіпті. Тұзақшыға түлкі олжа болып кетіпті.

«Кім ойласа досқа қас, басына тиер тас» деген мақал сонан қалған.

### **Көк өгіздің тарихы жайында**

Ерте заманда бір сиырдан туған көк бұзау ержетіп, ешкім мінбей, ешкім ұстамай, бұғы маралдай болып тел өседі. Өзі семіз болады. Сол дене, дәулетіне мастанып, сиыр жынысын «өзі шабан, өзі көріксіз, денесі келісімсіз, тұяғы сыртылдақ» деп менсінбейді. Төңірекке қарап, түйені, есекті көріп, оларды да менсінбей жүргенде, жайылып жатқан құлағы тік, жал-құйрықтары төгілген, тұяғы құйма бақай, тік денелі сұлу бір үйір арғымақтың асыр сала, құйындай ойнағанын көріп, «Осы мал менің теңім екен, өзі сұлу, өзі жүйрік екен», — деп, сиырды тастап, жылқыға еріп, жайылып кете береді.

Бір күндерде жылқыға қасқыр шабады. Көк өгіз жылқыны қорғап, қасқырды жолатпайды. Бірнеше рет жылқыны қорғаған соң, қасқырлар ұлып-ұлып, жиналысып, кеңес қылып, былайша деп ақылдасады:

— Осы малдың жылқыдан түрі бөлек, жылқымен туыс емес сияқтанады, қой, осының өзіне жабылып, өзін жесек, жылқы осыған қалай болысар екен?», — деп ақылдасып болады-дағы, тағы жылқыға шапқанда, көк өгіз әдеті бойынша қоқырайып, топырақ шашып, өкіріп айбат қылып, қасқырлардың алдынан шығады. Қасқырлар уағда бойынша тұс-тұстан өгізге жабылады. Қабырғадан, бүйірден, шабынан, тамағынан, санынан тістеп, шайнай береді. Өгізкең жылқыны қорғау есінен шығып, өз жанымен қайғы болады. Тулап, сүзгеніне қасқырлар болмай, талап, шайнап жабыла бастаған соң, өгіз бар даусымен өкіріп барып құлағанда, жылқылар өгіздің өкірген даусынан үркіп, ойын салып, жосып, топтанып кетіп қалады.



Көк өгіздің жан даусы мен өкіргенін тоғайда жатқан бір топ сиыр естіп, құйрықтарын қоқырайтып, мүйіздерін аран-аран қылып, шуылдап, бар даусымен күжілдеп, көк өгіздің үстіне барлығы шуылдап, ат қойысып жетіп келгенде, қасқырлар тайқып шыға береді. Өгізді қасқырдан ажыратып алады да, қоршалап мәңіреп, шуылдасып қарап тұрады. Көк өгіз әлсіреп талып, тұла бойы жара, қан болып жатыр екен. Біраздан соң есін жиып, көзін ашып қараса, жылқы жоқ, ажыратып тұрған өзінің менсінбей шығып кеткен сиырлары екенін танып, ұялғанынан көзін қайта жұмып алады. Біраздан соң есін жиып, орнынан тұрып, көп сиырға қарап басын иіп: «Бізден өткен қатені кешіріңіз», — деп, үзір тіледі<sup>1</sup>. Көп сиыр шуылдап:

— Бізді менсінбей, тудырған ата-ана, өз жынысыңды көзге ілмей, тәкаппарлық етіп едің, сиырды тастап, жылқыға кетіп едің, жылқың қайда? Бүгін жаныңды жаудан кім ажыратты? — деп, бірнеше айыптарын өгіздің бетіне басады. Өгіз жылқыны талай-талай қасқыр жаулардан ажыратқан қайратын айта келіп, басына күн туғанда жылқының тастап кеткенін айтып, өзінің басынан асқан тәкаппарлығын ойлап, тәуба қылады.

— Енді қастарыңыздан шықпаймын! — деп, көп сиырмен уағда байлап, бірге жүре береді.

«Әркімнің өз жынысы өзіне» деген сөз тарихта сондайлардан қалған екен.

### **Жаңа достың қадірі ескі достай бола алмас**

Бір құмырсқа өз илеуінен бөлініп, ара, қоңызбен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі ары-бері әуреленіп, қозғалта алмапты. Енді көмек сұрау үшін, достарын іздейді. Гүл жинап жүрген араға жолығып:

— Досым, маған көмектесіп жібер, — деп өтініпті.

— Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, — деп ара көнбепті. Енді құмырсқа қоңыздан көмек сұрапты.

— Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын! — деп қоңыз кете барады.

Екі досынан күдер үзген құмырсқа мұңайып келе жатып, өзінің ұялас достарымен ұшырасыпты. Олар мұның түрін көріп:

— Не істеп жүрсің? — деп сұрапты. Құмырсқа өз басынан кешкенін айтады. Достары көмектесіп, дәнді бірігіп көтеріп, алып кетеді. Құмырсқа қайта үйіріне қосылады.

«Жаңа достың қадірі ескі достай бола алмас» деген сөз содан қалыпты.

<sup>1</sup> Үзір тілеу — кешірім сұрау.

## Бақ қараса, Қыдыр дариды

Ертеде Бақ пен Қыдырдың тау бөктерінде келе жатқанын көрген жетім-жесір, қаріп-қасер, бай-манаптар — барлығы ол екеуінің алдын орап, шапағат сұрапты дейді.

Көзін жабағы қасы жапқан Бақ тұқырайып тұрып, қалың қасын жалп еткізіп, басын жоғары көтеріп қалғанда, тау басындағы кемтар қызға көзі түсіпті. Қыдыр ақ таяғын қолына алып, жылап тұрған қызға қарата бір нұсқап қалыпты да, екеуі де көзден ғайып болыпты. Көп өтпей, әлгі қыз сауығып, күйеуге шығып, үйлі-баранды болып, басына дәулет дарып, барша мұратына жетіпті. «Бақ қараса, Қыдыр дариды» деген тәмсіл осыдан қалған екен.

## Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би

Майқы би өлген соң, сол төңіректің ұсақ билері төбе билікке таласып, бірінен-бірі сөз асырмақ болады. Бұрын Майқы би айтып кеткен билік, шешімдерді олар өздерінше қолданып, оны «пәленше бидің айтқан сөзі», «түгенше бидің айтқан сөзі» деп тарата береді. Бір жолы Бәйдібек ауылында бес-алты би бас қосып, екі ел арасындағы барымта дауын шешеді. Киіз үй сыртынан билердің сөзін тыңдап отырған жұрт «Біздің елдің биі былай деді», «Сіздің елдің биі солай деді» десіп, әркім өз биін дәріптеп жатады. Сонда Майқының көзін көріп, сөзін тыңдаған бір ділмәр қария:

— Сендер несіне таласасыңдар? Бұл — кешегі Майқы айтып кеткен сөз ғой. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би, — деп орнынан тұрып, жүре беріпті. Бұл нақыл осылай қалыпты деседі жұрт.

## Қатын өлді, қамшының сабы сынды

Қарашаш сұлу Жиренше үйде жоқта ауырып, қаза болыпты. Әз Жәнібек хан: «Жиреншеге біз естірте алмаспыз, өзіне-өзі естіртсін, ешқайсың сездіріп қоймаңдар», — деп, уәзірлерімен сөз байлап қояды. Бір күні Жиренше шешен елге қайта оралып, ханның үйіне түсіп, сәлемдесіп отырады. Хан Жиреншеге:

— Ау, шешенім, әкесі өлген қалай болады? — депті.

Жиренше шешен отырып:

— Әкесі өлсе, асқар тауы құлағанмен бірдей болады, — депті.

— Шешесі өлген қалай болады?

— Ағар бұлағы суалғанмен бірдей болады.

— Ағасы өлген қалай болады?

— Оң қанаты қайырылғанмен бірдей болады.



- Інісі өлген қалай болады?
- Сол қанаты қайырылғанмен бірдей болады.
- Апа-қарындасы өлген қалай болады?
- Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.
- Қатыны өлген қалай болады?

– Ah! Менің Қарашашым өлген екен ғой?! – депті Жиренше. Ол күйініп, қамшысына таянғанда, қамшының сабы ортасынан шарт сынып кетіпті. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген сөз содан қалған екен деседі.

### **Өз үйім – өлең төсегім**

Жиренше шешен хан сарайында тұрған күндері ханнан «Үйіме барып келейін», – деп сұрана беріпті. Үйіне барып қайтуға рұқсат бергеннен соң, хан «Менің сарайымнан артық көретін бұның үйі қандай екен?» – деп ойлап, соңынан келіп қараса, «өлең» деп аталатын майда шөпті төсең, үш таяқтың басын қосып, байлап жасаған күркеде аяғы сыртқа шығып, рақаттанып ұйықтап жатыр екен. «Өз үйім – өлең төсегім» деген сөз содан қалған екен.

### **Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл**

Хан тағына отырған Аяз би бұрынғы қой бағып, жалшы болып жүргендегі қырық жамау шекпені мен дода-дода түлкі тымағын хан сарайының босағасына іліп қойған екен. Кемеліне келіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, қақырығы қарға түспей тұрған шағында, тақта отырған Аяз би басындағы алтын тәж, астындағы алтын тақ, үстіндегі сәнді сарайға да көңілі толмай:

– Дүниені түгел өзіме бағындырам, – деп аузын аша бергенде, босағадағы шекпені мен тымағына көзі түсіп кетеді. Сонда ол өзіне-өзі былайша тоқтау береді:

– Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл!  
«Ханмын» деп таспа, «баймын» деп аспа!

Сөйтп, Аяз би тәубеге келіп, райынан қайтқан екен.

### **Жақ тартушы көп еді, жаласы Абылайда қалды**

Жас кезінде Сабалақ бала атанған Абылай қожасының түйесін бағып, кешке таман балалармен бірге әскери ойындарды ойнайды екен. Абылай бастаған балалар екіге бөлініп алып, сай-жыраларға бекініп, бірін-бірі «барлап», «шолып», «айқасқа» шығатын көрінеді. Бір күні түсте түйе шаңдақта жатқан кезде Абылай бір топ балаға бас болып, өзеннің

арғы жағалауындағы қарайған белгіні садақпен көздеп, атысып жатса, абайсызда біреуінің жебесі сол маңайда ойнап жүрген кішкентай балаға тиіп кетіп, жазым болады. Жас баланың шешесі ойбайын сала жүгіреді. Ауыл адамдары жиналып қалады. Баланың шешесі садақ атқан көп балада жұмысы болмастан, Абылайды келіп ұстап: «Баламды атқан сенсің, сенің жебең тиді!» — дейді.

Жиналған жұрттың ішінен бірі: «Осылардың бәріне садақ тартқызып, қылыш қағыстырып жүрген сенсің!» — десе, тағы бірі: «Сен келгелі балалардың бәрі жаугершілік ойын ойнайтын болды!» — дейді.

Кейін жас балаға Абылайдың емес, басқа баланың жебесі тигені ашылады. Осыны есіткен жұрт: «Жақ тартушы көп еді, жаласы Абылайда қалды», — деп кетеді.

### Өтірікті айтқан жақсы, қостаушысы табылса

Екі өтірікші бірі бастап, бірі қостап, ел аралап, өтірік айтпақшы болыпты. Біреуі бір күн ілгері жүріп, ел аралап, қонған, түстенген жеріне, жолыққан адамына өтірік айта бермекші болыпты. Екіншісі бір күн кейін жүріп, сол жөнмен алдыңғы өтірікшінің айтқанын қостап, растап отырмақшы болыпты. Өтірікті бастаушы бір ауылға келіп қоныпты. Ауыл адамдары:

— Жарқыным, жақсы-жаманнан не тіл бар? — десе, өтірікші:

— Ел аман, жұрт тыныш, жалғыз-ақ көкті көбелей, аспанды аралай көшіп бара жатқан елді көрдім, — депті. Ел нанбапты. Енді келесі кешке сол ауылға қостаушы өтірікші келіп қоныпты. Ауыл адамдары тағы да:

— Жарқыным, жақсы-жаманнан не тіл бар, кеше бір қонақ: «Көкті көбелей, аспанды аралай ел көшіп бара жатыр екен» деді, онан не білесің? — десе, қостаушы:

— Болса болар, өйткені аспаннан анда-санда керегенің сағанағы<sup>1</sup> түсіп бара жатқанын көрдім, — депті. Бұл өтірік сонан кейін өріс алып, елге таралып кетіпті.

Келесі күні өтірікті бастаушы енді бір қоналқадағы елге келгенде, тағы естіген-білгендерін сұрағанда:

— Бөтен айтарлық сөз жоқ. Жалғыз-ақ жолда бір үлкен көл өртеніп жатыр екен, — депті. Ел нанбапты.

Келесі кешке сол ауылға қостаушы өтірікші келіп қоныпты. Ауыл адамдары тағы да:

— Жарқыным, жаңғырыққан не тіл бар? Кеше бір жолаушы: «Жолда бір көл өртеніп жатыр екен» деп кетті, онан не білесің? — дегенде, қостаушы:

<sup>1</sup> Сағанақ — керегелік ағаштың ең қысқа ағашы.

— Болса болар, өйткені сол деңгейден басы күйік, көгі күйік балықтарды әркім алып бара жатқанын көргенім рас, — депті. Бұл өтірік содан кейін әуезе боп, елге тарап кетіпті. «Өтірікті айтқан жақсы, қостаушысы табылса» деген мақал осыдан қалған екен дейді халық.

### Сезікті секіреді

Бір күні бір адамның ақшасы жоғалыпты. Табылмағасын, не қыларын біле алмай, бал аштыруға бақсыны шақырыпты. Бақсы келіп, төңірегіндегі қоңсыларын жиып алып, былай деп сөз айтады.

— Аяқкиімді шешіп, жалаңаяқ отырыңыздар. Мен жынымды шақырып, ойнаймын, сол уақытта ақшаны кім ұрласа, менің жыным жылан болып келіп, сол кісінің аяғын шағады.

Бақсы әрлі-берлі сарнап, жынын шақырып отырып, «Ал аяғыңды шақты!» дегенде, бір жігіт секіріп түскен екен. Жұрт жабыла барып, әлгі жігітті ұстап, ұрлығын мойнына қойыпты.

«Сезікті секіреді» деген осыдан қалған екен.

### Ұры қол бір бас тұрсын екі басқа сыйымсыз

Бір ханның қолы ауырып, дәрігерлер:

— Енді қолың жазылмайды, кесу керек. Ал қолсыз қалғың келмесе, жұртыңды жинап, бір оң қол сұра. Егер оң қолын беруші болса, онда ауру оң қолыңды кесіп, орнына сала қоярмыз, — дейді. Хан жұртын жинап, дәрігерлердің айтқанын айтып:

— Біреуің жәрдем етіп, оң қолыңды бер, — дейді.

Хан еліне қадірлі, елін жақсы ұстаған адам екен, жиналған халық қол тауып бермек боп тарасады.

Хан: «Қол берушіге жарты дүниемді берер едім», — дейді. Сол елде бір ұры адам бар екен. Ол өмірі еңбек етпей, жалқаулыққа салынып, тек ұрлықпен күнелтеді екен. Ханға уәде берген халық әлгі ұрыны шақыртып алып:

— Ханымыздың қолы ауырып, қолсыз қалғалы отыр. Елімізге жақсы хан еді. Оның кемтар болуы хандығына кемістік келтірер. Дәрігерлердің айтуы бойынша, оның ауру оң қолын кесіп тастап, егер беруші болса, басқа біреудің оң қолы да жарайды екен. Ал сен болса да қолыңды еңбекке пайдаланып жүрген жоқсың, құр ұрлықпен елге жексұрын болдың. Сен оң қолыңды ханға бер, хан саған жатып ішуіңе өміріңе жетер мүлік береді, — дейді. Ұры жатып ішер малға қызығып:

— Бірақ менің қолымның түрі қара, оның қолы ақ қой, менің қолымды алмас, алса, берер ем, — дейді.

Бұл туралы ханға хабарлаған соң, хан:

— Терінің ақ-қарасына қарамаймын, сұрағанын беремін, — деп, көп мал беріп, ұрының қолын алады. Сөйтіп, хан қолды болады. Бір кездері хан қонаққа барып келсе, әйелі оның шешкен киімінің қалтасынан әлгі шақырған үйдің үстелінде көрген ұсақ-түйек заттарды тауып алатын болады. Ханға: «Қайдан алдың?» — десе, хан:

— Алғам жоқ, сол үйдің балалары салған шығар, — дейді.

Күндерде бір күндері «хан ұрлық қылатын болды» деген өсек дүңк ете түседі. Хан да, ханым да намыстанады. Сонан соң ханым: «Әлде хан шын ұрлайтын болды ма, шынында, жұрттың жоғалтқаны осының қалтасынан шығып жүр ғой», — деп ойлап, хан қайда барса, бірге барып, бақылап отыратын болады.

Сол уақытта барған жерде де, өз үйінде де оң қолының тыныш тұрмай, ылғи бірдеңені алып, оң қалтасына салып жүргенін көреді. Алғашқыда ханым тауып алған заттарды да ханның оң қалтасынан алған болатын. Сонан соң ханым ханға:

— Е, ханым, жұрттың өсегі рас екен. Өз көзіммен көрдім. Мен оң жағыңда отыр ем, оң қолыңмен жан-жағыңнан нәрсе ұрлап, қалтаңа салдың. Тіпті менің сол қалтамдағы қолорамалымды да ұрлап, қалтаңа салдың. Мұның не, тегі, қияли шығарсың. Ел ішіндегі дәрежеңнен айырылдың, — деді.

Хан бұған таңғалды.

— Есің ауысқан шығар. Осынша дәулетіммен неге ұрлық қылайын? — дейді.

Бірақ ханым нандырып айтқаннан кейін, ойланып отырып, оң қолының өз қолы емес екендігі есіне түсіп, халықты жинап:

— Е, менің құрметті халқым, сендердің ұлы құрметтеріңді қырық жыл көріп ем, енді төрт-бес жылдан бері «хан — ұры» дегендеріңді де естідім. Бұл сөзді әйелім де айтты. Енді сендерден тілегім сол — мына менің екі қолымды қараңдар, не айырмашылық бар? — дейді.

Жұрт қарап: «Бірі ұзын, бірі қысқа. Оң қолың қара, сол қолың ақ» деген сияқты сөздер айтады.

Хан:

— Жоқ, сендер қолдың ақ-қарасын, ұзын-қысқасын айттыңдар. Бұл дұрыс емес, әуелі осы екі қол екеуі де менікі ме, осыны айтыңдар және оң қолды қандай адамнан алдыңдар, соны жасырмай айтыңдар, — дейді. Сол жерде жұрт:

— Ойбай, ол оң қолыңыз біреуден алған қол еді-ау!

— Ойбай, оны берген атышулы Қарақ ұры еді ғой!

— Бәсе, хан ұрлық қылушы ма еді, сол ұрының қолы сізге ұят келтірген екен ғой, — дейді. Бұдан кейін хан өзінің оң қолын сол қолымен жұлып алады да:

— «Ұрыдан қол сұрама, бұғыдан жол сұрама» деген осы, — деп, лақтырып тастайды.

«Ұры қол бір бас тұрсын екі басқа сыйымсыз» деген мақал осыдан қалған екен.

## Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе

Бір диуана ел ақтап, шаһардан шаһар кезіп, ұзақты күн қоржын артқан қашырының үстінде жүреді. Айтар сөзі «Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе» деген мақал болса керек.

Күндердің күнінде есік алдына шығып тұрған еріккен кербез әйел келе жатқан диуананы көріп:

— О, сұм неме, міне саған жақсылық та, жамандық та. Ал да же, арам қат! — деп у қосып пісірген таба нанды ұстата салады. Нанды қоржынына салып алған диуана ел ақтап, жұрттың қол қайырын алып жүре береді.

Диуана шаһардан шаһарға бет алады. Жапан далада шұбап келе жатқан керуенді көреді. Керуен соңында жаяулар да келеді. Керуен жақындай келе диуананың қасына келіп тоқтайды.

— Е, диуана, жүрген жерің мейірімді, қайырымды болсын! — деп сәлем береді керуенбасы.

— Жүрер жол, басар тауың жеңіл болсын! — деп диуана жауап қатады. Керуен соңында азып-тозған аталы-балалы екеу тұр екен.

— Ей, диуана, біздің күн қараң болды. Азық таусылды. Мына тағдырдың тәлкегіне ұшырап, қарақшыларға тоналған аталы-балалы екеуіне жүрек жалғар бірдеңе болса бер, — дейді керуенбасы.

Қайырымды диуана қоржынынан бір таба нан алып, екеуіне бөліп береді. Неше күн ашыққан олар таба нанды қомағайлана жей бастайды. Нанды жеп бола бере әуелі бала, одан кейін әкесі құлайды. Сол құлағаннан тұрмай, жан тапсырады. Неше күн, неше түн жол азабын бірге көріп келе жатқан ер-азаматтардың өлгендеріне көзі жеткенде, диуананы бас салып, тепкілей бастайды. Диуананы ауыз аштырмай, сабай береді. Бір мезет диуана үн қатады:

— Уа, қайырымды адамдар, мені жазықсыз таяқтадыңдар, ел берген қайыр-садақаны алып жүре бердім. Кімнің не бергенін қайдан білейін, бірақ мен осы таба нанды берген үйді білемін...

Ар жағын айтқызбай, керуеншілер бастырмалата жөнеледі:

— Жүр, бізді сол үйге баста!

Өліктерді артып алады. Диуана бастаған керуеншілер әлгі таба нанды берген әйелдің үйіне келеді. Керуеншілер түйелерін шөгеріп, өліктерді түсіреді. Жүгіріп далаға шыққан сылқым әйел өліп жатқан күйеуі мен жалғыз баласын көріп, өз ісіне өзінің жаны күйзеледі. Ақыры ішқұса болып өледі. Әйелдің зұлымдықпен жазықсыз жанға жауыздық жасамақ әрекеті өз алдына көр болып қазылады.

Міне, «Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе» деген мақал осыдан қалған екен.

## Алпыстағыдан ақыл сұра

Баяғыда бір қатыгез хан өткен екен. Ол өз халқына мынадай жарлық шығарып, алпысқа келген адамның ұлына өз әкесін жартастан құлатып өлтіруге бұйырады. Осылайша, әр жылы сол елдің алпысқа келген қариялары өз баласының қолымен жартастан ұшып, ажал құшып жатады. Бір жылы бір жас азамат алпысқа келген әкесін әлгі ажал жартасының басына әкеліп, құлатып өлтіргелі тұрғанда, оған бір ой түседі. «Өгізге туған күн бұзауға да туады» деген сөз бар. Осы күн ертеңгі күні маған да келеді ғой, сондықтан әкемді өлтірмей, үйге апарып, кебежеге жасырып сақтайын», — дейді де, осылай істейді.

Күндер өте келе сол елде құрғақшылық болады. Ел-жұрт, жан-жануар түгел күйзеліп, халық қайтерін білмей дағдарады. Кебеженің ішінде жатып, бұл жағдайды сұрап-біліп отырған қария елдің судан тарыққанын білген соң баласына:

— Өз үйіңнің көк өгізін бұйдасын түріп қоя бер, су бар жерді сол табады, — деп ақыл береді. Әкесінің ақылы бойынша көк өгізді қоя береді. Көк өгіз салған күйі бір жалбызды өзекке келіп тоқтап, сол жерді иіскеп тұрып алады. Жігіт бұл жағдайды әкесіне айтқан соң, әкесі сол жерді қазуға кеңес береді. Әкенің айтқанындай, сол жерден су шығып, ел-жұрттың шөлі қанып, қарық болып қалады.

Екінші рет көлден ат басындай алтын көргенін біреу патшаға мәлімдейді. Патша мұны ары іздетіп, бері іздетіп, таба алмайды. «Жарлық — қатты, жан — тәтті» дегендей, бүкіл халық болып көлге түсіп, жапа-тармағай іздесе де, әлгі алтын табылмайды. Мұны кебежеде жатқан шал естіп, баласына:

— Балам, алтын көлде емес, сол алтын көрінген айдынның тұсында жартас болуы мүмкін, алтын сол жартаста, көлдегі алтын соның сәулесі болар, — дейді.

Жұрттың бәрі сұраққа тартылып, кезек әлгі балаға келгенде, бала ойын айтады. Патша сол жас жігіт айтқан меже бойынша алтынды сол көлдің бойындағы жартастан іздетіп, таптырады. Бірақ мұндай ақылдың жас жігітке қалай келгенін қысып сұраған соң, жігіт шынын айтады. Әлгі су жоқта суды табудың амалын, елдің алтынды іздеп дағдарғандағы алтын жатқан жердің межесін де әкесі айтқанын, оны осы уақытқа дейін кебежеде сақтап отырғанын айтады. Патша бұрынғы ағаттығына опық жеп: «Бұдан кейін алпысқа келген қарияларды өлтірмей, ақыл сұрайық» деген қорытындыға келіпті.

Содан бері жұрт арасында «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген сөз тәмсіл болып қалған екен.

## Алтын-күміс – тас екен, арпа-бидай – ас екен

Ертеде бір саудагер ылғи алтын мен күміс жинапты. Алтын, күмістен басқа байлықты байлық демепті. Алтынның құлы болған саудагер қорадағы малын да, қамбадағы дәнін де алтынға айырбастапты. Сөйтіп, күмістен күмбез, алтыннан айшық орнатып, әсем сарай салдырыпты.

Бір жылы құрғақшылық болып, егін шықпапты, ел ашаршылыққа ұшырапты. Қауызды дән алтыннан артық бағаланады. Қыздың құлағындағы сырға, қолындағы сақина, тамағындағы тана, өңіріндегі ілгек, білегіндегі білезік, шашындағы шолпы — бәрі қиылады да, бір уыс ұнға, бір тостақ дәнге айырбасталады. Қанағатсыз саудагер қамбадағы ең соңғы азығын сыпырып беріп, тана, түйме, алтын алқа, меруерт моншақ жинайды. Қамбадағы азық қағылып, қорадағы мал таусылып, саудагер саса бастайды. Қайта айырбастың қамын істейді. Бұл шақта халықта артық астық жоқ еді.

Ол күніге сарайының есігін ашып, елден астық сұрайды. Жұрт оған жауап қатпайды. Ең соңында ол:

— Ей, халайық! Барлық алтынымды алыңдар да, бір табақ астық, бір тілім нан беріңдер! — дейді.

Бұған да ешкім құлақ аспайды. Сөйтіп, аштан өліп бара жатып, сарайының маңдайшасына «Алтын-күміс — тас екен, арпа-бидай — ас екен» деп жазып кетіпті. Бұл сөз халық арасына тарап, мақалға айналыпты деседі.

## Қалтасында теңгесі жоқ, түйенің тісін көреді

Ертеде Әтей, Мәтей деген ағайынды екі жігіт болыпты. Олардың Әтей әр нәрсеге қызыға беретін әумесер екен дағы, Мәтейі салмақты, сабырлы екен. Екеуі Ташкенттің базарына барса, Әтей қалтасында көк тиыны болмаса да, әр түйенің тісін бір көріп, саудалай беріпті. Еліне келген соң, намысы келген Мәтей:

— Әтейдің қалтасында теңгесі жоқ, әр түйенің тісін ашып көреді, — деп күліпті. Сөз осыдан тарапты деседі.

## Өзің түйенің үстінде келе жатып, жаяуға «бұқ» деме

Ертеде екі жігіт екі шаһар арасында кіре тартып жүреді. Қаланың үлкен қақпасынан өте бергенде түйенің үстінде келе жатқан ақкөңіл, аңқау жігіт түйе жетектеп келе жатқан жаяуға «бұқ, бұқ» депті. Сонда жаяу келе жатқан қу жігіт оған: «Өзің түйенің үстінде келе жатып, жаяуға «бұқ» деме», — деген екен.



## Тайлағы жоғалмағанның бәрі ақылды

Қоқан хандығы тұсында Түркістан — Отырар — Хорезм қалалары арасында кіре тартып жүрген бір кірекештің тайлағы жоғалады. Ол жол-жөнекей «Нартайлақ көрдіңдер ме?» деп көрінгеннен сұрай береді. Оған кездескендер: «Қандай тайлақ еді?», «Қалай жоғалттың?», «Өзің қайда жүр едің?» дей беріпті.

Сонда әлгі кірекеш орынсыз ақыл айта бергендерге ыза болыпты да: «Тайлағы жоғалмағанның бәрі ақылды» деген екен.

## Бір тұлып нанның қоқымы

Баяғыда бір байдың баласы әкесіне:

— Әке, мен ержеттім, енді бір сапар шегіп, ел-жұртты көріп, алыс-жуықты, оң мен солды парықтасам, — деген тілек білдірген екен. Баланың мұндай ізгі тілегін әкесі шын ниетімен қолдап, ақ жол тілеп, алыс сапарға аттандырады. Кетерінде баласы әкесінен не тапсыратынын сұрағанда әкесі:

— Өзің жеген нанның қоқымын жиып, маған осы тұлыпқа салып әкеліп бер. Соған қарап, мен сенің қаншалық жерге дейін барғаныңды ұғып, білемін, — депті.

Сонымен жас азамат көп жер, көп елді аралапты, небір көрікті қала, көрмеген көл-дариялардан өтіпті. Бірақ әкесінің тапсырмасын ұмытпай, өзі жеген нанның қоқымын төкпей-шашпай, әлгі тұлыпқа салып отырыпты. Жігіт сапарын аяқтап, қайтуға бет алыпты. Әкесінің тапсырмасы орындалып, тұлып та толайын депті. Қайтар жолда жас жігіт ойламаған жерден бір елсіз далаға кез болады. Күн жүреді, түн жүреді, ұшы-қиыры жоқ даланың таусылар түрі көрінбейді. Ақыры азық қылар ештеңе табылмай, ашығады, тіпті бұралып, жол жүре алмайтындай күйге түседі. Бір суаттың басына өзер жетіп, енді қайтерін білмей дағдарып отырған жігіттің көзіне қанжығасындағы тұлып түседі. Бірақ «Бұл — әкенің аманаты, оған қол сұғуға болмас» деп, ары қарай жүріп кетеді. Бірақ оқпанынан азық кеткен жігіт әбден талығады. Бір тістем нанның зары өтеді. Ақыры амалсыз әлгі тұлыптың аузын ашып, әлгі өзінен қалған нан қоқымын жеп, әл жинайды. Сонымен әлгі бір тұлып нан қоқымы түгесіліп, түбі қалған кезде жолаушы жігіт үйіне есен-сау оралады. Жүдеп-жадаған жігіт әкесіне:

— Әке, аманатыңды орындай алмадым. Жолшыбай аштыққа тап болып, сол бір тұлып қоқым нанның құдіретімен үйге әрең жеттім, — депті. Сонда әкесі:

— Ел ішінде отырғанда маған ол қоқымның зәрушілігі жоқ екенін білем ғой. Бұл аманат сенің қамың үшін айтылған еді. Сен ашыққанда аужал етуге жараса, менің аманатым зая кетпеген екен. «Тоқ күнінде



жоқшылықты ұмытпа, бар күнде тапшылықты ұмытпа» деген тәмсіл осындайдан қалған болар, — депті.

### **Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы**

Бір жігіт жолаушылап келе жатып, «құдайы қонақпыз» деп, шетте тұрған бір үйге түседі. Үйде бойжеткен қыз көже пісіріп жатыр екен. Көжесін пісіріп болып, «Жолдан шаршап, ашығып келген шығарсыз», — деп жігіттің алдына бір табақ көжені қоя салыпты. Шынымен қарны ашып отырған жігіт көжені араластырып-араластырып, бір қасығын ұрттап жіберсе, ыстық көжеге аузы күйіп, қайта төгейін десе, қарсы алдында отырған қыздан ұялып, басын жоғары көтеріп, үрлеп жатып көжені әрең жұтады. «Ұялған тек тұрмас» дегендей, аузы күйіп, жоғары қарағанын жасырмақшы болып:

— Мынау үйдің ағашы қай жерден еді? — дейді. Сонда сөзге шешен қыз бірден:

— Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы, — деп жауап берген екен. Бұл сөз ел арасына тарап, тәмсіл ретінде айтылып кетіпті.

### **Бал татыған балық сорпасын ішпеген басым, қоңырсыған қой етіне қор болдым-ау**

Теңіз жағасында бекіре балық етін жеп өскен қазақтың бір ерке қызының малшы ауылға келін болып түсіп, келген жерінің жейтін қой етінен пісірген тамағын ұнатпай: «Бал татыған балық сорпасын ішпеген басым, қоңырсыған қой етіне қор болдым-ау» деп жылап айтқан сөзі халық арасында айтылатын тәмсілге айналған екен.





77 نوح سوز آراز اولك نينا جايىندا  
 ايرتق كنه زاماندا، بر قولكن، بر قولان، بر سواو سيقان او سئو وى دوپس بوليب  
 بولدا بر بولادى، بر بىر نينا جىماندا اولدا سيقا آندىب آقتىب سئاراقتا سوادى  
 سويىتىپ بولدى، بر كونه قولان، توراقتا توپس سئاراقتا اوروبى  
 بولسا لاي اوله ميناق ده بو دەپ قور قوبى، تولاكن بىن سواو سيقان  
 دو سوار سقا قاراب ايلاد جدار كىن بارا ده ب جالتاق جالتاق قاراب  
 جيلاد غاشيقون تولاكن توراقتن قىتاق اوچور قولان نينا قاسىقا تمان  
 كىلدىرا، اولوب قولان نينا اولسب ايتىن جىن توراقتى سويىسا  
 ايتىن قارىب دارىب تاسىقايىب قوبى موندىك دو سوار سقا ن مقام  
 ايتىن تاراقتن قوبى ب تاراقتا سوز آراز دىق اولاب بر بو تاراقتا سوز  
 قولان نينا اولك نينا، بارىق ب بونىب جاتا بر دىق  
 سواو سيقان موى كورسب قولانقا كىلپ، بىلا سىقا ده بو آقتىل ايتىن  
 قولان دوپس جىن توراقتا جىبىتى قىتاقىن قوراق جوق اولك  
 بىلا سىن دىر، مينا تولاكن سىب سىن سئاراقتا سقا ايرى اول  
 سىن دو سوار سقا نينا، تاراقتن كوروب آنا و چا تىر  
 ايلدى بر آقتىل ايتىب، اولوب توراقتن سالتاق آوار كىلدا نى  
 سىقمان اولك ده ب بولسب قىلدا امام سىر سىب جاقىب قال  
 توراقتى سىن با وىز داردا توراقتن مولىن سئاراقتا آقتا ده  
 سغدا تورا قاسى سىن قولك بىن او سىتا لاي قالادى  
 قوتلىب كنه سىز دىر، قولان موى آقتىل كوروب، ايتىقاندان  
 سىر سىب جاتىن، توراقتى كىلپ كور دىراقتا آراز اولوب  
 جاتىرا ايتىن ده ب غىبى ملىن قولك بىن ايتىب توراقتن كىتقا نى  
 قولان پاقتىر بول قوتلىب تورا قالىق، توراقتى آقتىر توفىر  
 او بىلا سىق سىب مولىن دىق ملىق قىن بولسب آلدىرا  
 قولان نينا كىلدا جاقىب قاراس ملىق قىن با سىب  
 قالقا نى، قولان تولاكن جاتقان جاقىب قاسىقان ايرى

Арам түлкі жайында.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан (203-бума)



Суретші Е. Оспанұлы



# ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

*Шешендік сөздер — қоғамдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға, көшпелі өмір салтын ұстанған елдің тұрмыс-тіршілігіне, құқығына байланысты терең ой, бейнелі, шебер тілмен баяндалған халық шығармасы. Мағынасы терең, тілі көркем, терең тұжырымды, логикалық ойға құрылады. Олар билікке, тапқырлық пен шешендікке үндейтін көркем сөздердің үлгісі ғана емес, елдің өткен тарихымен бірге жасап келе жатқан тәлім-тәрбиелік, тағылымдық мәні зор рухани мұра болып саналады. Мазмұнына қарай «шешендік арнау», «шешендік толғау», «шешендік дау» сияқты арналарға бөлінеді. Алғашқысы би-шешен мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты, халықтың көңіл күйін бейнелейді. Нақтылап айтқанда, белгілі тұлғаға арнау-тілек, әзіл-сын, көңіл айту, естірту т.б. тақырыптар қозғалады. Шешендік толғауға қоғам, заман, елдік, ерлік және ынтымақ-бірлік мәселелеріне байланысты тағылымдық мәні бар поэзиялық туындылар жатады. Соңғы шешендік дауда билік құзырындағы қылмыстық, азаматтық істерді шешуге қатысты ұйғарымдар, кесімдер, ұсыныстар шешендік, тапқырлық сөздер арқылы бейнеленеді. Шешендік сөздер мазмұны мен құрылысы жағынан мақал-мәтелге, нақыл сөздерге, толғауларға, айтыстарға, аңыздар мен әңгімелерге жақын келеді.*

*Шешендік сөздердің тарихына көз жіберсек, Майқы би, Бәйдібек би, Жиренше шешен, Асанқайғы сынды кемеңгер билерден бастау алып, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке секілді ұлы тұлғалармен, отаршылдық кезеңдегі Абайға дейінгі парасатты билермен жалғасын табады. Оларды алғашқы жазып алушылардың қатарында В.В. Раглов, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М.Ж. Көпеев т.б. бар. Әр кезеңдерде А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, Ә. Мәметова, М. Ғабдуллин, Қ. Өмірәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Ағамбаев, Ж. Дәдебаев, А. Бұлдыбай, С. Негимов, Г. Қосымова, Б. Мамырайым, М. Ахетов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.*

*Томды баспаға дайындау барысында шешендік сөздердің сирек қорларда сақталған, басылымдарда жарияланған мәтіндері іздестіріліп, таңдаулылары іріктеліп алынды. Олардың нұсқалары бір-бірімен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді.*



## Жауап тапқан жігіт

Бір бай қонақ қондыруға өте тар адам екен. Елінің салты бойынша, қызы айтқан өлеңге жауап тауып айта алмаса, беттеп келген қонақ ауыл иесінің қондырмағанына кінә қоймай, кете беруге тиісті екен.

Сол қыздың өлеңіне ілік тауып айта алмай, талай қонақ қона алмай кетіпті. Сондағы қыздың өлеңі:

Өнер тапса, жігіттің бағы болар,  
Кеше келіп, қонақтар тағы қонды.  
Әй, топырды күн сайын салмас болар,  
Қонақтың бізден кетер шағы болды, —

деп үйде отырып айтқан қыздың өлеңін естігенде, «Оу, үйде кім бар? Қонақпыз», — десіп, шіреніп тұрғандар тіл қатпай, кете береді екен.

Өстіп, бай неше жыл бойы қонақтан ада болыпты. Осы қыздың «ақындығы» елге тарапты. Өлеңнің қарымын тауып айтуға шамам келер деген бір жігіт неше жолдастарымен қыздың ауылына келіп, «қонақпыз» деуі сол екен, қыз дағдылы өлеңді сыртқа шықпай, үйде отырып-ақ әндете айтып салады. Сонда жігіт:

Аулыңның қонған жері белесте екен,  
Әкеңнің іздегені кеңес пе екен?  
Бұл үйде біз де қонақ, сіз де қонақ,  
«Екі қонақ бір жатсын» демес пе екен? —

депті жігіт.

Қыз да, әкесі де үйден жүгіріп шығып, келгендердің атын байлап, үйге түсіріп, қонақ етіп алыпты.

## Тауып айтқан келін

Бір кісінің балаларының аты: Қамысбай, Қасқырбай, Қойбай, Қубай, Субай, Қайрақбай, Пышақбай, Баубай, Балтабай екен. Бұл кісінің жаңа түскен келіні — Балтабайдың келіншегі суға келгенде, қайын атасы келінін сынағалы судың ар жағынан сасқалақтай жүгіріп келіп:

— Судың ар жағында, қамыстың бер жағында қойды қасқыр жеп жатыр. Жылдам ауылға барып, хабар бер. Балтабай пышақ қайрап әкеліп, адал бауыздап алсын. Мен қасқырды қуып кеттім, — депті.

Келіншек те сасқалақтай жүгіріп төбеге шығып, күйеуі Балтабайға дауыстап:

— Шапқы-ау, Шапқы-ау, шапшаң кел. Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Атам «Жаныманы білеуітке жанып әкелсін» дейді. Өзі ұлыманы айдап кетті, — депті.

## Баланың тапқырлығы

Бір ауылда кілең би, төре, мырзалар түстеніп отырады. Тамақ түсірерде көрші үйлердің ойнап жүрген балалары келіп, есік алдына отырады. Балалар ет асатар деп дәметіп, төрде ет жеп отырғандарға қарап отырады. Етті жеп болыңқырағанда, төрдегілердің біреуі:

— Өне бір баланы қарашы, маған жалтаң-жалтаң қарай береді, — депті. Сонда бала:

— Егер мен төрде ет жеп, сен босағада қарап отырсаң, сенің де көзің жаутаңдар еді, — дейді.

Сонда сасып қалған әлгі адам:

— Үлкен адамға қарсы сөйлеуін қарашы, ұртын тілетін екен өзінің, — дейді.

Сонда әлгі бала одан сайын батылданып:

— Ұртымды тілетін асатқан етің сыймай отыр ма? — депті.

Жұрт ду күліпті. Әлгі кісі ештеңе айта алмай, ұялып қалыпты.

## Қыз бен шал

Өткен заманда он сегізге келген бір ақын қыз ауыл-аймақ ішіндегі бозбала, жігіт-желеңге өлеңмен ұпай салып, азар-ақырет берсе керек. Ел жігіттері алыс жердегі атақты ақын шалды ат-шапанын беріп, қызбен айтыстырмақ болып, алып келеді. Қыз мұнан хабарсыз болады. Екеуіне арнайы қызойнақ істейді.

Көпшілік жиналған соң, шал қызға «айтысалық» деп өлең айтады. Қыз:

— Сізді шал демейін, айтысайын. Бірақ та бір жұмбағым бар. Соны жасыруға рұқсат беріңіз, — дейді. Шал рұқсат береді.

Қыз:

— Бес күшік, он ит, жиырма бөрі, отыз арыстан, қырық қабылан, елу өгіз, алпыс арқан, жетпіс тұсау, сексен шідер, тоқсан торғай, жүз жұмыртқа, — депті.

Шал:

— Адамның жасы мен күш-халін жасырып отырсыз, — деп шешімін былай қайырады: — Бес жаста адам, мысалы, күшік мінезді, онда — иттей, жиырмада — бөрідей, отызда — арыстандай болады. Қырықта — қабыландай болады, елуде — күші көп момын өгіздей, алпыста — аттай арқандалады, жетпіс — оның үстіне тұсауланады, сексенде — арқан, тұсау үстіне шідер түседі. Тоқсанда — торғайдай халі болады, жүзде — шертіп қалсаң, жарылатын бір жұмыртқадай қауқары қалады, — деп шешкен екен.

Қыз шалдан:

— Өзің қайсысың? — дегенде:

— Жасым алпыс бесте, арқандалғаныма біраз болып еді, осы күнде жұлқына беремін. «Тұсау салып қойыңдаршы» дегенді естіп жүрмін, — депті.

— Ата, бұрын қыран болсаңыз да, балақбауланып, тұғырыңызға отырған екенсіз. Тұлпар болсаңыз да, арқандалған екенсіз. Арқанның ең ұзыны жортуылшының арқаны — қырық құлаш, мен қызыл алтайымын, сіз алатын қырық құлаш жерді баспаймын, — депті қыз.

— Менің ендігәрі қатар емес қағылмағаным болсын, — деп шал қызға батасын беріпті. Қыз қолынан суырып, алтын балдағы мен қалтасынан алып, жібек орамалын шалға тастапты.

### Ұрыдан айырған сөз

Шешен тау арасымен келе жатса, шоқпар, сойылмен қаруланған бір ұры шыға келіп, «Түс!» — деп, ұрып өте шығыпты. Соңда шешен:

— Бай баласы базарда жолығады,  
Молданың баласы жаназада жолығады,  
Қойшының баласы қойда жолығады,  
Қудың баласы тойда жолығады.  
Балықшының баласы өзенде жолығады, —

деп айтыпты да, «Әкеңе менен үш қайтара сәлем айт», — депті.

Ұры жігіт ішінен «Ойбай, мынау мені де, әкемді де танып тұр екен», — деп ойлап, ат-тонын өзіне тастап, жүріп кетіпті.

### Шешен қатын

Орта жүз Әз бидің елінің он шақты басты кісілері өрдегі қуандыққа бара жатып, жолда бір ауылға кездеседі. Ыстық шілденің күні екен. Шөлдегесін, бір ақбоз үйдің сыртына тоқтай қалып, сөйлес қылады. Адам шықпайды. Аттан түсіп, үйге кіріп келіп, отырады. Үйде екі құшақ жеткісіз бір бәйбіше отырады.

Екі жылқының терісінен бір қара саба қымызға лық толып тұрады. Бәйбіше жөн сұрамастан, бұлардың шаңырқап келгенін біліп, орнынан өзер қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келмегенсін, аяғымен толғап:

— Балалар, біреуің келіп, шараны аузына тоса беріңдер, — дейді. Сонда жолаушылар мырс-мырс күліп жібереді.

Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай, сабаның аузын қисайтып, құлатып, шараны шарасынан асыра құйып:

— Ал, балалар, іштеріңе сыюды білсін, орталарыңа алып, іше бер, — дейді. Өзі үһілеп барып, орнына отыра кетеді.



Жолаушылар қымызды ішіп, кенеліп, маңдайлары тершіп, өздеріне өздері келіп болғасын, бәйбіше сөз бастайды:

– «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра» деп еді. Балалар, әлгіде мен қымыз құйып жатқанда күлдіңдер-ау, сонда неменеге күлдіңдер? — дейді.

– Сіздің сабаны аяғыңызбен толғағаныңызға күлдік, — дейді.

– Оның несіне күлдіңдер?

– Біздің жақтың қариялары асты аяқпен тепкен ырымға жаман деп ұрсып тастаушы еді. «Мына кісі ырым-сырымды білмейді екен-ау» деп, өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болғандықтан, бізге ерсі көрініп, соған күлдік.

– Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер. «Барыңда батып іш, жоғыңда сатып іш, Тәңірі беріп тұрғанда, шалқаңнан түсіп, жатып іш. Дүние шіркін кетер болса, өркеніңмен келмейді. Бері беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер деген екен. Ырымшыл болсаңдар, елдерің кедей екен ғой. Кедей елдің кісісі кекірт келер деген бекер емес қой, — дейді.

Жолаушылар тым-тырыс үндей алмай, біріне-бірі қарапты.

### Шешен жігіт

Бұрынғы заманда бір жігіт қалың беріп, артынан қалыңдығы елде бір жігітпен өсекті болады. Сол себепті қалың берген жігіт қалыңдығы мен ана жігіт туралы ханға арыз қылады. Хан қызды да, өсекті болған жігітті де шақырып алады.

Жауап сұрағанда, қалың берген жігіт:

– Тақсыр, мынау менің қалыңдығым еді. Бұған мен бір білезік сақта-тып едім, соны жоғалтыпты, анығын сұрасаңыз екен, — дейді.

Хан қызға қарап:

– Мынаның айтқаны рас па, сен кімсің, жөніңді айт! — дейді.

Сонда қыз:

– Сұрасаңыз, тақсыр хан, біз едік, біз де өзіңіздей бір жанның қызы едік. Жеңгемізбен екеуіміз тезек теріп жүр едік. Мына жігіт келді бүйректен, қарына қорын сүйреткен, кер бедеуді үйреткен, қабырғаны күйреткен. Рас, бір білезік бар еді. Ешкімге сыймайтын тар еді. Сол білезікті кең етті, қара жермен тең етті, — дейді.

Хан жалалы жігітке:

– Сен не айтасың? — дегенде, жалалы жігіт:

– Саламалейкум, тақсыр хан!

Көрген, білгенімді жасырман.

Күйлеп жүрген қашарды

Кез болған бұқа қашырған.

Шілде, тамызда бұқа мас,  
Сүмбіледе теке мас.  
Ақпан, қаңтарда бура мас,  
Он бес жаста қыздар мас.

Жиырма бес жасында жігіт мас,  
Қосылып қалдық екі жас,  
Алсаңыз, міне, бас,  
Алмасаңыз, алдияр, бас! — дейді.

Хан бұл жігіттің сөзін орынды тауып, қызды бұған қосады. «Қалың берген жігітке басқа жерден қалыңсыз қыз әперсін», — деп әмір етеді.

### Бай мен жалшы

Бай жалшыны сынайын деп, тақиясын алып, басын сипапты. Сөйтсе, жалшы оған қарап, тілін шығара қойыпты. Байдың басын сипағаны: «Басқа пәле неден?» деп сұрағаны екен. Оған жалшының тілін көрсеткені: «Басқа пәле — тілден» дегені екен.

Бай:

— Таппадың, жалшым, басқа пәле ағайын мен туыстан болады, — дейді. Жалшы өз сөзін дәлелдемек болып:

— Жоқ, байеке, өйтіп былшылдамаңыз, — деп қалады. Бұрын мұндай сөзді естімеген бай ашуланып, керегенің басында ілулі тұрған сегіз өрме бұзаутісті қамшысына қарай ұмтыла береді.

Жалшы:

— Сабыр, сабыр, байеке, айтпап па едім «Басқа пәле — тілден» деп, енді түсінген шығарсыз, — дейді.

Сөзден жеңілген бай белге ұрған жыландай сылқ етіп отыра кетіпті.

### Бәйдібек би

Ақсақ Темір заманында Түркістан шаһарында тұратын бір ноғай мен сарт мата сататын базарда кездемеге таласып, аяғы төбелеске айналыпты. Сарт кәлла қылып<sup>1</sup>, ноғайдың тұмсығын бұзыпты. Екеуі Әзірет сұлтан мешітінің сопысы Мақтым Ағзам қожаға жүгінуге барыпты. Сөйтсе, сол үйде Боралдай жағынан Бәйдібек би келіп, түстеніп отырады. Бұлар Түркістан базарына мал айдап келген екен. Мақтым Ағзам Бәйдібекке өтініш жасайды:

— Биеке, көршім еді. Екеуін де ренжітпей, жанжалын шешіп беріңізші. Лажы болса, татуластырып жіберсеңіз, тіптен жақсы болар еді.

<sup>1</sup> Кәлла қылу — баспен ұру.

Бәйдібек би:

— Екі жағын бірдей риза ету оңай шаруа емес. Мейлі, келсін, сөйлесіп көрейін, — дейді.

Мақтым Ағзам есік алдында бастырмада тұрған ноғай мен сартты үйге шақырады. Екеуі келіп, төрде отырған биге шағына бастайды. Шағынудың жайы белгілі, әрқайсысы өзінікін жөн деп санайды.

Ноғай айтыпты:

— Жиырма метр кездемені мен сатып ала бергенімде, мынау сарт келді де, қырық сөлкебай артық төлеп, қолымнан жұлып алды. Мен «Мұның қалай?» дей беріп ем, басымен сүзіп, бетімді даладай қылды. Осынікі жөн бе? — дейді.

Сарт айтыпты:

— Алғашқы сауда менікі еді. Мынау ноғай келді де бұлдірді. Онысымен тұрмай, мені «сарт, сарт» деп кекетті. Менің намысыма тиіп жатса, мен қарап тұрамын ба? Ұрғаным рас, — депті. Екеуін тыңдап болған соң Бәйдібек би былай депті:

— Екеуің де ересек адамсыңдар, осындай ұсақ-түйекке бола асыққа таласқан балаларға ұқсап төбелескендерің жараспай-ақ тұр. Бұл — бір, онан соң сендер бір-біріңмен бұрыннан өштескен жау емессіңдер ғой. Екеуің де Әзірет сұлтан бабамызға сыйынған мұсылмансыңдар. Бәріміздің түбіміз бір емес пе? Бірімізді-біріміз «сарт-март», «ноғай-поғай», «қазақ-мазақ» дей берсек, сырт дұшпанға күлкі болмаймыз ба? Одан дағы ынтымақ, бірлік, достық, сыйластықты сақтайық. Тірлік басқа болса да, тілек бір, бармақ басқа болса да, білек бір емес пе?! — дегенде, әлгі екеуі:

— Дұрыс айтасыз, биеке, жөн сөз, бір түсінбестік бопты. Кешіріңіз, — депті де, қол алысып тарапты.

\* \* \*

Бай үйінің төрінде отырған бір молда «шариғат жолы былай, шариғат жолы олай» деп шариғат, мұсылмангершіліктен сөз қозғап, өзге жұртқа кезек бермей отырады. Есік жақта отырған байдың жалшысына молданың кедей-кембағалдарды бүйтіп кемсіте сөйлегені жақпай қалады. Жалшы:

— Молдеке, сөзіңіз аузыңызда, жаңа сіз «кедей, жоқ-жұқаналар өз пейілінен табады» деп қалдыңыз. Сонда қасиетті Құранда солай жазылған ба екен? Менің естуімше, Құранда «жоқ-жұқана, қаріп-қасерлерге садақа беріп, қарасқан сауап» деп жазылған сияқты еді. Сіз төрде отырып, жалған сөйлеп отырсыз, — дейді. Жалшының бұл сөзі шымбайына батқан молда:

— Жап аузыңды, зәнталақ, сен маған қарсы сөйлеуге қандай қақың бар?! — деп ашу шақырады. Отырған көпшіліктің бір жағы молданы,

қалған жағы жалшыны қостап, абыр-дабыр боп жатқанда, олардың үстіне қасында 3 — 4 кісісі бар Бәйдібек би кіріп барады.

— Бұл не жанжал? — дегенде, үй иесі: «Молдекең былай деп еді, менің жалшым оған қарсы шықты», — деп болған әңгіменің жайын түсіндіреді. Сонда Бәйдібек би табан астында әлгі молдаға қарап:

— Тәрде отырып, теріс сөйлегенің жөн емес, көпшілік ішінде төрде отырғанда абайлап сөйлеу керек. Тәрді сыйлау кімге де болса парыз. Ал, жігітім, — деп босағада отырған жалшыға қарап, — есікте отырып, кейіс шығарғаның жөн емес. Сенің сөзің уәжді болса да, мына табалдырықты сыйламайсың ба? Біреудің табалдырығын аттап келіп, у-шу шығару жігітке жараспайды. Ол үйдің шаңырағын сыйлау саған қарыз. Бұл сөздің түйіні енді былай болсын:

Төрде отырып, теріс сөйлегеннен без,  
Есікте отырып, кейіс сөйлегеннен без, —

деп кесім айтып, көпшілікті риза етіпті.

\* \* \*

Боралдайдың бір байы мен жалшысы дауласып, Бәйдібек биге барыпты. Бұл кезде Бәйдібек бидің жігіт шағы екен.

Бай айтыпты:

— Өзім асырап, есігіме салған құлым еді. Ауқат беріп, әлдендірдім, ескімді беріп, киіндірдім. Соған місе қылмай, енді менен ат дәметеді.

Би жалшыға сөз беріп:

— Кәне, сен сөйлеші, — десе, әлгі жалшы өте момын, жалтақ болса керек, байға жалтақ-жалтақ қарай беріпті. Ал бай болса, оған көзін алартып қояды. Жалшының халін сезе қойған Бәйдібек би:

— Аяққа кісен салуға болар,  
Қолға кісен салуға болар,  
Ал тілге кісен салуға болмас, —

деп, жалшыға араша түсіп, ақысын алып беріпті.

\* \* \*

Бір жолы үш жасар Жалмамбет әкесіне еріп Тәшкен базарына барыпты. Саудагер, делдал дегендерді алғаш рет көрсе керек. Үлкендерден «саудагер қулар алдап жеп кетіп жүрмесін» деген сөздерді естіп жүреді. Жолда бара жатып:

— Көке, осы саудагерлер не жейді? — деп сұрапты. Сонда Бәйдібек жас баласына:

— Саудагер, делдалдар түске дейін өзгелерді алдап жейді, түстен кейін өзді-өзін алдап түсіреді, — депті.

## Едіге

Балалармен ойнап жүрген Едіге келе жатқан екі кісіні сонадайдан көріп қалып, қасындағы жеткіншекке: «Өздерің сәлем бермеңдер, сәлем берсе, алыңдар, «сәлем бермедіңдер» деп сөксе, жауабын мен беремін», — деп ескертеді.

Кісілер бұлардың жанына жақындап келіп, үнсіз тұрғандарын көріп:

— Балалар, үлкен кісілерге неге сәлем бермейсіңдер? — депті. Едіге жалма-жан:

— Әуелі өздерің неге сәлем бермейсіңдер? — дейді.

Әлгі жолаушылар:

— Біздің жасымыз үлкен бе, әлде сендер үлкенсіңдер ме?

— Біз үлкенбіз, — дейді Едіге іле сөзге іркілместен.

— Сендер қалайша үлкен боласыңдар?

— Мына тұрған тоқсан баланың жасын қоссақ, біз үлкен болмағанда, кім үлкен болады? — депті сонда Едіге.

Сөзден жығылған екі жолаушы Едігенің тапқырлығына таңданып: «Бағанағы дауымызды осы балаға айтып көрсек қайтеді» деп ойлайды.

— Ей, бала, біз даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді сонымызды саған айтсақ, бітіресің бе? — дейді.

— Егер Құдай аузыма салса, бітірейін, — дейді Едіге.

— Олай болса, мынау — алшын атасы Көкжалды мерген, мен — Кеңестің ұлы Көкжанбаймын. Еділ мен Жайық менікі еді, сондықтан одан қашқан қоян да менікі. Жайықтың жағасында, Ақкөлдiң сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, атайын деп мылтығыма кеттім. Мен мылтығымды алып келгенше Көкжалды қоянды атып алыпты. Осының төрелігін бер, — дейді.

Бала Көкжалдыға:

— Сен қанша жерден аттың? — деп сұрайды. Ол қанша жерден атқан мөлшерін көрсетеді.

— Егер бір төрелік айтсам, екеуіңіз де көнесіз бе? — дейді Едіге. Екеуі де «көнеміз» дейді. Сонда баланың берген төрелігі мынау екен:

Қоянды алып, балаға құшақтатады да, Кеңестің Көкжанбайына:

— Балаға тигізбестен, қоянды мерген көрсеткен қашықтықтан ат: егер де балаға тигізсең, құнын бересің, оқ далаға кетсе, қояннан бейдамақ бол, тигізсең, қоян сенікі болады, — дейді. Бұл төрелікке көнбей, біраз ашуланған Көкжанбай сабасына түсіп:

— Ұстат балаңа, атамын, — дейді. Аңшы балаға дарытпастан, қоянның қалаған жерінен тигізеді.

— Ендеше, бұрын көрген сенікі, — деп қоянды Көкжанбайға ұстатады. Көкжалды: «Бұл төрелігіңе көнбеймін», — деп дау шығарады. Екеуі Тоқтамыс ханға барады. Хан алдында Көкжанбай болған оқиғаны баяндайды, баланың төрелігін айтады.

Сонда Тоқтамыс хан: «Сол баланың төрелігі — төрелік, біз ондай төрелік бере алмаспыз да», — депті.

\* \* \*

Тоқтамыс заманында бір адамның жеті баласы бар екен. Өзі өліп, жалғыз ешкісі, жеті баласы қалыпты. Сонда тірі жүрген ешкіні жетеуі үлесін алып, меншіктесіпті. Басын біреуі алыпты. Екі көзін біреуі алыпты. Төрт аяғын төртеуі алыпты. Өзге денесін біреуі алыпты. Сонда ең кенжесіне тигені ешкінің артқы аяғының біреуі екен. Сол кенженің сыбағасына тигеннің аяғы ақсап, иесі оған бұрыш, тотияйын салып, шүберекке орап қойса, шүберек біреудің шығарып тастаған күлін басқанда, ішінде қалған оттан тұтанып, сонан біреудің егініне жайылып, от алып, егін өртеніп кетіп, егін иесі жетеумен дауласып, Тоқтамысқа келген.

Тоқтамыс хан шүберек орағанды кінәлі қылып, егіннің төлеуін жалғыз соған бұйырыпты. Ол бейшара зарлап, ботадай боздап келе жатқан соң, асық ойнап жүрген Едіге жөн сұрапты. Сонан ол бастан-аяқ әңгімесін айтқан соң, жетеуін бірдей шақырып алып:

— Хан мұның төресін білмей берген екен. Мұның төресі ол емес, мынау: бас бастамаса, көз көрмесе, сау үш аяқ жүрмесе, өзі жүруге жарамай қалған, көтеріп жүрген ақсақ аяқ қайда барады? Мұның төлеуіне бұл кінәлі емес. Бастайтұғын бас иесі, көретұғын көз иесі, жүретұғын сау үш аяқ иесі — солар кінәлі, — дейді.

Мұны олар Тоқтамыс ханға айтып, жұрт бұл сөзді қостапты.

### Жириенше шешен мен Қарашаш сұлу

Жириеншеге бір жігіт кездесіп, жолдас болыпты, өзі тұйық, көп сөйлемейтін адам екен. Бір мезгілде Жириенше жолаушы жігітке қарап: «Жол қысқартайық», — дейді. Жігіт жауап қайырмайды. Тағы бір кезде Жириенше жігітке: «Ағаш қазан қайнатайық», — дейді. Жігіт жауап қайырмайды. Тағы да біраздан соң бір көшіп кеткен елдің жұртын көргенде Жириенше: «Мынау бір бейбастақ үйдің жұрты екен», — дейді. Жігіт оған да үндемейді. Сонымен екеуі бір елге жақындаған кезде, жаңбыр селдетіп құйып кетеді. Ауыл сыртында тезек теріп жүрген бір топ қыз жаңбыр жауып кеткен соң қаптарын арқалап, ауылға қарай жүгіре жөнеледі. Тек бір қыз сырт киімін шешіп, қапқа жауып, отыра қалады. «Мына қызда бір сыр болар», — деп, Жириенше отырып қалған қызға келеді. Қыз асқан сұлу екен. Жириеншеге қыздың көркі ұнайды. Енді ақылы қандай деп сынау үшін: «Сен көп қыздан неге бөлініп, жалғыз отырып қалдың?» — дейді Жириенше.

— Мен басқа қыздарға еріп ақымақ болғым жоқ, — дейді қыз.

— Олар қалай ақымақ болады? — дейді Жириенше.

— Олардың ақымақтығы мынада: келе жатқан — алды бар, арты жоқ, шағын бұлт. Бұл өткінші жаңбыр, аз жауып, ашылады. Ал олар

үйге барғанша отындары да, барлық киімдері де су болады. Су болған отын жанбайды, киімдерін кептіре алмайды. Мен отыныма шапанымды жаптым, ығына өзім отырдым: менің су болған — жалғыз-ақ шапаным. Отыным, өзге киімдерім құрғақ: үйге барғанымда отынымды жағып, шапанымды кептіріп аламын, — дейді. Қыздың көркіне ақылы сай, Қаракөздей болып көрінеді. Бұл қызға енді бір сөз айтып көрейін деп Жиренше:

— Бүркеніп жалғыз отырсың,  
Бойға жеткен жас бала.  
Ұнатсаң айтқан сөзімді,  
Күлімдеп көзің бері қара!  
Оңаша бір сөзім бар,  
Ақылың болса сен ұғар.  
Менің атым — Жиренше,  
Жол берген маған хан-қара, —

дейді. Сонда қыз бөгелместен:

— Сыртыңнан естіп, қанық ем,  
Шешен деген атыңды.  
Түсіңе бұрын танық ем,  
Жаңа көрдім затыңды.  
Айтар жерің осы ма,  
Көңілдегі датыңды? —

деп күлімсіреп, өң бергендей болып:

— Уәде қылып келіп пе ең,  
Сөйлесем деп осы жерге.  
Жалғыз атты жолаушы,  
Аулақ менен көш жерге.  
Құрбыңды іздеп тауып ал,  
Жас қыз сөзіңді естір ме? —

дейді.

Жиренше шешен қызды әбден ұнатып, ішінен: «Құдай жазса, сені алармын» деген ойға келеді. Ауыл мен екі арада өзен бар екен.

— Мынау өзеннің өткелі қай жерде? — дейді Жиренше.

— Анау жерде бір өткел бар: алыс, алыс та болса жақын. Мынау жерде бір өткел бар: жақын, жақын да болса алыс, — дейді қыз.

— Сенің үйің қайсы? — дейді Жиренше қызға.

— Менің үйім — анау үлкен ақ үйдің жанындағы қараша үй, — дейді қыз.

Жиренше алыс өткелге беттегенде, жолдасы жақын өткелге бұрылады. Қыздың «алыс, алыс та болса жақын» өткелінің суы таяз, асты құмқайыр екен. Жиреншенің аты желіп өтеді. Ал «жақын, жақын да болса



алыс» деген өткелдің суы терең, асты балшық екен, жолдасының аты батпақтап, зорға өтеді.

Жанындағы жігітке:

- Сен қайда қонасың? — дегенде,
- Мен мына ақ үйге қонамын, — дейді ол.
- Ендеше, мен қараша үйге қонамын, — дейді шешен.

Сөйтіп, екеуі екі бөлініп, бірі байға, бірі кедейге барып түседі. Бір уақытта отынын арқалап манағы қыз да келеді. Жиренше төрге жайғасқан соң, үйдегі кемпір амандықтан кейін:

— Шырағым, мынау байдың үйі тұрғанда, біздің қосқа қалай түстің? — дейді.

Жиренше:

— Менің баспанам да осындай еді, өз үйім тәрізді болған соң, өзімсініп түскенім ғой, — дейді.

Жиренше түскен үй іңір болған соң от жақты, келін сиыр сауды. Кемпір от басында, қыз үйдің іргесінде отырды.

Төрде отырған Жиренше қызға қарап, басын сипайды. Бұл: «Сенің қалыңмалың шашымнан көп-ау» дегені еді. Қыз оған түсініп, астындағы тақыр тулақты сипайды. Ол «теңімді тапса, тақыр кедей болса да береді» дегені еді...

Жиренше мен қыз бірін-бірі ұнатқанын осылай ыммен ұғысады. Таң атқан соң жұрт тұрып, жайланған кезде бай Жиреншені шақыртып алады. Жиренше келсе, кешегі жігіт мәз-мейрам болып сонда отыр екен. Амандасқаннан кейін бай:

— Кешегі бірге келген кісі осы ма? — дейді.

Жігіт: «Иә», — дейді.

— Екеуің бірге келіп, екі бөлек түскендерің қалай? — дейді бай.

Жиренше:

— Бұрынғының сөзі бар еді, сол есіме түсіп, бөлек түстім, — дейді.

— Ол не деген сөз? — дегенде, Жиренше:

«Өзің білмес ісіңді  
Білгендерден сұрап біл.  
Өліп жатсаң, наданнан  
Қабырғанды жырақ қыл!» деген, —

дейді. Бай:

— Екеуің жолда не сөйлестіңдер, не айттыңдар? — дегенде, жігіт жол-жөнекей айтылған сөзді баяндайды.

Жиренше:

— Екеуден екеу жапанның сары даласында келе жаттық: әртүрлі сөз айттым, серігім біреуіне де сөз қайырмады. Сонан соң мен де үндемей отырып едім, ұйқы келді, маужырап жүре алмадық. Ұйқыдан мезі болған соң «Жол қысқарталық», — дедім. Оным «әңгіме айт» дегенім еді.



Екінші «ағаш қазан қайнатайық» дегенім — «насыбай атып алайық» дегенім еді. Үшінші «бейбастақ үйдің жұрты» дегенім — бір жұртта екі басы бірдей күйік көсеу жатыр екен. Айтқан сөзімнің біріне жауап қайтармаған соң «мына жігіт надан екен» деп, бөлек қонған едім, — дейді.

Бай бұрын Жиреншенің атын естіп, бір көруге құмар болып жүреді екен. Өзін көріп, сөзін естіген соң, есі кетіп, мал сойып, қымыз құяды. Бәйбіше: «Шырағым, бүгін осында бол!» — деп қондырады...

Жиреншенің ақылына қызығып, бай қызын бергісі келеді. Қызы: «Мені бір жалғыз кедейге бар дегені несі, бармаймын», — деп астанкестен бүлінеді. «Қызымнан бұл сөзді естіп, өтірікші болдым-ау» деп бай ойланып отырғанда, Жиренше:

— Байеке, сіздің қиналып отырғаныңыз маған да әбден батты. Көнбеген балаңызды қояйық, мынау көршіңіздің қызының қалыңмалын төлеп, алып берсеңіз болады, — дейді.

Бай көрші жігітті шақырып алып, сұраған малын беріп, Қарашашты Жиреншеге қосқан екен.

\* \* \*

Бес-алты аттылы жолаушы бір ауылға жетіп, шеткері тұрған қараша үйге ат басын тірепті. Жолаушылар ол үйдің Жиреншенікі екенін білмепті.

— Оу, кім бар бұл үйде? Қонақпыз! — депті. Сонда Жиренше:

— «Екі қой жеймін» десеңдер, түсіңдер, «бір қой жеймін» десеңдер, басқа үйге барыңдар! — депті. Қонақтар:

— Бұл өзі сақы мырза жігіт екен, қонсақ қонайық осы үйге, — деп, аттарынан түсіп, үйге кіріпті. Үй иесі жалғыз буаз саулығын жетектеп келіп, «лә аумин» деп бата сұрапты. Қонақтың бірі:

— Мына саулығың желіндеп, туайын деп тұр ғой, бойдақ қойың жоқ па еді? — дегенде, Жиренше:

— Бойдақ қойы бар болғыр жоқ еді, — депті. — Бағана айтпап па едім, «Екі қой жеймін десеңдер, түсіңдер, бір қой жеймін десеңдер, басқа үйге барыңдар деп».

Жолаушылар:

— Қой, болмас, — деп аттанып кетіпті де, басқа үйге барып қоныпты. Сұрастырып қараса, әлгі «Екі қой жеймін» десеңдер, біздікіне түсіңдер, «бір қой жеймін» десеңдер, басқа үйге барыңдар» деген адам Жиренше екен.

\* \* \*

Өз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне: «Дүниеде не өлмейді?» — деп сұрақ қойғанда, алпыс биі бір ауыздан былай депті:

Ағын су өлмейді,  
 Асқар тау өлмейді.  
 Аспанда Ай мен Күн өлмейді,  
 Әлемде қара Жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығып, былай депті:

Ағын судың өлгені —  
 Алты ай қыста қатқаны.  
 Асқар таудың өлгені —  
 Басын бұлттың жапқаны.  
 Ай мен Күннің өлгені —  
 Еңкейіп барып батқаны.  
 Қара жердің өлгені —  
 Қар астында жатқаны.  
 Ажал деген атқан оқ —  
 Бір Алланың қақпаны.  
 Дүниеде не өлмейді  
 Жақсының аты өлмейді,  
 Ғалымның хаты өлмейді.

\* \* \*

Бір күндері Өз Жәнібек хан қырық уәзірін жиып алып:

— Маған өтірік пен шынның арасы немен айырылады, соны тауып беріп, қалағандарыңды алыңдар. Таба алмасаңдар, бастарыңды аламын, ойлануға қырық күн берем, — депті.

Уәзірлері қырық күндей ойлап, таба алмапты, қырқыншы күн болғанда хан уәзірлерінен:

— Өтірік пен шынның арасы немен айырылатынын таптыңдар ма? — деп сұрайды.

— Жоқ, тақсыр, таба алмадық, — десіпті уәзірлер. Хан «бастарыңды аламын» деп қаһар қылғанда, әңгіме естимін деп келіп отырған Жиренше шешен уәзірлерге:

— Анау күні хан хандығымен бас-басыңа бір күннен қырқыңа қырық күн міллет<sup>1</sup> берді ғой, енді өздерің тіленіп, ер басына бір-бір күннен міллет алсаңдаршы! Соған дейін бірің болмасаң, бірің табарсың! — депті.

Ханның алдынан шыққан соң, он екі жасар бала Жиренше «бұл сөзді біреу болмаса, біреу білер, соны іздеп табамын» деп ел кезеді. Қорғаны бар шаһарға жетеді. Қақпаның аузында сүліктей қара көк ат мінген, үстіне сауыт киіп, садақ асынып, найзасын жерге шаншып біреу түр екен. Кірген, шыққанның бәрі оған сәлем беріп өтеді. Жиренше оған сәлем

<sup>1</sup> Міллет, милет — мерзім, уақыт.

бермей, тіпті мойын бұрмай өте беріпті. Сонда найзасын жерге тіреп, ат үстінде шіреніп отырған жігіт:

— Әй, бала, сенен басқа осы қақпадан кірген-шыққан адам сәлем бермей өтпеуші еді, сен неге мойныңды да бұрмай барасың? — дейді.

— Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме? — дейді бала.

— Бұл шаһардың жөнін бұрын көріп пе едің? Көріп-білмеген жан сияқты екенсің! Кел, артыма мінгес, біздікіне қонақ бол! — дейді.

— Ер-тоқымды аттың алдын бізге, артын сізге бұйрық қылған және «ат иесі алдына мінеді» деген сөз тағы бар, жұртыңды жүр де көрсет, жаяу-ақ барайын, — дейді Жиренше.

Ол атты, бұл жаяу, үйіне еріп келіп, мейманханасына кіргізеді. Астан соң әлгі мырза келіп: «Қонағым, әңгіме айт», — дейді. Бала: «Біріміз бүтін, біріміз жарты, әңгімеміз келісе ме?» — дейді. Бұл сөзге шыдап отыра алмай, үй иесі ұялып, шығып кетеді. Сөйтсе, бұл жігіт деп отырғанымыз сол шаһардың патшасының қызы екен. Еркек киімін киіп, дарбазаның алдына тұрып, «Келген-кеткенді сынаймын, сыныма төзген жанға тиемін» деп әкесінен рұқсат алған екен. Ал, келіп-кетіп жатқан жолаушылар мұның әйел екенін білмей, иіліп, сәлем беріп өтеді екен. Жиренше көргеннен-ақ осы «жігіттің» атқа отырысынан әйел екенін біле қойып: «Біріміз атты, біріміз жаяу» дегені «Біріміз еркек, біріміз ұрғашы, қалай сәлем берісеміз» дегені екен. «Біріміз бүтін, біріміз жарты» деген сөзді естігенде, қыздың ұялып тұра жөнелген себебі сол екен. Қыз: «Өзімнен білімі асқан адам кез болды, мені соған берсін», — деп әкесіне кісі салдырыпты. Әкесі қош көріп, қабыл алады. Жорға бие сойып, жоғарғы елді шақырып, төбел бие сойып, төменгі елді шақырып, үлкен тамаша қылып, қызын Жиреншеге қосыпты. Жиреншенің ақылғөй аяулы қатыны осы екен. Екеуі қосылған соң, Жиренше шешен «мен қайтамын» депті.

Қалыңдығы:

— Сіз қайда қайтасыз? Әкемнің менен басқа ұлы да, қызы да жоқ. Әкем өлген соң, мына дәулетке кім ие болады? «Есіктен табылса, төрге озба» деген бар емес пе? — дейді.

Оған Жиренше былай дейді:

— Өз Жәнібек дейтін ханымыз өтірік пен шынның арасын айырыңдар деп, уәзірлеріне жарлық қылды. Уәзірлер соны таба алмай, уақытша міллет алып еді. Ал мен соны білушілер болар ма деп іздеп шыққан едім.

— Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер. Оның мәнісі: көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Көз бен құлақтың арасы бір-ақ тұтам ғой. Ендеше, көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық емес пе? — дейді қыз.

Жиренше:

— Бәрекезде, іздеген жоғым табылды. Енді мен мұны Өз Жәнібек ханға естірмесем, қырық уәзірін жоқ жерде өлтіріп, қырып тастар, — деп

қайтуға ыңғайланады. Жиреншенің кетеріне көзі жеткен соң қыз әкесіне кісі салып:

— Жат жұртқа жаралған әйелмін ғой, мынау күйеу ер «ел-жұртына қайтамын» деп жатыр, бізді ұзатсын, — депті. Әкесі қызының айтқанын құп көріп, ұзатады.

Сөйтіп, екі кісі паналарлық үйі жоқ Жиренше бір ауыз сөздің түп-төркінін білемін деп ізденіп жүріп, қалыңсыз ханның қызын алады. Хан қызының ақылымен Әз Жәнібек ханның бас уәзірі болды дейді.

\* \* \*

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан қарсы кездескен бір баладан:

— Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? — деп сұрайды.

Сонда бала:

- Бал тәтті, — деген екен.
- Ал, жұмсақта не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.
- Қаттыдан не қатты?
- Тас қатты.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала:

— Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз, — деп өтінеді.

- Ал, айта ғой, балам, не тәтті? — дейді Жиренше шешен.
- Ананың сүті, — деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ?
- Ананың қолы.
- Ал енді, не қатты? — деп сұрағанда,
- Атаның жүрегі, — деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

\* \* \*

Қарашаш Жиренше орта жасқа келгенде қаза болады. Жиреншенің бұрынғы жас күні емес, қыз қарастыруға ыңғайы келмей, бірер жыл жүреді.

Бір күні Әз Жәнібек хан Жиреншеге:

— Шешенім, сенің үйленбей жүргенің жарамайды, пәленшенің қатыны ерінің тірісінде жақсы әйелдің бірі еді, соны сен ал! — дейді.

Жиренше шешен: «Сіз ұйғарған болсаңыз жарайды», — деп, сол қатынды алады. Арада біраз уақыт өткенде хан:

— Шешен, мына қатының бұрынғылардай болатын ба, қалай? — дейді. Сонда шешен: «Күндіз екеуміз, түнде төртеуміз», — дейді.

Хан: «Түнде төртеуің қалай?» — дегенде, Жиренше шешен былай дейді:

— Ері есіне түседі,  
Теріс қарап жатады,  
Оныменен ол екеу.  
Қарашашты ойлаймын,  
Мен де теріс қараймын,  
Оныменен мен екеу.  
Оймен тауып жолдасты,  
Боламыз түнде біз төртеу.  
Таң атқан соң оянып,  
Тұра келсек — тағы екеу!  
Қыздай алмай қатын болмас,  
Есік көрген мақұл болмас.  
Қанша жақсы көрем десе де,  
Бұрынғыдан жақын болмас.  
Байы өлген қатынды алу —  
Ойлағанда ақыл болмас.

Хан мен жиылған көпшілік шешеннің сөзін тыңдап, «рас-ау» десіпті.

### **Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі**

Еріккен хан домалап, желмен ұшып бара жатқан қаңбақты көріп, Жиреншеге:

— Анау ұшып бара жатқан қаңбақтың жайын біліп кел, — деп жұмсайды.

Жиренше «мақұл» деп, қу далада ұшып бара жатқан қаңбаққа барып, қайтадан ханға келеді де былай дейді:

— Бардым, тақсыр, қаңбақтың жайын сұрап едім, ол былай деді: «Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген сен ақымақ па?» деді де, жайына кете берді, — дейді.

Хан Жиреншені жөнсіз жұмсағанын сонда барып сезіп, ұялғанынан ешнәрсе дей алмай қалыпты.

### **Жиреншенің қартайған шағы**

Жиренше шешен қартайып, Қарашаш сұлу өліп, тоқал алып, бала тауып, балалары ер жетіп, шайпау болып, тоқалы тентек болып, сыйламай, қадірі кетіп, оның үстіне хан қасынан да қалған соң бұзау бағып, тезек теріп, күнелтіп жүреді. Әз Жәнібек хан Жиреншені сағынып,

жай-күйін көріп білуге жолдас ертіп шешеннің үйіне келеді. Үй сыртына келіп:

— Шешенім қайда? Мал-жан аман ба? — дегенде, қатыны шығып:

— Шешенді қадірлеп іздеп келіп тұрған кім өзі? Шешенді іздесең, далада тезек теріп жүр, — депті. Сонан соң хан Жиреншеге далада іздеп жолығып, «Шешенім, көрісейік», — деп аттан түсіп, амандасады.

— Бұл тезек тергенің қалай? — деп сұрайды.

Сонда Жиреншенің айтқаны:

Қадірлеп келген ханым-ай,  
 Кеудемде шыбын жаным-ай!  
 Бір өзіңнен басқа жан  
 Халімді біліп, танымай,  
 Аузымнан шыққан сөздерім  
 Жеуге жеңсік сары май.  
 Қостаушым жоқтан құнсыз боп,  
 Сөзіме дауа дарымай.  
 Зерімді сатар зергер жоқ,  
 Іштегі шықсын зарым-ай!  
 Бес кемшілік бір баста,  
 Жүремін неғып арымай.  
 Қадірім кетіп, қартайып,  
 Бағым кетіп, мал тайып,  
 Ешнәрсеге жарымай.  
 Сыйлайтұғын өзің жоқ,  
 Бұрынғы бұлды сөзім жоқ,  
 Қайтейін, бүйтіп қарымай.  
 Қатын тентек, ұл шайпау,  
 Екеуледі, ай, ханым!  
 Кәрілік жеңді, мал тайды,  
 Төртеуледі, ай, ханым!  
 Сонымен бақтан тайғаным,  
 Арқамдағы мынау тезек  
 Шешенге келген бір кесек, — депті.

Сонан соң хан Жиреншені қайтадан өз қасына алып, уәзір еткен екен.

### Кім көрікті?

Еріккен хан бір күні елді жинап, мынандай сауал қойыпты:

— Уа, халайық! Хан көрікті ме, әлде қараша халық көрікті ме? Еркек көрікті ме, не болмаса әйел көрікті ме? — депті.

Сонда уәзірлер мен хан сарайын төңіректеп жүргендер бастарын иіп, тәжім етеді де:

— Атыңа құлдық хан екем! Хан тұрғанда, қараша қайдан көрікті болсын, әрине, хан көрікті. «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деген емес пе? Еркек танаға не жетсін! Өмірдің көркі солар ғой, — деп шуласады.

Осы кезде жиналған топтың ішінде тұрған Жиреншенің әйелі Қарашаш ілгері шығып:

— Уа, хан тақсыр! Хан көрікті емес, қара бұқара халық көрікті. Себебі, халық болмаса, қара басыңыз кімге хан болар едіңіз? Еркек көрікті емес, әйел көрікті. Әйел болмаса, мына өзіңізден бастап бүкіл еркек қайдан туар еді? — деген екен.

Мұны есіткен хан не дерін білмей тұрып қалады.

### **Ақсақ Темір мен домбырашы**

Атақты Ақсақ Темір бір ауылға келеді. Ол кісінің құрметіне сол жердегі домбырашылар түгел жиналады. Олар түрлі күйді шертіп, тәтті әуендерді төгілдіре тартады. Түн ортасы ауған кезде Ақсақ Темір әлгі домбырашылардың бәрін таратып жібереді. Солардың ішіндегі өзіне қатты ұнаған біреуін алып қалады. Оның екі көзі су қараңғы екен. Соқыр күйшінің тартқан күйлеріне, шерткен саусақтарына, шешен домбырасына хан қатты риза болады. Осылай елтіп отырып Ақсақ Темір күйшіден:

— Сенің атың кім? — деп сұрайды. Күйші:

— Атым — Дәулет... — десе керек. Осы сөзді естігенде Темір шіміркеніп, селк ете түседі. Дәулет пен бақты қуып құныққан, дүниені қан сасытып, туғалы тоймай өткен Ақсақ:

— Шіркін-ай, дәулет те соқыр бола ма екен? — деп салады. Сонда Дәулет мүдірместен:

— Тақсыр-ау, дәулет соқыр болмаса, ақсақтың үйіне барар ма еді? — дейді.

### **Асанқайғы туралы**

Әз Жәнібек хан Астархан қаласын орысқа салдырыпты. Орыс қаланы салғаны үшін ақыға жер сұрайды. Ол жердің көлемі бір өгіздің терісін таспадай қылып тілгенмен бірдей екен. Осы қаланың салыну құрметіне Әз Жәнібек хан үлкен той қылып, оған Асанқайғыны шақырады. Тойға Асанқайғы бармайды. Тағы бірде «құсбегілігімді білдіремін» деп тағы да той жасайды. Асанқайғы бұл тойға тағы да келмейді. Үшінші рет бала сүндеті деп жасаған тойға ғана Асанқайғы келеді. Келген Асанқайғымен Әз Жәнібек сәлемдесіп болғаннан кейін:

— Алдыңғы тойларға неге келмедің, басыңды жұлып алайын ба? — дейді. Асанқайғы былай дейді:

— Астархандай қаланы орысқа салдырдың. Қазақтан шебер таба алмадың ба? Күндердің күнінде қалаңды орыс жайлар. Құсбегілігіңді білдіріп той жасағанда келмегенім — күндердің күні болғанда басыңды қырау шалып, құсбегілігің сенен қалады. Бұған неге келейін? Ал енді осы тойға келген себебім, Пайғамбар сүндеті құтты болсын айтайын деп келдім, — депті Асанқайғы.

Аз-кем отырған соң Жәнібек хан Асанқайғыға:

— Арық кісісің ғой, — дейді.

Сонда тұрып, Асанқайғы былай депті.

Қайғысызда қан ішеміз,  
Біліксізде би ішеміз.  
Өлеңді жердің өңін ішеміз,  
Өлімді жердің моласын ішеміз.  
Қайдан семіз болайын,  
Күніне тоқсан аударылам,  
Содан арық болдым, —

депті. Осы сөздерден кейін Асанқайғы үйіне барып, жатып алады. Хан хандығын құрып отыра береді.

Күндердің күнінде Асанқайғы «Жәнібек өлді» дегенді естиді. «Мұны кім өлтірді екен?» деп ойланады. Енді «Оны өлтірген есік алдындағы құлы» дегенді естиді. Жәнібек хан өлгесін, қала иесіз қалады. Орыс пен қазақ қаланы иемдену үшін дауласады. Ақыры, не керек, дау орыстың пайдасына шешіледі.

Осыдан кейін Асанқайғы қазақтың тұрмысына қолайлы жер іздеп шығады. Ең алдымен Шу бойына барады. «Жері шулайтын жер екен» деп қайтып келеді. Содан соң терістікке — Еділ, Жайыққа кетеді. Оны «Қысы қатты болатын жер екен» деп менсінбей, қайтып келеді. Енді Хорезм, Бесқалаға сапар шегеді. Ондағы Айбүгір деген тауға қарап тұрып: «Келгенге тоймайтын, кеткенге ортаймайтын, қазғаны арық, көрмесің жарық. Күндердің күнінде атарсың атпа, боларсың қатпа. Жері қамыс қатпа, бал өретін жер екен», — деп, оны да ұнатпайды.

Осыдан кейін Маңғыстауға келіп, оны «Маңғыстау емес, мың қыстау екен. Мың саулық қоздайтын жер екен, жері тар екен» деп бағалайды.

Осылай әр жерлерді аралай жүріп Майлықоңыр деген жерге келеді. Осы жер Асанқайғыға қатты ұнайды. Содан бері Майлықоңыр қазақтың қоныстанатын жеріне айналыпты.

### Әз Жәнібек пен шал

Әз Жәнібек ханның бір бас уәзірі хан қолында бірнеше жыл жүріп, ақылға да, білімге де өзін-өзі артық асқандығын сезіпті. Әрдайым ойлайтыны: «Әй! Осы ханның хандығы болмаса, менен ақылы кем-ау! Әз



Жәнібектің хан болып отырғаны, түзу билік айтып, халық алдында әділ би болып отырғаны да менің арқам-ау. Ертең мен өлсем, яки мен басқа бір алыс сапарға жол шексем, осы қайтер еді?» деп ойлайды да жүреді.

Бір күні хан сейіл құрмақ болып, қасына әлгі уәзірді алып, жолға аттанады. Келе жатса, бір үлкен биік таудың ішінен жайылып тұрған он шақты ешкі-лақты көреді.

«Бұл таудың ішінде иесіз жүрген неғылған мал?» — деп сейілшілер аралап келе жатса, алдынан бір қоңыр киіз үй кез келеді.

— Үйде кім бар, сөйлес, — дейді хан.

— Үйде кісі де жоқ. Адам жоқ, — дейді үйден біреу. Хан аттан түседі, үйге кіреді, уәзір де кіреді. Үйде төр алдында бір шал отыр. Сәлем береді, амандасады.

Хан: Е, шалым, асқар тауың қалай?

Шал: Асқар тауымды қар шалды.

Хан: Шұқырың қалай?

Шал: Шұқырға су толды.

Хан: Екеуің қалай?

Шал: Екеуім үшеу болды.

Хан: Жақыныңмен қалайсың?

Шал: Жақыныммен күнде найзаласам.

Хан: Еліңмен қалайсың?

Шал: Еліммен мүлде аразбын.

Хан: Ай, шалым-ай, арзанға бітесің-ау!

Шал: Айдаушысы келсе, атамның құнын алмай бітпес едім.

Сөз осымен бітті. «Қуыс үйден құр шықпас деген», — деп, шал от басында тұрған қара шәугімнен әкеп, су ауыз тигізеді. Бұдан әрі хан отырған шалмен қоштасып, қайтып кетеді.

Хан үйге келіп, білгіш уәзірге бұйрық қылады:

— Әлгі шал не айтты, мен шалға не айттым? Үш күнге дейін тап, таппасаң, басыңды аламын!

Уәзір әрі ойлайды, бері ойлайды, таба алмайды. Үшінші күні болғанда, «өлдім» деп, тоғыз түйеге тоғыз-тоғыздан қазына артып, баяғы шалға келеді. Шал азырқанып, әкелген сыйын алмайды. Ақырында шал уәзірден үш тоғыз алып, ханмен сөйлескен жұмбағын шешеді.

— «Асқар тауың қалай?» дегені — «Басың қалай, шашыңа ақ кірді ме?» дегені. «Асқар тауымды қар шалды» дегенім — «Шашыма ақ кірді» дегенім. «Шұқырың қалай?» деді, «Көзің қалай?» дегені. «Шұқырыма су толды» дедім, «Көзіме жас толды» дегенім. «Екеуің қалай?» дегені — «Таяқсыз жүре аласың?» ба дегені. «Екеуім үшеу болды» дедім, «Таяқсыз жүре алмаймын, сондықтан аяғым үшеу болды» дегенім. «Жақыныңмен қалайсың?» деді, «Тамағың қалай?» дегені. «Жақыныммен күнде найзаласам» дедім. «Тамақтан жақын нәрсе жоқ. Азу тістің әр жерде бірі қалған, тамақ жеген сайын қызыл иегімді

найзалап, жанымды шығарады» дегенім. «Алысыңмен қалайсың?» — деді, «Көзіңе жас толса, алыстағыны көзің көре ме?» дегені. «Алыспен мүлде аразбын», — дедім, «Алыстағыны мүлде көре алмаймын» дегенім. «Ай, шалым-ай, арзанға бітесің-ау» дегені — «Әгар осы сөйлескен сөзімізді мына жанымдағы уәзір сұрап келсе, босқа айтып қоясың-ау!» дегені. «Айдаушысы келсе, атамның құнын алмай, бітпес едім», — дедім. «Әгар сіз уәзірді жақсылап қорқытып қыссаңыз, атамның құнын алып, сонан кейін айтармын» деген сөзім. Міне, шырағым, мен атамның құнын алдым. Осымен ырза бол, — деп шал сөзін бітіреді.

Шал жүйрік пе, хан жүйрік пе?

### Хан Әз Жәнібек пен қыз

Әз Жәнібек хан тоғай ішінде аң аулап жүргенде, жолдастарынан бөлініп, оқшаулау жүріп бір күркеге кез болады. Хан атынан түсіп, күркеге кіріп келсе, шашын тарап бір қыз отыр екен. Қыз:

— Апыр-ай, ауыз демей кірген соң қапаланып қалдым-ау! — деп, орнынан түрегеледі.

Хан: «Атаңыз қайда?» — деп сұрайды.

Қыз: «Алты аяқтымен аңға кетті», — дейді.

Хан: «Анаңыз қайда?» — дейді.

Қыз: «Сегіз аяқтымен дәмге кетті, — дейді де, — Өзіңіз кім болдыңыз?» — деп сұрайды.

Хан: «Мен Әз Жәнібек хан боламын», — дейді.

Екі арадағы әңгімеден кейін Әз Жәнібек хан үйіне келіп, билеріне айтады. Өзі де, оның билері де қыздың бұл сөзіне түсіне алмайды. Сол кезде Жиренше жас жігіт екен. Хан бұл сөздің шешуін Жиреншеден сұрайды. Жиренше:

— Қыздың әкесі бір құс, бір тазы ертіп, аңға кеткен екен. Шешесі буаз іңген мініп, тұзға кеткен екен, — депті.

Хан қызығып, қызды алмақ болып, жаушы жібереді. Әкесі қызды ханға бермек болады. Қыз әкесіне:

— Беріңіз, тек қалыңмалымды өзім сұраймын. Менің қалыңмалыма он бес лақ теке, жиырма бес қошқар, отыз бес бұқа, қырық бес айғыр, елу бес бұра, алпыс ақбас атан берсін! — дейді.

Жаушы қыздың осы сөздерін айтып, қайтып келеді. Хан сөзге түсінбей, қыздың сұрағандарын әзірлетіп жатады. Бұл хабарды естіп, ханға Жиренше келеді. Жиренше:

— Қыздың сөздері мағыналы сөздер. Оның мағынасы он бесте — лақ текедей едің, жиырма бесте — қойды иірген қошқардай едің, отыз бесте — өкіретін бұқадай едің, қырық бесте — азынайтын айғырдай едің, елу бесте — күркіреген бұрадай едің, алпыста — атан болдың дегені, — депті. Хан бұған түсініп, бір тұлып алтын апарып беріпті деседі кәрікұлақ қарттар.

## Түзде жүрсем, батырмын

Толыбай деген кісі әрі батыр, әрі шешен болыпты. Ас пен тойда «кедеймін» деп ығыспай, батыр, билерге, бай-мырзаларға сөз бермейді екен. Бір жолы тойдан қайтқан бір топ бай-мырзалар қонақасыдан ұялтып кету үшін, Толыбайдың үйіне сау ете түсіпті. Бұл кезде Толыбай жалаңаяқ, жалаңбас тары түйіп жатса керек. Келген мырзалар үй сыртынан:

— Ассалаумағалейкүм, Толыбай батыр! — дейді.

— Уағалейкүм, жайсаң мен қасқалар,  
Кедейшілік ердің түсін басқалар.  
Түзде жүрсек, батырмыз,  
Үйде отырсақ, қатынбыз.  
Қатын — ауру, бала — жас,  
Тары түйіп жатырмыз.  
Таудан үлкен талабым бар,  
Ит ішпейтін шалабым бар.  
Түссеңдер, міне, лашық,  
Кетсеңдер, жолдарың ашық! —

депті Толыбай шешен.

## Әнет бабаның жауабы

Әнет бабадан бірде Күлтөбеге жиналған ел:

— Баба, дүниеде не арсыз, не ғайып, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? — деп жеті сұрақ қойыпты. Сонда баба жеті сауалға үш-үштен жұптап, былай деп жауап беріпті.

— Үш арсыз бар. Олар мыналар:

Ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

Үш ғайып бар. Олар мыналар:

Ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

Үш дауасыз бар. Олар мыналар:

Мінез дауасыз, кәрілік дауасыз, ажал дауасыз.

Үш қадірсіз бар. Олар мыналар:

Жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз.

«Қадірсіз» дегені — адам баласы жас уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе, опынады дегенді айтқан екен.

Үш тәтті бар. Олар мыналар:

Жан тәтті, мал тәтті, жар тәтті.

Үш күшті бар. Олар мыналар:

Ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

Үш жаман бар. Олар мыналар:

Нақақ қан төгу, кісі малын алу,

Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

\* \* \*

Бірде Түркістанға, Қожа Ахмет Ясауи мешітіне зиярат етуге дүниенің төрт бұрышынан ағылып келіп жатқан молда саудагердің бірі Әнет бабаға сәлем бере келіп:

— Баба, қазағыңыздың ұл-қызын шашына қаратып ажырату қиын ба деп қалдым, — депті.

Оны айтқан себебі, Әнет бабаның жеті жасар ұл немересі айдар қойып, бұрым етіп өріп, түлкі тымағының астынан арқасына бос қоя беріп жүреді екен. Саудагер молданың меңзеп отырғаны «Бұл діні бөлек, тілі бөлек қалмақтардың дәстүрі, мұсылман баласы шашын тақырлатып алғызып жүруі тиіс» деген екен.

Сонда Әнет баба айтыпты:

— Молда жігіт, шаш қойды деп сөкпе. Шашты пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа Расул Икрамның өзі де қойған.

— Оны қай кітаптан оқыдыңыз?

— Хадис шәріптен, — депті Әнет баба. Сөйтіпті де, керегенің басында ілулі тұрған мың бір хадисті алып, ішінен пайғамбар айтқан «Кімдекім шаш қойса, оны күтіп ұстау керек» деген рәуаятты<sup>1</sup> тауып, арабша оқып, оны түрікшеге тәржімалап беріпті.

— Мұнда пайғамбар «шаш қойыңдар» деп, қадап айтпаған ғой, — депті молда саудагер жеңістік бермей. Сонда Әнет баба айтты дейтін сөз мынау:

— Қазақта «Шайнап берген ас болмайды» деген мақал бар. Ислам діні — парыз ғана емес, ілім. Ал ілімді адам өзі дамытып, өрбітіп отыру керек. Өрбімеген, дамымаған ілім тұрып қалған су секілді адамды өзінен жиіркендіреді. Пайғамбарымыздың «Бесіктен бейітке дейін оқы» деп айтқан сөзі бар. Құранда «икра» деген сөз бар. Ол «оқы» деген сөз. Діннің жауы — надан, тас ми молдалар.

Содан қайтіп ешкім Әнет бабамен дін мәселесінде дауласпайтын болыпты.

\* \* \*

«Дүниеде неше жетім бар?» деп сұрағанда, Әнет баба айтыпты:

— Дүниеде жеті жетім бар. Олар мыналар:

Сөз жетім — ынтаменен тыңдалмаса,  
 Бөз жетім — киілместен тозған болса,  
 Жер жетім — иесі жоқ қалған болса,  
 Ел жетім — жақсы басшы арман болса.  
 Көл жетім — қаз қонбаса, құстары ұшып,

<sup>1</sup> Рәуаят — нақыл сөз, насихат.

Ер жетім — жеке қалса, тізе құшып,  
Болмаса замандасың, тойға барма,  
Басыңа жалғыздықтың торы түсіп.

Қазақ «жеті жоқ» деп Әнет бабаның тұсынан мыналарды айтады:

Аспанда тіреуіш жоқ,  
Жерде өлшеуіш жоқ,  
Таста тамыр жоқ,  
Төреде бауыр жоқ,  
Аққуда сүт жоқ,  
Жылқыда өт жоқ.

Әнет бабадан «Жеті қазынаға нелер жатады?» деп сұрағанда, ол кісі мүдірмей жауап беріпті:

— Ақылды әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит.

Соны айтқанда, біреу тұрып:

— Баба, қазақта тағы бір мақал бар. «Бала белде, қатын жолда» дейді. Ер жігіт әйелді жаудан олжалап алады, айттырса, қалыңмалына қырық жылқы айдап апарып береді. Бұл — шығын. Қазақта тағы бір мәтел бар — «Қойныңдағы қатыныңа сенбе, астыңдағы атыңа сенбе» дейді. Тағы айтады: «Атың жаман болса, сатып құтыларсың, қатының жаман болса, қайтіп құтыларсың?» Соған қарағанда, әйелді жеті қазынананың бірі деу дұрыс бола қояр ма екен?

— Әйел жеті қазынананың бірі ғана емес, біріншісі болуы тиіс, — депті Әнет баба сонда, — Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы — әйел. Сондықтан оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйелдерді қатты құрмет тұтқан. Ал бірді-екілі ауылдың бейпілауыздары әйел туралы жаман сөз айтар болса, ондайларға тыйым салу керек.

Әнет бабаның осы сөзінен кейін әйелдің жеті қазынананың бірі екеніне күмән келтіру қазақ арасында мүлде тыйылыпты.

## Дүниеде туысқан қымбат

Албанның Сары атасынан тарайтын Сүймендінің Айт, Бозым дейтін екі баласы керуен тартқандарға ілесіп, Бұхарға сапар шегеді. Олардың сапар шегу себебі — саудагерге ұзатылған Қарашаш деген әпкесін Бұхарға апарып салу еді. Жезделері өте бай тұратын, алты ағайынды, өсіп-өнген жандар екен. Бәрі Айт пен Бозымның насат<sup>1</sup> тұлғасына, жұмысты жапырып істейтін еңбексүйгіштігіне қызығып, екеуіне екі қызын қосып, үйлі-жайлы етіп, басын байлап қояды. Екеуі де ел қатарлы

<sup>1</sup> Насат — ірі, үлкен.

әуелі жай тұрғызып, бау-бақша өсіреді, мал жинайды. Тіршіліктің қызығымен айлар, жылдар өтеді. Айт пен Бозым әне-міне деп жүріп, жуық арада еліне орала қоймайды. Ал ағайын жұрты екеуінің елге қайтуын қалайды. Екі адам жібереді. Оларға Айт пен Бозым ілеспей қалады. Келесі жылы он адам жібереді, олар да бос келеді. «Енді не істейміз?» деп отырғанда, Шоған би:

— Мен барайын, — деп, бір өзі жолға шығады. Бұхарға жетеді. Ағайын-туыстарын көреді. Үш-төрт күннен кейін:

— «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болған артық». Кәне, елге көшіндер! — дейді. Айт пен Бозым оған көнейін десе, әйелдері көнбейді. Жездесі мен оның сабаудай-сабаудай алты бауыры бәрі жабылып, Шоғанды ортаға алып, азғырады. Сонда Шоған би оларға былай депті:

— Әркімнің туған жері өзіне Мысыр шаһары. Ерден кетсе де, елден кетпек жоқ. Дүниеде туысқан қымбат, туысқан намысын қуысқан қымбат! Елдің тұтастық бірлігі — жаныңнан, сағыныш қызуы — қаныңнан, жанымды да, қанымды да өзгенің жеріне тастағым жоқ. Ерлігімді елдігіме тапсырдым, кеңдігімді ұлан-ғайыр далама тапсырдым. Екеуің де туысымсың. Жұмсам — уысымсың. Туысқандық — туым, қазақ жүрген — нуым. Көрген күн — түс, өтеді де кетеді, басқа түскен іс, түбіңе сол жетеді. Мал-дүние іздеп, арымызды сатпайық: ата-баба аруағын сақтайық! Елдің тұзын ақтайық! Кәне, ағайын, ел табайық!

Шоған би осылай термелей тебіренгенде, Айт пен Бозым Шоған туысына жылап көрісіпті. Ертеңіне жеті нарға үй-мүлкін артып, көшіпті.

## Зерделі

Баяғыда Зерделі дейтін шешен, білгір адам болыпты. Бір күні Зерделі бір топ жолдасымен жиһан кезіп келе жатып, бір қарияға кездесіпті. Сәлемдесіп, жөн біліскеннен кейін қария Зерделіге:

— Әкең Қазақбайды білуші едім. Үш түрлі бала туады: бір бала әкесінен өте туады, бір бала әкесіне жете туады, енді бір бала бар, ол кері кете туады. Соның қайсысың? — деп сұрапты.

Зерделі:

— Ата, өте туған бала боларымды алдағы өнерім білер, кері кете тудым деу сізге де, сіздің алдыңызда мына жолдастарыма да өкінішті, реніш болар еді, әзірше, өз ойым, жете тудым ғой деп білем, — депті. Қария тағы бір сұрақ беріпті.

— Балам, өтірік пен шынның арасын өлшедің бе? — депті.

— Өлшедім, өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, — деп бала оң қолының саусағымен көз бен құлақтың аралығын басыпты.

Қария:

— Балам, ақыл кімнен шығады, асыл неден шығады, қанат неден шығады, жанат неден шығады, санат неден шығады, оғат неден шығады, оны білдің бе? — депті.

— Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады, тату болса ағайын бірі құйрық, бірі жал, қанат содан шығады. Қой терісін қорлама, жанат содан шығады. Халқы үшін қам жесе, санат содан шығады. Өнерсіз болса бозбала, оғат содан шығады, — депті. Қария Зерделіге риза болып, үйге түсіп, дәм татуға шақырады. Қымыз ішіп отырып Зерделі:

— Ата, екеуіңіз қалай? — деп сұрапты. Қария:

— Екеуім үшеу болды, — депті.

— Алысыңызбен қалайсыз? Жақыныңызбен қалайсыз?

— Жақыныммен жауша жағаласып, жамандарша найзаласамын. Алысым араздасты.

— Тәттіңізбен қалайсыз?

— Балам-ай, тәттінің де дәмі азая бастады ғой, — депті.

— Несиеніз тие ме, ата? — депті Зерделі тағы да. Сонда қария:

— Жасымда берген несием — қартайғандағы несибем екен, үй тігіп, қымыз сапырып отырғаным соның арқасы, — депті.

Қариямен қош айтысып, атқа қонған соң былай шыға Зерделінің жолдастары:

— Қариямен екеуіңнің соңғы сөздеріңді біз ұқпадық, соны түсіндірші, — деп өтініпті.

— «Екеуіңіз қалай?» дегенім — «Екі аяғыңыз қалай, өздігіңізбен жүре аласыз ба?» дегенім еді. Қария: «Екі аяққа бір таяқ қосылып, үшеу болды», — деді. «Алысыңызбен қалайсыз?» дегенім — «алыстағыны көре аласыз ба?» дегенім еді, қария «Алысты көрмейтін болдым», — деді. «Жақыныңызбен қалайсыз?» дегенім — «Тамақ ішіп-жеуіңіз қалай?» дегенім еді, қария: «Әр жерде бірден ғана тісім қалды, сонымен арпалысып күн көремін», — деді. Мен «Тәттіңізбен қалайсыз?» дегенім — «Ұйқыңыз қалай?» дегенім еді, қария: «Ұйқым азайды», — деп жауап берді. «Несиеніз тие ме?» дегенім — «Балаларың күте ме, жасында сіз оларды бағып-қағып өсіріп едіңіз, енді сол еңбегіңізді өтей ме?» дегенім еді. Қария: «Дұрыс тәрбиелеп, жақсы өсірген бала адамға қартайғанда бақыт екен. Балаларымның қызығын көріп отырмын», — деді.

Зерделінің жолдастары бұған өте риза болыпты да:

— Сен өзің бізбен құрдассың, екі жастың біріне келмей жатып, қариялардан асыра білім көрсеткеніңе таңғаламыз, — депті. Сонда Зерделі:

— Мен өзім жас болсам да, әкем Қазақбай көп жасады ғой, — деген екен.



## Кеден кеден болды

Ел арасы даулы болып, Кіші жүздің бір топ кісісі Орта жүздің жылқысын барымталап бара жатқанда, жай түсіп, бір адам өледі. Кіші жүз Сылдыр Көмей Темір Жақ шешенді бас қылып, Орта жүзден құн сұрай келеді.

«Құнды қылышпен алмас, қисынмен алар», — деп, Орта жүз дауға Айыр Көмей Сүйір Жақты шығарады. Сонда талапкердің алдынан шығып, Айыр Көмей Сүйір Жақ:

— Қара жамылып, қаралы ту тігіп, қалың қол келетін менде нең бар, ағайын? — дейді. Сонда Сылдыр Көмей Темір Жақ шығып:

— Кеден кеден болды,  
Кедергі неден болды?  
Ебелең елден болды,  
Жобалаң жолдан болды.  
Жерің ала болды,  
Бұлтың шала болды.  
Біздің елде жай түгіл, жауын жоқ,  
Бұл өлім сенен болмай, неден болды? — дейді.

Сонда Айыр Көмей Сүйір Жақ тұрып:

— Аймен амалдас емеспін,  
Күнмен күмәндас емеспін,  
Жермен жесірлес емеспін.  
Бұлпен бұландас емеспін,  
«Ат» деп мылтық бергенім жоқ,  
«Шап» деп қылыш бергенім жоқ.  
Отын қойып бергенім жоқ,  
Отын жонып бергенім жоқ.  
Өзіңнен маған Құдайдың бір атасын жақын қыл да,  
Менен адамыңның құнын ал, ағайын! —

дейді. Сылдыр Көмей Темір Жақ Айыр Көмей Сүйір Жақтың сөзінен тосылып, кіші жүз айыпқа өздері тоғыз төлеп, еліне қайтқан екен. «Кеден кеден болды, кедергі неден болды?» деген сөз содан қалған екен.

\* \* \*

Тұрлыбек деген болыс бір байдан параға ақ түйе алып, қасындағы ат-қосшысына жетектетіп келе жатады. Жолай кедейлеу бір ауылға түстенеңді. Ат үстінде желпініп отырған болыс, Байсеке деген ақсақалға желіде байлаулы тұрған түйені көрсетіп:



— Мына ойсыл қараны сынашы, — дейді. Сонда Байсеке:

— Бәйге алмаған тұлпардан  
Белі берік бесті артық,  
Байламы жоқ шешеннен  
Үндемеген есті артық,  
Параға алған түйеден  
Адалдан жиған ешкі артық! —

дегенде, ұялған болыс жерге кіріп кете жаздапты.

### Қара қылды қақ жарған

Ертеде Тоқтар деген байдың үйінде сол елдің ханы түстеніп отырыпты. Байдың есігінде жүрген қолбала қонақтарының қолына су құйып, орамал ұсынады. Қонақтарға табақ тартылған кезде хан тураушыға жауырынның етін сыдыртып тастап, байдың ерке баласына ұстатады.

Өзімен жасты баланың мынадай сый көргеніне жаны күйзелген жалшы бала ханға қарап:

— Бай баласы Қалдау,  
Ханнан жауырын алды-ау!  
Аузы-мұрны жоқ болса да,  
Барлық пәле маңда-ау, —

дейді қаймықпай.

Орнынан атып тұрған байды хан тыйып тастапты. Баланы жанына шақырып алып, қасына отырғызады да, өзіне тиісті жамбасты ұстатыпты.

Содан әлгі баланың шешендігі елге жайыла бастайды. Кейіннен әділдігі қара қылды қақ жарған, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін майталман шешен «Жамбас би» атаныпты деседі.

### Достық туралы

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтiмбет шешенге замандастары:

— Достық нешеу? — деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет былай дейді:

— Достықтың екі түрі болады. Бірі адал достық та, екіншісі — амал достық.

— Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? — дегендерге:

— Адал достық — өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, — деп жауап берген екен.





93.97  
 به  
 نه  
 الشان  
 ۲۹  
 زهريه لى  
 زهريه لى ده يىتە بالا كۇنىنان نىنە نىنە  
 بىلەن ارادام بولۇپتە بالا كەن نىنە ول  
 بىر توب چولدا سىنا سىنا چول چول چول  
 كەلە چاتتە بىر كارىياغا كەلە دەك سىتە  
 سىنا سىنا سىنا چول بىلەن نىنە كە يىتە  
 كارىيا الگى نىنە لى بالاغا: اگە لى قان اقباي  
 بىر بالا اگە لىنەن وتە تۇۋارى  
 بىر بالا اگە لىنەن وتە تۇۋارى  
 نىنە بىر بالا كەلە كەتە تۇۋارى دەشەلەرى  
 نىنە سونىك قان سىنا بولا سىنا دەشە  
 زهريه لى  
 اتا وتە تۇۋارنى بالا بولا لىدى اللىمى  
 ونەرمە كورسەنە كەلە كەتە تۇۋارمى  
 دەشە سىزگە دەشە سىزنىڭ اللىمىدا  
 سىنا بولا سىنا بولا كەتتى رەنى بولا  
 ونەرمە وتە تۇۋارمى دەشە  
 بىلەم

Зерделі.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан (863/2-бума, 2-дәптер)





Суретші Д. Өтеков

# НАҚЫЛ, ӨСИЕТ ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Нақыл, өсиет, қанатты сөздер — қазақ қоғамының әр кезеңдерінде тыңдаушының, әсіресе жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сіңіру үшін айтылатын дидактикалық сарыны басым туындылар. Нақыл сөз — жанрлық сипаты мен көркемдік табиғаты мақал-мәтелге жақын келетін, халықтың бай тәжірибесінен алынған терең ойды қысқаша бейнелейтін ақыл сөз. Қазақ нақылдарының тамыры фольклорлық мұралардан нәр алғанымен, дені ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында сақталып қалған. Әсіресе ақын-жыраулар, би-шешендер, жыршы-термешілер, айтушы-жеткізушілер, көнекөз қариялар арқылы жағтан жағқа ауысып отырған бейнелі сөздер таралу барысында еленіп-екшеліп, түрленіп, өзгеріске ұшыраған. Кейінгі кезеңдерге ел ақсақалдарының, қайраткерлердің, батыр-қолбасшылардың, ақын-жазушылардың т.б. ойлы, ғибратты, өткір де мәнді сөздерімен толықты. Нақылдардың қарасөз үлгілерінен бөлек ырғақты өлең тармақтары да кездеседі.

Өсиет сөздер — қалың көпшілікке, артқы буынға, келешек ұрпаққа ақыл-кеңес беріп, ағамгершілік, имандылық жолдарына бағыт-бағдар көрсететін, өмір-тіршілік, қоғам көріністері, ерлік, елдік, ынтымақ, бірлік қағидалары, өнер, ғылым, білімнің маңызы тұжырымдалатын туынды. Өнегелік мәні басым. Оның мазмұны мен құрылымында ауыз әдебиеті дәстүрінде сақталып қалған толғау, насихат, терме өлеңдерінің, нақыл мен ғибратты сөздердің сипаты айқын көрініс береді. Өмір тәжірибесінің, ұлттық құндылықтардың ұрпаққа қажетті түйіндері шынайы, ұтымды әрі көркем тілмен баяндалады. Бұл мазмұндағы сөздер мен өлеңдердің кейбір үлгілерін көне жазба ескерткіштерден, би-шешендердің, жыраулардың, ақындардың, жазба әдебиет өкілдерінің мұраларынан көруге болады.

Қанатты сөз — ұтымды, ұтқыр ой-тұжырым тиянақты бір ырғаққа үйлесе айтылатын өрнекті бейнелі сөз. Ол — халыққа етене жақын, өміршең жанр. Түп-тамыры фольклорлық мұралардан, жазба ескерткіштерден, ауыз әдебиетінен, тарихи тұлғалар мен қайраткерлердің шығармашылығынан бастау алады. Сондықтан олардың ілкі замандардан жеткен көне мәтіндері де, кейінгі кезеңде қалыптасқан жаңа үлгілері де кездеседі. Мазмұн мен жанрлық белгілері жағынан мақал-мәтелге, нақыл сөзге жақын. Дегенмен, олардан басты ерекшелігі — көпшілігі авторлық сөз болып келеді.

Бұл санаттағы жанрлар әр жылдары мүмкіндігінше жиналып, түрлі жинақтарда, бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарияланып отырды. Ғылыми нысанаға алынып, Б. Ағамбаев, Б. Уахатов, Н. Төрехұлов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томға енгізілген нақыл, өсиет, қанатты сөздер М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорының негізінде дайындалды.



## НАҚЫЛ СӨЗДЕР

«Малым бар» деп мақтанба,  
Боран соқса, қайтесің?!  
«Басым бар» деп мақтанба,  
Ажал соқса, қайтесің?!  
«Тілім бар» деп мақтанба,  
Тіл байланса, қайтесің?!  
«Бағым бар» деп мақтанба,  
Сорға айналса, қайтесің?!  
Ақылдан артық хандық жоқ,  
Жомарттан артық нарлық жоқ.

\* \* \*

Қатынды тепсең — сағы сынар,  
Баланы ұрсаң — бағы сынар.  
Қатын ашынса — қатты айтар,  
Бала ашуланса — бетің қайтар.

\* \* \*

Тасыма, жігіт, тасыма,  
Тасыған жетер басыңа!  
Ителгідей томсарсаң,  
Кім келеді қасыңа?  
Күшігендей солқылдап,  
Күлгенің не досыңа?!

\* \* \*

Аталы ерден би туса,  
Халықтың пайдасына жанасады.  
Жақсы адамға мал бітсе,  
Ағайынның жоғына қарасады.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Көрінгенмен итше таласады.

\* \* \*

Құйрығы суда болса да,  
Қурамайтын құрақ жоқ.  
Дүние деген — пәни бұл,

Баласы жоқта шырақ жоқ,  
Бәрінен қиын сол екен —  
Артында қалған тұяқ жоқ.

\* \* \*

Ата-ананың қадірін  
Балалы болып, байқадым.  
Ағайынның қадірін  
Қаралы болып, байқадым.  
Жанашырдың қадірін  
Жалалы болып, байқадым.

\* \* \*

Біреуден алсаң аманат,  
Берсең жақсы — саламат.  
Жанжал қылсаң, бақ кетер,  
Ақыры қалар жаманат.

\* \* \*

Қайыра-қайыра тартуға  
Ауыздықтың сомы игі.  
Аударыла шабуға  
Артқы айылдың берігі игі.  
Қаба-қаба сөйлеуге  
Қарындастың көбі игі.

\* \* \*

Шөлде өскен дуадақ  
Көл қадірін білмейді.  
Көлде өскен қоңыр қаз  
Шөл қадірін білмейді.  
Тауды жайлап, таста өскен,  
Ағайыннан басқа өскен  
Ел қадірін білмейді.

\* \* \*

Арғымақ мінген байлардың  
Тайға мұқтаж күні бар,

Май шайнаған билердің  
Нанға мұқтаж күні бар.  
Елден безген залымның  
Елге мұқтаж күні бар.

\* \* \*

Қызыл тілін безеніп,  
Шешен жігіт дауда ойнар.  
Ақ балтырын түрініп,  
Палуан жігіт тойда ойнар.  
Баданасын киіп ап,  
Бар қайратын жиып ап,  
Жасыл туын көтеріп,  
Шашақты найза қолға алып,  
Батыр жігіт жауға ойнар.  
Дастарқанын кең салып,  
Жомарт жігіт күнде ойнар.  
Баданасын кие алмай,  
Жауға батыл тие алмай,  
Бедірей бетпақ үйде ойнар.

\* \* \*

Ақкөңілден би қойсаң,  
Бұрылмас сөзге арадан.  
Қара жүректен би қойсаң,  
Аузы кеппес парадан.

\* \* \*

Асу-асу белдер бар,  
Аса алмаса, ат өлсін.  
Ағайынмен тату бол,  
Айыра алмай, жат өлсін.

\* \* \*

Жетімшілік көп көрген —  
Үш шақырмай, «ә» демес.  
Ашаршылық көп көрген —  
Өзі тоймай, «мә» демес.  
Жаманшылық көп көрген —



Жақсы сөзге «жә» демес.  
Ақсұңқардың баласы  
Сарқыт қоймай жем жемес.  
Қанша жуан болса да,  
Жалғыз ағаш үй болмас.  
Қанша жақсы болса да,  
Жалғыз адам би болмас.

\* \* \*

Басқа бақ жарасады,  
Батырға жақ жарасады.  
Аталы ерден би тұрса,  
Халықтың пайдасына жанасады.

\* \* \*

Қарауылдың жаманы —  
Алдырғанда өкінер,  
Балуанның жаманы —  
Шалдырғанда өкінер.

\* \* \*

Жаман ердің қайғысы  
Өз отының қасында,  
Жақсы ердің қайғысы  
Ауылының басында.  
Жаман еркектің басын  
Жақсы әйел хан қылады.  
Жақсы еркектің басын  
Жаман әйел даң қылады.

## ӨСИЕТ СӨЗДЕР

Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл соқса, үй кетер.  
Жатқа тізгін бермеңіз,  
Жалалы болса, бас кетер.

\* \* \*

Қара жерді жамандама,  
Кіретұғын көріңді.  
Қауым-жұртты жамандама,  
Көп табады мініңді.  
Білгендерді жамандама,  
Басшы болған піріңді.

\* \* \*

Бала болсаң — болғандай бол,  
Ағайынға қорғандай бол.  
Досыңа майыспа,  
Дұшпаныңа қайыспа,  
Жаман болсаң, көп жақсы,  
Жақсы болсаң, еп жақсы.

\* \* \*

Қатыныңмен дос бол,  
Үйіңе береке кіреді.  
Азаматпен дос бол,  
Қадіріңді біледі.  
Білімдімен дос бол,  
Сасқанда ақыл береді.

\* \* \*

Өткел өтсең, бұрын өт,  
Арты болар бір тайғақ.  
Ұрлық қылсаң, жалғыз ет,  
Екеу болсаң, бірі айғақ.

\* \* \*

Пышағыңды мұқалтпа,  
Не кеспесті біліпсің?  
Сырын білмей сыр айтпа,  
Не деспесті біліпсің?

\* \* \*

Көлік жисаң, атан жи,  
Қияға салсаң, мойытпас,  
Сауын жисаң, бие жи,  
Үш ай тоқсан болғанша,  
Ариды деп ағытпас.

\* \* \*

Жанашырың жоқ болса,  
Жатпен жалғыз жүрмеңіз.  
Қостаушыңыз жоқ болса,  
Біле тұра, білмеңіз.

\* \* \*

Тау берігінде қонысың болсын,  
Іздеген жау таба алмайды.  
Ел берігінде досың болсын,  
Аңдыған дұшпан ала алмайды.

## ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше үйрен.

\* \* \*

Асыға айтсаң да, асыра айтпа.

\* \* \*

Алтын жығаң болса да, жаға менен жең керек,  
Асқан батыр болсаң да, ағайын мен ел керек.

\* \* \*

Арба отын әкелсе, тыныс табады,  
Әкелмесе, өзі отқа жанады.

\* \* \*

Артыңа жаман жұраттан жақсы сөз қалдырған артық.

\* \* \*

Жаман жүрат ұятқа қалдырады,  
Жақсы сөз рухыңды қандырады.

\* \* \*

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде.

\* \* \*

Ашулының алдынан шықсаң — найзасы бар,  
Соңынан барсаң — пайдасы бар.

\* \* \*

Әдет — әдет емес, жөн — әдет.

\* \* \*

Әзірейіл барда «жаным бар» деме,  
Ақ жалау барда «малым бар» деме.

\* \* \*

Әнші болсаң, той көп,  
Шаруа болсаң, қой көп.

\* \* \*

Бабын тап та, бақ өсір.

\* \* \*

Берейін десе, түгі жоқ, бермейін десе, күні жоқ.

\* \* \*

Басына тұрымтайдың бақыт қонса,  
Самұрық қызмет етер панасыңда.

\* \* \*

Басыңа бақ-дәулет қонғанда — бәрі дос,  
Басыңнан бақ-дәулет тайғанда — бәрі қас.

\* \* \*

Бәдік пенен той басқа,  
Ешкі менен қой басқа.

\* \* \*

Болса да қатты өкпең, бөлініп шықпа көптен.

\* \* \*

Білсе — барымта, білмесе — сырымта.

\* \* \*

Ғалыммен дос болсаң — ақылың артар,  
Залыммен дос болсаң — басың қатар.

\* \* \*

Дананың ақылы — дария,  
Халықтың ақылы — мұхит.

\* \* \*

Елгезек ерте тұрып, іс тындырар,  
Еріншек түсте тұрып, не тындырар?

\* \* \*

Ерте тұр, ерте жат іңірден,  
Таңғы нәсіп Тәңірден.

\* \* \*

Ерте жат та, ерте тұр,  
Таңғы нәсіп күте-дүр.

\* \* \*

Жақсы бақсаң, тоқтың егіз табады,  
Салақ қарасаң, саулығың қысыр қалады.

\* \* \*

Жақсы басшы — елге құт,  
Жаман басшы — елге жұт.

\* \* \*

Жақсы кісі ісінен мәлім,  
Жылқы жасы тісінен мәлім.

\* \* \*

Жарыс бар жерде намыс бар.

\* \* \*

Жерге шанышқан бір шыбық  
Өсірсең, сая тал болды.  
Жерге шашқан дән шығып,  
Өсірсең, дәулет, мал болды.

\* \* \*

Көкке қарап, үміт күткен —  
Құралақан қалады.  
Жерге еңкейіп, еңбек еткен —  
Абырой, бақыт табады.

\* \* \*

Көрнекті ісің үлгі болады,  
Көріксіз ісің күлкі болады.

\* \* \*

Күлтөбенің басында күнде жиын,  
Ақыры бұл жиынның болды қиын.

\* \* \*

Құмырсқа да қыбырлап қыр асады.

\* \* \*

Мансап биігі — бір күндік,  
Мақсат биігі — мың күндік.

\* \* \*

Өзімшілдің өнері жоқ,  
Өнерсіздің сенері жоқ.

\* \* \*

Санасы жоқ сәнқой тойшыл келеді,  
Санасы көп сабырлы ойшыл келеді.

\* \* \*

Сөз реті келгенде, сөйлемесе, атасы өледі.

\* \* \*

Теңіздің қасиеті тамшыдан танылады.

\* \* \*

Ынтымақты ел ыдырамас.

\* \* \*

Шындық шыңыраудан алып шығады.

## ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ




**Берзин Илья Николаевич (1818–1896)** – орыс ғалымы, шығыстанушы, ориенталист. Екатеринбургтегі уездік училищеде, Пермь гимназиясында, 1834–1837 жылдар аралығында Қазан университеті тарих-филология факультетінің шығыс бөлімінде білім алған. Ол 1842 жылы Дағыстан, Иран, Түркия, Мысыр т.б. елдерді аралап, оралғаннан кейін Қазан және Петербург университеттерінде дәріс береді, осы университеттердің профессоры атанады. «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» жинағын баспаға дайындап, оған Рашид ад-Дин, Мұхаммед Шайбани, Қадырғали Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің орыс тіліндегі аудармасын енгізуге атсалысты. Жошы ұлысы хандарының жарлықтарын зерттеуге зор ынта қойып, соңында «Шығыс елдеріне саяхат», «Орысша энциклопедиялық сөздік» сияқты елеулі еңбектер қалдырды. Князь В.А. Кудашев көшіріп алған Абай қолжазбасы осы кісі арқылы Петербургтегі Орыс географиялық қоғамының қорына тапсырылған. «Түрік тайпасының халық мақалдары» («Народные пословицы тюркского племени», 1856) еңбегінде түрік, татар, қазақ мақал-мәтелдерін салыстыра отырып зерттеген.





**Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835–1865)** — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгерген. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Едіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсіргі. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақ ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдерін, халық поэзиясының үлгілерін жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.



**Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгелм) (1837–1918)** — шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарады. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ фольклорының үлгілерін жариялаған. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп төркіні ортақ екенін дәлелдеді.



**Катаринский Василий Владимирович (1846–1902)** — орыс ориенталисі, педагог-ағартушы. Ол 25 жылдан астам уақыт Орынбор облысында татар, башқұрт және қазақ мектептері жөніндегі инспектор болған. В.В. Катаринский қазақ балаларына арналған «Қазаққа арналған әліппе», «Қазақтарға арналған орыс тілінің бастапқы оқулығы», «Қазақ тілінің грамматикасы», «Қазақ этнографиясына қатысты материалдар» сияқты оқу құралдары мен еңбектерін жазды. Орынбор қаласында 1899 жылы «Қазақ мақал-мәтелдерінің жинағы» («Сборник киргизских пословиц») деген атпен мақал-мәтелдерді жеке кітап етіп бастырды. Оның тікелей араласуымен және редакциялауымен алғаш рет «Қысқаша қазақша-орысша сөздік», «Орысша-қазақша сөздік» құрастырылып, жарық көрген.



**Диваев Әбүбәкір Ахметжанұлы (1856–1932)** – башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны – Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет еткен. Эпостық жырларды, ертегілер, аңыздар, балалар фольклоры, шешендік сөздердің түрлі үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялап, кейбірін орыс тіліне аударды. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды.




**Көпеев Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) (1857–1931)** — ақын, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса көрнекті өкілі. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялауға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен кеңінен танысқан. Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білген. Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Сонымен бірге ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсаған ағартушы.





**Васильев Александр Васильевич (1861–1943)** – шығыстанушы ғалым, белгілі ориенталист, миссионер. Қазан губерниясына қарасты Чебоксар уезінің Шутнерево селосында дүниеге келген. Чебоксардағы діни училищеде, кейін Қазан діни академиясында оқыған. 1894 жылдың жазы мен 1906 жылдың жазы аралығында он бір рет Қостанай, Торғай, Ырғыз, Ақтөбе өңірлерін аралап, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға атсалысты. Ол жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобын «Торғай» газетінде жариялады. Кейбір ертегілерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен баталарды орыс тіліне аударып, бастырды. Ғалым жинаған материалдар қолжазба күйінде Татарстанның тарих, тіл және әдебиет институтының архивінде, ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорларында жинақталған.



**Мелиоранский Платон Михайлович (1868–1906)** – түркітанушы ғалым, В.В. Радловтың шәкірті, Петербург университетінің профессоры (1905). 1891 жылы Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің араб-парсы-түрік-татар бөлімін бітіріп, кейін өзі де осы университетте дәріс берген. П.М. Мелиоранскийдің ғылыми-зерттеу еңбектері түркі тілдерінің тарихы мен көне түркі жазба ескерткіштерін лингвистикалық тұрғыдан талдауға арналған. Орынбор губерниясы мен Торғай даласында қызмет істеген жылдары қазақ тілін үйрене жүріп, фольклор мұраларын жинаумен де айналысты. Олардың кейбірін жинақтап, «Қазақ мақалдары мен жұмбақтары» деген атпен жариялады. Сондай-ақ екі бөлімнен тұратын «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» (1894, 1897) атты еңбек жазды және Орхон жазуларының мәтінін аударып, оларға лингвистикалық талдау жасады.



**Баржақсыбаласы Ахмет (1894–1935)** — қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, аудармашы. Бұрынғы Ақмола облысы, Атбасар уезі Жезді болысында туған. Атбасар қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін, Омбы мұғалімдер семинариясын бітіргі. Кейін Омбы ауылшаруашылық институтында, Мәскеудегі Әдебиет институтында білім алды. Ахмет Баржақсыбаласы — өзінің қысқа ғұмырында артына мол әдеби, ғылыми мұра қалдырған тұлға. Ол 1913–1914 жылдары қазақ мақал-мәтелдерін жинап, 1915 жылы тұңғыш рет «Мың бір мақал» кітабын қазақ, орыс тілдерінде шығарды. Қазақтың салт-дәстүрі мен ел тұрмысы жайлы сөз қозғайтын «Ертерек білсең жасырма» мақаласы Орыс географиялық қоғамы «Жазбаларының» 1916 жылғы 28 тамыздағы санында жарық көрген. Ол Л.Н. Толстойдың әңгімелерін аударған, бұл аудармалары «Айқап» журналында жарияланды. Оқу-ағарту мәселесі, әйел теңдігі туралы мақалалары мен әңгімелері «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Үш жүз» газеттерінде, «Айқап» журналында басылып тұрды.





**Ғабитова Фатима** (1903–1968) — әдебиеттанушы, ұстаз, халық мұрасын жинаушы. Ол қазіргі Алматы облысының Қапал ауылында туған. Қыздарға арналған орта орыс мектебі мен татар қыздар мектебінде білім алған. Он бес жасында Қапалдағы татар медресесінде мұғалім болып қызмет атқарған. Кейін Орынбордағы «Хусаиния» медресесінде, Қазақ университетінің филология факультетінде білімін жетілдіріп, ұзақ жылдар бойы қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, ұстаздық еткен. Жаркент, Семей, Ақтөбе, Алматы қалаларында тұрған уақыттарында түрлі мектептер мен техникумдарда мамандығы бойынша дәріс берген. Оның қаламынан көркем аудармалар, лирикалық этюдтер мен әдеби сын еңбектер де туындады. Сонымен бірге қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры ретінде 1932 жылдан бастап атақты қазақ ақыны І. Жансүгіровпен бірге ел арасынан рухани мұраларды жинап, сирек қорларға тапсырып отырған. Әсіресе Ә. Диваев еңбектерін сақтап, кейінге жеткізуде Ф. Ғабитованың сіңірген еңбегі зор.



**Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904–1985)** — аса көрнекті қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, фольклортанушы. 1940–1941 жылдары «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Жамбыл Жабаяев» т.б. еңбектері жарық көргі. 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп, «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта кандидаттық (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбында докторлық диссертация (1945) қорғады. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» (1959), «Шоқан және Манас» (1971) т.б. ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануға сүбелі мұра болып саналатын 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері бар.



**Тұрманжанов Өтебай (1905–1978)** — жазушы, қазақ мақал-мәтелдерін жинап, жариялаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданында туған. 1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетін аяқтап, Ташкенттегі Орта Азия университетінің оқытушысы, даярлық курсының және қазақ-қырғыз тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. Кейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында әдебиет пәнінен дәріс оқып, Өзбекстан Жазушылар Одағы жанынан құрылған қазақ секциясын басқарды. Елге оралып, Қазақ мемлекеттік және «Жазушы» баспаларында, «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет майданы», «Жұлдыз» секілді газет-журналдарда лауазымды қызметтер атқарды. Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, айдауда болды. Ол көркем шығармалар жазып жүріп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға да қызығушылық танытты. Жазушының құрастырумен 1935 жылы жарық көрген «Қазақ мақалдары мен мәтелдері» жинағы кейін толықтырылып, әр жылдары (1952, 1967, 1980, 1993, 1997) қайта басылып отырды.



**Адамбаев Балтабай** (1909–1995) – белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы, ақын. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1945–1994 жылдар аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеді. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинады. Зерттеу нысаны қазақтың шешендік өнеріне, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көп жерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинастырды. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер т.б. фольклорлық жанрларға қатысты бірнеше зерттеу еңбектері жарық көргі.



**Шашкин Зейін** (1912–1966) – дәрігер, көрнекті жазушы. Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Мәскеудің Тарих, философия және әдебиет институтында оқып, Семей және Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттарда оқытушылық қызмет атқарды. Ел арасынан халық жұмбақтарын жинап, тақырыптарға жүйелеп, 1934 жылы жеке жинақ құрастырып, оның алғы сөзін жазды. Өкінішке орай, 1938 жылы З. Шашкин «халық жауы» деген атпен он жылға сотталып кеткендіктен, кітап жарық көрмей қалды. Айдауда жүріп, дәрігерлік кәсіппен шұғылданып, жинаған тәжірибесінің негізінде 1945 жылы Иркутск медицина институтын бітіреді. Кейін Көкшетаудағы Бурабай шипажайында дәрігер, Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші қызметтерін атқарды. «Ақбота», «Тоқаш Бокин», «Теміртау» секілді әңгіме-повестер мен «Доктор Дарханов», «Сенім» романдары жарық көрді.






**Төреқұлов Нысанбек (1921–2009)** – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, халық мұрасын жинаушы. Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Досан ауылында туған. Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітіріп, 1961 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ғалым қазақ кеңес әдебиетінің тарихы, қазақтың айтыс өнері туралы, Жамбылдың шығармашылығы мен өмірбаяны жөнінде, қазақтың шешендік өнері, билері мен шешендері туралы еңбектер жазды. Олардың арасында «Қазақтың қанатты сөздері» «Современный казахский фольклор», «Қырық хикая», «Жүз жасаған бәйтерек», «Алатау асқарынан жыр асырған», «Қазақтың жүз шешені (1–4 кітаптар)», «Даланың дара ділмарлары» (1–2 кітап), «Ғұмырнамалық баян» т.б. еңбектері бар. Әр жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға, оларды жүйелеп, зерттеуге үлес қосты.



**Тілеужанов Мәтжан** (1927–1995) – филология ғылымдарының докторы, профессор, халық мұраларын жинаушы. Орал педагогикалық институтында оқып, 1950 жылдан өмірінің соңына дейін осы оқу орнында оқытушылық қызмет атқарды. Қазақстан Ғылым академиясының аспирантурасында дәріс тыңдап, кандидаттық (1957), кейін докторлық (1982) диссертациялар қорғады. Институт қабырғасынан «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ашып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар фольклорлық-этнографиялық мұраларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, араб, латын жазуымен басылған сирек кітаптар мен қолжазбалар жинаумен айналысты. Ғылым саласында да өнімді еңбек етіп, халық әдебиетіне байланысты «Дала дауысы», «Дала мұңы», «Дала арулары», «Сырым Датұлы туралы», әдебиеттануға қатысты «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы», әгістемелік құрал, оқулық ретінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың көркемдік иірімдері», «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс», «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері», «Сырым Датов және оның шешендік сөздері», «Қазақтың халықтық педагогикасының кейбір мәселелері» т.б. зерттеу еңбектерін жазды.



**Саттаров Қыдырәлі (1941–2011)** – фольклортанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Өзбекстанның Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданына қарасты Ақсақ ата ауылында туған. Қазақстанның оңтүстік өңірінен, әсіресе Өзбекстан аумағында, Сырдария мен Әмудария құйылыстары бойында өмір сүретін қазақтар арасынан халық мұраларын жинауға ұйытқы болып, олардың жүйеленуіне, зерттеліп, жариялануына басшылық жасады. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етті. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерін (200-ден аса жинақ) жанрлық тұрғыдан іріктеп, алғы сөзін, мәліметтерін жазып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды.





**Керім Шамшәдин** (1962 жылы туған) — фольклортанушы-ғалым, шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қызылорда облысы Арал ауданы Құланды бөлімшесінде дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде араб тілі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алды. Қазақстан Республикасы Орталық мұражайында, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында еңбек етті. Ол ұзақ жылдар Өзбекстандағы Ғ. Ғұлам атындағы Сырдария мемлекеттік университетінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде лауазымды қызметтер атқарды. Халық арасынан фольклорлық мұраларды жинаумен де шұғылданып, оларды ғылыми жүйеге түсіріп, іргелі зерттеу еңбектерін жазды. Олардың арасында «Қазақ жұмбағы» (2007), «Сығанақ саңлағы» (2012), «Сал-серілер поэзиясы/ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы» (2017) т.б. еңбектері бар. Бүгінде Керім Шамшәдин — Нұр-Мұбарак университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры.

# СУРЕТТІ СӨЗДІК

## МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ



Малшаруашылығының қалыптасуы неолит дәуірінен бастау алады. Орта Азияда б.з.д. VIII-VII мыңжылдықтарда қой (муфлон) мен ешкінің (уриал) үй жануарына айналғаны археологиялық, зоологиялық зерттеулердің нәтижесінде дәлелденді. Қола дәуірінде кешенді малшылық-егіншіліктің отырықшы шаруашылығы қалыптасты. Дегенмен, далалы өлкелерде үй маңы шаруашылығынан жартылай көшпелілікке, кейін б.з.д. I мыңжылдықта бірыңғай көшпелілікке ұласып, малшаруашылығының рөлі артты. Б.з.д. V-IV ғасырларда жылқы қолға үйретіліп, үй жануарына айналды. Сәл кейінірек түйе де көлік ретінде пайдаланылды.

Көшпелілердің жылқыны қолға үйретуі адамзаттың экономикалық-әлеуметтік, әскери мәселелерінің дамуын жеделдетті. Халықтардың қарым-қатынастарының, сауда-саттықтың, әскери өнердің қарқындап жетілуіне, материалдық игіліктердің түрленуіне оң әсерін тигізді. Мысалы, атты мініс көлігі ретінде пайдаланған кезеңде көшпелілер әлемде алғаш рет атқа минуте ыңғайлы шалбар ойлап тапты. Кейін етік, ер мен үзеңгі сынды құндылықтарды өмірге әкелді.

Қазақтар мекендеген өлкелер көшпелі тіршіліктің негізгі көзі — малшаруашылығы кәсібімен айналысуға қолайлы. Оның еңбек тәжірибесі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мінез-құлқы т.б. рухани болмысы осы кәсіпке негізделген. Ұлы далаға нәр беріп, малшаруашылығының өркендеуіне

жағдай жасайтын өзен-сулар, теңіз-көлдер жеткілікті. Таулы, далалы, шөлейтті зоналар мен белдеулерді алып жатқан Қазақстан аумағында малшаруашылығына негізделген көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы дәстүр қалыптасқан. Кейінгі кезеңдерде жартылай көшпелі малшаруашылығы тұрақтап қалғандықтан, қой-ешкінің, жылқы мен ірі қараның үлес салмағы артты.

## ЕГІНШАРУАШЫЛЫҒЫ



Егіншілік мәдениетінің дәстүрлі ошақтары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Сырдария, Арыс, Шу, Талас өзендері бойында шоғырланды. Қаратаудан басталатын өзендердің аңғарларында, Ұлытау төңірегінде, Атбасар даласында да қалыптасты. Оңтүстік өңірлерде егіншілік суармалы болды. Атап айтқанда, Сырдарияға жақын жатқан өңірлердегі егіс алқаптары тарамды каналдар мен арықтар жүйесі арқылы суғарылды. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде қираған Сығанақ қаласы кейін қайта көтеріліп, XIV ғасырда Ақ Орданың астанасына айналды. Бұған Түркістанның отырықшы егіншілік аумағы Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі аудандарымен шектесетін жерінде қолайлы орналасуы әсер етті.

Егіншіліктің тағы бір өріс алған жері Ясы қаласының маңы болды. Бұл жер астық өнімдерімен, бау-бақшасымен өз мұқтаждығынан тыс көрші қалаларды да қамтамасыз етті. Отырар, Сауран, Сайрам жазиралары да егіншіліктің ірі ошақтары болды. Сайрам қорғанының ішіндегі алқапта бау-бақша өсірілді, ал қорған сыртында дәнді дақылдар егілетін көлемді егістік жерлер пайдаланылды.

Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара қатынастары қазақ халқының этникалық даму процесінде маңызды қызмет атқарды. Егіншілік

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірінде зор шаруашылық маңызға ие болды. Қала тұрғындарының кәсіпшілігіндегі егіншіліктің кең түрде орын алғанына археологиялық қазба жұмыстарында табылған ұралар, аулалар, қоймалар және малға арналған қора-қопсылар айқын дәлел бола алады. Орта ғасырлардағы қала тұрғындарының өмірінде қосалқы егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Тұрғындар қала сыртында өңделетін жеке жер телімдерін иеленіп, жаз айларында сонда қоныс аударып отырған.

Алайда XVI – XVII ғасырларда Қазақстан аумағының көпшілік бөлігінде егіншілік нашар дамыған еді. Себебі бұл кәсіппен малы аз, кедей қазақтар ғана шұғылданды. Кедейленген «жатақ» немесе «отырықшы» деп аталатын әлеуметтік топтар малы көбейе бастағанда көшпелі малшаруашылығына қайта оралып отырды. Өйткені, малшылардың көшіп-қону мүмкіндігі оның ауқаттылығының белгісі ретінде танылды. Әдетте, егіндіктер қыстаулардың маңайына орайластырылды. Дәулетті адамдар жайлауға шыққаннан кейін, қыстаудағы жерді өңдеу, егісті күту, баптау, орып, бастыру жұмыстары ыңғайлы болды. Қазақ диқандары негізінен тары, ішінара бидай, арпа, жүгері егуге машықтанды. Егіншілікке қажетті еңбек құралдары өте қарапайым, өздері дайындап алуға ыңғайлы заттардан жасалған. Астықты қырмандарда ат тұяғымен, кейде арнайы тоқпақтармен, тұлық таспен бастырды.

## САЯТШЫЛЫҚ



Ежелгі дәуірде тіршіліктің көзі болған аңшылық кәсіп кейіннен шаруашылықтың қосалқы түріне айналды. Қазақтар үшін тазы жүгіртіп, құс салу кәсібі сейілдік мәнге ие болды. Енді дала тағылары мен аңқұстардың етін, терісін, жүнін т.б. өнімдерін шикізаттық, емдік мақсатта пайдалану қолға алынып, аң аулауда дәстүрлі жаңа тәсілдер



қолданылды. Қазақ саятшылары аңды садақ, қақпан, тұзақ, айбалта, сойыл, шоқпар секілді құралдармен аулады және бұл салаға бүркіт, қаршыға, сұңқар, лашын, ителгі секілді жыртқыш құстарды, тазы иттерді де баулып, қосты. XVIII ғасырдан бастап бұл қатарға «от қару» — мылтық та кірді. Сондықтан қазақтың ер серігі қатарына жақсы аты, қыран бүркіті, алғыр тазысы, бес қаруы жатқызылады.

Қазақ қоғамында құс салып, ит жүгіртіп саятшылық құру үлкен мәртебе саналды. Жақсы бүркіттің құны 5 — 6 түйеге бағаланды. Құсбегілер бүркітті негізінен қоянға, түлкі мен қарсаққа салғанымен, кейбір қыран бүркіттер қасқыр, елік, арқар сияқты үлкен аңдарға да түсетін еді. Қансонарда (қараша соңынан ақпанға дейін) тәжірибелі бүркітшінің 30 — 60 түлкі, 20 — 25 қасқыр алатын кездері де болған. Кәнігі құсбегілер құсты баптау, баулу сияқты өнерді жақсы меңгерді. Ұшқыр тазы иттерді ұстап, баптап, аңға қосу да үлкен шеберлікті қажет етті. Күн райын таңдамайтындықтан, тазымен аңға шығу көбіне күз бен қыс айларында жүзеге асырылды. Аңшы иттерді мүмкіндігінше түлкі, қоян, борсық, қасқыр, киік секілді дала аңдарына қосты. Тазы мен бүркітті қатар салудың ұтымды жақтары мол болды. Мұндай жағдайда ит тасадағы аңды ашыққа қуып шығарып, бүркіттің қиындықсыз ілуіне мүмкіндік туғызады.

Аңшылар от қаруларды құлан, киік, ақбөкен, марал, бұғы тәрізді ірі аңдарды атуға пайдаланды. Ең қауіпті аңшылық — жолбарыс аулау болып саналды. XIX ғасырда бұл жыртқыш Арал теңізі мен Балқаштың оңтүстік жағалауында, Іле өзенінің аумағында тіршілік етті. Оның бағалы терісі басын қатерге тіккен аңшының еңбегін өтеп қана қоймай, қомақты пайда да түсірді. Себебі қымбат аң терілері асыл бұйым болумен қатар сауда-саттық жағдайында айырбасқа жүретін ақша қызметін де атқарды.

## ШИКИЗАТ ӨҢДЕУ ӨНЕРІ

**Тас қашау.** Бұл кәсіптің төркіні ежелгі дәуірлерден бастау алады. Сондықтан қай заманда да дән үгетін қолдиірмен мен оның тасын, астық бастыратын шаңтас, тас астау, ұршық басы, бейіт басына қоятын көктас, құлпытас, қойтас деп аталатын және мүсінтас, сынтас сынды ескерткіш белгілерін жасайтын шеберлерге жоғары сұраныс болды. Шеберлер жазу немесе бедер салуға қолайлы тас түрлерін таңдап, олардың беттеріне заманына сай белгі



қалдырып отырған. Әсіресе таулы жерлердің қойтастары, өзен-судың малта тастары, теңіз орнындағы ұлутастар кеңінен пайдаланылған. Қазақстанның батыс өңірлерінде жиі кездесетін аса терең шыңырау құдықтардың қабырғасын таспен өріп, аузына тастан қашалған әйкелдер орнатқан. Асыл тастарды түрлі пішінде өңдеп, әйелдердің әшекей-сәндік бұйымдарына қондырған. Жүзік пен білезіктің бетіне, ердің алдыңғы қасына қондырылған бағалы тастардың қатарында гауһар, маржан, ақық т.б. көзтас бар.

**Тері өңдеу.** Көші-қон кезінде алып жүруге ыңғайлы, тұрмыс қолданысына төзімді болатындықтан, кейбір ыдыстар, тұрмыстық заттар, үй жиһаздары теріден жасалды немесе терімен қапталды. Төрт түліктің өңделген терісінен саба, қауға (су таситын, су тартатын шелек), көнек, мес (сүт, сусын құятын ыдыс), торсық т.б. жасалды. Қозы, лақ терісінен де сусынға арналған жеңіл торсықтар істелді. Аттың ертоқымына, жүген-ноқтасына, байлап-бекітуге қажетті бөлшек заттарды, арқан, шылбырды да тері өңдейтін шеберлер әзірледі. Тері өңдеушілер зергерге тапсырыспен жасатқан күміс құймалар, шытыраларды ертоқымға, жүгенге, өмілдірік-құйысқанға бекіту, әшекейлеу жұмыстарын да атқарады. Қайыстан қамшы таспасын тіліп, өретін шебер *өрімші* деп аталды. Олардың қолынан *өрмежүген*, *өрмеарқан*, тіпті *өрмесаба* сияқты өнер бұйымдары да әзірленді.




**Жүн өңдеу.** Жүн өңдеу, киіз басу — дәстүрлі машық пен шеберлікті қажет ететін күрделі өнердің бірі. Қой түлігі жылына екі мезгіл қырқылып, жүн алынады. Оның алғашқысы көктемнен басталып, малдың *жабағы жүні* түсе бастағанда жинап алынады, екіншісі жүн толық жетілген күз кезінде қырқылып, *күзем жүні* алынады. Олар жіп иіру, арқан, бау-шу есу үшін пайдаланылады. Иірілген жіптен кілем, тұрмыстық бұйымдар мен үй бұйымдары тоқылады. Олардың қатарында *қоржын*, *керме*, *дорба*, *аяққап*, *тең*, *боғжама* т.б. бар. Жүннен басылатын кілем

мен сырмақ, текемет, откиіз көшпелі тұрмыс-тіршілікке аса қажетті үй жасаулары — күнделікті төсеніш, сәндік бұйым. Олар сан түрлі ою-өрнегімен, ұлттық нақышымен, әрқилы бояуымен үй ішіне айырықша көрік береді. Киіз үй жабындары саналатын — туырлық, үзік, түндік (төбекиіз) пен іргелік киіздері үйдің сәніне қарай бірыңғай ақ жүннен немесе қара, қызыл жүннен арнайы басылады. Соған байланысты киіз үй ақ орда, боз, қараша үй сияқты атауларға ие болған.

**Сүйек, мүйіз өңдеу.** Сүйек пен мүйіз өңдеу де қазақтың байырғы әрі дәстүрлі өнерінің санатына жатады. Шеберлер бұл шикізат өнімдерден бұйым жасауда халықтың наным-сенімінен кең орын алған мал мен жануарлардың сүйектері мен мүйіздерін пайдаланған. Ағаштан жасалатын мүліктерді сүйекпен әрлеу — қазақтың ертеден келе жатқан көркемөнерінің түрі. Сүйектен ойып өрнек салушылар *сүйекші*, *шебер* деп аталды. Сүйек пен ағаш пайдаланылатын тұрмыстық бұйымдардың, үй жиһаздарының, ат ер-тұрманы мен әбзелдерінің, музыкалық аспаптардың беткі жағы безендірілген. Әсіресе саңдық, кебеже, төсек ағаштардың алдыңғы беттері айрықша талғампаздықпен әшекейленген. Мүйізден насыбай шақша, пышақ пен қылышқа сап т.б. жасалған.



## КИІЗ ҮЙ



1. Шаңырақ. 2. Уық. 3. Кереге. 4. Сықырлауық — Есік. 5. Түндік. 6. Үзік. 7. Туырлық.

**Киіз үй** — ағаш пен киізден жасалатын жылжымалы баспананың түрі. Оның көлеміне, киізінің түсіне қарай *ақ орда*, *ақ үй*, *ақбоз үй*, *қара үй* сияқты түрлері кездеседі. Құрылымы материалдық ерекшелігіне байланысты *сүйегі (қаңқасы)* және *жабуы* болып екіге бөлінеді. Сүйегіне *кереге*, *уық*, *шаңырақ*, *есік (сықырлауық)* кіреді. Жабуды құрайтын *туырлық* — керегенің іргесінен уықтың қарына дейін; *үзік* — кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты; *түндік* — шаңырақты; *киіз есік* — *сықырлауықты (есікті)*, *іргелік* — туырлық етегін жауып тұрады. Киіз үй көлемі кереге (қанат) мен оның уық байлайтын басының санымен есептеледі (60 — 80 басты — қара үй, 200 басты — ақ орда т.б.). Сүйегін бір-бірімен байланыстыру, сыртқы жабдықтарын бастырып тұру мақсатында бау-құрлар қолданылады. Киіз үйдің есігі шығысқа қаратып тігіледі. Себебі көне түсінік бойынша үйге енетін алғашқы қонақ — күннің сәулесі кедергісіз түсуі тиіс. *Шаңырақ* — отбасылық қасиетті символ. Әке-шеше үйіне мұрагер болып қалған кенженің үйі — *қарашаңырақ* аталады. Шаңырақтың ортасындағы күлдіреуіштің төрт бөлігі әлемнің төрт бұрышын көрсетіп тұрады. Ежелгі көшпенділер күндіз шаңырақтан түскен жарықтың үй бөліктеріне түсуіне, түнде күлдіреуіштен жұлдыздардың көріну өзгерістеріне қарап, жыл мезгілдерінің амалдарын есептеп, ауа райын болжап отырған.

Киіз үйдің ішкі аумағы бірнеше бөлікке бөлінеді. Кіре беріске қарама-қарсы жақ төр деп саналады. Ол — құрметті қонақтарға арналған орын. Үйдің төрден қарағандағы оң жағы — ер адамдардың, сол жағы — әйелдердің орны болып табылады. Киіз үйдің ортасына ошақ орнатылады. Қазақ қоғамында от қасиетті саналатындықтан, оның орнын баспай, айналып өтеді. Өйткені тіліміздегі *отбасы* ұғымы «түтін түтетіп, қазан көтерген» деген түсініктермен тығыз байланысты.

## ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

Қазақтың үй мүліктері мен жиһаздары көшпелі тұрмысқа лайықталған түрлі материалдан әзірленген. Үй мүкәмалдарында олардың тұтынудағы практикалық маңызымен қатар халықтың көркемдік талғамы мен сан ғасырлық бай тәжірибесі көрініс тапқан. Киіз үй бітіміне, көшпелі тұрмыс ерекшелігіне сәйкес үй жиһаздары көп орын алмайды және көші-қонда алып жүруге қолайлы болып келеді. Киіз үйдің дөңгелек бітіміне байланысты өзіне ғана тән ішкі бөліністері қалыптасқандықтан (ошақ, төр, оң жақ, сол жақ, босаға), осыған негізделіп үй мүкәмалдары орналастырылады. Қастерлі орын — төрде үй жиһаздарының басты бөлігі орналасады.

Үй жиһаздары — *сандық*, *жағлан*, *кебеже*, *жүкаяқ*, *әбгіре*, *асағал*, *төсек*, *жастықағаш*, *қолсандық*, *шайсандық*, *қобдишалармен* қатар



төсеніш бұйымдары — *кілем, текемет, алаша, сырмақ, құрақкөрпе, жержастық* және заттарды, ыдыс-аяқ пен оларды сақтайтын, тасымалдайтын бұйымдар — *керме, кесеқап, аяққап, қоржын* сияқты негізгі түрлерге бөлінеді. Ерекше сәнмен жасалған *желбау, басқұр-баулар, тұс-киіздер* үй ажарын ашып, айрықша рең бере түседі.



Жиһаздар қатарында сәндік, әсемдік жағынан *кілемнің, алашаның* орны ерекше саналады. *Сырмақ* — көне дәуірден келе жатқан көшпелілердің материалдық мәдениетінің озық жетістіктерінің бірі. Оның «шайсырмақ», «маяуза» деген шағын түрлері де кездеседі. Төсеніштердің арасында текеметтің сыз, ылғал өткізбейтін ерекше қасиеті бар.

Тұтынуға қолайлы әрі сәндік маңызы бар бұйымдардың бірі — *сандық*. Ұсақ-түйек бұйымдар мен әшекей-зергерлік бұйымдарын сақтайтын кішкентай сандықты — *шайсандық*, көлемділеуін *әбгіре (абдыра)* деп атайды. Ас-тағам, ыдыс-аяқ сақтауға арналған жиһаз — *кебеже*, оның тағы бір биіктеу түрі — *асагал*. *Жүкаяқты* буылған тең, қатталған, бүктелген сырмақ, көрпе-жастық, кебеже, сандық сияқты заттарды жинау үшін пайдаланады. Себебі оның үстінде тұрған бұйымдар жерден көтеріңкі тұрғандықтан, дым тартып, көгермейді. Ағаш төсекте үйге сән беретін, аса қажетті жиһаздардың қатарына жатады. Қазақ төсегінің екі басы қайқылау болып келеді. Ағаш төсектерге салынатын арнайы *сырмақтар*, оның тұсына қойылатын *агалбақан*, ілінетін *тұс-киіз*, тоқылған, кестеленген *төсекжапқыш, төсекаяқ, керме, шымылдық* сияқты бұйымдар үй ішінің ажарын аша түседі.

## АС-ТАҒАМДАР



Қазақтың ас мәзірі негізінен мал өнімдері — ет, сүт тағамдарынан құралады. Ал егін өнімдері — астық, көгөніс, жеміс-жидектер қосалқы шикізат ретінде пайдаланылып, ұлттық тағамдарды толықтырып отырады. Дегенмен, егіншілікті ежелден кәсіп етіп келе жатқан оңтүстік өңірлерде тағам өнімдерінің бұл екі құрамы да сақталып қалған.

*Ет тағамдары.* Етті пісірудің тәсілдері мол. Оның кеңінен тарағандары — суға қайнатып дайындау, майға қуыру, отқа қақтап не қарып пісіру. Сақтаудың кептіру, қатыру, сүрлеу (қақтау), ыстау, боршалау т.б. түрлері қалыптасқан. Малдың етін өзінің терісіне немесе қарнына салып, қазылған шұқанаққа көміп, үстіне от жағу арқылы пісірілген тағамдар *көмбе, жеркөмбе, сірне, жаубүйрек, сырбаз* т.б. аталады.

*Табақ тарту* — дастарқан басындағы адамдардың (қонақтардың) әлеуметтік, жастық, жыныстық, туыстық қатынасына қарай тиесілі мал етінің кәделі, сыбағалы мүшелерін бөлудің ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген нормалары. Қазақта *бас табақ, сыйтабақ, орта табақ, аяқтабақ* деген түрлері, әлеуметтік маңызына байланысты *құдағи, күйеу, қыз, келін, жерік, соғым* т.б. табақтар тартылады. Негізгі кәделі мүшелер — бас, жамбас, асықты жілік.

*Сүт тағамдары.* Бұл тағамдарды халық ерекше қастерлеп, құт-береке, несібе-ырыс ретінде танығандықтан, «ақ», «ағарған» деп жанама атаумен атауға тырысқан. Ашыту, пісу, ұйыту, іріту процестері барысында сүттен: *қымыз, шұбат, айран, сарымай*; сүзу арқылы: *қатық, сүзбе, құрт*; ірітіп қайнату негізінде: *ақ ірімшік, қызыл ірімшік, ежегей* сияқты тағамдар дайындалады. Піскен сүттің үстіңгі қабаты — *қаймақ*, шикі сүттің беті *кілегей* деп аталады. Сусын ретінде айран мен шұбатқа су қосып — *шалап, қымыран*, қатыққа сүт араластырып, *қойыртпақ*

әзірленеді. Қымыз — аса қастерлі сусындардың бірі. Оның ашығылу уақытына қарай: *саумал, қымыз, дөненқымыз, бестіқымыз, асауқымыз*; дайындалу ерекшелігіне орай: *балқымыз, тосапқымыз* деген түрлері бар.

*Астықтан жасалатын тағамдар (қоспа, аралас)*. Қазақ халқы табиғат байлығын ежелден-ақ ұтымды пайдалана білген. Егіншіліктегі ең алғашқы дәнді дақыл деп танылатын тарыдан сан алуан тағам түрлері әзірленген. Егіншілікпен айналысып, бау-бақша өсірген кезден бастап нан, жеміс, көгөніс тағамдары тұрақты мәзірден орын алды. Кеңінен пайдаланылатын дақылдар — *тары, арпа, бидай, күріш*. Қуырылған тарыға қызыл ірімшік, қант пен май қосып дайындайтын *жент* — жеңіл әрі аса құнарлы ұлттық тағам болып саналады.

Қазақ жерінде кеңінен таралған жеміс түрлері: *қарақат, қызылқат, тошала, бұлдірген, алма, алмұрт, жүзім* т.б. Оңтүстік аймақтарда *қауын-қарбыз, сәбіз, қызылша* мен өсімдік майлары мол тұтынылады. *Картоп мен қызанақ* — қазақтың ас мәзіріне кейін қосылған бақшалық өнімдер. Сарымсақ, шисарымсақ, усарымсақ, пияз бен жуаның түрлерін ет тағамдарының тұздығы мен сорпасын дәмдендіріп, құнарландыру үшін қолданады.

## ЫДЫС-АЯҚ



1. Шелек. 2. Жанторсық. 3. Тайқазан. 4. Күбі. 5. Дорба. 6. Көнек. 7. Астау. 8. Торсық. 9. Зерен. 10. Қымыз ыдысы.

Аяқ — дәстүрлі ортада тамақ салынып, жеке адамның тұтынуына арналған шағын ыдыстың түрі. Ол *ыдыс* ұғымымен қосылып, ас-тағам

өзірлеуге, тұтынуға арналған барлық құралдың жалпы атауын білдіреді. Ыдыс-аяққа: *тостаған, аяқ, табақ, шара, тегене, ожау, шөміш, саптыаяқ, қазан* т.б. заттар жатады. Кейде *аяқ-табақ, қазан-аяқ, шыны-аяқ* ұғымдары да қолданылады. Сол себепті киіз үйдің ыдыс-аяқтар тұратын сол жақ бөлігін *қазан-аяқ жақ, қазан жақ* деп те атай береді. Тар мағынадағы ыдыс-аяқ тек тағам өзірлеуге, өңдеуге, тұтынуға, сақтауға қажетті үй жабдықтарының бір тобын ғана құрайды. Ал *ыдыс* ұғымының ауқымы кеңдеу болып келеді. Оған сұйықтық құюға, өңдеуге, әртүрлі бұйымдар салып сақтауға және оларды тасымалдауға арналған жабдықтардың түрлері кіреді. Ыдыстар мен ыдыс-аяқ түрлері, өзіндік ерекшеліктері табиғи-климаттық жағдайларға, халықтың тұрмысына, шаруашылығы мен кәсібіне, шикізат көздеріне тікелей байланысты. Оларды жергілікті шеберлер тері, ағаш, металл шикізаттарынан дайындаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында мыстан, жезден, қалайыдан, шойыннан, темірден және күмістен металл ыдыстар мен ыдыс-аяқтар жасалған немесе сауда-саттық қатынастары негізінде сатып алынған. Олар: *қазан, тегене, табақ, таба, бақыраш, шөміш, ожау, кепсер (кәкпір), шәугім, самаурын, аққұман, жез құмған, кесе* т.б. Қазан — молшылық пен берекенің символы.

Теріден жасалатын ыдыстар мен ыдыс-аяқтар: *көнек, саба (піспегімен), торсық, бұлқыншақ, мес, сүйретпе, шелек, дүңгіршек* т.б.

Ағаштан (қауақтан) жасалатын ыдыстар мен ыдыс-аяқтар: *аяқ, шара аяқ, шара, зерен, саптыаяқ, тостаған, тегене, табақ, астау, керсен, шөміш, ожау, қасық, ағаш шелек, күбі шелек* т.б.

Қыштан (ежіре) жасалатын ыдыс-аяқтар. Бұл материалдан жасалатын кесенің кішкене түрі шай ішуге, үлкені қымыз, сусын, сорпа ішуге пайдаланылады. Фарфор ыдыс-аяқтар *кәрген (кәрлен)* деп аталады. Дән сақтауға, су құюға арналған *құмыра*, шам орнатылатын *шамгал* сияқты мүліктер қыштан дайындалады.

## ҚОЛӨНЕР

Халық қолөнері — бағзы замандардан бергі ұлы даланы мекен етіп келе жатқан ру-тайпалардың заттық және көне мәдениетінің дәстүрлі жалғасы. Оның дамуы қазақ қоғамының көшпелі өмір салтымен, әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, ұлттық санасымен, тарихи үрдістерімен тығыз байланыста өрбіді. Халықтың этномәдени келбетін айғақтайтын факторлардың бірі болып саналатын қолөнер туындыларында халықтың байырғы дүниетанымы, символикалық, эстетикалық талғамы ою-өрнек түрлері мен бедер-бейнелер арқылы көрініс тапты. Кәсіпшіліктегі қолөнер бұйымдарының жасалуы қоғамдағы еңбек



бөлінісі мен оны атқару тәсіліне байланысты өрістеп отырған. Ұлттық қолөнер сипатына қарай ұсталық, зергерлік, ағаш, тері, сүйек өңдеу, тас қашау, жүн және киіз өңдеу, тігіншілік, кестелеу, кілем тоқу және термелеу, ши тоқу т.б. түрлерге бөлінеді.



Табиғи заттардан жасалған бұл бұйымдар қазақтың күнделікті тұрмысына қолданылатын болғандықтан, көші-қонға бейімделіп жасалады, ыңғайлы әрі жеңіл, ұзақ тұтынуға төзімді болып келеді. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың тамыры терең, ежелден келе жатқан көне мәдениеттің дәстүрлі жалғасы ғана емес, байырғы наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты туындағаны белгілі. Бұл кәсіп еңбек бөлінісіне қатысты шартты түрде ерлер және әйелдер қолөнері болып екіге бөлінеді. Алайда, көп күш-қайратты қажет ететін киіз басу ісіне бозбалалар мен жігіттер де қолғабыс еткен.

**Ағашшылық өнер.** Ағаштан жасалған бұйымдар төзімді, жеңіл әрі күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолдануға ыңғайлы болады. Бұл өнермен ағашшылар немесе ағаш шеберлері, ұсталар айналысты. Олар тұрмыстық заттардың беттеріне түрлі ою ойып, өрнек, бедер салып, безендіріп отырды. Бұл бұйымдардың қатарында: сандық, кебеже, асагал, абажа, адалбақан, сөре, жукаяқ, жастықағаш т.б. кездеседі. Ағаштан өңделіп, түрлі түсті




ою-өрнекпен әспеттеліп, боялып жасалатын мүліктердің ішінде көші-қон кезінде шыны-аяқтарды сақтау үшін қолданылатын *кесеқап*, ыдыс-аяқтардан: *тостаған, аяқ, саптыаяқ, тегене, астау, күбі, сабаның піс-пегі, келі-келсап* сияқты заттар бар.


Қазақ қоғамында киіз үй сүйегін (кереге, уық, есік (сықырлауық), шаңырақ) жасайтын шеберлер ерекше бағаланды. Өйткені ақ ордадан бастап қара үйге дейін көлемі әрқелкі болып келетін үлкенді-кішілі киіз үй ағашын әзірлеу асқан дәлдік пен шеберлікті талап етеді. Мысалы, жасалатын әр үйдің көлеміне сәйкес керегегенің өлшемі, уықтың ұзындығы, шаңырақтың тоғасы тәрізді пропорциялар қатаң сақталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда киіз үй тым шошақ немесе жатаған болып қалады.

Қолөнер саласында ер-тұрман үлкен шеберлікпен жасалды. Ежелден көшіп-қонып, мал бағуды кәсіп еткен қазақ үшін көліктің негізгі түрі жылқы болғандықтан, қазақ өмірінде ер-тұрман жабдықтарының да алатын орны ерекше.

**Ұсталық-теміршілік өнер.** Темірден түрлі бұйым жасайтын шебер *ұста* деп аталады. Ерте кезде *темірші, темір ұстасы* деген атаулар да кеңінен қолданылды. Ұсталар тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында пайдаланылатын құрал-саймандар, жекелеген ұсақ бөлшек заттар жасады. Олар көбіне пышақ, таға, орақ, шалғы, кетпен, балта т.б. соғу, аттың ер-тұрманына, жүгеніне, тартпасы мен құйысқанына қажетті — ауыздық, үзеңгі әзірлеу сияқты жұмыстармен де шұғылданды. Сондай-ақ темір ұсталары тұрмыста қолданылатын береке символы саналған шойын қазан құйды, таған, ошақ, мосы әзірледі, тесілген, жарылған металл ыдыстарды жамаумен де айналысты.



Ілкі замандарда металл балқытып, жаңа бұйым өндіретін шеберлер, яғни ұсталық өнер халық арасында жоғары бағаланды. Отпен жұмыс істеуіне байланысты ұсталар от киесі дарыған ерекше адамдар ретінде саналды. Ұстаның шеберханасын от иесі Дәуіт пайғамбардың есімімен байланыстырып, киелі орын деп есептеп, *дүкен, ұста дүкені* деп атады. Шыңдалған металдан жасалған тұрмыстық заттар соғылатын *төс* пен ұста *балғасы* да киелі бұйымдардың қатарына жатқызылды. Сондықтан оларды кез келген адамның ұстауына тыйым салынды.



1. Салпыншақ. 2. Жүзік. 3. Білезік. 4. Құсмұрын жүзік. 5. Тұмарша. 6. Сырға. 7. Қапсырма. 8. Сырға. 9. Алқа.

**Зергерлік өнер.** Ұлттық мәдениет тарихында ерекше орын алатын қазақтың зергерлік өнері мыңдаған жылдардың тереңінен тамыр тартады. Шеберлер күмісті сымдай созып, қақтап, шекіп, құйма жасап, өрнек салып, көз қондырып безендірген. Зергерлер қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған әшекей бұйымдар жасады. Олар тек эстетикалық сұраныстан ғана емес, діни-идеологиялық, әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік қажеттіліктерден де туындады. «Әшекейлердің тіл-көзден сақтайтын қасиеті бар» деген түсініктер де қалыптасқан. Қазақ асыл тастарды көз деп атайды. Себебі белдікке, ертұрманға, әшекейге салынған әрбір тас бәрін көріп, бағып, қорғап тұратын сиқырлы күш ретінде танылды. «Адамның назары, сұғы осы тасқа түсіп, көз тиюден сақтайды» деген наным-сенім болған.

**Тоқымашылық өнер.** Бұл өнердің Қазақстан аумағында ерте замандардан бері қолданыста болғанын археологиялық қазба жұмыстарында табылған тоқыма бұйымдар айқын дәлелдейді. Қазақ қоғамында қой мен түйе жүнінен бау-басқұрлар, белдеу бау, алаша, тақыр кілем мен қалы кілем, қоржын, кежім мен ат жабу сияқты бұйымдар тоқылады. Шикізатқа негізінен қой, түйе жүнімен қатар ешкінің түбіті де пайдаланылды. «Өрмек» аталатын арнайы құрылғыда тоқылып, халық арасына кеңінен таралған алаша мен кілемнің өзіндік ұқсастықтары бар. Негізінен алаша үйдің еденіне төселеді, кейде керегеге де тұтылады. Кілемнің жиһаз







ретінде практикалық мәні басым болған, сонымен бірге үйдің құт-берекесін білдіретін, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде ауысып отыратын киелі де асыл бұйым саналған.

Үй жиһаздарының ішіндегі ең көрнектісі — *кілем, тұскілем* үйге сән беретін негізгі әшекейлік бұйым болумен бірге үй иелерінің әл-ауқатын, әлеуметтік дәрежесін де білдірді. Олар қыз жасауының құрамына кіріп, одан жұрт қалыңдықтың шеберлігін, ісмерлігін, еңбекқорлығын байқайтын болған.

**Ісмерлік өнер.** Киім тігуді кәсіп еткен шеберлер, түрлі бұйымдар тігумен шұғылданатындар, қолынан іс келетін адамдар *ісмер* деп аталды. Тігінші киімнің өлшемін алудан бастап пішу, тігу жұмыстарын түгелдей өзі атқарып, дайын өнім шығарды. Олар шапан, қамзол, тон, ішік, шалбар сияқты сырт-киімдерді, іштен, жейде, көйлек-дамбал секілді ішкіімдерді, тақия, бөрік, тұмақ тәрізді баскиімдерді тігіп дайындады. Киімнің етек-жеңіне, жағасына жұрын ұстауды, кестемен өрнек салып, сәндеуді де ісмерлер атқарды. Тігіншілікте ежелден қолданылып келген құрал — ине болса, кейін ХІХ ғасырдың соңынан бастап тігін машиналарын пайдалану кеңінен қолданысқа енді.




**Кесте өнері.** Кестенің халық арасында кеңінен таралған түрлерінің қатарына тығыз және тамбурлы кестелеу өнері жатқызылады. Олар тиісінше санап тігілетін (жіп саналады) және еркін (еркін тігу) кестелеу болып екіге бөлінеді. Кесте өнеріне жүн мен жібек жіптер, зер, өзен інжуі, шыны тас, маржан т.б. заттар пайдаланылады. Кестеленген жастық тыстары, жамылғылар, сүлгілер, төсек жапқыш пен шымалдықтар, аяққаптар кестелеу өнерінің ең озық үлгілері саналады. Әрбір кестелі бұйым өзінің тікелей қолданыс мақсатымен қатар сәндік-қолданбалы өнермен тығыз байланысты болып, ою-өрнек, кескін, бедерлермен әшекейленіп, халықтың



байырғы дүниетанымы мен символикалық, эстетикалық талғамынан мәлімет береді.

Киіз үйдің сәнін айшықтайтын кілемнің бір түрі *тұскесте*, *тұскиіз* деп аталады. Мата өнімдері қат болған ежелгі замандарда көшпелі-малшылардың ең қолжетімді шикізаты жүннен басқан киіз болды. Сондықтан әуелде киізге ою-өрнек түсіріп, оны *тұскиіз* атап, кейін киізді матаға ауыстырып, *тұскесте* деген ұғым пайда болған сыңайлы. Негізінен ол төсектің тұсына ұсталады. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Алтай жеріндегі Пазырық қорғанынан күймелі арба мен кілемнің бір үлгісі табылды. Ол кілемде арыстан тектес барақ иттің тау ешкіні аулау көрінісі бейнеленген (б.з.б. IV ғ.).

## АТ ӘБЗЕЛДЕРІ



1. Жүген. 2. Ноқта. 3. Ер. 4. Терлік. 5. Құйысқан. 6. Шылбыр. 7. Тізгін. 8. Өмілдірік. 9. Тартпа. 10. Үзеңгі.

Малшаруашылығында маңызды рөл атқарған жылқыны үйретуге, мінуге, жүргізуге және бекітуге арналған құралдар жиынтығы *ат әбзелдері* деп аталады.

Атты мінген кезде оның басына кигізілетін әбзел *жүген* деп аталады. Ол атқа мінетін кезде ғана кигізіледі. Басқа кезде *ноқта* үнемі кигізілі болады. Ноқтаны аттың қоң жинауы үшін босатып жіберген кезінде ғана сыпырады. Жүгендегі *тізгін* арқылы атты белгілі бағытқа бұрып отыруға немесе оны тартып, ат жүрісін тежеуге болады. Жүгеннің *сулығына* аттан түсіп, аз-мұз аялдаған кезде бекітіп қою үшін немесе

ұстап отыру үшін *шылбыр* байланады. Ал атты арқандап қоятын кезде арқанды ноқтаға байлап, жүгенді шешіп алады. Ноқта-жүген деген жалпы атаумен айтылатын осы әбзелдердің әр бөлшегінің өз атауы бар.


Мінуге ыңғайлы болуы үшін, атқа *ер* деп аталатын жабдық салынады. Ең әуелі *терлік*, одан кейін *ішпек*, *тоқымы* салынып, сыртына ер орнатылады. Аттың мойнын орай, ердің алдыңғы қасынан кигізіліп *өмілдірік*, құйрығынан өткізіліп, артқы қасынан тартылып *құйысқан* салынады. Ол ерді жылжытпай ұстап тұрады, сонымен бірге атқа әсемдік беретін, сәнді дүние саналады.

*Ер-тоқым* деп *ер*, *ішпек*, *тоқым*, *тебінгі*, *үзеңгі бау*, *айыл-тұрман*, *аткөрпе*, *пыстан* тәрізді жабдықтарының кешенін айтады, ал *ер* деп ағаш қаңқасын атайды. Өмілдірік, құйысқан мен ер-тоқым, жүген, ноқта, тіпті қамшы сияқты жабдықтары түгел болса, *ер-тұрман* деп аталады.

Қазақ арасында ердің қолданатын адамына қарай: *бала ері*, *әйел ер*, *үлкен ер* деген түрге бөлінсе, пошымына байланысты бірнеше түрі бар: *қазақ ері*, *құранды ер*, *үйрекбас ер*, *шошақбас ер*, *жайпақбас ер*, *қоқан ер* т.б. Ал сәнделіп, әшекейлеуіне қарай *күміс ер*, *алтын ер*, *зерленген ер* болып бөлінеді.

Мініс атын байлап бекітетін жабдықтар: *арқан*, *шігер*, *өре*, *тұсау*, *кісен*. Бұл құралдар атты өріске отқа қойған кезде салынады. *Кісен* — жүйрік-жорғаларды ұрылардан сақтау үшін алдыңғы екі аяққа салынады. Өйткені арнайы кілті болатындықтан, оны шешу қиын. Үш аяққа, яғни алдыңғы екі аяқ пен бір артқы аяққа салынатыны *шігер*, бір алдыңғы және бір артқы аяқтарға салынатыны *өре*, алдыңғы екі аяққа ғана салынатыны *тұсау* немесе *тұсамыс* деп аталады.

## ҚАЗАҚТЫҢ САЗ АСПАПТАРЫ




1. Домбыра. 2. Даңғыра 3. Сақпан 4. Асатаяқ. 5. Шаңқобыз.
6. Дауылпаз. 7. Шертер. 8. Сазсырнай 9. Сыбызғы. 10. Ұран. 11. Тұяқтас.
12. Адырна. 13. Кепшік. 14. Қылқобыз. 15. Тоқылдақ. 16. Желбуаз.
17. Жетіген.

Қазақ музыкалық аспаптары — халықтың тарихи-мәдени болмысымен бірге дамып отырған рухани мұраның бір бөлшегі. Оларға тарихи-мәдени дереккөзі ретінде де қарауға болады.

Музыка аспаптарының түп-төркініне назар салғанда, алғашында олардың көбі қорғаныс құралы, қару ретінде қолданылып, аң аулау, бақсылардың діни жоралғыларын орындау, жұртты жиынға шақыру, аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылғаны аңғарылады. Кейін түрленіп, жаңғыртылып, музыкалық мақсатқа, би қимылдарын сүйемелдеуге қолданыла бастаған. Мұндай эволюция дүниежүзі халықтарының музыкалық аспаптарының даму сатысына тән. Ежелгі аспаптардың қарапайым түрде ағаштан ойылып жасалғанын, шанақтары көн терімен қапталғанын немесе қапталмай, ашық пайдаланылғанын археологиялық қазбалардан табылған көне үлгілер көрсетеді. Кейбір шертпелі аспаптарда құлақ болмағандықтан, ішектері керіп байланған. Күйге келтіру үшін, тиек орнына қойылған асықты жылжытып отырған. Белгілі аспап зерттеушісі Б. Сарыбаев қазақ музыкалық аспаптарын былайша жүйелейді: *ішекті музыкалық аспаптар (домбыра, жетіген, шертер, адырна), қияқпен ойналатын аспаптар (қобыз, қылқобыз), сым тілшелі (шаңқобыз), үрлеп тартылатын аспаптар (сыбызғы, сазсырнай, үскірік, мүйіз сырнай, желбуаз, ұран), ұрып ойналатын аспаптар (дабыл, тоқпақ, дауылпаз, дудыға, даңғыра, тоқылдақ, кепшік, сақпан, шартылдауық, зырылдауық, асатаяқ, сылдырмақ, қоңырау, тұяқтас, шың), сілкіп ойналатын аспаптар (асатаяқ, сылдырмақ, тоқылдақ, сақпан).*

## ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМДЕР



1. Қарыс сүйем. 2. Қарыс. 3. Шымшым. 4. Бір уыс. 5. Сынық сүйем. 6. Тұтам. 7. Шөкім. 8. Қос уыс.

Өлшемдер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, кәсіптік қажеттілігіне, мәдени ерекшеліктеріне, салт-дәстүріне, қоршаған ортаға байланысты қалыптасқан. Олар кеңістіктік, уақыттық және өзге де дәстүрлі

наным-сенімнен бастау алатын көне түсініктерге тығыз байланысты. Олар материалдық заттар мен адамның, жануардың дене мүшелері, өсімдіктерге қатысты *елі, бармақ, шымшым, шөкім, атым, уыс, алақан, сүйем, қарыс, тұтам, жұдырық, шынтақ, ағым, құлаш, құшақ, кісібойы, жұтым, ұрттам, шайнам, бауыркөппе, ат төбеліндегі, жапырақ* т.б. шартты өлшемдер пайдаланылған. Ал уақыт, мезгіл, қашықтықтық, ұзындық, аумақ, көлем мен салмақ өлшемдері адамға етене жақын бұйымдар мен заттарға балану арқылы өлшенеді. Адамның, жануардың физиологиялық ерекшеліктеріне, мүмкіншіліктеріне негізделген салмаққа: *бір арқа отын, атан түйе жүгі, өгіз күші; қашықтыққа: аттам, есік пен төрдей, арқанбойы, оқбойы, иекасты, көзкөрім, көзұшы, бір қыдыру жер, құлақестір, түстік жер, күндік жер, тай шаптырым, атшаптырым, көш жер, қозыкөш жер, отызкөш жер, айшылық жол, ит өлген жер, ит арқасы қиян* сияқты өлшем бірліктері қолданылған.


Көлем мен аудан өлшемі көбіне ас-суға қатысты болғандықтан, оның ыдысы мен қабына сәйкес белгіленеді. Олар: *шымшым тұз, білем ет, астау көже, тегене қымыз* (торсық, саба, мес, тегеш, жанторсық, табақ толы айран, сүт), *бір қазан бигай, қарын, бүйен май*. Кейбір заттар мен мүлік өзіндік ерекшелігімен айтылады: *бір кесек, туырлықтай киіз, көйлектік мата, бір сабам, бір тулақ жүн, бір шүйке жүн* т.б.

Уақыт өлшемдері қатарына адам жасына қатысты уақыттық-кеңістіктік өлшемдер жатады. Жас ұғымының сыртында қазақта адам ғұмыры белгілі кезеңдерден құралып, 12 жылда (мүшел) бір айналып келетін уақыт өлшемі қолданылады.

Уақыт мезгілдері мен оның жиіліктерін анықтауда: *елең-алаң, құлан-иек, таңсәрі, құлқынсәрі, таң бозара, алакеуім, таң біліне, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, тал тұс, шаңқай тұс, талма тұс, сәске тұс, тұс ауа, тұс қайта, бесін, екінді, кеш, көлеңке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, намаздыгер, ақшам (намазшам), ақшам жамырай, бейуақ, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, жұлдыз сөне*, кейде шаруашылық әрекеттерімен байланыстырып: *қой қоралаған мезгіл, ел орынға отырған кез* т.б. өлшемдер алынады.

Қалыңмал, жасау, құн сияқты төлемдерде: 7, 9, 37, 47, 49 сандары көрсетіліп, кейде олар көбейтіліп: *екі немесе үш тоғыз, үйірімен үш тоғыз* болып төленген. Қашықтық өлшемдері *әудем жер, шақырым, айлық, айшылық жер, көзкөрім жер, қолсозым жер, қозыкөш жер, күншілік жер, түстік жер* болып жалғаса береді. Мәселен, *әудем жер* — адам дауысы еркін жететін жер, *шақырым* — қатты дауыстағанда дыбыс жетерлік қашықтық, *түстік жер* — түске дейін жететін аралық.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР



Ұлттық ойындар балалар мен ересектердің күнделікті тіршілігіндегі қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын қызықты өткізуіне байланысты қалыптасып, дамып отырды. Балалар ойындары дене мүшелерін жетілдіру және ой қабілетін дамыту ойындары болып екі топқа бөлінеді (асық ойындары — *алшы, хан ату, омпы; көтеріспек, атбақыл* т.б.). Ал ересектер ойындары бейбіт уақытта әскери-жауынгерлік машықты, дағдыларды, әдіс-тәсілдерді сақтау мақсатында жасалатын жаттығуларға негізделген. Олар көбіне ат спорты ойындары түрінде орындалады (*сайыс, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, теңге ілу, қыз қуу* т.б.).

Асық ойыны негізінен ұл балалардың дене қимыл-қозғалысын жетілдіруге бағытталған, ал ептілікке баулуға арналған *бестас, асық қаршу* сияқты ойындарды ұл-қыздар аралас ойнап, бәсекелес бола береді.

Көп адамның қатысуымен ұйымдастырылатын ойын түрлерінің қазақ қауымында атқарған өзіндік қызметі болған. Ондай ойындар балалар мен жастардың араласып, танысып-білісуіне ықпал етеді. Олар — балалардың көпшіл болып өсуін ойластырған ежелгі тәжірибеден қалыптасқан дәстүрлі ойындар. Атап айтқанда, *алтыбақан, ақсүйек, ормалтастамақ, сақинасалмақ, айгөлек* т.б. ойындар барысында жастар етене араласып, танысуға мүмкіндік алады. Бойжеткендер мен бозбалалардың, қыз-жігіттердің өзара танысып, жарасып кетуіне қыз қуу ойыны мүмкіндік береді.

Жасөспірімдер мен үлкендер бірігіп ойнайтын ақыл-ой дамытуға арналған *тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы* секілді ұлттық ойындар да кездеседі. Олар есеп пен тапқырлықты қажет етеді және көшпелі халықтың ми жүйесін машықтандыруға зор әсерін тигізеді.



## МЕРЕКЕ, ТОЙ-ТОМАЛАҚ



Халықтың күнделікті тұрмысында, қуанышты жағдайларында, ұлттық мерекелерінде түрлі деңгейде жиын-топтар, той-томалақ, мереке, ас өткізіліп тұрды. Тіпті кейбір дүбірлі той-мереке бірнеше күнге созылатын болған. Олардың басты ерекшеліктері мол дастарқан мен ұлттық ойындарға тығыз байланысты болды. Той — қалың көпшілік арнайы шақырылатын салтанатты іс-шара. Оны жасаудағы басты ниет — көптің тілегін тыңдап, батасын алу. Той мен мерекенің, ас берудің түп-төркіні ілкі замандарда Құдайдан, ата-баба аруағынан қолдау сұрап, ризашылығын алу, құрбандық, садақа беру арқылы аруақтар мен тылсым күштердің зиянынан сақтану сияқты наным-сенім, түсініктерден бастау алады. Тойдың жеке отбасылық және топ-қауым болып ұйымдастыратын түрлері кездеседі.

Қазақ қоғамында отбасына байланысты шағын тойлар жиі өткізіледі. Олардың көбі адамның жасына байланысты ұйымдастырылады. Бұл тойлардың қатарына баланың шілде тойын (шілдехана), бесік тойын, сүндет тойын жатқызуға болады. Кейінгі кезектегі жастардың бас қосып, үй болуына қатысты тойлардың маңызы аса зор. Ал көпшілік-қауым болып атқарылатын жиын-тойлар шаруашылыққа, кәсіпке негізделеді. Олардың арасында *сабантой*, *қырман қандау тойы*, *қымызмұрындық*, *бие ағыту (сіргежияр)*, *шашыратқы (күйек алу)*, *соғымбасы* т.б. іс-шаралар бар. Отырықшылық тұрмыста ауыл, қауым болып өткізетін жиын-топтардың (асар, арық тазалау, жер жырту, егін ору т.б.) мәні айрықша.

Той-думанның көбі жайлауда өткізіледі. Әлеуметтік жағдайына байланысты алдын ала тойды басқарушы — той ағасы, ұйымдастырушы, үйлестіруші — асаба, қымыз құятын — аяқшы, ет тасып, тартатын — табақшы сияқты адамдар белгіленіп, оларға атқаратын міндеттері

жүктеледі. Тойшы қауым тілек-ниеттерімен қоса сый-сияпаттарын да әкеледі. Жақын туыстар арнайы сойыс малын, сабалы қымыз немесе сауын малын да жеткізеді. Әдетте дәстүрлі той түс мезгілінде басталады. Бәйгеге ат қосылып, балуан күресі, қыз қуу, жамбы ату, теңге ілу секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылып, айтыс өткізіледі. Ақындар, әнші-күйшілер, жыршы-термешілер өнер көрсетіп, халықтың көңілін көтереді.

Ел-қауым болып өткізілетін ұлттық мерекелер де осы сарында атқарылады. Әсіресе ұлыстың ұлы күні — наурыз мерекесі бүкілхалықтық деңгейде өткізіліп, арнайы пісірілген наурыз көжеден дәм татады. Адамдар бір-бірімен амаңдасып, төс қағыстырып, игі тілектер айтады. Жат пиғылдан, пендешіліктен арылуға тырысады. Дәл осындай рухани жаңғыру үрдісі діни мейрамдар — ораза, құрбан айттарда да қайталанып отырды.

## ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ ПЕН ӘДЕП, ҚҰҚЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Қазақ қоғамында адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыруға негізделген ережелер (тәртіп) қалыптасқан. Соған байланысты әдеп, әдет, сыйластық, ізет сияқты қасиеттер «ата-баба жолы» аталып кеткен әдет-әдеп құқық нормаларына жинақталып, атадан балаға жалғасып отырды. Оған ырым-тыйымдар да қосылып, ұлттық тәрбиенің бір саласы ретінде пайдаланылды. Адамгершілік көріністері қоғам мүшелерінің бірін-бірі сыйлауы, құрмет тұтуы, сенім көрсетуі, өзара жәрдемдесуі сияқты жағымды іс-әрекеттерден құралады. Бұл қағидаларға қарама-қайшы қасиеттер қоғамдық пікір арқылы әшкереленіп отырады.

*Әген* — қоғам мүшелерінің, жеке адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтығын білдіретін ұғым. Әдептілікке адамның сыпайылығы, биязылығы, тәрбиелілігі, көргендігі секілді қасиеттері жатқызылады. Дастарқан басында кішілік таныту, үлкенді сыйлау, алдымен амандасу, сәлем салу әдептің қағидаларын толықтырады. Әр адамның сыртқы келбеті, киім киюі, шаш, сақал-мұрт қоюы, әурет ұғымдары ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-әдет ережелерімен бекітілген. Тіпті, сақал-мұрт қойғанда әкесінен асырмау, оның өзіндік реті мен гигиеналық талаптарын сақтау сынды қағидаларды ұстанған.

*Иба, ізет* — адам мінез-құлқына қойылатын этикалық талап. Қазақ жастары үлкеннің алдын кесіп өтпеу, дауыс көтеріп сөйлемей, қайын жұртындағы үлкен әрі сыйлы адамдардың атын атамау, ат тергеу сияқты әдептілікке қатысты ережелерді қатаң сақтаған. Тамақ, сусынды ұсынғанда аяқ, кесені оң қолмен беру, жасы үлкен адам болса, қос қолдап ұсыну — үлкен иба, ізеттің белгісі. Тіпті аяқасты жағдайға байланысты оң қол бос болмай қалғанда да сол қолмен беріп жатып, «Бұл оң қолым», — деп дауыстап, асты ұсынған.

*Дәстүрлі құқық.* Қазақ қоғамында би-шешендердің орны ерекше болды. Олардың түйінді сөзіне хан, сұлтандар да жығылған. Асқынып, айықпас дауға айналған мәселелерге де қара қылды қақ жарып, әділ билік айтқан билердің бойында ел бастаған көсемнің, қол бастаған батырдың, ел мен елді татуластырған мәмілегер-дипломаттың, ішкі-сыртқы саясатты жетік білген қоғам қайраткерінің, болжамшы-абыздың, ойшыл-кемеңгердің т.б. игі қасиеттері жинақталған. Қазақ қоғамында билер институты арқылы сот үкімдері орындалды. Бұл ретте би — заң шығарушы, кесім беруші әрі оны орындаушы. Айыпталушы құн төлеу арқылы жазасын өтеген. Сондықтан қазақ қоғамында абақты да, түрме де болмаған.

**Досымбек Қатран,**  
**тарих ғылымдарының кандидаты**



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ағамбаев Б.* Халық даналығы. — Алматы: Рауан, 1996. — 160 б.
2. *Ағамбаев Б.* Шешендік өнер. — Алматы: Білім, 2019. — 216 б.
3. *Әлімбаев М.* Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. — Алматы, 1978.
4. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 64: Жұмбақтар / Құрастыр. Ш. Керім, Т. Әкімова (жауапты шығарушы).* — Астана: Фолиант, 2010. — 432 б.
5. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 64—69: Мақал-мәтелдер / Құрастыр. Қ. Алпысбаева (жауапты шығарушы), Т. Әлбеков, Н. Елесбай.* — Астана: Фолиант, 2011. — 440 б.
6. *Баржақсыбаласы А.* Мың бір мақал. — Мәскеу: Ұлттар комиссариаты жанындағы күншығыс баспасы, 1923. — 58 б.
7. *Васильев А.* Пословицы, записанные со слов киргиз Тургайской области. — Оренбург, 1892. — С. 7.
8. *Диваев А.* Киргизские пословицы (на правах рукописи). — Ташкент, 1900. — С. 10.
9. *Диваев А.* Этнографические материалы (сказки, пословицы, загадки, приметы, былины) туземного населения СырДарьинской области). — Ташкент, 1895.
10. *Жүз бір жұмбақ / Құрастыр. Ж. Смақов, Р.Б. Әбсаттаров.* — Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964. — 36 б.
11. *Жұмбақ және мақалдар / Құрастыр. Ғ.Жәнібеков.* — Қазан: Шәрәф баспаханасы, 1908. — 25 б.
12. *Жұмбақ / Құрастыр. С. Мұхаммед-Садықұғлы.* — Қазан: Кәрімовтер баспаханасы, 1903. — 12 б.
13. *Катаринский В.* Сборник киргизских пословиц: Материалы по этнографии киргиз. Издание Тургайского областного статистического комитета. — Оренбург, 1899.
14. *Керім Ш.* Қазақ жұмбағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 266 б.
15. *Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т. 1: Қазақ фольклорының тарихы.* — ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. — Алматы: Қазақпарат, 2008. — 812 б.
16. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1—15-томдар.* — Алматы, 2011.
17. *Қазақ өнерінің антологиясы: Жиырма бес томдық. Т.Х: Шешендік өнер / Құраст: М. Жолдасбеков.* — Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. — 320 б.
18. *Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері / Құраст.: Қ. Алпысбаева, П. Әуесбаева, Т. Әлбеков, ж.б.* — Алматы, 2001. — 463 б.
19. *Қазақ фольклористикасы.* — Алматы, 1972.
20. *Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Жинап, құраст. Ө. Тұрманжанов.* Алматы: Білім. 2009. — 272 б.
21. *Қайдаров Ә. Т.* Халық даналығы: Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. — Алматы, 2004.
22. *Қасқабасов С.* Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. — Алматы: Жібек жолы, 2008. — 504 б.
23. *Оспанұлы Е.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы, 2018. — 217 б.
24. *Оспанұлы Е.* Төрт мүшел. Графика. — Шымкент, 2009. — 288 б.
25. *Төреқұлов Н.* Қанатты сөздер. — Алматы: Жазушы, 1977. — 236 б.
26. *Ісләмжанұлы К.* Рухани уыз (Қазақ балалар фольклоры). — Алматы: Ана тілі, 1995. — 144 б.
27. *Фольклор шындығы.* — Алматы: Ғылым, 1990. — 264 б.
28. [www.zhetysu.travel](http://www.zhetysu.travel)

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает издание 10-ти томной серии «Антология степного фольклора» в рамках программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), инициированной Первым президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым. В программной статье Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой Степи» озвучена идея по изданию антологии «Тысяча лет казахского фольклора и музыки», призванной показать молодому поколению истоки духовного богатства народа, его уникальность и многообразие.

В десятый том «Антология степного фольклора» вошли избранные образцы малых жанров, содержащие богатейшие назидательные слова нашего народа. К ним относятся пословицы и поговорки, крылатые слова и выражения, загадки, заповеди и назидания. В них сохранена глубокая народная мудрость, содержатся выводы, мнения, заветы, которые передаются от поколения к поколению. В них заложены дидактические функции, содержатся уроки эстетики для молодого поколения, так как в каждом тексте заключена глубокая поучительная мысль. Поскольку жанры развивались на протяжении веков, они отражают национальное мировоззрение и жизненный опыт нашего народа.

Систематический сбор, публикация и изучение указанных жанров начались в середине XIX века и осуществлялись российскими исследователями И.Н. Березиным, И. Лаптевым, В.В. Радловым, Н. Остроумовым, В.В. Бартольдом, Н.Ф. Катановым, А. Диваевым, М.С. Бабажановым, Ч. Валихановым. Инициаторами научного изучения выступили казахские интеллектуалы Ы Алтынсарин, М. Ешмухамедов, М.А. Искаков.

В советское время работу продолжили У. Турманжанов, Б. Акмуканова, М. Алимбаев, Б. Адамбаев, А. Курышжанов, Р. Сарсенбаев, С. Нурышев, М. Абжанов, К. Саттаров, Н. Турекулов, Ш. Керим и другие. Литературоведы и фольклористы принимали активное участие в публикации образцов указанных жанров и посвящали им специальные исследования. Включенные в содержание пословицы и загадки сгруппированы по нескольким темам. Отдельно даны загадки, айтысы, требующие логического мышления, тексты произведений представлены в стихотворной форме. Поскольку образцы скороговорок не столь многочисленны, не было необходимости группировать их по тематике. В данный том включены сведения о происхождении некоторых пословиц и поговорок.

Сказки, легенды, басни, пословицы, заветы и притчи собраны и систематизированы по тематике. Тексты произведений сверены с оригиналами рукописей, устранены ранее допущенные ошибки при чтении

---

рукописных текстов на арабской и латинской графике, приведены в соответствие с оригиналом встречающиеся в предыдущих изданиях редакторские правки. Поскольку антология адресуется студенческой молодежи и широкому кругу читателей, составители сочли необходимым вместо встречающихся нецензурных слов ставить многоточия.

Составителями тома написаны краткие комментарии к каждому жанру и его разновидностям. Тексты сопровождаются иллюстрациями. В конце тома представлены иллюстрированный «Словарь этнографических названий и понятий», относящихся к кочевой жизни казахов, Резюме на русском и английском языках, список цитируемой литературы. Даны пояснения встречающимся в текстах непонятным, малоизвестным и иностранным словам (арабским, фарси, русским и др.). Из-за большого количества собирателей и рассказчиков текстов, включенных в сборник, в книге даны биографические сведения только об известных популяризаторах жанра.

Подготовлены электронный и аудио варианты тома. Для звукозаписи текстов были приглашены известные артисты и дикторы страны. Специальный штрих-код доступа помещен на обложке книги. Электронная версия книги размещена на известных сайтах и вебпорталах.

---

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues to publish 10 volumes of the "Anthology of Steppe Folklore", which is part of the "Rukhani Zhangyru" (Spiritual Revival) program, proposed by the First President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in the program article "Seven Facets of the Great Steppe". The key point of this article is the assignment to publish the anthology "A Thousand Years of Kazakh Folklore and Music", with the most important educational goal to show the origins of national spiritual wealth to the young generation.

The tenth volume of the ten-volume collection "Anthology of Steppe Folklore" includes selected patterns of small genres containing the richest edifying words of our people. These include proverbs and sayings, winged words and expressions, riddles, commandments and edifications. This genre category contains deep folk wisdom, conclusions, opinions, behests that are passed on from ancestors to future generations - they carry didactic functions, and also give lessons in aesthetics. Therefore, each of these works contains a deep instructive thought. Since genres have evolved over the centuries, they reflect the national worldview and life experience of our people.

The systematic collection, publication and study of these genres began in the middle of the nineteenth century. Russian researchers took part in this work: I. N. Berezin, I. Laptev, V. V. Radlov, N. Ostroumov, V. V. Bartold, N. F. Katanov, A. Divaev, M. S. Babazhanov, Ch. Valikhanov. The initiators were Kazakh intellectuals Y. Altynsarin, M. Eshmukhamedov, M.A. Iskakov. In Soviet times, the work was continued by U. Turmanzhanov, B. Akmukanova, M. Alimbaev, B. Adambaev, A. Kuryshzhanov, R. Sarsenbaev, S. Nuryshev, M. Abzhanov, K. Sattarov, N. Turekulov, Sh. Kerim and others ... Literary critics and scholars took an active part in publication of genre patterns and wrote special studies. The proverbs and riddles included in the collection are grouped into several topics. Riddles, aitys that require logical thinking are grouped separately, the texts of the works are given in poetic form. Since there were not many patterns of the genre "zhanyltpash" there was no need to group them by subject. The is information on the origin of some proverbs and sayings. Also, fairy tales, legends, fables, proverbs, covenants and parables were collected and grouped by theme. The texts of the works were checked with the originals of the manuscripts, the previously made mistakes in reading the handwritten texts in the Arabic and Latin alphabets were also eliminated, the editorial changes made in the previous editions were brought in line with the original. Since the anthology is addressed to student youth and a wide range of readers, the compilers considered it necessary to put dots instead of common obscene words. The authors

---

of the volume wrote brief comments on each of the subgenres and placed illustrations on the content of the texts. At the end of the volume there is an illustrated dictionary of ethnographic names and concepts related to the nomadic life of the Kazakhs, a summary in Russian and English, and a list of used literature. Explanations are given to the incomprehensible, little-known and foreign words (Arabic, Farsi, Russian, etc.) found in the texts. Due to the large number of collectors and storytellers of the texts included in the collection, the book provides biographical information only about the famous popularizers of the genre.

Electronic and audio versions of the volume have also been prepared. Famous artists and announcers of the country were invited to record the lyrics. A special access barcode is placed on the cover of the book. The electronic version of the book is posted on well-known sites and web portals.

---

# МАЗМҰНЫ

<b>ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН .....</b>	<b>7</b>
<b>МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР.....</b>	<b>11</b>
Туған жер. Отан. Халық .....	12
Батырлық. Ерлік. Тәуекел .....	25
Достық. Жолдастық .....	37
Отбасы. Ағайын-туыс .....	41
Мінез-құлық. Әдет .....	65
Жақсы мен жаман.....	77
Ақылды мен ақымақ .....	82
Жомарттық. Сараңдық .....	88
Сабыр. Сыпайылық. Әдеп .....	89
Ар-ұят. Намыс. Абырой .....	91
Шындық. Өтірік. Уәде .....	93
Егіншілік. Бағбандық. Кәсіп. Шеберлік .....	95
Еңбекқорлық. Жалқаулық. Олақтық .....	101
Ынтымақ. Татулық. Жалғыздық.....	110
Сөз өнері. Шешендік .....	115
Өнер. Білім.....	129
Байлық. Кедейлік.....	131
Денсаулық. Тазалық. Жазмыш.....	134
Қонақжайлық. Той. Ас-су .....	138
Төрт түлік. Үй жануарлары.....	158
Жылқы .....	164
Түйе .....	179
Сиыр .....	183
Қой, ешкі.....	186
Есек .....	192
Ит .....	192
Мысық.....	199
Аң-құс. Аңшылық. Саятшылық.....	199
Уақыт. Жыл мезгілдері. Табиғат.....	208
<b>ЖҰМБАҚТАР .....</b>	<b>213</b>
Аспан әлемі.....	214
Жер, табиғат құбылыстары.....	217
Егіс және өсімдіктер .....	221
Жануарлар .....	225
Құстар.....	229
Жәндіктер .....	231
Төрт түлік.....	233
Адам мен оның дене мүшелері.....	237
Киіз үй .....	247
Үйдің керек-жарағы мен жиһаздар .....	250
Қол ісі.....	251

Киім-кешек.....	253
Шаруашылық құралдары.....	254
Ыдыс-аяқ.....	257
Тамақ пен сусын.....	260
От жағу, жарық қылу.....	262
Қатынас, жүріс-тұрыс.....	266
Қару-жарақ, аңшы және аңшы құралдары.....	267
Есеп және сауда.....	269
Мезгіл, уақыт.....	270
Дін.....	274
Оқу-білім.....	276
Ойын-сауық, музыкалық аспаптар.....	280
Әртүрлі жұмбақтар.....	283
Жұмбақ өлеңдер.....	283
Жұмбақ айтыстар.....	292
Қарасөз жұмбақтар.....	302
Жұмбақ тілдесу.....	302
Байламды сөз.....	303
Әкеңе сәлем.....	304
Қарасақал Ерімбеттің жұмбағы.....	304
Әкесі қанша жаста?.....	304
Өзім де құр қалмадым.....	305
Жүз жылқы — жүз сом.....	305
Неше алма?.....	305
Торғай мен бұтақ.....	306
Төрт жиырма.....	306
Мұра.....	306
Құтты қазықтар.....	307
Үш әділ.....	308
Тоғызтораудағы кездесу.....	308
Бау-бау шөп.....	309
Жылқыға жем беру.....	310
Сабантойда.....	310
Тапқыр таразышы.....	311
Асық саны.....	312
Қашаған ат.....	312
Әр түліктен нешеден?.....	313
Аңшыдан шыралғы.....	313
Әпенді «бағбан».....	314
Қылжақбас саудагер.....	315
Қап-қап бидай.....	316
Тоғыз қап тары.....	316
Алаңғасар алып.....	317
Бес саулық.....	318
Әр өгіз қанша қадам жүрді?.....	319
Тазы мен түлкі.....	319
Мал айырбастау.....	320
Қырық қарақшы.....	320
Алты аласы, бес бересі.....	321
Ешкілі жігіт.....	322
Тақияға тағылған тал-тал моншақ.....	322

<b>ЖАҢЫЛТПАШТАР.....</b>	<b>327</b>
--------------------------	------------

<b>ТӘМСІЛДЕР.....</b>	<b>357</b>
Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер.....	358
Ата қарғысы — оқ.....	358
Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты .....	359
Жапалақ көрсең, атып ал, жаманнан бойыңды сатып ал .....	360
Қарға мен бүркіт.....	361
Арам түлкі жайында.....	361
Көк өгіздің тарихы жайында.....	362
Жаңа достың қадірі ескі достай бола алмас.....	363
Бақ қараса, Қыдыр дариды .....	364
Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би .....	364
Қатын өлді, қамшының сабы сынды.....	364
Өз үйім — өлең төсегім .....	365
Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл.....	365
Жақ тартушы көп еді, жаласы Абылайда қалды .....	365
Өтірікті айтқан жақсы, қостаушысы табылса .....	366
Сезікті секіреді .....	367
Ұры қол бір бас тұрсын екі басқа сыйымсыз .....	367
Жақсылық етсең өзіңе, жамандық етсең өзіңе .....	369
Алпыстағыдан ақыл сұра .....	370
Алтын-күміс — тас екен, арпа-бидай — ас екен.....	371
Қалтасында теңгесі жоқ, түйенің тісін көреді .....	371
Өзің түйенің үстінде келе жатып, жаяуға «бұқ» деме.....	371
Тайлағы жоғалмағанның бәрі ақылды.....	372
Бір тұлып нанның қоқымы .....	372
Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы.....	373
Бал татыған балық сорпасын ішпеген басым, қоңырсыған қой етіне қор болдым-ау .....	373
<b>ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР.....</b>	<b>377</b>
Жауап тапқан жігіт .....	378
Тауып айтқан келін .....	378
Баланың тапқырлығы .....	379
Қыз бен шал.....	379
Ұрыдан айырған сөз.....	380
Шешен қатын .....	380
Шешен жігіт .....	381
Бай мен жалшы .....	382
Бәйдібек би .....	382
Едіге .....	385
Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу .....	386
Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі.....	393
Жиреншенің қартайған шағы .....	393
Кім көрікті? .....	394
Ақсақ Темір мен домбырашы.....	395
Асанқайғы туралы.....	395
Әз Жәнібек пен шал .....	396
Хан Әз Жәнібек пен қыз.....	398
Түзде жүрсем, батырмын.....	399
Әнет бабаның жауабы.....	399
Дүниеде туысқан қымбат.....	401
Зерделі.....	402
Кеден кеден бодды .....	404
Қара қылды қақ жарған.....	405
Достық туралы .....	405



<b>НАҚЫЛ, ӨСИЕТ ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР .....</b>	<b>409</b>
Нақыл сөздер .....	410
Өсиет сөздер .....	413
Қанатты сөздер .....	415
<b>ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ .....</b>	<b>420</b>
<b>СУРЕТТІ СӨЗДІК .....</b>	<b>438</b>
<b>ӘДЕБИЕТТЕР .....</b>	<b>461</b>
<b>РЕЗЮМЕ .....</b>	<b>462</b>
<b>SUMMARY .....</b>	<b>464</b>



# ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН



# ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

ДАЛА  
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ  
АНТОЛОГИЯСЫ

10-том

**ДИДАКТИЧЕСКИЙ ФОЛЬКЛОР**  
**Малые жанры**  
*(на казахском языке)*

Утверждено Ученым советом Института литературы и  
искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай  
Корректор М. Солтанғазина  
Компьютерде терген Ж.Салтақова  
Аудио мәтінді оқығандар:  
С. Жақан, А. Сериков, Г. Түтова, Ж. Толғанбай, Д.Есимбеков  
Аудио мәтінді дайындаған Е. Елгезек  
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2020 ж. қол қойылды.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».  
Пішімі 70 ×108 <sup>1</sup>/<sub>16</sub> Көлемі 29,5 б.т.  
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды